

Х. Бекхожин

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ
ТАРИХЫНЫҢ ОЧЕРКІ
(1860—1958)

АЛМАТЫ «МЕКТЕП» 1981

Бұл кітапта қазақтың мерзімді баспасөзінің пайда болуы, революциялық-демократиялық орыс баспасөзінің яғи ықпалымен қазақ ағартушыларының ұлттық демократиялық публицистиканың негізін қалаудағы қызметі баяндалады.

Сонымен бірге қазақ совет баспасөзінің тууы, қалыптасуы және дамуы, оның социализм жолындағы күресте атқарған ролі көрсетіледі.

Кітап студенттерге, журналистерге және бүкіл оқырмандар қауымына арналған.

Б $\frac{60602-135}{404(07)-81}$ 221-79 4502000000

© Издательство «Мектеп», 1981.

КІРІСПЕ

Қазақ баспасөзі ХІХ ғасырдың екінші жартысында, яғни Қазақстанның Россияға қосылуының нәтижесінде пайда болды. Оның тарихы әлі толық зерттеліп, бір жүйеге келтірілген жоқ. Қазақ баспасөзі жөнінде тек қана жеке мақала, әр түрлі кітапта және еңбектерде азды-көпті мағлұматтар беріліп, әр түрлі пікірлер айтылып келді.

Қазақ баспасөзінің бағыт-бағдарына алғаш дұрыс баға бергендердің бірі Тұрар Рысқұлов болды.

Т. Рысқұлов 1926 жылы «Еңбекші қазақтың» редакторы болып тұрған кезінде жазған «Баспасөздің мәнісі» атты мақаласында прогрестік, демократиялық дәстүр жағынан қарағанда... «біздің қазіргі баспасөзіміз жұмысшы табының, еңбекші бұқараның мұңшысы. Айырмашылықтың үлкені, міне — осында» деп жазды («Еңбекші қазақ», № 103, 17 май, 1926).

Сәбит Мұқанов өзінің 1932 жылғы «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген кітабында қазақ баспасөзіне біраз талдау жасайды. Сол сияқты Қ. Жұмалиев пен Е. Ысмайыловтың 1941 жылғы «Қазақ әдебиеті» деген оқу құралында, «Қазақ ССР тарихында», Қ. Бейсембиевтің 1961 жылғы «Қазақстанда ХІХ ғасырдың аяқ шенінде және ХХ ғасырдың басында болған саяси-идеялық ағымдар» деген кітабында, М. И. Фетисовтың 1961 жылғы «Қазақ публицистикасының тууы» деген еңбегінде қазақ баспасөзі туралы сөз болады.

Бірақ қазақ баспасөзін зерттеуде елеулі қателіктер, кемшіліктер болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің орғайы «Социалистік Қазақстан» газеті 1951 жылғы 17 ноябрьдегі «Қазақ баспасөзін зерттеудегі өрескел қателер» деген мақалада Х. Бекхожиннің «Дала уалаяты» газеті туралы 1949 жылғы қорғаған кандидаттық диссертациясында және Б. Кенжебаевтың 1950 жылғы «Қазақ баспасөзінің тарихынан» деген кітапшасында жіберілген қате, кемшіліктер сыналды.

Сонымен қатар қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуде және оны тануда асыра сілтеушіліктер де болды. Кейбіреулер революциядан бұрынғы қазақ баспасөзінің бәрі дерлік реак-

цияшыл, байшыл-ұлтшыл бағытта болды, сондықтан оны зерттеудің қажеті жоқ деді. Мысалға Ж. Сәрсековтың «Тарихи шындық бұрмаланбасын» деген мақаласын алуға болады («Әдебиет және искусство», № 7, 1951).

Кейінгі жылдары қазақ баспасөзін зерттеудегі қателіктерді түзеу жөнінде бірқатар жұмыстар істелді. Б. Кенжебаетов жоғарыда аталған кітапшасын түзетін, 1956 жылы «Қазақ баспасөзі тарихынан мәліметтер» деген атпен қайта бастырып шығарды. Х. Бекхожин бұрынғы қателіктерін ескере отырып, қазақ баспасөзі тарихына байланысты бірқатар мақала, еңбек жариялады, осыған орай басқа бірнеше авторлардың мақала, кітаптары жарық көрді.

Осылардың бәрі қазақтың мерзімді баспасөзінің тарихи туралы жияақы еңбек жазу қажеттігін тугызды. Әрине, мұндай кітапты жазу үшін ең қажетті нәрсе — сол баспасөздің түп нұсқасы, архив деректері. Бұл жөнінде автор көптен бері зерттеу жүргізді, бірақ бұдан 1860—1958 жылдар арасындағы, яғни бір ғасырға таяу уақыт бойында шыққан қазақ газеттері мен журналдарын түгел әрі егжей-тегжейлі зерттеген екен деген ұғым тумасқа керек. Бұл еңбекті автор өзінің және басқалардың зерттеулері негізінде жазды.

Екіншіден, бір кітапта қазақтың мерзімді баспасөзінің барлық қызметін қамту да мүмкін емес. Біз қазақ баспасөзінің бетінде әр кезеңдегі тарихи оқиғаларға байланысты көтерілген басты-басты мәселелерге тоқталып, оны талдау арқылы әрбір баспасөз, органының идеялық мазмұнын, белгілі дәуірде атқарған ролін көрсетуге тырыстық.

Біз баспасөз тарихын зерттеудің лениндік методологиясын басшылыққа алдық. «Россидағы жұмысшы баспасөзінің тарихын түсіну үшін баспасөздің әр түрлі органдарының аттарын біліп қана қою жеткіліксіз, бұл аттар осы заманғы оқушыны адастырғаннан басқа, оған ештеңе айтып бере алмайды, қайта одан гөрі... мазмұнын, сипатын, идеялық бағытын білу керек»¹ деп көрсетті В. И. Ленин.

Сондықтан қоғамның дамуында қазақ баспасөзі органдарының қайсысы прогресшіл роль атқарды, қайсысы өзінің кертартпалығымен кедергі жасады, — соны көрсетпек болдық.

Қазақ баспасөзінің тарихы әр кезеңдегі тарихи оқиғаларға байланысты зерттелуі қажет. Бұл қазақ халқының әлеуметтік өміріне, экономикалық жағдайына тығыз байланысты зерттелуі тиіс деген сөз. Осылай зерттелгенде ғана баспасөздің қоғам дамуында атқаратын ролі айқын анықталады.

В. И. Ленин өзінің «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» деген еңбегінде:

«...Біз әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демокра-

¹ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинары, 25-том. Алматы, «Қазақстан», 1978, 106-бет.

тиялық және оның социалистік элементтерін ғана аламыз, оларды алғанда тек қана және сөзсіз түрде әрбір ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы аламыз»¹— деп көрсетті.

Қазақ баспасөзінің тарихын зерттегенде кемеңгер Лениннің осы нұсқауын басшылыққа ала отырып, бұл кітапқа қазақтың ұлттық мәдениетінің айқын бір көрінісі болып табылатын баспасөзінен тек оның прогрестік, демократиялық және социалистік жақтарын көрсетуге, оларды кертартпа, буржуазияшыл-ұлтшыл баспасөзге қарама-қарсы алып қарауға тырыстық.

¹ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 24-том, Алматы, «Қазақстан», 1977, 135—136-беттер.

БІРІНШІ ТАРАУ

ҚАЗАҚТЫҢ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАР

Қазақстанның Россияға қосылу нәтижесінде орыс пен қазақ халықтарының алдыңғы қатарлы өкілдері арасында рухани жағынан да достық қарым-қатынастар орнады. Революциядан бұрынғы кездің өзінде демократияшыл орыс интеллигенциясының аса көрнекті қайраткерлерінің Россияның барлық халықтарының алдыңғы қатарлы өкілдерімен тығыз байланысты болғаны, ұлттық езгіге қарсы белсенді күрес жүргізгені, әр түрлі ұлттар мен халықтардың мәдениетін дамытуға игі әсер еткені мәлім.

Орыстың революцияшыл-демократиялық баспасөзі мен публицистикасы қазақ ағартушылары Шокан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің және Абай Құнанбаевтың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына әсер етті. В. И. Ленин атап көрсеткендей, крепостниктікке қарсы күрес, тұрмыстың прогрестік формалары мен ағарту ісін жақтаушылық, халық бұқарасының мүддесін қорғау, орыс ағартушыларының осындай үш түрлі сипаты қазақ ағартушыларына да тән қасиеттер еді. Орыстың ұлы ағартушыларының демократияшыл дәстүрлерінен үлгі-өнеге ала отырып, олар қазақ халқының жарқын болашағы үшін күресті, феодалдық-патриархалдықтың сарқыншақтарына қарсы шықты, ұлы орыс халқымен дос болу, оның озық мәдениетінен үйрену идеясын қызу насихаттады.

Азаттық жолындағы қозғалыста орыстың алдыңғы қатарлы жазушылары мен аса көрнекті публицистері баспасөзді күрес құралы етті. Мысалы, 1836 жылы А. С. Пушкин ұйымдастырған «Современник» журналының алпысыншы жылдары Н. Г. Чернышевский мен П. А. Добролюбов басқарып, оны шаруалар революциясы идеясын насихаттайтын айбынды орғанға айналдырды.

Қазақ ағартушылары алдыңғы қатарлы орыс баспасөзінің тамаша дәстүрлерінен үлгі-өнеге ала отырып, қазақтың бұқарашыл публицистикасы мен журналистикасының негізін қалады.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ — ПУБЛИЦИСТ

Демократияшыл орыс интеллигенциясының азатшылдық идеялары Қазақстанға прогресшіл ниетті адамдар мен саяси қуғынға ұшырағандар арқылы келіп жетті. 1847—1853 жылдары Ш. Уәлиханов оқыған кадет корпусының оқытушылары ішінде В. Г. Белинскийдің идеяларын насихаттаған әдебиетші Ф. Н. Костылецкий, Н. Г. Чернышевскийдің жолын қуған тарихшы Гансевский секілді адамдар болған. Ш. Уәлихановтың рухани өсуіне олар игі әсер еткен. Оның дүние тануына саяси қуғында жүрген петрашевшіл С. Ф. Дуровпен кездесуінің зор маңызы болған. Ол Шоқан Уәлихановты Россия үшін ең негізгі мәселе крепостниктік правоны және оның тірегі — самодержавиені жою, сөйтіп Россия халықтарын әлсуметтік және ұлттық езгіден азат ету деп сендірген.

Шоқан Уәлихановтың қоғамдық-саяси көзқарасының демократиялық бағытта қалыптасуына 1859—1861 жылдары Петербургта болған кезінде революцияшыл демократтардың оған тигізген әсері ерекше болды. Реформаның қарсаңында революциялық қозғалыс Шоқанға екі Россияның бар екенін: бір жағынан, революцияшыл-демократиялық идеялардың жаршысы Герценнің «Колоколы» мен Чернышевскийдің «Современникі», екінші жағынан, патшаның шайқалып тұрған тағын төңіректеген ресми чиновниктер дүниесі Россиясының — помещиктер мен капиталистер Россиясының — бар екенін айқын көрсетті. Босатандық үшін күресіп жатқан прогресшіл, демократияшыл Россияны Шоқан өзінің ұлы Отаны деп есептеді.

Петербургта болған кезінде Ш. Уәлиханов аса көрнекті орыс ғалымдарымен, жазушыларымен, публицистерімен, журналистерімен жақын танысты. Әсіресе Чернышевский мен Добролюбовтың шәкірттері ақын, публицист әрі журналист ағайынды Василий және Николай Курочкиндермен жақындасып, достасуының үлкен маңызы болды.

Уәлихановты Чернышевскийге «бұратана» деп аталатын халықтың арасынан шыққан тұңғыш ғалым, жиһанкез, «Современниктің» ынтызар оқушысы деп таныстырған солар. Революцияшыл демократияның көсемі Н. Г. Чернышевский Россияға қарайтын халықтардың өмірін зерттеп, өзінің публицистикалық мақалаларында тиісті пікір айтып отырған. Мәселен, 1852 жылы «Библиотека для чтения» журналының бірнеше нөмірінде казак өміріне байланысты материалдар жарияланғанда, Чернышевский аз жазылғанына қынжылып, «казактар туралы көбірек жазатын болсын, біз ол жазушыға тек алғыс айтамыз» депті. Н. Г. Чернышевский 1855 жылы «Современникте» басылған мақалаларының бірінде «орыстар жаулаушы және тонаушы болмай, басқа халықтарға азаттық әперуші болады» деп жазды.

Орыстың аса көрнекті публицисі мен қазақтың тұңғыш

ғалымы көптен көріспеген екі достай бір-бірімен сырласып, ұзақ әңгімелескені сөзсіз. Бұл әңгімеден кейін Шоқанның демократиялық көзқарасы шыңдала түседі.¹

Петербургта қоғам және мәдениет қайраткерлері бас қосатын әдебиет кештеріне Шоқан Чернышевскиймен бірге барып жүріп, онимен жақсы танысып сырласқаны кейін анықталды.

Осы кездесуден кейін: «Чернышевский неткен тамаша адам. Орыстан басқа халықтың да өмірін қалай жақсы біледі. Чернышевский — біздің шын досымыз» деп жазды Шоқан өзінің күнделігіне.

Шоқанның бұл сөзінде саяси және әлеуметтік мағына жатыр. Бұдан біз оның революцияшыл демократтардан үлкен өсер алғанын, олардың идеясы оның саяси көзқарасына үлкен өзгеріс туғызғанын айқын көреміз.

Астанада болған кезінде ол көп оқыды, шығыстану әдебиеттерін және сол кездегі журналистиканы зерттейді, университеттің тарих-философия факультетіне барып лекция тыңдап жүреді, бірнеше шетел тілін үйренді, сонымен қатар ол ғылыми және әдеби журналдарға мақала жазып бастырып шығарды.

Ш. Уәлиханов Петербургта либералдар мен революцияшыл демократтардың арасындағы идеялық тартыстың мәнісі мен маңызын тереңірек түсінді. Ол өз халқының болашағы, бостандығы үшін күресіп жатқан осы демократияшыл Россиямен өте тығыз байланысты екевіне әбден сенді. Шығысты зерттеуші ғалым — академик А. Н. Пыпиннің айтуынша: «Россияны жан-тәнімен жақсы көрген Шоқан әсіресе Петербургта болғаннан кейін, оның кемшіліктерін айқын көріп, алдыңғы қатарлы адамдармен бірге оның жанаруын, өзгеруін де тіледі. Ол алпысыншы жылдардағы қозғалысқа да көңіл бөлді². Н. М. Ядрищевтің айтуына қарағанда Уәлиханов сол кездегі «таңдаулы журналдарды» оқып отырған.

Бұл кездегі ең таңдаулы журналдар А. И. Герценнің шетелде шығарып тұрған «Колокол», Н. Г. Чернышевский мен Н. А. Добролюбов тұсындағы «Современник» (1857—1867) болатын. Россияға қарайтын барлық халықтардың тең қолы болуын талап ете отырып, Герцен «Колоколдың» бетінде патша үкіметінің қазақ халқы жөніндегі жендеттік саясатын бүкіл әлем алдында әшкереледі (№ 26, 1858).

«Современник» бетінде Н. Г. Чернышевский мен Н. А. Добролюбовтың революцияшыл идеяларды насихаттайтын мақалалары жарияланды. Осы бағытта сатиралық «Искра» (1859—1863) журналында Шоқан Петербургта достас болған

¹ Әбибулла Ахметов. «Ш. Уәлиханов Петербургта». «Әдебиет және искусство». № 10, 1955 ж.

² А. Н. Пыпин. «История русской этнографии». Т. IV, 1892, стр. 400.

ағайынды ақын Василий және Николай Курочкиндердің самодержавиелік-бюрократтық мемлекеттің негізіне қарсы бағытталған зорлық пен паракорлықты, цензуралық қысымды әшкерелейтін өлеңдер мен сатиралық шығармалары басылды.

Н. Г. Чернышевский «Шаруалар мәселесін шешу үшін қажетті материалдар» деген мақаласында реформаға әзірлік жүргізетін комитеттер бірыңғай дворяндардан құрылғаны әділеттілік емес дей келіп, бұл комитеттердің құрамында екінші жақтың, яғни шаруалардың өкілі болуын талап етті¹.

Н. Г. Чернышевский сияқты Шоқан Уәлиханов та қалың публицистикалық мақалаларында халық бұқарасының мүддесін қорғады, әділеттілік үшін күресті.

Патша өкіметі 1867—1869 жылдары Қазақстанда ел басқару ісіне және сот жөнінде реформа жасады. 1864 жылы, реформаның жобасы жасалып жатқан кезде жазған «Сот реформасы туралы» деген мақаласында Ш. Уәлиханов осы жоба жөніндегі өз пікірін білдірді, онда ол қазақтың әдет-ғұрып, ел басқару, халық ағарту, әйел теңдігі, дін жөнінде т. б. сондай қоғамдық маңызы бар проблемалық мәселелер көтерді.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов өзінің «Сот реформасы туралы» деген мақаласында алдымен реформаның жобасын жасайтын комитеттің құрылысына сыналды. Облыстық басқарманың жанынан құрылған комитет, — деп жазды ол, — тек қана атақты қазақтардан жинап алған пікірге сүйеніп жасап отыр.

Сөйтіп ол комитеттің қазақ халқының ұлттық ерекшелігін ескермей, бұқараның пікірімен санаспай, жобаны тек қана билер мен сұлтандардың пікіріне сүйеніп, солардың пайдасына лайықтап жасап отырғанын әшкереледі. «Қоғамдағы мерейі үстем таптың пікірін халықтың шын мұқтажына қарсы пікір деп қарау керек, өйткені қоғам ішіндегі атақты және бай адамдардың мақсаты, жоғары мәдениетті елдердің өзінде де, көбінесе бұқара көпшіліктің мүддесіне жат болады» — деді.

Ш. Уәлиханов халық бұқарасының мүдделеріне сай келетін, Россияның озат экономикасы мен мәдениетіне қазақ халқының қолы жетуіне септігін тигізетін ел басқарушылық тәртіп пен өзгерістер болуын күтті. «Біздің заманымызда, — деп көрсетті ол, — халықтың мұң-мұқтаждарына тікелей қатысы бар экономикалық және әлеуметтік реформалар халық үшін ең маңызды және оған ең тиімді реформалар деп саналады».

Ақырында Ш. Уәлиханов әдет-ғұрыпқа негізделген билер сотын уақытша сақтауды жақтады, өйткені ол билерді сайлау тәртібін енгізу жолсыздықтың күшеюіне, паракорлыққа, сатып алушылыққа, жік таласына әкеліп соқтырады деп есептеді.

¹ «Современник», № 10, 1859.

Қазақтың ағартушы демократтарының ішінде Шоқан Уәлиханов Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызының барлығын түсінді, қазақ халқының ұлы орыс халқымен дос болуын насихаттады:

«Орыстармен тарихи жағынан да және тіпті қан араласу жағынан да тығыз байланыстымыз. Азаматтық жағынан өсіп-өркендесуде зор үміт туғызып отырған орыстарды отандас туысқанымыз деп санап отырған және орыс мемлекетінің қарамағына өз еркімен кіріп отырған миллиондаған адамдардың тағдыры — Шекспирше айтқанда, не өмір сүру, не өлу деген сияқты, үзілді-кесілді мәселелерді шешерде көбірек көңіл бөліп, көбірек қамқорлық жасауға тұратын сияқты».

Н. Г. Чернышевский сияқты Шоқан Уәлиханов та қалып бұқараны жәбірлеушілерді өте жек көрді. Патша үкіметінің отаршылдық саясатын және қазақ феодалдарының озбырлығын әшкерелей келіп, Ш. Уәлиханов патша әкімдері және қазақтың шынжыр балақ байлары бірлесіп халықты қанап отыр, олар еңбекші бұқараны қайтсек көбірек тонар скенбіз деп алдын ала келісіп алады деп жазды. Әсіресе ол патша чиновниктерінің зорлығын, бюрократтығын, озбырлығын батыл әшкереледі. «Орыс чиновнигінің әрбір ісіне қазақтар тек жаманшылық деп, өздерінің еркіндігіне және алып отырған жеңілдігіне тек қол сұғушылық деп қарайды». Бұлар момын қазақтардың нағандығын, жасқаншақтығын пайдаланып, байып алады деп кейіді. Ш. Уәлиханов: егер билер соты жоба бойынша өзгертілетін болса, онда бұл — «лай судан» балық аулауға әбден кәнігіп алған орыс чиновниктерін байытатын болады», — деді. Сонымен қатар ол қазақ шонжарларының аға сұлтан, би, болыс болу үшін қалай таласатындығын, осы талас қарапайым халықты жем қылатындығын да сынап айтты.

Ш. Уәлихановтың ағартушылық идеясы ғылым және публицистикалық мақалаларынан айқын көрінеді. Ол халықтың ғылым-білімге деген правосын қорғады. Ұлттық томағатұйықтылық пен нигилизмге қарсы болды, орыс пен қазақ халқының экономика және мәдениет жөніндегі өзара қарым-қатынасының күшеюіне кәміл сенді. Біз, — деп жазды Шоқан Уәлиханов «Сот реформасы туралы» мақаласында, — еуропалық жалпы адамзаттық ғылым-білімді меңгеру, даму мен мәдениетке бейімді әрбір халықтың түпкілікті мақсаты болады деп ойлаймыз. — Ағартушылықтың міндетін ол алдымен қазақты орыстың озат мәдениетіне жақындату деп түсінді.

Н. Г. Чернышевский дінді ғылым мен прогрестің жауы, қанау мен езудің идеялық негіздерінің бірі деп танып, мектепте ешқандай дін туралы сабақ берілмесін деп мәселе көтерген еді. Ш. Уәлиханов та ислам дінінің халықтың рухани жетіліп өсуіне кесел келтіретінін сезіп, татар молдалары сабақ беретін диния медреселердің орнына орыс мектебінің ашылуын талап етті.

Ш. Уәлиханов қазақ халқы орыстық озат мәдениеті арқылы өнер-білімге жетіледі, сондықтан қазақ балаларының әуелі өзінің ана тілінде оқып, сонымен қатар орыс тілін де үйренуін қажет деп білді.

Гуманист-публицист әйел теңдігі мәселесіне де өзінің «Сахарадағы мұсылманшылық туралы» деген мақаласында баса көңіл бөлді. Ол кейбір қазақтардың балаларын тумай жатып атастырын, жасы толмаған қызды қалың малға саудалап қоятын, жесір әйелді ерінің жақынына әменгерлік салтымен зорлап қосатын тағылық әдеттеріне қарсылық білдірді. Шоқан мұның бәрін адам өміріне жасаған қастық, оның правосына қол сұққандық деп білді. «Қазақтар қыздарын кәмелетке толмай күйеуге бермейтін болсын, ата-аналары өздерінің балаларын тұрмысқа шығуға, үйленуге күштемейтін болсын» деп ұсыныс енгізді.

Ш. Уәлихановтың «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары» деген мақаласында діннің шығуы себептерін түсіндіруі П. А. Добролюбовтың «Орыс әдебиетін дамытуға халықтың қатысу дәрежесі»¹ деген мақаласында берген пікіріне өте ұқсас. Діннің пайда болуының себебін Добролюбов сияқты Уәлиханов алғашқы адамдардың табиғатпен күрестегі әлсіздігінде, табиғаттың стихиялық күштеріне тәуелді болуында деп материалистік тұрғыдан баяндайды.

Революцияшыл демократтардың, әсіресе В. Г. Белинский мен Н. А. Добролюбовтың шығармалары Шоқанның атеистік көзқарастарының қалыптасуына белгілі әсерін тигізді. Ол дін жөніндегі пікірлерін дәлелдеу үшін ауыз әдебиеті материалдарын кен түрде пайдаланды.

Шоқан Уәлихановтың қоғамның экономикалық жағынан алға басуы жөнінде айтқандары Чернышевскийдің пікірлерімен үндесіп жатыр. Жеке адам және бүкіл адамзат бірлесе отырып, — деп жазды ол, — өзінің дамуында түбірлі мақсатқа — өзінің материалдық жағдайын жақсартуға ұмтылады. Міне, прогресс дегеніміз — осы. Ол «Қырғыздар туралы» деген мақаласында «Барлық көшпелі халық бәйлығының бірден-бір негізі — мал екені даусыз, малды өсіру — оның негізгі басты кәсібі» деді. Ал «Қазақтардың қонысы туралы» атты мақаласында ол патша үкіметінен жерді бөлгенде көшпелі қазақтар мен қоныс аударып келген егінші орыс шаруаларына бірдей тиімді болатын жағын ескеруді талап етті. Уәлиханов сол кездің өзінде-ақ мал шаруашылығымен қатар егіншілікті ауыл шаруашылығының жеке бір саласы деп бағалады, ертеден егіншілікпен айналыса бастаған Жетісу мен Сыр бойының қазақтары сияқты, барлық қазақ халқы бірте-бірте

¹ Н. А. Добролюбов. Полн. собр. соч. Т. I, М., 1957 г. стр. 206—207.

егіншілікпен айналысып, әуелі жартылай көшпелі, кейін отырықшы ел болатынына сенді.

Н. А. Добролюбов айтқандай, нағыз патриотизм жеке көзқарастар мен мүдделерден жоғары тұрады және ол адамзатқа деген сүйіспеншілікпен эрқашан тығыз байланысты. Өз халқы үшін көксітесті мәселе болып табылатын жер мәселесі жөнінде Шоқан жеке ұлттық мүдденің шеңберінде қалып қойған жоқ, қайта ол екі жаққа бірдей қазақ пен орыс еңбекшілеріне ортақ мүдделерді ескеруді ұсынды. Өйткені ол өз елінің кең байтақ жеріне іштарлық еткен жоқ, мұнда қанша халық сыятынын білді. Ол тек жерге орналастыру мәселесін әділеттікпен шешуді талап етті. Бұл оның отандас қазақ пен орыс халқын бірдей жақсы көретінін, нағыз патриот екенін айқын дәлелдейді.

Сонымен қатар Шоқан өз халқының ұлттық намысын қорғай білді. Кейбірулер ойлағандай: қазақ халқы «сондай тағы және дәрекі емес», ол қоғамдық прогреске бейім және болашағы зор халық деп таныды. Ол өз халқы мен отанына деген шын сүйіспеншілігін басқа халықтарды, алдымен ұлы орыс халқын, оның мәдениетін, алдыңғы қатарлы адамдарын сыйлаумен ұштастырды. Орыстың революцияшыл демократ публицистері сияқты Уәлиханов өз халқына жаны ашығандықтан оның надандығын, әдет-ғұрпының зиянды жақтарын ешбір іркілместен қатты сынады.

Н. Г. Чернышевскийдің «Не істеу керек» романын терең талдай келіп, Д. И. Писарев: «Пайдалы еңбек адамды шаттыққа һәм бақытқа бөлейді», — деп жазған еді. — Егер адал еңбекпен тапқаның жетіп жатса, онда ебін тауып — не алдап-арбап, не ұрлап-жырлап басқа біреудің қанын тартып жегеннен не пайда? — деді.

Н. Г. Чернышевский: Ұрлық — әккі ұры үшін өте табысты кәсіп, бірақ ұрлықтан қоғамның жағдайы жақсармайды. Сондықтан пайдалы еңбек деп біз, сайып келгенде, адам тұрмысын жақсартатын еңбекті айтамыз, — десе, Шоқан Уәлиханов ұрлық пен барымтаны феодалдық қоғамның зиянды қалдықтары деп атап көрсетті. Ол егер барымта ғана емес, сондай-ақ басқа да ұрлық-зорлық жойылатын болса, сөйтіп, адам пайдалы еңбекпен айналысса, көшпелі қазақтардың өндiргiш күштерiнiң өркендеуi үшін қандай зор перспектива бар екендiгi көрiнер едi, сонда олар өмiр сүруге қажеттi нәрселердi өздерiнiң адал еңбектерi арқылы тапқан болар едi дейдi.

Будан біз Ш. Уәлихановтың еңбексіз табыс — барымта, ұрлық туралы пікірі және оның еңбекке көзқарасы орыстың революцияшыл-демократ публицистерінің пікірлерімен, көзқарастарымен үндесіп жатқанын көреміз.

Орыстың революцияшыл-демократ публицистері өздерінің саяси көзқарастарын сипаттайтын ең құпия сырларын баспасөз бетінде ашық айта алмайтын болғандықтан, жора-жолдас-

тарына, туыстарына жазған хаттарында білдіріп отырғаны мәлім. Солар сияқты Шоқан Уәлиханов та осы тәсілді құптады. Ол өзінің орыс достарына жазған хаттарында да нағыз бұқарашыл публицист екенін көрсетті. Мысалы, Ф. М. Достоевскийге 1862 жылы 15 октябрьде жазған хатында өзінің қараңғы халқына іс жүзінде көмек көрсету үшін, қалың бұқараны чиновниктер мен бай қазақтардың озбырлығына қорғау үшін аға сұлтан болғысы келгендігін айтады, сол жылы 6 декабрьде А. Н. Майковқа «Жергілікті сұлтандар мен қарадан шыққан байлармен де келісе алмай жүрмін, өйткені олар өздерінің бұрынғы құлдарын жаман ұстайды, бұл құлдар азат етілгенмен де қайда барарын білмей, сол бұрынғы қожаларының қолында жүр. Мен оларға сибекақы төлендер және адам сияқты қылып ұстандар деп, сұлтандар мен байларға талай рет айттым. Әйпесеңдер болмайды деп заңмен де қорқыттым. Олармен ат құйрығын кесістім, бірақ оның есесіне, мен қазақ даласындағы пролетариатпен қатты доспын және оп-оңай үйлесе кетем»,— деп жазды. Басқа хаттарында да паракор чиновниктер мен киянатшыл байларға деген өшпенділігін білдіре отырып, бұқараның мүддесі тұрғысынан қоғамдық-саяси маңызы бар мәселелер көтеріп отырады.

Публицистикалық және ғылыми-зерттеу мақалаларында Шоқан қазақтың әдебиеті мен тілін дамытудың жолдарын айтып, жөн сілтеді. Біздің халқымыздың көркемдігі жағынан қалыспайтын өскелең әдебиеті барына мақтаныш етті. Өзі жақсы білетін қазақтың ауыз әдебиеті мұралары мен орыстың классикалық озат әдебиеті қазақтың жазба әдебиетінің жаңа бағытта дамуының қайнар көзі, үлгі-өнегесі болады деп білді. Ол өз халқының ауыз әдебиеті мұраларын, ақындардың шығармаларын қоғамдық даму процестерімен байланысты зерттеп, келеді пікір білдірді.

Ш. Уәлиханов «Оңтүстік сибирьлік тайпалар тарихы жөнінде» деген мақаласында қазақ әдебиетінде ескі мен жаңаның арасындағы күрес сияқты күні өтіп бара жатқан феодалдық қоғам мен жаңа өсіп келе жатқан қоғамның арасындағы қайшылықтарды көрегендікпен сезе білді.

Қоғамның дамуындағы бұл заңдылықты Шоқан дұрыс аңғарды. «Қазіргі кезде де ескінің жаңамен: шығысқа еліктеуші мұсылмандық бағыт пен орыс бағытының елеусіз, бірақ күшті күресі болып жатыр деуге болады. Бұл ағымдар бір-біріне мүлде қарама-қарсы бағыттар болып табылады» деп көрсетті Шоқан.

Осы бір-біріне қарама-қарсы бағыттардың бірінші жағын, атап айтқанда, ескі патриархалдық-феодалдық қатынастарды жақтаған, көне шығысқа сәйкестік, ислам діні идеологиясын бетке ұстаған, Россияға қосылуға қарсы шыққан бағытты бастаушылар кертартпа ақын-жазушылар болды. Бұл ағыммен күрес жүргізіп, дүние жүзі мәдениетінен үйреніп, оның ішінде

орыс мәдениетіне ерекше мән берген, содан үйренуге шақырған жаңа бағыттың көш басында ағартушы демократтар болды. Бұл жаңа ағымның жаршысы Шоқан еді. Оған Ыбырай мен Абай келіп қосылып, ағартушылық бағытты бұқарашылдық негізде одан әрі дамытты.

Публицист Шоқан қоғамдық маңызы бар мәселе ретінде тіл білімі мәселелерімен де шұғылданған. Жоғарыда аталған мақалаларында ол түрік және монғол тектес тілдерді салыстыра зерттеп, бұл тілдердің ұқсастығын табады. Осы мақаладан орыс алфавитін қабылдау идеясын, оны қабылдағанда түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне тән дыбыстарды қосымша таңбалау қажеттігін қазақтардың ішінен бірінші болып айтқан Шоқан болды.

Аталған еңбекте ол келешекте қазақ тілінің ғылыми жолмен ережелері мен қағидалары жасалуын қажет деп есептейді. «Қазақ тілі,— деп жазды ол,— түркі тілдерінің ішіндегі ең жақсысы. Әттен, ол әлі жөнге салынып, ұстартылмаған».

Шоқан ана тілін жоғары бағалаумен бірге, оның түсініксіз сөздермен орынсыз шұбарлануына қарсы болды. Бұған Шоқанның атақты суырып салма ақын Орынбайға жасаған ескертуі куә. «Сен қазақ тілін,— деген ол оған,— шағатай, татар сөздерімен шұбарлама, қазақ тілінің қуаты онысыз да жетіп жатыр».

Шоқан Уәлихановтың журналистикаға көзқарасы «Современниктің», Н. Г. Чернышевскийдің әсерімен қалыптасты. Бұл журналды Шоқан кадет корпусындағы достарымен бірге үзбей оқып, кейін өзі жаздырып алатын болған.

Н. Г. Чернышевский сияқты, Шоқан Уәлиханов журналистиканың қоғамдық-саяси маңызын, атқаратын ролін жоғары бағалады. Оның журналистік қызметке құмарлығы Петербурған қайтып келгеннен кейін тым арта түсті. Баспасөз жұмысына қатынасу ертеден, кадет корпусын бітіргеннен бергі арманы еді. Оның «Абылай», «Қырғыздар туралы», «Жоңғар очерктері» сияқты төрт-бес мақаласы өзінің көзі тірісінде 1861 жылы жарық көрді. Шоқанның 1865 жылы Лондонда ағылшын тілінде басылып шыққан кітабы осы күнге дейін Британия музейінің кітапханасында сақтаулы.

Журналистикамен шындап шұғылданғысы келгендігін Шоқан 1862 жылы А. Н. Майковқа жолдаған хатында былай деп жазды: «Санкт-Петербургские ведомостидің Орта Азия мен қазақ даласындағы істер жөніндегі тілшісі болғым келеді. Редакторымен сөйлесуіңізге болмас па екен? Немесе өзіңізге жақын басқа бір газетпен сөйлесуіңізге де болады». Бұдан кейін ол «Отечественные записки» журналына орыстардікіне ұқсас қазақ ертегілерін, сондай-ақ қазақтардағы шамандық туралы өзінің зерттеулерін, Алтын Орданың батырлары туралы және сол Орданың тарихына жаңа көзқарас тудыратын, оның құлдырауының себептерін түсіндіретін қазақ жырларын

бастырыл шығаруға болар ма екен, соны да біліп беріңіз деп өтіңді.

Ш. Уәлихановтың орыстың революцияшыл-демократиялық бағыттағы журналистикасына және либералдық баспасөз органдарына көзқарасы ерекше назар аударады. Ф. М. Достоевский өзінің демократияшылдық бетінен таймаған кезінде Шоқанның жақын досы болды. Соған қарамастан ол Ф. М. Достоевскийдің либералдығын батыл сынады. Бұл Шоқанның принципшіл публицист екенін сипаттайды.

«Өз арамызда айтқанда,— деп жазды ол Майковқа,— мен солардың почвасын, халықшылдығын жөнді ұғына алмай жүрмін, біресе славяншылдық ісі шығады, біресе шектен шыққан батысшылдық ісі шығады, ал екеуін үйлестіру жағы көрінбейді немесе үйлестірудің өзі олардың қолынан келмей жүр...»

Орыстың 60-жылдардағы әр түрлі журналдарының саяси бағытын Шоқанның ажырата білгені таңырқарлық жай. Мәселен, «тым батысшылдық» деп Шоқан Батыс Еуропаның буржуазиялық тәртілтеріне көз жұмып бас иген либералдарды айтады. В. И. Ленин атап көрсеткендей, славянофилдер де, батысшылар да, сайып келгенде, крепостнойлықты және самодержавиені сақтап қалуға тырысты, орыстың қоғамдық қозғалысындағы жаңа бағытқа, революцияшыл демократияға қарсы шықты.

Осындай бір-біріне қарама-қарсы екі лагерьдің арасында ымыраласу болмайтынын Шоқан жақсы білді. Сондықтан сол екі жақтың арасында делдал болып жүрген Достоевскийдің либералдығын сынап отырып, Шоқан оған белгілі бір жолды қалап ал не ескінің етегінен ұстап айрылма, яғни славянофилдердің соңынан ер, не аяғынды нық басып, елді түбірінен өзгерту жолына түс деп ұсыныс жасады, кеңес берді.

Сол хатында Шоқан тағы бір журналдың жайын білгісі келді. «Современникке» не болды? Ал енді қайтеміз, біз оған жазылған едік қой...» дейді. Бұдан кейін ол сегіз ай «вавилондық тұтқын» кезінде оған жазылған ақша босқа кете ме деп күдіктенеді. Бұл арада «вавилондық тұтқын» деп «Современниктің» 1862 жылы сегіз ай бойы шығарылмай тасталғанына реніш білдіріп отыр.

А. Н. Майковқа жазған хатын ол еліне қайтып келгеннен кейін петербургтық достарын сағынатынын, оларды өте қымбат көретінін айтудан бастайды.

Осының бәрі Шоқан Уәлихановтың орыстың революцияшыл-демократиялық журналистикасымен идеялық байланысты болғанын көрсетеді. Оның Достоевскийге «сен елді түбірінен өзгерту жолына түс» деуінің зор саяси мәні бар. Бұл — Россияның қоғамдық құрылысын революциялық жолмен өзгерту керек деген сөз. Оның бұл пікірі революцияшыл-демократтардың пікірлерімен үндесіп жатыр. Демек, Шоқан Уәлиханов «Современниктің» Чернышевский бастаған тамаша дәстүрінің

әсерімен революцияшыл демократ болуға жақындап келген. Бұл туралы М. Әуезов: «Шоқан орыс ойшылдарының еңбектерінен бұқараны кең түрде ағарту деген программасын құлшына қарсы алды, ал олардың революцияшыл-демократияшыл идеяларын қолдану артта қалған қазақ қоғамы үшін әлі ерте», — деп есептеді.

Шоқан Уәлиханов орыстың демократиялық публицистикасын үлгі-өнеге тұтқан. Әсіресе, А. С. Пушкиннің «Арзұмға саяхат», Е. М. Салтыков-Щедриннің «Губерниялық очерктері» және осылар сияқты орыс әдебиетінің классикалық шығармалары Шоқанға үлкен әсер еткен. Оның «Жоңғар очерктері» жанр жағынан сапар очеркі тектес, өйткені орыс әдебиетінде ертеден қалыптасқан бұл жанрға қойылатын талаптар мен шарттарға толық жауап береді. Мысалы, А. Н. Радищевтің «Петербургтан Москваға саяхат» деген классикалық шығармасы жалынды публицистиканың және очерктің тамаша үлгісі болды.

Очеркист Шоқан саяхатқа шыққан кезінде көргендері мен білгендерінің бәрін талғамсыз тіркей бермейді, өзінің ой елегінен өткен фактілерді сыншыл реалистік тұрғыдан баяндап, ойын қорытып отырады. Мысалы, ол «Жоңғар очерктерінде» «Орта Азияның қазіргі қоғамдық құрылысы орасан бір қайғылы» кұбылыс, «даудудың патологиялық дағдарысы сияқты бірдеңе, жергілікті ел билеушілердің діни және монархтық деспотизмі, екінші жағынан, қытайлардың полициялық өкіметі есін тандырып, езіп жатыр...» деп көрсетеді.

Н. Г. Чернышевский цензурадан сақтанып, көбінесе батыс еуропалық мемлекеттер туралы жазатын. Ол Австрия, Франция және басқа елдердегі тәртіпті сынап жазды, шынында әңгіме шетел туралы болғанымен, Россияның өз ішіндегі жағдайлар туралы, орыс самодержавнесі туралы айтып отырғанын оқушылар сезетін. Шоқан осындай стильді, эзоптық тәсілді қолданып, ол кезде ағылшындар билеп-төстеген Орта Азияны «надандық пен қайыршылық» жайлап отыр деумен бірге, патшалық Россияның қазақ халқы жөніндегі отаршылдық саясатын да сынаған.

«Жазылу стилі жағынан Шоқанның очерктері М. Ю. Лермонтовтың Кавказ туралы очерктеріне ұқсас. Тау табиғатын суреттеуде кейде Шоқан Лермонтов өлеңдерінен жеке үзінділер келтіріп, очерк тілін жандандыра, ажарлай түседі. Бұған қарағанда, Шоқанның Лермонтов шығармаларын көбірек оқығаны, очерк жазуда оған едәуір еліктегені байқалады.»¹ Бірақ Шоқан Уәлиханов публицистикалық мақалалары мен очерктерін тек еліктеу негізінде жазған жоқ. Орыстың демо-

¹ Ә. Ахметов. «Халық перзенті». «Қазақ әдебиеті» № 1, 1961.

кратияшыл публицистикасынан үйрене отырып, ол өзінің творчестволық жолын ашты.

Шоқан — өз халқының перзенті. Ол әуелі қазақтың ауыз әдебиеті жасаған халықтық публицистиканы жастайынан зерттеді, содан нәр алды.

Рас, ол еңбектерінің барлығын дерлік орыс тілінде жазды. Бірақ ол бастауын білімді өзінің ана тілінде алып, хат таныды. Өз аулындағы мектепте оқып жүрген кезінде әкесінің тапсыруы бойынша қазақтың ескі аңыз-әңгімелерін, мақал-мәтелдерін жазып алып, жинастыра бастады, кейін оларды орыс достары арқылы бастырып шығарды. Сол кездің өзінде шығыстың классикалық әдебиетімен таныса бастады. Шоқан кадет корпусында орыс әдебиетінің классикалық шығармаларымен, орыс тілі арқылы батыс еуропалық мәдениетпен танысты.

Шоқан саяхатқа шыққан кезінде қазақ пен қырғыз халықтарының ауыз әдебиеті нұсқаларын араб әрпімен күнделігіне жазып отырған. Мысалы, Шоқан жазып алған «Бұқар жыраудың Абылайға арнаған жоқтауы» және сол сияқты бірсыпыра еңбектері араб әрпімен қазақша жазылған күйінде оның шығармалар жинағының бірінші томына енгізілді.

Алайда, ол еңбектерін негізінен өзі жетік білетін орыс тілінде жазды, сонымен қатар өзінің ана тілінде жазғандарын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Орысша жазса да, қазақша жазса да көбінесе өз халқының қамын ойлады, қалың бұқараның мүддесін қорғады, қайтсе де өзінің артта қалған халқын орыстың озат мәдениетіне жанастыру үшін күресті.

Демек, Шоқанның дүниеге көзқарасының қалыптасуына, бұқарашыл публицист болуына әсер еткен алдымен өз халқының, сонан кейін шығыстың классикалық әдебиетінің шығармалары, оның қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына, сондай-ақ бұқарашыл-публицист болуына орыстың ұлы ағартушылары және революцияшыл демократиялық бағыттағы журналистикасы мен публицистикасы әсер етті.

Сөйтіп, Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақтың көрнекті ғалымы, демократ ағартушысы болумен қатар, қазақтың публицистикасының негізін салушылардың бірі болды.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН — ЖУРНАЛИСТ

«Қазақ халқының көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсарин 60-жылдардың идеяларымен рухтанды, сол кездегі демократияшыл-ағартушылық принциптерге бой ұрды. Чернышевский мен Добролюбовтың есімдерін аса қадірледі»¹.

¹ А. Ф. Эфимов. «Советская педагогика» 1945, № 4, стр. 31.

Шоқан сияқты Ыбырай әділетсіздікпен, кертартпалықпен батыл күресті, еңбекші бұқараның мүддесін қорғады, шаруашылықтың жаңа түріне көшуге, орыстың озық мәдениетімен жақындасуға шақырды.

Алтынсариннің ағартушылық және демократиялық көзқарастары орыстың озық қоғамдық ой-пікірі мен педагогикалық ғылымының алдыңғы қатарлы өкілдерінің — Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Ушинскийдің тағы басқаларының әсерімен қалыптасты. Алтынсарин 1876 жылы Петербургта болып қайтты, оның бұл сапары өміріне өшпес із қалдырды. Озық ойшыл адамдармен, ғалымдармен диалогтасып, әңгімелесуі оның идеялық ой-өрісін бұрынғыдан анағұрлым кеңейтті.

Демократиялық бағыттағы орыс журналистикасы Алтынсаринді қатты қызықтырды. П. И. Ильминскийдің естелігіне қарағанда, Алтынсарин ХІХ ғасырдың 50-жылдарының аяқ шеніндегі және 60-жылдардың бас кезіндегі журналдарды тауып алып, ерінбей-жалықпай оқып, «жаңа журналистиканың» бетіндегі шетелдік термин сөздерді және өзіне керекті фактілерді ұқыпты түрде жазып алып отырған. Бір аптаның ішінде жазып алғандары қалың дәптерге айналған. Ол кездегі жаңа журналистика П. Г. Чернышевский мен Н. А. Добролюбов (бұл скеуінің еңбектерін Алтынсарин өзінің меншікті кітапханасында сақтаған — Х. Б.) алға бастырған «Современник» және революцияшыл демократиялық бағыттағы басқа да журналдар.

Алтынсарин 70 және 80-жылдары «Оренбургский листок» газетіне мақала жазып тұрған, бұл газеттің прогресшіл ниеттегі редакторы әрі шығарушысы Ефимовский-Мировицкиймен ол өте тығыз байланысты болды. Аталмыш газет бетінде Алтынсариннің публицистік және ағартушылық қызметі әсіресе оның «Қазақ хрестоматиясы» кең түрде насихатталды.

Мұның өзі Алтынсариннің жалпы баспасөзге деген ынтасын арттырды. Ол газет пен журнал, кітаптың маңызын жоғары бағалады. Мысалы, «Ер Тарғын» дастаны 1862 жылы Қазан қаласында тұңғыш рет басылып шыққанда, бұған дейін өзінің ана тілінде басылған кітап көрмеген қазақтар әрі таңырқады, әрі сүйсінді деп жазды.

Алтынсарин баспасөзді халықты ағартудың, қоғамдық ой-пікірді дамытудың аса маңызды құралы деп таныды. Қазақша газет, журнал болмағандықтан, халыққа дүниелік жалпы білім тарататын, өнер үйрететін кітап шығаруды мақсат етті. «Молдалардың оқытып жүрген татар, араб, фарсы кітаптарының бәрі де адам баласын дұрыс ойдың бәрінен адастырады, кері кетіреді. Ал басқа халықтар сияқты, қазақтарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанға ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек» деп жазды ол.

Осындай мақсатты көздеген Алтынсарин 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйретудің

бастауыш құралы» деген екі кітабын қазақша бастырып шығарды. Бірінші кітабына өзінің публицистикалық сарындағы өлеңдерін, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілеріне негізделген новелла-әңгімелерін, очерктері мен мақалаларын, сонымен бірге орыстың классикалық әдебиеті шығармаларынан аударма материалдар енгізді. Алғашқы оқулық болып саналатын кітабын Алтынсарин тек мектеп оқушылары үшін ғана емес, сонымен бірге ел арасына тез жайылып, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап болуын көздеді. Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін бұл кітап бірнеше рет қайта басылды. Атап айтқанда, 1889—1906 жылдар арасында төрт рет, соның ішінде үш рет «Мақтубат» деген атпен басылып, халық арасына таратылған. Бірнеше рет қайта басылып шығып, әрі тиражы ол уақытта көп көрінетін екі мың дана болып таралуы кітапты едәуір көпшілік халықтың пайдаланғандығын дәлелдейді.

Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясын» жұрт газет, журналдың орнына пайдаланды, өйткені ол кезде мерзімді ұлт баспасөзі жоқ еді. Оның бұл кітабы әрі оқулық, әрі көпшілікке арналған публицистика және көркем әдебиет шығармаларының жинағы, халыққа әр түрлі білім беретін энциклопедияның ролін атқарды.

Публицистика қоғамдық өмірдің проблемалық мәселелерін көтереді, қоғамдық қозғалысқа көмектеседі. Қазақ халқы әсіресе ХІХ ғасырдың екінші жартысынан былай қарай егіншілік кәсібімен айналысуға, отырықшы болуға, орыс мәдениетіне, өнер-білімге батыл бет бұрды. Бұл бетбұрыс қоғамдық қозғалысқа айналды. Алтынсарин осындай тың идеялардың жаршысы, қозғалысқа қатынасушылардың сенімді көмекшісі болды. Мысалы, ол «Қыпшақ Сейткұл» деген очеркінде егін салу, отырықшы болу идеясын насихаттады, сонымен бірге феодализмнің кесірлі қалдығы барымташылықты, ұрлықты қойып, адал еңбекпен күн көруге шақырды.

«Таза бұлақ», «Бай мен жарлы баласы», «Қиіз үй мен ағаш үй» тағы басқа да осындай очерктерінде де Алтынсарин орыстың демократияшыл публицистикасының тамаша дәстүрлері тұрғысынан еңбекші халықтың мүддесін қорғады, жатып ішер арам тамақтыққа, әділетсіздікке қарсы шықты, адамгершілікті, тапқырлықты өнеге етіп ұсынды.

Алтынсариннің хаттарынан публицистика өте айқыл көрінеді. Хаттарының басым көпшілігінде қоғамдық-саяси маңызы бар мәселелер жөнінде өзінің көзқарасын, сырын неғұрлым еркін айтады. Сонымен қатар озбырлықты, жолсыздықты батыл әшкерелейді.

Алтынсарин 21 жасында жазған бір хатында (1862 ж.) өзінің ең басты міндеті халқына пайдалы адам болу деп мәлімдеді. Қазақ халқы қарапайым... біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз. Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық. Мәселе оны ағарту-

да болып отыр деп баса айтып, казактар сотқар, қанқұмар деушілерге соққы берді, ұлт намысын қорғады. Қазақтарды оқыту жөлінде бастықтар бекіністердің жаңа мектеп салудан гөрі үйлерінің онысыз да қызыл төбелерін боятқанды, онысыз да ақ қабырғаларын ақтай түскенді тәуір көрседі деп патша чиновниктерін тайсалмастан әшкереледі. Бұл Салтыков-Щедрин сатирасынан үлгі алғандық.

Алдыңғы қатарлы орыс журналистикасының демократияшылдық дәстүрін өнеге ете отырып, Алтынсарин қанаушылардың бәріне қарсы күресті, еңбекші бұқараның мүддесін қорғады. Байлар мен болыстардың озбырлығына қарсылық көрсете алмай, қасқырдың аузына жем болатын кедейлерді адамшылықтың шегінен шыға арсыздықпен тонайтынын, талайтынның батыл әшкереледі. Ауыл кедейлерінің аянышты халі жайында «соларды көргенде,— деп жазды Алтынсарин,— мен өте қатты күйікемін».

Ыбырай Алтынсариннің еңбекші адамдарға деген жанашырлық сөздері XVIII ғасырдың екінші жартысында қоғамдық озат ой-пікірдің аса көрнекті қайраткері А. Н. Радищевтің орыстың басы байлы еңбекші шаруаларының қайыршылық, қоршылық өміріне жаны ашып айтқан сөздерімен үндеседі. Ол өзінің «Москвадан Петербургқа саяхат» деген атақты шығармасында: «Жан-жағымға карағанымда — адам баласының шөккен азабына жаным түршікті» деп жазған болатын.

Алтынсарин де ислам дінінің кертартпалық мәнін әйгілеп отырды. Молдалар,— деп жазды ол,— қараңғы халықтың басын қатырады, оның үстіне қазақтың ана тілін де бұзып жүр. Ал қазақты татар фанатизмінен (ислам дініне сендірушілікпен Х. Б) құтқару үшін өнер, білім үйрететін кітаптар шығару керек, сонда исламның таралуына жол болмайды.

Қазақ халқының қоғамдық прогреске бейім екенін, ислам дінінің шырғауы бөгет жасай алмайтынын Алтынсарин білді. Сондықтан да ол қазақ «надап жатқан, бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар» халық деді. Оның бұл пікірі революцияшыл демократ публицистердің орыс халқы діншіл соқыр сезіммен уланған жоқ, сондықтан ол қоғамдық прогреске тез жетуге бейім деген пікірімен ұштасып жатыр.

Ұлы орыс халқының озық мәдениетіне үлкен үміт артқан ағартушы публицистің «Қазақтың жас ұрпағы орыстың тілі мен оқуын бірден-бір мәдениет, білім тілі деп ұғар, соған бой ұрып, аз болсын, көп болсын орыс рухында өсіп жетілер» деген арманы совет заманында іске асты.

Алтынсариннің журналистік және публицистік қызметі жоғарыда айтылғандай, «Оренбургский листокта» кең өріс алды. Осы газеттің бетінде 1880—1884 жылдарда оның бірнеше корреспонденциялары, мақалалары, очерктері басылды.

«Қазақ даласындағы ашаршылық жылында» деген очеркі-

де жұтқа ұшырап, шаруашылығы күйзелген, аштық жайдаған қазақ аулының аянышты халін суреттей келіп, Алтынсарин патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шықты.

Алтынсарин егін кәсібімен шұғылдануды үгіттеп әрі отырықшылық тұрнысты насихаттады. Біз сөз етіп отырған очеркінде; «Әрбір халық прогрестік жолмен дами отырып, ақыр аяғында көшпелі салттан отырықшылыққа айналуға тиіс», — деп жазды.

Орыстың аса көрнекті демократ жазушысы В. Г. Короленко орыс журналистикасы тарихында публицистикалық әңгіме, очерктерімен белгілі. Ол «Ашаршылық жылдары» деген очеркінде 1892—1893 жылдардағы ашаршылық кезіндегі Еділ бойы халықтарының ауыр халіне күйініп, патша үкіметінің ешқандай көмек көрсетпей, неімқұрайды қарап отырғанын айыптады.

Сол сияқты Алтынсарин ашаршылықтың салдарынан жаппай сүзек ауруына шалдығып қырылғалы тұрған халыққа патша үкіметінің жергілікті өкілдері ешқандай көмек көрсетпей отырғанын айтып, қатты налыды.

Революцияшыл-демократиялық баспасөзге үн қоса отырып, Алтынсарин қазақ халқының әдет-ғұрпы жөнінде скі этнографиялық еңбек жариялады.¹ Біріншісі — «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі». Екіншісі — «Орынбор ведомствосы қазақтарында құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркі».

Бұл очерктерінде ол қазақтың рушыл-феодалдық салтына негізделген дәстүрлерінің ескірген формаларына, әсіресе қалыңмал, әменгерлік сияқты әйелдердің адамгершілік правосын қорлайтын әдеттерге қарсылық білдірді. Ас тек ер адамдарға берілетінінен де әйелдердің теңсіздігі айқын көрінеді деп жазды ол.

Н. А. Добролюбов әйелдерді арнаулы мектептерде оқытып шығару арқылы қоғамдық өмірге араластыру идеясын айтқан болатын. Алтынсарин сол максатты көздеп қазақ қыздары үшін мектеп-интернат ашты. Сөйтіп ол әйел теңдігі мәселесіне өзінің көзқарасын іс жүзінде көрсетті. Әрине, мұндай әлеуметтік мәселені толық шешуге ол кездегі қоғамдық жағдай мүмкіндік бермеді.

Қорытып айтқанда, Алтынсарин қазақтың тұңғыш педагогы, көрнекті ағартушысы және Абаймен бірге реалистік бағыттағы жаңа жазба әдебиетінің ірге тасын қаласумен қатар, қазақтың бұқарашыл публицистикасының негізін салушылардың бірі болды. Ол өзінің шығармаларын әрі ана тілінде, әрі

¹ «Записки Оренбургского отдела русского географического общества», 1879.

орыс тілінде жазып, қоғамдық өмірдің келелі мәселелерін баспасөз (кітап пен газеттің) бетінде көтерген көрнекті публицист, журналист еді.

АБАЙДЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Қазақтың ұлы ақыны, ойшыл Абай Құнанбаевтың қоғамдық-саяси көзқарасы озат орыс мәдениетінің әсерімен қалыптасты. Бұл жөнінде оның Чернышевский мен Добролюбовтың революцияшыл-демократиялық идеялары рухында тәрбиеленген алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының өкілдерімен жақындасуының үлкен маңызы болды. Абай өзінің туындыларында оқу-ағарту, философия, педагогика, әдебиет пен өнер, мораль жөнінде және қоғамдық өмірдің проблемалық мәселелері жайында сөз қозғады.

Абай қазақ еліне капиталистік элементтердің енуін, осыған байланысты бұған дейінгі тәртіп пен идеология шайқала бастағанын өз көзімен көрді. Сондықтан да оның творчествосының басты тақырыптары халықтың тағдыры туралы, адамның жеке басының қасиеті мен борышы туралы, пайдалы сәбек және оқу-ағарту туралы болып келеді.

Қазақ халқының ғасырлар бойы артта қалушылық пен надандықтан прогресшіл Россиямен, оның озат мәдениетімен өте тығыз байланысты болған күнде құтылатынын Абай жақсы білді. «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста зор». Сондықтан орыстың тілін, оқуын, ғылымын білмек керек деп жазды ол «Жиырма бесінші сөзінде».

Абай «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде қазақ балаларының орыс мектебінде оқи бастағанына қуанышты екенін білдіреді. Жастарды өнер үйреніп, білім алуға шақырады. Оқығанда шен-шекпен алу емес, халық үшін қызмет ететін адам болсын дейді. Ол жастарды «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге», ғылым оңайлықпен табылмайды деп, ерінбей оқып-білуге мезгеді.

Қоғамның рухани өмірінде ғылым мен өнердің қандай роль атқаратыны жөнінде Абайдың көзқарасы В. Г. Белинскийдің идеяларымен үндес. «Қоғамның ең абзал және ең қасиетті мұраты, — деп жазды В. Г. Белинский, — өзінің өмір тіршілігін жақсарту болып табылады. Бұл мұратқа саналылық жеткізеді. Ал саналылыққа өнер ғылымнан кем әсер етпейді. Бұл жөнінде ғылым да, өнер де бірдей қажет»¹

Сол сияқты Абай да: «Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» — дейді. В. Г. Белинскийдің эстетикалық принциптерін осылай қолдана

¹ В. Г. Белинский й. Полн. соб. соч. Т. X. М., 1954, стр. 364.

отырып, Абай алдымен еңбекке үлкен мән берді. «Жиырма бесінші сөзінде»: «Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен», соны орыстан үйрен деп кеңес береді. Абай өзінің бір өлеңінде халықты қанаушылардың, чиновниктердің портреттерін айнытпай жасаған жазушының — М. Е. Салтыков-Щедриннің есімін ізет білдіре атайды. Орыстың ұлы сатиригіне еліктеп, Абай надандыққа, өтірік-өсекке, парақорлыққа, жатып ішерлік пен арамтамақтыққа қарсы бағытталған, әлеуметтік өткір сықақ жанрын жасады. Абай елге ығыр көрсеткен байларды, жебір болыстар мен чиновниктерді аяусыз әшкереледі.

Мәселен, «Күлембайға» («Болыс болдым мінеки») деген өлеңде сайлаушыларын сатып алу жолымен мансап иесі болған болыстарды, пара алған орыс чиновниктерін өлтіре сынайды, оларды халық алдында жекесұрын адамдар етіп көрсетеді.

Абайдың «Есек» деген памфлет өлеңін Салтыков-Щедриннің «Бір мұжықтың екі генералды қалай асырағаны туралы хикая» деген шығармасымен салыстырсақ, идеялық байланыстылығын көреміз. Абай өзінің бұл шығармасында ардан безіп, тек баоды ғана көздейтін адамдарды келсе етеді. Шедрин сипаттаған генералдар сияқты еңбекші халықтың еңбегін қанау арқылы дәурен суретін байларды масқара етеді.

Бұл айтылғандар Абай өлеңдеріндегі, сондай-ақ кара сөздеріндегі публицистикалық сарында айқын аңғарылады.

Абай «Бірінші сөзінде»: «Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен кара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ»¹ дейді.

Стиль, идеялық мазмұны жағынан алғанда Абайдың кара сөздері нағыз публицистикалық шығарма. Оның «әйгілеушілік қарқыны халық өзінің қамқорлығына түсінер, сөйтіп қараңғылықтан, надандықтан арылар деген үмітпен ұштасып жатыр. Бұл жөнінен — Абай алдымен революцияшыл-демократияшыл публицистиканың жолын қуған»².

Мұхтар Әуезов Абайдың еңбектері халыққа үш түрлі жолмен таралды дейді: «бірінші — баспа арқылы тарауы; екіншісі — халық арасына ауызша жатталып, әнмен аралас тарауы, үшіншісі — қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар болып, көшіріліп тұруы»³.

Абайдың көзі тірісінде, оның «Жаз», «Күлембайға» деген екі өлеңі 1889 жылы «Дала уалаяты» газетінде басылып шық-

¹ Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы, 439-бет.

² М. И. Фетисов. «Зарождение казахской публицистики», стр. 231.

³ Мұхтар Әуезов. «Әр жылдар ойлары». 1959, 15-бет.

ты. Осы кезде оның «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген тағы бір өлеңі Қазан қаласында басылған бір жинаққа енгізілген.

Қазақтың ардагер перзенттері өздерінің өсуі және есеюі жылдарында үш түрлі қайнар бұлақтан:— әуелі өз халқының ауыз әдебиетінің прогрестік үлгілерінен, екінші — шығыстың классикалық әдебиетінен, үшінші — орыстың озат мәдениетінен нәр алып, қоректенді. Олардың қоғамдық-саяси көзқарастарының бұқарашыл болып қалыптасуына демократияшыл орыс интеллигенциясының тамаша дәстүрлері үлкен әсер етті.

Алдыңғы қатарлы орыс публицистикасы мен журналистикасынан үлгі ала отырып, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев еңбекші бұқараны қанаушыларға қарсы, феодалдық-патриархалдық салт-сананың қалдықтарына қарсы, кертартпа ағымға қарсы күресті. Олардың ұлы орыс халқының озат мәдениетіне ден қоюы бірден-бір дұрыс бағыт болды.

Қазақ ағартушылары өз ұлтының әдебиеті мен әдеби тілінің жаңа бағытын белгілеп, қоғамдық және ғылыми ой-пікірінің негізін салумен бірге, қазақтың демократиялық публицистикасының негізін қалады.

ҚАЗАҚТЫҢ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНІҢ ШЫҒАРЫЛА БАСТАУЫ

Қазақстанның Россияға қосылуының нәтижесінде мұнда капиталистік қатынастар еніп, дами бастады, бұрынғы патриархалды-феодалдық қатынастар ыдырауға айналды, ауылда тап жігі ашыла түсті. Қазақтар шаруашылықтың жаңа түріне көшуге бет бұрды.

В. И. Ленин «Россияда капитализмнің дамуы» деген атакты еңбегінде капитализмнің даму процестерін талдай келіп: «кеудей де, кеңейе де дамып келе жатқан осы процестердің барлығы капиталистік дамудың қажетті құрамды бөлігі және өірдің ескі формасына карағанда мейлінше прогрестік маңызы бар»¹ деп көрсетті.

Қазақстанға Орталық Россиядан орыс шаруаларының көшіп келіп орналасуының зор маңызы болды. Олар қазақтардың отырықшылыққа, егіншілікке көшуіне әсер етті, орыстар мен қазақтар арасында достық қатынастар күн санап нығая берді.

Патшалық Россия халықтардың түрмесі болғаны мәлім. Ол шет аймақтардағы халықтарды аяусыз езіп, азапқа салды, оларды надандық пен қараңғылықта ұстауға тырысты, ұлт араздығын коздырып отырды. Россияның басқа халықтары сияқты, қазақ халқы да саяси жағынан еріксіз болды, ұлт мәдениеті, әсіресе тілі қорланды. Бірақ патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарамастан, Қазақстанның Россияға қосылуының терең прогрестік маңызы болды. Бұл қосылудың нәтижесінде Қазақстанда экономика мен мәдениеттің дамуына жағдай жасалды.

«Капитализмнің ескі шаруашылық құрылысқа қатысты аталған барлық өзгертулері,— деп көрсетті В. И. Ленин,— сондай-ақ халықтың рухани бейнесін өзгертуге де сөзсіз әкеліп соғады»². Қазақстанға капиталистік қатынастардың терең бойлай таралуы мұндағы ескі шаруашылық құрылысты өз-

¹ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 3-том, 634-бет.

² В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 3-том, 655-бет.

тертті, ал мұның өзі қазақ халқының санасына да елеулі өзгеріс елуіне әсер етті.

Ұлы орыс халқының озат мәдениеті қазақ мәдениетінің өркендеуіне игі әсерін тигізді. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты демократ ағартушылар шықты, қазақ халқының ішінде ұлт интеллигенциясы қалыптаса бастады. Орысша және қазақ тілінде оқытатын мектептер ашылды. 1862—1900 жылдар арасында қазақ тілінде 70 шамалы кітап басылып шықты. Қазақтың жазба әдебиеті мен мерзімді баспасөзі пайда болды.

Қазақстанның қалаларында патшаның жергілікті әкімшілік орындарының ресми органдары болып табылатын газеттер шыға бастады. «Облыстық ведомстволармен» қатар қазақ тіліне аударылып, Орынборда «Торғай» газеті, Омбыда «Дала уалаяты», «Ауыл шаруашылық листогы» сияқты газеттер шығып тұрды. Ташкентте қазақ тілінде шығарылған «Түркістан уалаяты» газеті, сондай-ақ Оралда, Астраханьда және басқа кейбір қалаларда шығарылған газеттер де Қазақстан өмірімен байланысты болды.

Бұл газеттер қазақ халқының қамын ойлап, оның елеулітік-шаруашылық және мәдени-ағарту тілектерін ескергендіктен шығарылған жоқ, патша үкіметінің отаршылдық саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтарын жергілікті халықтардың ана тілінде жариялап, сөзсіз орындатыру, сондай-ақ оның ресми көзқарастарын халық арасына кең таратып, қол астындағыларды шексіз бағындырып ұстау мақсатын көздеді.

Алайда патша үкіметінің екі жүзді мақсатына қарамастан, Қазақстанда мәдениеттің дамуына мерзімді баспасөздің пайда болуы елеулі әсер етті. Патша үкіметінің заңдарын, жарлықтарын жариялап, оның реакцияшыл, отаршылдық саясатын уағыздай отырып, сонымен қатар бұл газеттер өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту мәселелерін көтеруге мүдделі болды. Бұл газеттерде мал шаруашылығы жайлы, мектептер, сгіншілік туралы және сауда туралы жазылып тұрды, қазақ халқының тарихына, тіліне, ауыз әдебиетіне, этнографиясына, Қазақстанның археологиясы мен пайдалы кен байлықтарына арналған мақалалар басылып отырды.

Алдымен аударма ретінде шығып, бірте-бірте дербес газет дәрежесіне дейін жетіп, қазақ тілінде шығарылған «Түркістан уалаяты» газеті (1870—1882) мен «Дала уалаяты» газеті (1888—1902) қазақ баспасөзі тарихының алғашқы бет ашарлары деп есептеледі. Бұл газеттер патша үкіметі қойған міндеттер мен мақсаттарға, оның отаршылдық саясатын жүзеге асыруға, Қазақстанда капиталистік қатынастарды орнықтыруға қызмет еткенімен, объективтілік тұрғыдан қарағанда, қазақтың тілі мен жазба әдебиетін қалыптастыруда, ұлттық

мәдениеті мен экономикасының тарихын жазу жөнінде белгілі дәрежеде айтарлықтай роль атқарды.

«Түркістан уалаяты» газеті (1870—1882). Ташкент қаласында 1870—1917 жылдары орыс тілінде «Туркестанские ведомости» газеті шығып тұрды. Түркістан өлкесін билейтін генерал-губернаторлардың ресми органы болғанымен, бұл газетте жарияланған Орта Азия халықтарының тарихы мен этнографиясы, археологиясы және географиясы жөніндегі материалдардың мәні зор болды¹. Газетті шығарысуға Н. С. Серверцев, В. В. Бартольд, Н. П. Остроумов, Ш. М. Ибрагимов сияқты белгілі ғалымдар қатысты.

Осы газетке қосымша ретінде сол жылдан бастап тұңғыш қазақ тілінде Түркістан генерал-губернаторының ресми органы «Түркістан уалаяты» газеті шығарылды. Бұл газет ол кезде Түркістан өлкесіне қарайтын осы күнгі Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстарының қазақтарына арналды. Газеттің редакторы және аудармашысы ағайынды Ибрагимовтар болды. Қазақ газетін шығару ісіне Хасан Жанышев, Заманбек Шайхыәлібеков, Жүсіп Қазыбеков аудармашы әрі әдеби қызметкер болып қатысқан.

Патша үкіметінің отаршылдық саясатын уағыздай отырып, ресми газеттер, кейде Россияның самодержавиелік езгісіндегі ұлттарды ұлы орыс халқының озат мәдениетіне тарту идеясын да насихаттап отырды. «Россия халықтары арасындағы қатынастардың мұндай демократиялық және гуманистік бағыт алуына мерзімді баспасөздің ұйымдастырушылары, редакторлары және қызметкерлері көбінесе прогресшіл ниетті орыс интеллигенциясының арасынан шыққан қайраткерлер болғаны себеп болды»².

«Түркістан уалаяты» газетінің бетінде өзбек халқының революцияшыл ниеттегі демократ ақыны Мүкимидын және ағартушы ақыны Фурхаттың, орыс әдебиетінің классиктері Крыловтың, Пушкиннің, Толстойдың шығармалары басылды³. Осы газет арқылы қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен ісі бүкіл қазақ еліне мәлім болды.

Қазақ тілінде газет шығарылуын жұртшылық қуана қарсы алды. Семей жағының қазақтары бір жиында бұл газетті оқығанын, көңілдеріне ұнағанын, бұған дейін тек татар тілінде намаз оқуды үйрететін кітапшаны оқытқындарын айта келіп, «Біздің қазақты бір жұрт біліп, біздің тілімізде газет бастырғаны үшін» алғыс айтады деп қуанды.

¹ «Русская периодическая печать», Справочник, М., 1959, стр. 533.

² М. И. Фетисов. «Зарождение казахской публицистики», стр. 34.

³ «Русская периодическая печать в Туркестане», 1960, библиографический указатель, стр. 65.

Басылған хат-хабарларға карағанда, газеттің Ақмола (Целиноград), Ақмешіт (Қызылорда), Алматы, Әулие-Ата (Жамбыл), Қапал, Қазалы, Қызылжар, Қарқаралы, Көкшетау, Омбы, Семей, Түркістан уездерінен жазыл тұратын тұрақты тілшілері болған.

Газет халықаралық жағдай және Россияның сыртқы саясаты туралы орталық үкімет газеттерінен көшіріп басып отырды. Мысалы, Париж пролетариатының 1871 жылы 18 марттағы көтерілісі туралы хабар беріп тұрды. 1877—1878 жылдардағы орыс-түрік соғысы кезінде бір пантюркистің Турция әскеріне жәрдем беру керек деген үгітіне қазақтардың қалай карағандығы жөнінде газет заметка жариялады. Онда Россияға жау мемлекетке жәрдем бермейміз деп жұрт бір ауыздан мәлімдеген. Керісінше, Жетісу облысының Алматы, Қапал, Токпак уездерінің қазақтары мен қырғыздары 1750 сәйгүлікті тандап алып орыс армиясының атты әскеріне жөнелткен.

Газет қазақтарды отырықшы тұрмысқа ауысуға, егіншілік кәсібін қоныс аударып келген орыс шаруаларынан үйренуге, бірлесіп Арыс — Түркістан каналын салуға шақырды. Әрине, ол заманда мұндай идеяны жүзеге асыру мүмкін емес еді. Бұл арман тек Совет өкіметі тұсында ғана орындалды.

Газет бетінен капиталистік қатынастардың қазақ даласына өтуінің жағымды және жағымсыз жақтары да көрікті. Ақмоладан келген тілші хатында кедейленген қазақтар қала шетіне жатақ болып жиналып, жаңаша өмір сүре бастағаны, олардың тұрмысы көшпенділерден көп ілгері екендігі айтылды. Олар орыс тілін үйрене бастаған, үй ұстаулары мұнтаздай таза, самауыр, стол, қасық, киім-кешегі — бәрі түзу. Көшеде екі кісі кетіп бара жатса қайсысы жатақ, қайсысы ел қазағы екенін сұрамай-ақ таңсыз. Газет ауыл кедейлерінің хал-жайы әбден нашарланғанын, соның салдарынан олар қалаға келіп, жалшы болып, күн көретінін, сөйтіп олар байлардың езгісінен, өсікқорлардың тонауынан қашатынын аңғартады.

«Түркістан уалаяты» газеті оқу-ағарту және әдебиет мәселелеріне едәуір орын беріп отырды. Ол қазақ жастарының гимназияда, орыс-қазақ мектептерінде оқи бастағанын құптады. Әрине, алдымен дәулеттілердің балалары оқитыны сөз болды. Жастардың оқуға деген құштарлығын қуаттай отырып, газет орысша оқып білім алған қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы өнеге ретінде арнайы мақала жариялады.

Газет орыс халқының ауыз әдебиеті шығармалары, шығыстың атақты «Мың бір түн» хикаясын қазақ тіліне аударып басты. Сондай-ақ қазақтың ауыз әдебиеті мен белгілі ақындарының шығармаларын жариялады. «Түркістан уалаяты» газеті Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің жаңа бет алыста қалыптасуы жөнінде тиісті рөл атқарды. Россия мемлекетінің кү-

рылуы тарихын, орыс пен қазақтың ертеден бергі байланысын, Батыс Европа елдерінің өмірін қазақтар өзінің ана тілінде осы газеттен оқып білді.

Орыстың мерзімді баспасөзінің әсерімен алғашқы қазақ газетінде заметка, корреспонденция, мақала, фельетон мен очерк сияқты жанрлар туа бастады.

«Ғылыми хабарлар» рубрикасымен сол кездегі ғылым мен техника табыстары жайында түсінік, сондай-ақ жаратылыс жөніндегі ғылыми тақырыптарда мақалалар, ветеринария және зоотехника мәселелері жайында консультациялар жариялануының қандай маңызы болғаны өзінен-өзі түсінікті. Бұлардың бәрі көшпелі халықтың дүниетанымына игі әсер еткені сөзсіз.

Газет оқушыларына танымдылық сипатты материалдар қандай әсер еткені қызық. Батыс Европа туралы очерк жөнінде біреу «Осы күнге дейін біз дүниенің бәрінде үш-ақ мемлекет бар деп жүруші едік — орыс, түрік және қытай мемлекеті. Карасак, дүниеде мемлекет үшеу емес, көп екен» депті.

И. П. Остроумовтың «Петр «Ведомостарының» XVII—XVIII ғасырларда орыстар үшін қандай маңызы болса, «Түркістан уалаяты» газетінің де XIX ғасырда өзбектер мен қазақтар үшін сондай маңызы болды» деген тұжырымымен келіспеуге болмайды.

«Дала уалаяты» газеті (1888—1902). 1882 жылы Дала генерал-губернаторы құрылып, оның құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары енгізілді. Орталығы Омбы қаласы болды. 1888 жылы 1 январьда Омбыда «Дала уалаяты» газеті шыға бастады. Баспасөз ісі жөніндегі бас басқарма оны «жергілікті халықты үкімет бұйрықтарымен таныстырып отыру үшін шығарып тұруға рұқсат етті»¹. Әрине, Қазақстанды зерттеп білу мақсаты көзделді. Аптасына бір рет шығып, қазіргі Қазақстанның бүкіл территориясына дерлік таралды².

«Дала уалаяты» газеті барлық патшалық губерниялық газеттердегідей ресми және ресми емес бөлімдерден тұрады. Ресми бөлімінде үкімет және әкімшілік органдардың указдары, нұсқаулары, бұйрықтары басылды. Сонымен бірге «ақ патшаға» адал берілгендікті сездіретін материалдар да жарық көрді.

¹ И. П. Остроумов. Сарты. Этнографические материалы. Ташкент 1896, стр. 171—177.

² ЦГИА Қаз.ССР, ф. 15, д. 1834, оп. I, с. 95, л. 133.

³ Алғашқы кезде газет Ақмола облыстық «Ведомостарына» «Ерекше қосымша» ретінде, ал 1894 жылдан Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының «Ведомостарына» қосымша болды, орысшасы «Киргизская степная газета» деп аталды. 1900—1902 жылдары «Дала уалаяты» газеті тек екі облыстық — Ақмола мен Семей «Ведомостарына» қосымша болып шықты. Өйткені 1889 жылы Жетісу облысы қайтадан Түркістан өлкесіне қосылды.

Әсіресе ресми емес бөлім ерекше назар аударады. Мұнда сол замандағы қазақ аулының қоғамдық ой-пікірі біршама көрініс берген.

Газетте экономика мен мәдениет жөнінен анағұрлым ілгері Россияның қазақ халқының өміріне тигізген әсерін көрсететін құнды материалдар жарияланды.

Осы газеттің маңына топталған өздерінше прогресшіл ниеттегі қазақ интеллигенттері Ш. Уәлихановтың, Б. Алтынсариннің және А. Құнанбаевтың өнегесі бойынша көшпелділерді шаруашылықты жанаша жүргізуге, басқаша айтқанда, отырықшы болып, егіншілікпен айналысуға шақырды; орысша оқып білім алуға, орыстың озат мәдениетіне жақындасуға үндеді. Олар өздерінің ізашарлары сияқты қазақ әдебиетін, ана тілін дамытуды көздеді, әйелдерді азат студі және сондай әлеуметтік проблемаларды ұсынды.

Осындай проблемаларды талқылаудың барысында біріне-бірі қарама-қарсы екі ағым — кертартпа және прогресшіл ағым туды. Қазақ қауымының арасында сондай екі ағымның барлығын Ш. Уәлиханов елуінші жылдардың орта шенінде-ақ атап көрсеткен болатын. «Осы уақытта, — деп жазды Ш. Уәлиханов, — ескі меп жаңаның арасында елеусіздеу, бірақ күшті күрес болып жатыр деуге болады»¹.

Қазақ қауымының үстем тап өкілдері жаңалық пен прогрестің бәріне мейлінше қарсылық білдірді. Өмірде болмай қоймайтын өзгерістерге қарсы және күні өтіп бара жатқан ескіні сақтау үшін күресте үстем тап өкілдері рухтандыратын күшті мұсылман дінінен, панисламизм мен пантюркизмнен іздеді. Кертартпа ақындар қазақ халқының қас жауы Кенесары Қасымовтың реакцияшыл қозғалысты басқарғаны үшін мадақтады. Осыған байланысты айта кету керек: «Дала уалаяты» газеттерінде Кенесары тонағыш және бұзақы деп сипатталады.

Қазақ қауымы ішінде кертартпа, мұсылманшылдық және прогресшіл орыс мәдениеті ықпалдарынан туған екі түрлі мәдениеттің арасындағы идеялық күрес ХІХ ғасырдың аяқ шенінде және ХХ ғасырдың басында күшейе түсті. Бұл күрес «Дала уалаяты» газетінің бетінен көрініс тапты.

Газет бетінде «Редакцияға хат» деген арнаулы рубрика ашылған-ды. Біреулер таңдаулы ақындардың шығармалары және халықтың ауыз әдебиетінің үлгілерін қазақ тілінде кітап, жинақ етіп бастырып шығаруды талап етті; басқалары қазақ газетіне кім немен көмектесе алар екен деп жазды. Көптеген хаттарда қазақтың жазба әдебиетін қандай жолмен дамыту керек екені туралы сөз болды. Сөйтіп қарама-қарсы екі идеялық ағымның соқтығысын бейнелейтін айтыс туды.

Ақыры прогресшіл ағымды жақтаушылардың мерейі үстем болды. Газетте ең алдымен халық туындылары және демокра-

¹ Ч. Ч. В а л и х а н о в. Собр. соч. Т. I, стр. 389.

тияшыл жазушылар мен публицистердің шығармалары басылды; сонымен бірге қазақтың реалистік бағыттағы жазба әдебиетінің, әдеби тілін ұстартудың негізін қалаған Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің шығармалары басылды, олардың және Шоқан Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы мақалалар жарияланды.

Осы газеттің бетінде орыс әдебиеті классиктері: А. С. Пушкиннің, Л. Н. Толстойдың, В. Г. Белинскийдің, М. Ю. Лермонтовтың, И. А. Крыловтың және басқаларының шығармалары қазақ тіліне аударылып басылды.

Тілшілері мен авторлары арасында аса ірі шығыс зерттеушілері, этнографтар, фольклористер: Г. Потанин, Н. Добромыслов, В. Обручев, Н. Пантусов және басқалар бар еді. Қазақстанның барлық облыстарында газеттің тілшілері болды.

«Дала уалаяты» газетінің редакторы міндетін Ешмұхамет Абылайханов пен Дінмұхамет Сұлтанғазин кезек атқарды. Аудармашы және әдеби қызметкерлері, тілшілері, авторлары арасында Рахымжан Дүйсенбаев, Мұқағетжан Сералин, Асылқожа Құрманбаев, Қорабай Жапанов сияқты қазақ ағартушыларының жолын қуған демократиялық-прогресшіл алаңдар болды, алғашқы екеуі кейін большевик болды.

Прогресшіл бағыттағы интеллигенттер «Дала уалаяты» қараңғы бұқараны ағартуға себеп болатын маңызды құралдардың бірі деп есептеді. Мысалы, Сұлтанғазиннің пікірінше газет қазақ шаруаларына өздерінің мұқтаждары, мал бағу, егіншілік, мәдени өмірдің барлық мәселелері жөнінде пікір алысуына мүмкіндік жасайды¹.

Тілшілер қазақ халқын отырықшы болып, егіншілікпен айналысуға, мұны интенсивті мал шаруашылығымен қоса жүргізуге үнемі үгіттеп отырды. Газет көшпенді қазақтардың отырықшылану және егінмен шұғылдануы елеулі қозғалысқа айналғандығын атап көрсете келіп, бұл қозғалысты қазақ даласына елген жаңалықтардың бастамасы деп бағалады².

Қазақтардың жаңаша өмір салтына бет бұруына (бұл ол кезде бұқаралық құбылыс болған жоқ еді, ал патша өкіметі тұсында ондай болуы мүмкін де емес еді) Россияның орталық аудандарынан қоныс аударып келген еңбекші орыс шаруаларының жергілікті халықты жер өңдеу ісін үйренуіне көмектесуі себеп болды.

Газет материалдарынан қазақ аулына капиталистік қарым-қатынастардың қалай тарағанын айқын көруге болады. Бұл жөнінде бір ғана мысал келтірсек те жеткілікті. «Қазақ арасында да өсімқорлар бар,— деп жазды Павлодар уезіндегі тілші Қ. Жапанов.— Бұлардың сауда жүргізетін уақыты көбі-

¹ «Дала уалаяты», № 12, 1894.

² Бұл да сонда, № 13, 1891.

несе алым алғанда әм қазақтар қалаға шығарда болады. Теңге басы 70 тның өсім деп нарық айтады, кедей байғұстың екі сиырының екі бұзауы борышка кетіп, баяғы екі сиыры төлсіз қала береді»¹.

Максим Горький «Самарская газетада»² «Киргизская степная газета» («Дала уалаяты») газетіне шолу жасағанда қыздардың проценттің есебіне сатылуын сұмдық факті деп, өсім-қорлардың жауыздығын ызалана әшкереледі.

Қазақтың ұлы ағартушыларының жолын қуушылар реакцияшыл идеологияға қарсы күресе отырып, газетте өз ұстаздарының идеяларын паш етті. Олар қазақ жастарын орысша оқуға шақырды, бұл жөнінде тағылым ретінде Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсариннің есімін атады. Алғашқы қазақ ағартушылары сияқты қазақ әдебиеті мен тілінің даму жолын олар да орыстың озат мәдениетімен өте жақындасуынан күтті.

Мәседен, Сұлтанғазин қазақ әдебиеті шығармаларының тілі мен стилі жаңа заманның талаптарына сай өзгеруі, бейімделуі керек дейді. Оның пікірінше: бірінішіден, тіл байлығы халқымыздың ұғымын, идеясын, сондай-ақ ой-өрісін кеңейтуге себеп болмақ. Екіншіден, жаңа ұғымдар, жаңа сөз, сөйлем түрлерін тудырмақ.

Мұсылман дін басылары мен пантюркизмнің кертартпа пікірлеріне тойтарыс бере отырып, Сұлтанғазин қазақ тілінің не түріктен, не орыстан енген интернационалдық терминдермен баюына қарсы болған жоқ. Тілдің дамуын ол экономикалық дамудың жағдайларымен байланыстырды, тілге тарихи категория деп қарады. «Тіл,— деп жазды ол,— халықтың өзі сияқты органикалық зат: өзгереді, өседі, жетіледі. Міндет мынада: Біз ана тілімізді Алтынсарин айтқандай дамытуымыз керек».

Осындай келелі мәселе жөнінде А. Құрманбаевтың айтқандары да назар аударады. Қазақ тілі мен әдебиетінің даму тарихын талдай келіп, ол Алтынсарин шығармалары «Қазақтың өлең құрастыру өнері мен поэзияның тамаша үлгісі болып табылады»³ деп жазды.

Буржуазияшыл ұлтшылдар орыс мәдениетінен шошынып, орыс тілінің ықпалына жол бермеуге тырысты. Міне, осындай кезде А. Құрманбаев «Қазақ тілін қолдау және дамыту, орыстың білімін тарату — қазақ оқығандарының адамгершілік борышы болуға тиіс. Қазақ тілін өңдеу ережесін тәртіпке келтіру жөнінде Алтынсарин бастаған істі ілгері алып баруымыз керек»⁴ деді.

Сөйтін, «Дала уалаяты» газетінің бетінде қазақ ағарту-

¹ «Дала уалаяты» № 13, 1896.

² «Самарская газета», № 49, 1895.

³ «Дала уалаяты» № 27, 1894.

⁴ Бұл да сонда.

шыларының жолын қушылар еңбекші шаруаларды көшпенділіктен отырықшылыққа ауысуға, ұлы орыс халқының озық мәдениетінің үлгісімен жаңаша өмір салтын құруға шақырды.

Н. А. Добролюбов орыстың тұңғыш баспа газеті туралы «Ведомостылардан» орыстар әскери және саяси оқиғалардың жариялануын тұңғыш рет көрді деп жазған болатын.

Ал «Түркістан уалаяты» және «Дала уалаяты» жөнінде де тап солай деп айтуға болады.

Қазақ тіліндегі газеттердің шыға бастауы Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік нәтижелерінің бірінен саналады. Қазақтың мерзімді баспасөзінің пайда болуы капитализмнің кең және терең дамуымен және халықтың мәдени қызметінің ұлғаюымен де байланысты еді.

ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІ БІРІНШІ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫ КЕЗЕҢІНДЕ

[1905—1907]

Партия буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы жайындағы теорияны басшылыққа ала отырып, Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция жолындағы күреске басшылық етті. Россия пролетариаты мен шаруалар бұқарасының қалың топтары лениндік партияның басшылығымен қолына қару алып, самодержавиеге, әлеуметтік және ұлттық езгіге қарсы шықты. Россиядағы ұлт аудандарының, соның ішінде Қазақстанның жұмысшылары мен шаруалары да патша өкіметі мен қанаушы таптарға қарсы көтерілді. Қазақстан большевиктері қазақ және орыс еңбекшілерінің басын қосып, қанаушы таптарға қарсы күреске ұйымдастырды.

Революцияға дейінгі Қазақстандағы коммунистік баспасөз тарихының — патша империясындағы артта қалған қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық өзгешеліктеріне байланысты бірқатар ерекшеліктері болған-ды. Ол кезде мұнда патриархалдық-феодалдық құрылыс және рулық салт үстемдік құрған-ды. Сондықтан мұнда жергілікті марксистік топтар және олардың басылымдары елдің орталық аудандарынан гөрі едәуір кешірек пайда болды.

Қазақстанда кейінірек ұйымдастырылған социал-демократиялық топтар мен ұйымдар өлкедегі революциялық қозғалысқа басшылық етті, сонымен қатар олар жергілікті басылымдарды пайдалана отырып, өздерінің дербес баспасөз органдарын да құрды.

Қазақстанда марксистік әдебиеттің тарала бастауы. Қазақ топырағында марксизм-ленинизм идеялары он тоғызыншы ғасырдың аяқ кезінен тарай бастады. Мұнда марксистік әдебиетті алғаш таратушылар «саяси сенімсіздігі үшін» патша үкіметі жер аударған революционерлер еді. Мысалы, 1879 жылы К. Маркстің жақын досы Герман Лопатинді патша үкіметі Ташкентке жер аударды.

Жас дәрігер Ф. В. Поярков 1880 жылы Верный (Алматы)

каласына К. Маркстің Г. Лопатин мен Н. Дансельсон орыс тіліне аударған «Капиталының» бірінші томын алып келген¹.

Марксистік революциялық идеяларды қазақ жеріне алғаш таратушылардың қатарында Петербургтағы Благоев тобының көрнекті мүшесі В. Г. Харитонов бар еді. Сондай-ақ Петербургта В. И. Ленин ұйымдастырған «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» Е. А. Шеголева сияқты мүшелері болған. Демек, саяси жер ауып келгендер арқылы ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың шығармалары, Плехановтың «Еңбекті азат ету» тобының басылымдары еңбекшілердің алдыңғы қатарлы бөлігіне, қазақ даласында ұйымдастырылған марксистік қозғалысқа дейін мәлім бола бастады.

Жер ауып келген социал-демократтар революциялық насихат үшін кейбір либералдық-буржуазиялық бағыттағы баспасөз органдарын пайдаланды. ХІХ ғасырдың соңғы жылдарында В. Г. Харитонов, В. А. Ванновский, О. П. Фигнер және басқалар Омскідегі «Степной край» газетінде қызмет істеді. Ал бұл газеттің Акмола, Семей және Жетісу облыстарында оқушылары аз емес еді. Оның беттерінде қазақ жұмысшыларының ауыр халі жайында оңтүстік Оралдағы Златоуст (1898 жылғы) ереуіліне қатысқандардың атылғаны туралы, К. Маркстің қызметі және оның ілімінің негіздері жөнінде корреспонденциялар мен мақалалар жарияланды.

Қазақстанның бірсыпыра қалалары мен кәсіпорындарында алғашқы марксистік үйірмелер он тоғызыншы ғасырдың аяқ шенінде пайда болды, осыған байланысты демократиялық мазмұндағы әдебиеттерді оқитындардың саны көбейе берді. Қазақ даласындағы үйірмелер және ұйымдармен тығыз байланыс жасап, олардан қажетті әдебиеттерді алып отырды. Марксистік әдебиеттер басқа жолдармен де таралады, саяси жер аударылғандар мен студенттер өздері ала келетін, кітапханалардан кітаптар жаздырып алатын. Социал-демократиялық үйірмелердің мүшелері К. Маркстің «Капиталы», К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партияның манифесін», В. И. Лениннің «Халық достары деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі», «Не істеу керек», «Россияда капитализмнің дамуы» және басқа еңбектеріні оқып үйренді.

Лениндік «Искра» Қазақстан туралы. Лениндік «Искра» Қазақстанда революциялық қозғалыстың тууына күшті ықпал жасады. Искрашылардың инициативасы бойынша 1901 жылы І майда Оралдың жергілікті баспаханасында стачка өткізілді. Бұл Қазақстандағы бірінші саяси көтеріліс еді.

¹ У истоков Коммунистической партии Казахстана (Аса маңызды оқиғалардың шежіресі), ч. I, Алма-Ата, «Қазақстан», 1966, стр. 39.

«Искраның» Россияның езілген халықтарын қорғауының, ұлттық езгіге және патша отаршыларының озбырлығына қарсы шығуының үлкен маңызы болды. Оның бетінде ұлт мәселесі жөнінде В. И. Лениннің мақалалары мен басқа да материалдар басылды. Газет патша самодержавиясының отаршылдық саясатын батыл әшкерелесді, еңбекшілерді пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі.

Лениндік «Искра» елдегі ұлт аймақтарының, соның ішінде Қазақстанның жұмысшылары мен шаруаларының да өмірі мен күресін назардан тыс қалдырған жоқ. Бұған газетке жарияланған корреспонденциялар айқын дәлел. Оның «Жұмысшы қозғалысы хроникасы» және «Фабрикалар мен заводтардан хат» бөлімінде 1902 жылы 15 майда жарияланған корреспонденцияда Орынбор — Ташкент темір жол құрылысында мердігерлердің жүгенсіздігі мен адам төзгісіз еңбек жағдайына байланысты жұмысшылар мен әкімшілік арасында үлкен жанжал болғаны туралы айтылады. Бұл революцияға дейінгі Қазақстанда жұмысшылардың ереуілдері туралы большевиктік баспасөзде алғаш жарияланған хабар еді.

1903 жылы 1 февральда сол темір жол құрылысынан «Искрада» басылып шыққан екінші корреспонденция да оқушылардың ашуы мен ызасын келтірді. Жұмысшылардың жалақысынан мердігерлердің жейтіні, қанаудың күштілігі, төбесін сабаппен жапқан барак деп аталатын ұраларда тұратынын, шіріген овош сорпасы туралы айтып жатудың қажеті болар ма екен... өйткені бұның бәрі дағдылы іске айналып кеткен, — деп жазды газет. Жұмысшыларға ақша беруді Калита (құрылыс жұмысын жалға көтеріп алған мердігер — Х. Б.) түрлі сылтаулармен кешіктіре берген. Сөйтіп құныққаннан кейін еңбек ақы беруді мүлдем тоқтатқан. Осылай тоналған жұмысшылар 450 шақырымдағы Орынборға бару үшін 30 градустық аязда көбі сиса көйлескен, жыртық етікпен алыс жолға шыққан.

Калита шарт бойынша суық түскенге дейін жұмысшыларға жылы киім беруге тиісті еді, бірақ оны орындамаған. Жұмысшылар жалағаш күйінде дерлік, сондай суықта жолға шығудың зардабын тартқан. Көбі қолдарын, аяқтары мен беттерін үсітіп алған, ал 46 адам Ақтөбенің ар жағында үсіп өлген.

Мұндай жан түршігерлік оқиға Орынбор — Ташкент темір жол құрылысындағы қазақ, орыс, өзбек және басқа ұлт жұмысшыларын қатты ренжітті.

Бұл сияқты корреспонденциялар жергілікті социал-демократтардың үгіт-насихат жұмысында нақты мысал ретінде келтіріліп отырылды. Мұндай фактілер еңбекшілердің капиталистік және патшалық құрылысқа деген өшпенділігін өршітті.

«Искраның» басты мақсаты — революцияшыл социал-демократтарды идеялық және ұйымдық жөнінен біріктіру, жа-

уынгер пролетарлық партия құру еді. Ол бұл мақсатына жетті. «Искра» РСДРП-ның II съезін, большевиктік партияның құрылуын әзірледі.

Лениндік «Искра» жергілікті социал-демократиялық топтар мен ұйымдар ісінде баға жетпес көмек көрсетті. Искралық бағыттағы марксистік үйірмелер Оралда, Петропавлда, Атбасарда, Верныйда, Семейде және Орынборда пайда болды¹. Олар листовкалар арқылы тұңғыш жалпы россиялық марксистік газет ұсынған идеялар мен ұрандарды еңбекшілерге түсіндірді.

Народоволецтердің Александр II-ні өлтіргеніне он екі жыл толуына байланысты Ақмола облысының Атаман деген хуторында Сибирь социал-демократиялық одағы листовкалар таратқан. Самодержавиенің 1861 жылғы реформадан кейін халықты әлі де қан қақсатып отырғандығына лагнет айта келіп, үндеу хаттың авторлары былай деп мәлімдеді:

«...Орыс пролетариатының революцияшыл армиясы енді тек патша ағзамды ғана емес, орыс самодержавиесінің өзін құртып жіберуге дайын, бұл үшін жігерлі үндеу болса, оған іспен жауап беруге дайын. Патша ағзам құлап күйрегеннен кейін орыс жұмысшы табы халықаралық пролетариаттың қатарына қосылып, солармен бірге буржуазиялық капиталистік құрылысты жойып, оның орнына социализм дүниесін орнатады

...Патшалық самодержавие жойылсын! Саяси бостандық жасасын! Социализм жасасын!»².

Революция жылдарында (1905—1907). Қазақстанның большевиктік баспасөзіне 1905—1907 жылдардағы революция көп жапалықтар енгізді. Революциялық өрлеу дала өлкесінің көптеген қалаларында РСДРП топтарының құрылуы большевиктік баспасөзде үгіт пен насихаттың едәуір күшейтілуімен ұштасып отырды. 1905 жылы лениндік газеттер: Женевада шығарылған «Вперед», «Пролетарий», большевиктік партияның алғашқы жария газеті Петербургтағы «Новая жизнь» қаңшама кишиншылықтарға қарамастан, қазақстандық жұмысшылар мен шаруаларға жол тапты. «Новая жизньнің» Орал облысында өз тілшісі болды.

Большевиктік «Новая жизнь» газеті пролетариатты самодержавиеге қарсы күреске әзірлеуде аса маңызды роль атқарды. Газет Россияның шеткері аймақтарында еңбекшілердің саяси оянуы туралы үнемі хабарлап, бұл фактілерге айқын

¹ С. Б. Бейсембаев. РСДРП-нің II съезі және Қазақстандағы революциялық қозғалыстың кейбір мәселелері. «Вопросы истории Компартии Казахстана». Сб. статей. К шестидесятилетию II съезда РСДРП. Алма-Ата, Казгосиздат, 1963, стр. 110.

² Революция 1905—1907 гг. в Казахстане. Сб. документальных материалов. Алма-Ата, 1949, стр. 39.

большевиктік баға беріп отырды, сөйтіп ұлт-азаттық қозғалысқа жергілікті партия ұйымдарының дұрыс басшылық етуіне жөн сілтеді.

«Новая жизнь» газеті елдің орталық аудандары мен шет аймақтары еңбекшілерінің өмірі туралы жиі жазып отырды. Мысалы, оның 1905 жылы 2 декабрьдегі 27 нөмірінде Орал облысы казактарының күйінішті жайы туралы корреспонденция жарияланды. «Помещиктер мен уделдік ведомстволардың жерлеріне шаруалардың шабуыл жасағандағы аграрлық таластардың зардабы казак даласына кесірін тигізіп отыр»,— деп жазды автор. Ол патша өкіметінің казак даласында жүргізіп отырған отаршылдық саясатын, ауыл кедейлерінің правосыздық ауыр халін суреттейді. Нақтылы фактілерді келтіре отырып, газет былай деп жазды: «Казактардың ормандары мен жерлері тартып алынуда... Оларды үйі мен қыстауынан қуып шығаруда»¹. Корреспонденция казак шаруаларын өз мүддесін қорғау жолындағы күреске шақырды. Патша өкіметінің помещиктердің жер иеленуін сақтап қалуға бағытталған реакцияшыл саясатын әшкереледі.

Қазақстанның Оңтүстігінде РСДРП Ташкент тобының жасырын газеті «Рабочий и солдатский листок»—«Правда» (1906) шығарылып тұрды. Бұл газет марксизм идеяларын насихаттап, ұлт мәселесі жөніндегі большевиктік программаны түсіндірді, солдаттарды патша өкіметіне қарсы қарулы күреске шығу үшін жұмысшылармен және шаруалармен бірлесуге шақырды².

Көптеген социал-демократиялық ұйымдар партияның Орталық Комитетімен тікелей байланыста болып, онан әр түрлі әдебиеттер алып тұрды. Қазақстанның солтүстік аудандарында РСДРП Сибирь одағының, Омбының, Томскінің және басқа партия комитеттерінің листовкалары мен брошюралары таралды.

* Большевиктік топтардың өз таралынан листовкалар шығарып, РСДРП ІІІ съезінің шешімдерін насихаттауы айтарлықтай жетістік еді Қазақстанда тұңғыш марксистік ұйым болып құрылған Петропавлдың социал-демократтары өздерінің листовкаларын РСДРП Омскі комитетінің жасырын баспаханасында бастырып шығарды. Олардың мазмұны біріне-бірі ұқсас, «Петропавл жұмысшыларына» деген үндеу ерекше назар аударарды (1906). Ол былайша аяқталған.

«Жауынгер дружиналарға ұйымдасыныздар, қару тауып алыңыздар, сөйтіп Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының алғаш шақыруы бойынша, соның қатарында және туы астында, Бүкіл халықтық Құрылтай жиналысы үшін, Демократиялық республика үшін, езілушінің езушілерге, ке-

¹ «Новая жизнь», 1905, 2 декабрь, № 27.

² У истоков Компартии Казахстана, стр. 156.

дейлердің байларға қарсы ашық күреске шығуы үшін, теңдік және әділетті заман — социализм үшін күреске шығындар».

Осы сияқты листовкаларды Костанай, Орал, Перов, Казалы, Верный және Семей большевиктері де көптеп шығарып тұрды. Бұлардың еңбекшілерді революцияландырушылық ықпалы зор болды.

Революция қыза түскен шақта патша үкіметіне, байларға қарсы бағытталған тұңғыш рет қазақ тілінде листовкалар шығарылды. Бірінші үндеу өлең 1905 жылы пайда болған. Күниелілік сақтау мақсатында және телеграфпен беруге қолайлылық үшін үндеу латын әрпімен жазылған. Бұл өлеңде халыққа көп ауыртпалық келтірген орыс-жапон соғысы айыпталады. Үндеу осы кезде қимылдар уақыт келді деп қазақ еңбекшілерін самодержавие мен бай-феодалдарға қарсы революциялық күреске белсене қатысуға шақырады. Авторы Максұт Бекметов — Омбының почта-телеграф қызметкері. Ол қаланың басқа телеграфистерімен бірге 1905—1907 жылдардағы революциялық қозғалысқа белсене қатысқан¹.

Орыс тіліндегі листовкаларда баяндалған революциялық идеяларды большевиктер халық бұқарасына жергілікті интеллигенцияның көмегімен түсіндірді. Партияның қарт мүшесі С. С. Ужгин РСДРП Петропавл тобына тілектес ретінде М. Сералин мен С. Көбеевті тартуға сәті түскенін есіне алады. «Алдыңғы қатарлы екі қазақ мұғалімінің партия программасының негіздерімен таныс болуы оларды ауылдағы басқа да қазақ мұғалімдерінің арасында большевизмді насихаттаушылардың қатарына қосты. Жасырын әдебиет, әсіресе листовкалар қазақ тілінде аударылып, қолжазба күйінде ауылдан ауылға таралды².

Большевиктік баспасөздің ауылға жетуі отаршыл әкімдерді сескендірді. Сырдария облысының әскери губернаторы уезд бастықтарына былай деп ескертті: «Алынған мағлұматтарға қарағанда Торғай, Орынбор және Ақмола облыстарының қаранғы надан халықтарының ойларын әлде қандай толқытатын көрінеді... революциялық листовкалардың тұтандырғыш сипаттағы мақалалары жергілікті халықтың арасында «жағымсыз құбылыс» туғызуы мүмкін»³.

Ұлттық пролетарлық баспасөз Ресейде 1901—1904 жылдары пайда болды. Революция кезінде ол едәуір өсті. Бұған орыс емес ұлттар еңбекшілерінің азаттық жолындағы күресінің өрістеуі, саяси саналылығының оянуы және большевиктер ықпалының артуы себеп болды.

¹ М. Х. Асылбеков. Патша үкіметіне қарсы қазақ тіліндегі үндеу өлең туралы (1905). «Қазақ ССР Ғылым акад-ның хабарлары, тарих, археология және этнография сериясы», Шығ. 3 (14), 1960, 80—86-беттер.

² Революция 1905—1907 годов в Казахстане, стр. 63.

³ Бұл да сонда. 63-бет.

Самодержависге қарсы бүкіл халықтық күресті ұйымдастыра отырып, большевиктік партия бірсыпыра газеттерін құрды. Закавказьяда грузин тілінде бсс, армян тілінде жеті газет шығарылды. Сондай газеттер Прибалтикада да, Татарияда да шығып тұрды.

Большевиктік «Орал» газеті. Октябрь жеңісінен кейін алғашқы жылдары Советтік Қазақстанның астанасы болған Орынборда 1907 жылдың 4 январынан 27 февралына дейін большевиктік жария «Орал» газеті шығарылып тұрды. Оның не бары 31 нөмірі жарық көрді. Содан кейін патша өкіметі жаптырып тастады. Редакторы Хұсайын Ямашев болды. Оны большевиктік «Пролетарий» газеті, «Ұлтшылдық дегенді білмейтін нағыз социал-демократ» деп сипаттады¹.

«Орал» газеті шет аймақтағы еңбекшілерге саяси тәрбие беруде елеулі роль атқарды. Ол Еділ мен Оралдың, Орта Азия мен Қазақстанның түрік тілдес барлық халықтары түсіністін татар тілінде шығарылды. Оның Астраханьда, Верныйда, Петропавлда, Казанда, Темірде, Оралда, Перовск мен Костанайда және басқа қалаларда жаздырып алатын оқушылары болды.

Газеттің басты публицисі Х. Ямашевтің мақалалары жиі басылып тұрды. Онда басқа проблемалармен қатар партияның ұлт саясатының мәселелері көтерілді. Пролетарлық интернационализм идеялары насихатталды. Х. Ямашев марксизм-ленинизм идеяларын шабытпен жазды, жұмысшы табының мүддесін жақтап қорғады, патша өкіметі мен капитализмді, сондай-ақ меньшевиктерді, эсерлерді және басқа пролетариатқа жат партияларды әшкереледі.

«Орал» газетінің алдына қойған мақсаты — «пролетариатты топтастыруға шақыру, оның таптық саналылығын дамытуға көмектесу, шаруалар мен қала кедейлерін біріктіру» еді.

Әсіресе, оның буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы шығуының үлкен саяси мәні болды. Редакция қазақ, татар және басқа ұлт еңбеккерлерін — үстем таптарға қарсы күресте орыс жұмысшыларымен тізе қосып, солармен бірге аттануға шақырды.

Буржуазияшыл ұлтшылдардың «Уақыт» сияқты реакцияшыл баспасөзінің мұсылманшылықты социализммен келістірмескі және тап күресін жоққа шығармақшы болған әрекетіне карама-қарсы «Орал» газеті барлық халықтар сияқты мұсылмандар да тапқа бөлінетінін, ал мұсылманшылықтың марксизмге ешқандай қатысы жоқ, керісінше оған жау екенін нағымды дәлелдермен түсіндірді.

Еңбекшілердің алдыңғы қатарлы өкілдерінің арасында «Орал» газетінің тек оқушылары ғана емес, қоғамдық тілші-

¹ «Пролетарий», 11 октября, 1905 г.

лері де болды. Мысалы, оның бетінде социал-демократ И. Ф. Головановтың мемлекеттік думаға сайлануы туралы 1907 жылы 17 февральда Костанайдағы тілшісінің телеграммасы жарияланды.

Редакция патша үкіметі қазақтардың жерлерін тартып алуына байланысты қарсылығын қолдады. Бұл жөнінде қазақтардың орыс халқына «Ащық хаты» жарияланып, онда патша үкіметінің отаршылдық саясатының реакцияшылық мәні айқын көрсетіледі. Авторлардың айтуынша, бұл саясат Россияның барлық халықтарына, соның ішінде орыс халқына да зиянды. Хат мынадай сөздермен аяқталады: «Орыс халқы бізге дұшпан емес. Бізге ортақ жау — самодержавиелік үкімет»¹.

«Орал» газеті жергілікті социал-демократиялық ұйымдар мен топтардың қазақ еңбекшілерін орыс жұмысшыларымен және кедей шаруалармен бірге революциялық аттануға шығуға әзірлеуіне баға жетпес көмек көрсетті. Сөйтіп «Орал» Қазақстандағы тұңғыш большевиктік газет болды, онда кейбір мақалалар қазақ тілінде басылды.

«Трудовая жизнь» журналы. Өлкеде орыс тілінде шығып тұрған прогресшіл және революцияшыл бағыттағы басылмалардың бірі — Қазақстандағы тұңғыш кәсіподақ органы «Трудовая жизнь» апталық журналы болды. Оның бірінші нөмірі 1907 жылы 25 мартта Семейде шықты. Сол нөмірдегі бас мақаласында редакция өзінің алға қойған мақсатын: «Ең алдымен еңбекші халықтың хал жағдайын анықтау және мүддесін қорғау болады» деп мәлімдеді. Қоғам өміріне байланысты барлық мәселелерге «Таптық, пролетарлық көзқарас тұрғысынан қарайтын болады» деп жазды. Оның бетінде революцияшыл социал-демократтардың жұмысшы бұқарасына ықпал жасамақ болған реформистерге қарсы күресі көрініс тапты.

«Трудовая жизнь» журналы қатал реакция кезінде шыға бастап, бір айдай ғана өмір сүрді. Не бары төрт-ақ нөмірі жарық көрді².

Бұл басылымда жарияланған кейбір материалдарда қайшылықтар болды. Алайда өмір шындығы негізінен дұрыс көрсетілді. Журнал Семейдегі сыра заводы, су тиірмені, тігін фабрикасы сияқты кәсіпорындарындағы орыс, қазақ жұмысшыларының ереуілдерін костап, олардың мүддесін қорғалды. Әсіресе, тері заводындағы қазақ жұмысшыларының аянышты халін тебірене жазды. Мардымсыз жалақы күн көруге жетпеген соң, олар сасып кеткен терінің шелін сыдырып алып, оның шыжықтарының майына бауырсақ пісіріп қорек етуге мәжбүр болған.

Ал оларды аяусыз қанау арқылы байыған арамтамақтар қарап жатып семіруде деп қазақ жұмысшыларының Мусин,

¹ «Орал», № 10, 7 апрель, 1907.

² У истоков Компартии Казахстана, стр. 223.

Мұртазин, Мырсалиев сияқты капиталистерге қарсы өшпенділігін өршітті, таптық саналарын оятты.

«Степная жизнь» газеті. 1907 жылы 3 июньде Петропавлда большевиктік жария «Степная жизнь» газетінің бірінші нөмірі шықты. Оны редакциялаған В. В. Куйбышев. Екінші нөмірінде патша өкіметінің қоныс аудару саясатын қатты сынайтын корреспонденция жарияланды. Үшінші нөмірінде «Степная жизнь» II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның тұтқынға алынуына қарсылық білдіретін бас мақала берді. Сол нөмірде РСДРП-ның V (Лондондағы) съезінің жұмысы туралы мақала жарияланған. Онда жұмысшы съезі жайында большевиктік қарардың тексі келтіріліп, Орталық Комитет сайлауының нәтижелері туралы хабарланған. Тап сол күні газет «зияғлы бағыты үшін» жабылды. Редакцияның бірнеше қызметкері тұтқынға алынды¹.

Бұл газеттің өмірі қысқа болса да, самодержавиеге қарсы еңбекшілердің наразылығын күшейтетін хабарлар басылды. Мысалы, екінші нөмірінде Петропавл уезінен «Жылымды көл мекенінен» деген корреспонденция жарияланды. Онда патша үкіметінің столыпіндік реакцияшыл саясаты ашкереленді. Қоныс аударып келген орыс шаруаларының және қазақ кедейлерінің аянышты ауыр халі көрсетілді.

* * *

Қорыта айтқанда, 1905—1907 жылдардағы Қазақстан большевиктік баспасөзі, қазақ еңбекшілерін революциялық күреске қатыстыруда үлкен роль атқарды. Қозғалысқа басшылық студе бұл баспасөз жергілікті партия ұйымдарының жауынгер қаруы болды.

¹ У истоков Компартии Казахстана, стр. 237.

ҮШІНШІ ТАРАУ

БОЛЬШЕВИКТІК БАСПАСӨЗ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ЖАҢАДАН ӨРЛЕУІ ЖӘНЕ БІРІНШІ ИМПЕРИАЛИСТІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА [1910—1917]

Алғаш революциядан шошынған патша үкіметі қатаң тәртіп орнатты. Алайда қара түнек реакция Россия пролетариатының күш-жігерін мұқалта алған жоқ, революциялық қозғалыс қайта өрлей бастады. Большевиктік партияның қатары нығайып және оның бұқараға ықпалы күшейіс түсуімен бірге, партиялық баспасөз де қаулап өсті. Партиялық баспасөздің пролетариатпен және еңбекші шаруалармен байланысы күшейді. Бұл Қазақстан мысалынан да айқын көрінеді. Оның қалалары, темір жол станциялары мен кейбір ауыл-селоларында орталық большевиктік газеттер «Социал-демократ», «Звезда», «Правда» және басқалары таратылады.

Большевиктік баспасөз ұлт аймақтарының оның ішінде Қазақстан еңбекшілерінің правосыздығы мен азаттық жолындағы күресі туралы үнемі жазыл отырды. Столыпиндік экспедициялар тек Ақмола облысындағы 12 миллион десятина жер «бос жатыр» деген желеумен, қазақ еңбекшілерінің жерін тартып алып жатқан кезде, партияның орталық органы — «Социал-демократ» газеті 1911 жылы мұндай тонаушылыққа қарсы шығып, патша үкіметінің отаршылдық саясатын әшкереледі. «Экспедициялар, — деп жазды газет, — Торғай және Семей облыстарының қазақ шаруашылықтарына берілетін жердің нормасын 36—57 процент қысқартыпты, ал бұрынғы нормалардың өзінде мұндағы халықтың өзінің малдарын асырап шыға алмайтыны жиі кездесетін»¹.

Қазақстан еңбекшілерімен лениндік «Правда» өте тығыз байланыста болды. Жұмысшылардың материалдық, идеялық қолдауымен 1912 жылы 5 майда шыға бастаған газет сондай қолдауды Қазақстаннан да көрді. «Правданың» «өз органымыз» деп қуанышпен қарсы алған қазақстандықтар оған қаржы жөнінен көмек көрсетті. Мысалы, қаржы жинап жібергендердің ішінде оның Орал мен Семей облыстарындағы оқушылары да болған. «Правданың» Верныйда, Орынборда, Петропавлда,

¹ «Социал-демократ», 1911, 1 сентябрь.

Қостанайда және Қазақстанның басқа қалаларында жаздырып алушылары болды.

«Правданың» Қазақстанда Жұбандық Болғанбаев сияқты тілшілері болған. Ол — революциядан бұрынғы «Правданың» қазақ ортасынан шыққан тұңғыш тілшісі болумен бірге, ондағы Лениндік идеяны жергілікті халық арасына таратушы большевиктердің бірі¹.

Большевиктік баспасөз Қазақстан еңбекшілері арасында партияның Лениндік ұлт саясатын насихаттады, әр түрлі ұлттардың жұмысшылары мен кедей шаруаларының самодержавиеге, помещиктер мен капиталистерге қарсы күреске бірге шыққан аттанысын қолдады. Семей облысындағы «Сынтас» деген жердегі ірі алтын кен орнында орыс және қазақ жұмысшыларының ереуілі туралы «Правдада» жарияланған. Бірақ ереуіл сәтсіздікке ұшыраған. Оған жақын ауылдардан арзан жұмысшы күштерінің қаулап келуі себеп болды. Корреспонденцияда кәсіпорын иелеріне аз ғана еңбек ақы үшін баруға дайын тұрған қазақ еңбекшілерінің ауыр жағдайы көрсетілді².

«Правда» және бүкіл большевиктік баспасөз еңбекшілерге большевиктердің бүкіл россиялық VI (прагалық) конференциясының, РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Паронин және Краков кеңестерінің шешімдерін түсіндірді. Партияның ұраны: демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, помещиктік жерлерді конфискелеу бұқараның ұранына айналып, революциялық қозғалысқа еңбекшілердің ғана отрядтарын тартуға көмектесті. Мұны да «Правданың» беттерінен көреміз.

«Правданың» тілшісі Ж. Болғанбаевтың бір хабарында Семей тиірмендерінің жұмысшылары кәсіподаққа бірігіп, қожайындарына қарсы шығып жеңіске жеткен. Кәсіподақ сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізіп, жұмысшылардың таптық саналылығы мен ынтымалдылығы арқасында синдикатқа біріккен капиталистердің қарсылығына соққы берілген. «Синдикат бұл жолы өзінің жеңілгенін мойындады, жұмысшылардың бұл жеңісіне бүкіл қала еңбекшілері қуанды»³ деп жазды тілші.

Правдада жарияланған мұндай хабарлар аз болған жоқ. Бұл ұшқыннан тұтанған от сияқты ереуілдік қозғалысты қыздыра түсті. Соның әсерімен бүкіл елде, соның ішінде Қазақстанда, аграрлық қозғалыс толқыны басталды.

1912—1914 жылдары «Правда» патша үкіметінің отаршылдық аграрлық саясатын ашкереледі, қазақ шаруасының жер жөніндегі мүдделерін қорғалы. «Қазақ даласында» деген көлемді корреспонденция Семей облысына қоныс аударылып

¹ Зәбер Баянов. Лениндік «Правданың» тілшісі. «Қазақстан» 1974 ж.

² «Правда», 26 апрель, 1913.

³ «Правда», 10-май, 1912.

келгендер мен қазақ шаруаларының ауыр тұрмысын көрсетеді.

Орыс және қазақ еңбекшілерінің ауыр халі мен күресін жанашырлықпен жаза отырып, большевиктік баспасөз олардың таптық ынтымақ сезімін шыңдады және олардың патша үкіметі мен капиталға қарсы бірлескен аттанысында оған әрі жақындасуын тездетті.

Қазақтың демократиялық баспасөзі (1911—1915). Революцияның жаңадан өрлеуі кездерінде 1910—1914 жылдары Қазақстанда мерзімді большевиктік баспасөз органдары қалыптаспаған еді. Бұған реакция кезінде олардың қатарының кемуі, партия ұйымдарының аздығы мен бытыранқылығы себеп болды. Бірінші империалистік соғыс кезінде де жергілікті большевиктік газеттер мен журналдар шыққан жоқ. Дегенмен олар жергілікті баспасөз беттерін пайдалана білді.

Елдегі революциялық ситуация қазақтың демократиялық баспасөзінің пайда болуына жағдай жасады. Орда мен Оралда «Қазақстан» газеті (1911—1913 жж.) және Троицкіде «Айқап» журналы (1911—1915) басылып тұрды. Газеттердің беттерінде қалай да большевиктік идеялардың жекелеген ұшқындары көрінді.

«Қазақстан» газетінің ерекшелігі — одан бұрынғы «Түркістан уалаяты» және «Дала уалаятымен» салыстырғанда (бұл органдарға әсерін тигізген заманның түбірлі айырмашылығын сөз етпегенде) ол патшаның отаршылдық өкімшілігінің ресми органы болмағандығында. Оны шығарғандар прогресшіл ниеттегі интеллигенция өкілдері, қоғамдық қайраткерлер, Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Коммунистік партияның қатарына кіріп, социалистік құрылысқа белсене қатысқан: Бакытжан Қаратаев, Сейітқали Мемдешев және басқалар. Газеттің редакторы — Елсусін Бұйрың. Олар байларда жалшылықта жүріп, кейін қазақ оқытушылар семинариясын бітіріп, мұғалімдік қызметте болды. Октябрь жеңісінен кейін совет баспасөзінде еңбек етті.

Алғашқы кезде «Қазақстан» жалпы демократиялық, ағартушылық бағытта болды. Ал редакция Орал қаласына көшкеннен кейін оның беттерінде нақты революциялық-демократиялық мазмұнды материалдар жиі көріне бастады. Олардың кейбірі Россиядағы жұмысшылар мен капиталистердің арасындағы айқаспен таныстырды.

Газеттің 1912 жылғы 24 апрельдегі нөмірінде «Ленада болған оқиға» деген мақала ерекше назар аударды. Онда былай делінген: «Бұл күнде халық екіге бөлінді: бірі капиталистер — байлар табы, екіншісі жұмысшылар — пролетарлар табы. Байлар жұмысшыларды арзан жалдап әлуга тырысып, оларға таң атқаннан күн батқанша жұмыс істетті. Мұндай ауыр жағдайға наразы болған жұмысшылар еңбегіне қарай

жалақы алу үшін, күніне 8—10 сағаттан артық жұмыс істемеу үшін күресті».

Бұдан кейін автор жұмысшылардың таптық күресінің формаларын түсіндірді. Екі түрлі — экономикалық және саяси ереуіл болатынын айта келіп, автор біріншісінде жұмысшылар жағдайын жақсарту мақсатымен жалақыны арттыру үшін күресетінін, егер де талаптарын қожалары орындамаса, олар жұмысқа шықпай қоятынын айтады. Ал саяси ереуілдің түп мақсаты мен маңызы өте зор және терең. Мұнда жұмысшылар барлық өкімет билігін өз қолдарына алып, әділетті азаматтық праволар орнату үшін күреседі деп жазды автор. Мақалада 1912 жылғы апрельде Лена өзені бойында жұмысшыларды самодержавие қырғынға ұшыратқаны толық баяндалып, патша үкіметі капиталистердің мүдделерін қорғайтыны көрсетілген.

Газетте жарияланған «Ленада болған оқиға» деген мақала Ембі мұнай кәсіпшілігіндегі қазақ жұмысшылары капиталистерге қарсы қалай күресудің жолын, жұмысшы қозғалысының міндет-мақсатын олар өзінің ана тілінде оқып түсінді, таптық санасы оялды. Сөйтіп олардың өздері ереуілдерге белсене қатысты. Бұл арада тағы бір жайды айта кеткен жөн. Большевиктердің басшылығымен 1912 жылы Уральск қаласының жұмысшылары Лена оқиғасына байланысты ереуілге шығып, әкімшілікке экономикалық талаптар қойғаны туралы большевиктік «Невская звезда» газетінде жарияланған¹.

Сонау Үркіт губерниясында Лена өзені бойындағы кендерде жадданып алтын қазып жатқан жұмысшылар бір айдан бері ереуіл жасап, жөнді жұмыс істемей жатыр еді, — деп жазды газет. — Ақырында әскер шығып, осы 4 сәуірде (апрельде) қарсылық білдірген жұмысшыларды атты. Табанда 270 кісі қырылып, 250 адам ауыр жараланды.

Лена оқиғасына қазақ жұмысшылары да қатысканы бізге тарихи документтерден белгілі. Самодержавие мен капиталистерге қарсы күрес «ескіні қозғаған», сөйтіп 1912 жылы революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуінің бастамасы болған оқиғаға Мұқатай Жәнібеков те қатысқан. Сол үшін 12 жыл қаторғаға кесілді. Онан қайтып келе жатып жолда талай ереуілдерге қатысты. Қарқаралыда туған жас жігіт өмір жолын осылай бастайды. Қаршадайынан байларға жалшы болған және қаторғының азабын көрген ол қазақ байлары мен орыс капиталистері бәрібір қанаушы екенін түсініп, олардан тек большевиктердің басшылығымен жұмысшылар мен кедейлер бірлесіп күш жұмсағанда ғана құтылатынын білді². Бұдан кейін ол Қазақстанда Совет өкіметі үшін күрескендердің қатарында болды. Уездік милиция бастығы болып тұрған кезінде тап жауларына қарсы күресте қайсарлық көрсеткендіктен

¹ «Невская звезда» 31 март, 1912.

² А. Игенбаев. «Батыр Красной гвардии». «Казахстанская правда». 9 апрель, 1977.

«Уғар» деп аталды... Халықтың адал ұлы; 1917 жылдан большевиктік партияның мүшесі Мұқатай Жәнібеков 1932 жылы 8 октябрьде 45 жасында қайтыс болды. Ажалмен аяқасқан, халық жауларымен шайқаста ерскше ерліктер көрсеткен оны елі мәңгі есте сақтамақ¹.

Газеттің «Қазақстан» деп аталуында да мәні бар. Бұл қазақ жерлерін біріктіріп, демократиялық республика орнату идеясын айғақтайды.

«Қазақстанда» елдің қоғамдық, экономикалық және мәдени өмірінің ең актуальды проблемалары жазылды. Газет көшпелі елді отырықшылық өмір салтына бейімделуге, білімге, орыс мәдениетімен жақындасуға шақырды. Мысалы, Б. Қаратаев «Азаматтарға» деген хатында көшпелі өмірдің күні өтті, көшпенділік және партиархалдық-феодалдық тұрмыстың салты мәдениеттің дамуына бөгет жасайды деп жаэды. Кертартпа элементтерге соққы бере отырып, ол қазақтың еңбекші бұқарасын поселке болып тұруға, пайдалы кәсіппен айналысуға, балаларды мектепте оқытуға шақырды².

Газетте кооперация, агротехника, зоотехника мен ветеринария мәселелері жөнінде, сол сияқты ғылыми-атеистік мақалалар басылды. Бұл газеттің жетістігін айтумен бірге оның кемшілігін де көрсетуіміз керек. Газет проблемалық мәселелерді көтергенде қай таптың мүддесін қорғайтынын ашып айтпайды. Мәселен, қазақ елінің әдәуметтік-шаруашылық өміріндегі қайшылықтардың себептерін, кедейлер санының көбеюін «Жердің тарлығынан» деп жалпылама түрде сипаттайды да, бай мен кедей арасындағы қайшылықтарды ашып көрсете алмаған³. Соған қарамастан осы газеттің қазақ бұқарасының арасында озат қоғамдық демократиялық ой-пікірлерді насихаттауының, замана талаптарына қарай отырықшы тұрмыстың шаруашылық пен мәдениеттің дамуына қолайлы жағдай жасайтындығын түсіндіруінің үлкен маңызы болды. Сондықтан «Қазақстан» қазақ баспасөзінің тарихынан прогресшіл, демократияшыл газет ретінде орын алады.

Тарихи жағдайларға байланысты «Қазақстан» газеті революциялық-демократиялық дәстүрлер дәрежесіне көтеріле алмады. Бірақ елдегі революциялық жаңа өрлеудің ықпалымен ол прогресшіл, демократиялық бағытта болды⁴.

¹ Р. Сағымбеков «Ажалды жеңген адам». «Семей таны» 23 декабрь, 1967.

² «Қазақстан» № 4, 1912.

³ М. Ысмағұлов. «Қазақстан» газетінің шығу тарихы мен оның идеялық мазмұны. «Труды института философии и право». АН. КазССР, 6-том, 1962, стр. 25.

⁴ Бұл газеттің бағыт-бағдары туралы З. Тұрарбековтың «18 номер газеті «Қазақстан» деген мақаласын оқыңыз. «Искусство публицистики» Сб. статей, Алма-Ата, «Қазақстан», 1968, стр. 258—265.

Қазақ халқының мәдени өмірінде тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби «Айқап» (1911—1915) журналының шығуы елеулі ірі оқиға болды. Редакторы — қазақтың демократиялық интеллигенциясы өкілдерінің бірі М. Сералин, жоғарыда айтылғандай, бірінші орыс революциясы жылдарында ауылда революциялық насихат жүргізді. Өзінің сол кездегі шығармаларында ол патша өкіметін, байларды, буржуазиялық ұлтшылдарды әшкерелеп жазды. М. Сералин журналдың төңірегінде ұлт интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдерін топтастырды. «Айқапқа» Сәкен Сейфуллин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөңсітаев, Бейімбет Майлин, Бақытжан Қаратаев, Сабыржан Ғаббасов және басқа жазушылар мен публицистер қатысты.

«Айқап» журналы қазақтың қоғамдық ой-пікірін, әдебиеті мен публицистикасын Ш. Уәлихановтың, Ы. Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың ағартушылық дәстүрлері негізінде дамытты.

Журнал Қазақстанда революциялық ситуация, ереуілдер мен толқулар болған жылдары шығып тұрғанымен, оның бетінде бұл жайлар көрініс таппады. Мәселен оның жария шығуында ғана емес, редакцияның өзі бұл оқиғалардан қалыс қалды. Дегенмен журнал бетінде байлардың өктемдігін әшкерелейтін, еңбекші бұқараның қанаушылар мен самодержавизге қарсылығын білдіретін материалдар басылды. Мәселен, Х. Лекеровтың «Болыс және Шотан» деген әңгімесінде кедей сөзімен езушілер қатаң айыпталады. Кедей бостандықты талап етсе, болыс бұрынғы феодалдық-патриархалдық тұрмысты аңсайды.

Өлкені басқарудың отаршылдық системасын сынайтын корреспонденция, мақалалар да басылды. Патша үкіметі 1867—1868 жылдардағы Ережелерді шығарарда, — деп жазды М. Сералин, — тек Қазақстандағы үстем тап өкілдерімен ғана ақылдасты. Комиссияға кірген болыстар мен сұлтандар халықтың мүддесін қорғамады. Ш. Уәлихановтың егер билер сайлауы енгізілетін болса, зорлық-зомбылықты, паракорлықты, дауыс беретіндерді, сатып алушылықты және жіктелу күресін күшейтеді дегенін М. Сералин білетін еді.

Революциялық жаққа өрлеу жылдарында мұндай сынның мәні күшті болатын. Шын мәнісінде бұдан дәуірлеп тұрған тәртіпке наразылық білдіретінін аңғаруға болады.

Журналда Россияның құрамына қазақтардың өз еркімен қосылуының прогрестік нәтижелерін көрсететін материалдар басылды. М. Сералиннің және басқа публицистердің қоғамдық-экономикалық проблемалар жөнінде айтқандары назар аударды. Мәселен, журналдың 1911 жылғы екінші нөміріндегі М. Сералиннің «Қазақ халқының мұқтаждығы» деген мақаласында жергілікті халықты атам заманнан бергі мекенінен

ығыстыруды, сөйтіп мұнда кулактар шаруашылығын құруды көздеген столыпіндік қоныс аудару саясаты әшкереленді.

Қазақ жерлерін зорлап тартып алу және шаруалардың жапшай қоныс аудару жағдайында М. Сералин аграрлық мәселенің әділетті шешілуі туралы батыл талап қойды. Мұхаметжан Сералиннің пікірінше, жер тек кулактар мен байлардың игілігінде болмауға тиіс, шұрайлы жерлер алдымен қазақ пен орыстың кедей шаруаларына берілу керек. Ол қазақ еңбекшілерін тым болмаса жан басына деген ресми норманы пайдаланып, поселке салып, егіншілікпен айналысуға шақырды.

Буржуазияшыл ұлтшылдар өз табының түбегейлі мүддесін қорғап, демократиялық басылымдарға қарама-қарсы өздерінің баспасөз органын құруға жірісті. Қоғамдық өмірдің мәселелері жөнінде «Айқап» журналына кереғар Орынбор қаласында 1913 жылы февральда «Қазақ» газеті шыға бастады.

Журнал кейде «Қазақ» газетімен айтысып, буржуазияшыл ұлтшылдар байлардың мүддесін қорғайтынын әшкереледі¹. Алайда «Айқап» буржуазияшыл ұлтшылдар туралы дәйекті бағыт ұстамай, кейде тіпті оларға өз бетінен орын беріп те отырды.

Мұндай қателіктердің болу себебі — журналдың редакторы М. Сералин ол кезде буржуазияшыл ұлтшылдардың ықпалынан әлі арылып кете қоймақ жоқ еді. Ал кейін большевиктік идеялардың әсерімен алғашқы кездегі ауытқушылығынан бірте-бірте арылып, буржуазияшыл ұлтшылдыққа қарсы батыл күрес жүргізді.

Қазақстан большевиктері меншікті басылымдары болмағандықтан, өздерінің көзқарастарын насихаттау үшін кейде жария «мүмкіндіктерді» — жергілікті прогресшіл баспасөз органдарын пайдаланды. Мәселен, Қостанайдың социал-демократиялық ұйымдары Троицк қаласында шығып тұрған «Степь» газетінің және «Айқап» журналының көмегіне сүйенді.

«Правданың» тапсырмасы бойынша 1912 жылдың аяқ шенінде Троицкі қаласына Ф. Ф. Сыромолотов келді. Ол мұнда әңгіме өткізіп, лекция оқыды. Бұған Қазақстандағы революциялық қозғалысқа белсене қатысқан С. Ужгин мен М. Сералин қатысып отырды. Ф. Ф. Сыромолотовтың инициативасымен «Степь» газетінің 15 нөмірінде Қазақстанда кең таралған «Правда», «Просвещение», «Вестник приказчика» сияқты большевиктік газеттер мен журналдарға жазылу туралы жарнама жарияланды.

«Айқап» журналында С. Ужгиннің «Уақ несне» деген мақаласының жариялануы да тегін емес. Онда қанаушыларға қарсы және кедейлердің экономикалық мүддесін қорғайтын күрес құралы ретінде қазақ еңбекшілеріне дербес кооперативтік

¹ «Айқап» № 2, 1911.

ұйым құрудың қажеттілігі туралы пікір айтылды. Бұл мақала М. Сералиннің өтінуі бойынша жазылған көрінеді.

«Айқап» қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінің, әдебиетінің, өнері мен тілінің дамуына үлкен әсер етті. Оның бетінде халыққа білім беру, мәдени-ағарту мәселелері көтерілді. Медицина, агротехника, ғылым мен техниканың табыстарына нәзік көңіл бөлінді. Журналда, сонымен қатар, әйелдердің намысын қорлайтын (қалың мал, бірнеше әйел алу, теңсіз неке сияқты) феодалдық қалдықтарды жою туралы көптеген мақалалар жарияланды.

Басталып кеткен империалистік соғыс жағдайында жеке адамдар қаржысымен шығарылып келген журнал көп өмір сүре алған жоқ. Оған цензураның бақылауы күшейді. Кейбір зерттеушілердің анықтауына қарағанда, журналда Ф. Ф. Сыромолотовтың болашақ соғыстың сипаты туралы мақаласын жариялауға тыйым салып, цензор М. Сералинді Сибирьге жер аударамын деп қорқытқан.

«Айқап» журналының прогресшіл қазақ интеллигенциясына игі әсер тигізгенін, оның жетекші қызметкерлері кейін көрнекті советтік қоғам қайраткерлері, жазушы және публицист болғанынан айқын көреміз.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында. «Правда» империалистік соғыс қарсаңында Россияның, соның ішінде Қазақстан еңбекшілерінің самодержавие мен капиталистерге қарсы қыр көрсететін ереуілдері туралы үнемі хабарлап отырды. Мысалы, оның бетінде Семей қаласындағы жұмысшылардың сегіз сағаттық жұмыс күні үшін ереуіл жасағаны туралы, Лепсі уезіндегі қазақ шаруаларының қозғалысы және Қостанай еңбекшілерінің аштыққа қарсы күресі жөнінде хабарлар жарияланды.

Большевиктік «Правда» Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысқа үнемі көңіл бөліп отырды. 1912 жылы болыс пен билер сайлауы кезінде Лепсі уезінің Қаракөл болысында болған оқиға туралы «Правда» газетінде корреспонденция жарияланды. Онда былай делінген. «Уезд бастығы патша чиновниктері мен байлардың құлық-сұмдықтарына қарсы шыққан бірнеше қазақты қамауға алған еді. Мұны көріп тұрған қазақтар қамауға алынғандардың босатылуын талап етті. Уезд бастығы бұл талапты орындаудан бас тартты. Сол кезде қазақтар уезд бастығын қорша алып, оны күзетшілерден бөліп әкетіп, қамаудағыларды босатып алуға бет қойды. Күзеттегі әскерлер уезд бастығының бұйрығы бойынша жұртқа мылтық атты. Бұған қарамастан қазақтар қамауға алынған жолдастары тұрған бөлмеге басып кіріп, оларды босатып алады және күзетшілер мен писарьларды сабап кетеді. Қаракөл болысындағы қазақтардың толқуы бірнеше күндей басылмады.»

Лениндік «Правда» орыс және қазақ шаруалары арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайтуға үлкен әсер етті.

1913 жылғы апрель айында газет Семей уезі Құлынды болысы Болғанбай аулының еңбекшілері мен оларға көршілес орыс шаруаларының достық қарым-қатынаста тұратындығын айтып жазды. «Қоныс аударғандар мен қазақтардың — қарым-қатынастары жақсы, шаруашылықтары мен бірлестіктері ортақ, тіпті шаруашылық саймандар мен егіншілік құралдарды бірлесіп сатып алуда»,¹ — деп жазды «Правда».

Дүние жүзілік соғыс большевиктердің онсыз да қиын жағдайдағы жұмысын ауырлатты. Әскери-полициялық режим, қатал жазалаулар бұқаралық үгітті және партия ұйымдарының өзара байланысын едәуір қиындатты. Осындай жағдайларда баспасөздің ролі анағұрлым арта түсті. Тағы бір ескеретін жайт, соғыс басталысымен бүкіл ресми-патшалық және либерал-буржуазиялық баспасөз меншевиктер мен эсерлердің, сол сияқты буржуазиялық ұлтшылдардың, соның ішінде қазақ ұлтшылдарының басылымдары үстем таптар жағына шығып, шовинизм мен жалған патриотизмді дәріптеді.

Мұны елдегі большевиктік және демократиялық жария баспасөздің бәрін дерлік жойып жіберіп, патша өкіметі сақтап қалған «Қазақ» газетінің позициясынан айқын көруге болады. Қазақстанның, Орта Азияның, Сибирь мен Астрахань губернияларының бұратана халықтарын армия, тыл жұмыстарына шақыру туралы 1916 жылы 25 июньде патша үкіметі Указ жариялады. Бұл Указ 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басталуына тікелей себеп болды. Большевиктер бұл көтерілісті империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру, патша өкіметін құлату жолындағы жалпы халықтық күреске айналдыру үшін қолдан келгеннің бәрін істеді. Ал қазақ буржуазияшыл ұлтшылдарының газеті өзін ұлтын сатқан орган ретінде көрсетті. 1916 жылғы 8 июльдегі бас мақаласында ол халықты патшаның Указын орындауға, патша ағзамның алдында құрдай жорғалап, қазақтарды дереу шақыру пункттеріне келуге үндеді. Орасан зор қиыншылықтарға қарамастан Қазақстан большевиктері соғыстың империалистік сипатын әшкерелеу үшін, соғыс, бітім және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленин жасап берген тактиканы наспикаттау үшін барлық құралды, әсіресе баспасөзді пайдаланды. Олар В. И. Ленинге, бүкіл партияға бірегей трибуна ретінде қызмет еткен Женевада шығарылған «Социал-демократ» газетін таратты, сол кезде шығып тұрған жария емес және жария большевиктік басылымдарды: Петербурттағы «Пролетарский голос» газетін және «Вопросы страхования» журналын, Саратовтың «Наша газета» органын пайдаланды. «Вопросы страхования» органын құттықтаймыз, жұмысшы жолдастарды қолдауға және жазылу

¹ Н. Жандильдин. «Правда» — глашатай дружбы народов. «Правда» в борьбе за торжество ленинской национальной политики в Казахстане». (Сборник статей), 1962 г., стр. 8—9.

бағасын қымбаттатпай оның жарқын күндерге дейін өмір сүруіне мүмкіндік беруге шақырамыз,— деп жазды Торғай облысынан кугындағы социал-демократтар¹.

Қазақстан большевиктері жергілікті фактілерге негізделген революциялық әдебиет шығару қамына кірісті. Орынбор губерниясындағы Троицк партия ұйымы жасырын баспаханада орыс және қазақ тілінде листовка шығарды. Мысалы, соның бірі «Орыс жұмысшыларының қазақ кедейлеріне хаты» деп аталған. Онда түсінікті түрде соғыстың силаты және онан қалай шығудың жолдары туралы большевиктердің көзқарасы білдіріледі. «Біз, орыс жұмысшылары, соғысқа қарсымыз,— деп жазылған хатта,— сіздер де соғысқа қарсы болыңыздар, патша үкіметіне ешқандай көмек көрсетпеңіздер». Соғыс, бітім және революция жөніндегі лениндік нұсқаулар қазақ еңбекшілеріне осылайша жетіп, оларды патша өкіметіне қарсы бауыр аттанысқа шығуға рухтандырды.

«Садақ» атты қолжазба журнал (1915—1918). Бұл журналды Уфа қаласындағы «Ғалия медресесінде» оқып жүрген қазақ жастары шығарып тұрған. Оны ұйымдастырушы Бейімбет Майлин және Жиенғали Тілепбергенов болды. Журналдың мақсаты — оқуға келген қазақ жастарына жол-жоба көрсетіп, қалам ұстауды, сөз жазуды үйрету, өткендегі өмірдің жақсылық жағын өңге етіп, жаманшылығынан бездіру. Онда Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Білімдіден шыққан сөз» деген махаббат, тәлім-тәрбие жөніндегі және «Әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырын» деген сияқты жастарға арналған бірнеше нақыл өзгер басылған.

«Садақта» новелла сияқты қысқа әзімелер, көлемді повестер, очерктер, сын мақалалар, қазақтың ауыз әдебиетінің нұсқалары жарияланды. Жалпы алғанда журналдың бағыты мәдени-ағартушылық сипатта болды.

Сәкен Сейфуллиннің революциялық қызметінің басталуы. Омбыда оқитын қазақ жастары 1913 жылдың күзінде «Бірлік» атты жасырын ұйым құрған болатын. Бұл ұйымға алғашқы кезде Шаймерден Әлжанов, Нығмет Нұрмақов, Сәкен Сейфуллин белсене қатысып басшылық етті. «Біздің программamız және көздеген мақсатымыз,— деп жазды Сәкен «Бірлік» ұйымы туралы,— қазақ арасында мәдени-ағарту жұмысын жүргізіп, қазақ әдебиеті арқылы патша үкіметінің қысымышылығына қарсы идея тарату еді².

Сәкеннің басшылығымен ұйым мүшелері патша үкіметінің отаршылдық саясатын әшкерелейтін листовкаларды кішкене прессмашинкаға бастырып, қазақ ауылдарына таратып тұрды.

Профессор Е. Ысмайыловтың айтуынша, Сәкен бастаған топ «Бірліктің» алдына тек мәдени-ағартушылық мақсат қына

¹ «Вопросы страхования». 1916 ж. № 11, стр. 80.

² Сәкеннің өмір тарихы. «Қазақ әдебиеті», 12 июль, 1938.

емес. сонымен қатар саяси күрес программасын да ұсынған. 1914 жылы ұйымның қала сыртындағы жиналысында Сәкен орыс революционерлерімен бірге патша үкіметіне қарсы күреске қазақ еңбекшілерін қатыстыру мәселесін қояды. «Бірліктен» бірталай мүшелері, буржуазияшыл ұлтшылдар, патша үкіметіне қарсы күрес кезінде қазақ тең аралықта тұрсын деген ұсыныс жасайды. Бұған Сәкен қарсы шығады.

Сәкен бастаған топ кейін 1918 жылдың бас кезінде алаш-ордашылардың ықпалында болған «Бірліктен» бөлініп кетіп, өз алдына «Демократиялық совет» деген ұйым құрғаны белгілі¹.

«Ешiм даласы» газетi туралы. Бұл газет 1913 жылғы сентябрь айынан Петропавлда екі тілде (қазақ, татар тілдерінде) шыға бастап, жыл аяғында жабылып қалған. Ол шағын көлемді, жетісіне үш рет «Ишимский край» газетінің баспахана-сында басылып тұрған².

«Ешiм даласы» жөнiнде татар баспасөзiнiң тарихын зерттеушi И. Рамиль былай деп жазады:³ «...Бұл газет қазақтарды отырықшыландыру мақсатын көздейдi. Жыл аяғында газет жабылды. Шығарушылар жазаға бұйырылады».

Тегiнде, орталықта және шет аймақтарда революциялық қозғалыс өрлеп тұрған және бiрiншi империалистiк соғыс басталып кеткен жағдайда аграрлық мәселенiң шешiлуiн талап еткен газеттiң өмiрi ұзақ болуы мүмкiн емес едi.

Қорытып айтқанда, Росьиядағы революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуі және дүние жүзілік бiрiншi империалистiк соғыс кезiнде большевиктiк баспасөз, демократиялық бағыттағы қазақ басылымы Қазақстан еңбекшiлерiн самодержавиеге қарсы аттанысқа орыс пролетариаты, оның серiгi еңбекшi шаруалармен бiрлесiп шығуын әзiрлеуде елеулi қызмет еттi.

Большевиктiк баспасөз патша үкiметiнiң отаршылдық саясатын, бiр ұлтты бiр ұлтқа қарсы шатыстырып, ұлт араздығын қоздыру саясатын әшкереледi. Большевиктiк партия барлық ұлттардың еңбекшiлерiн социалистiк революцияның жауынгер армиясының қатарына топтастыра отырып, пролетарлық интернационализмнiң туын жоғары көтердi.

В. И. Лениннiң ұлт мәселесi жөнiндегi еңбектерi «Просвещение» журналында жариялануының ерекше маңызы болды.

¹ Е. Ысмайлов. Революционер ақын Сәкен Сейфуллин. «Қазақ әдебиеті», 12 июль, 1936.

² Б. Кенжебаев. Қазақ хазқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары.

³ Исмагулов Рамиль. Уақтылы татар мажбугаты. Казан, 1926 ж., 222-бет.

Көсем «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар» деген мақаласында буржуазияның ұлтшылдығына пролетарлық интернационализмді қарама-қарсы қойды.

Қазақстан большевиктері партияның лениндік саясатын ауызша және листовкалар арқылы насихаттап, жергілікті баспасөз бетінде таратты.

Осы тарауда келтірілген фактілерден Россиядағы революциялық өрлеудің ықпалымен Қазақстанда ұлт азаттық қозғалысы бой көрсеткенін, оған Әліби Жанкелдин, Аманкелді Иманов, Сәкен Сейфуллин сияқты большевиктер басшылық еткені байқалады.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН БОЛЬШЕВИКТІК БАСПАСӨЗІ ПАРТИЯНЫҢ ҰЛЫ ОКТЯБРЬ СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІП ШЫҒУЫ ЖӘНЕ СОВЕТ ӨКІМЕТІН НЫҒАЙТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС ДӘУІРІНДЕ (1917 март — 1918 июнь)

Қазақ баспасөзі — Октябрь революциясының перзенті. Ол республикамызда Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күресте пайда болды. «Правда» бастаған коммунистік баспасөздің жаңа легінің бірі — қазақ совет баспасөзі өзінің туа бастаған күнінен-ақ лениндік принциптер мен дәстүрлерге берік те сенімді мұрагер болды.

Совет өкіметінің алғашқы шараларының бірі контрреволюцияшыл буржуазиялық баспасөзді жою болды. Халық Комиссарлар Советінің председателі В. И. Ленин 1917 жылы 9 ноябрьде қол қойған баспасөз туралы Декретте көрсетілгендей, баспасөз сияқты күшті қаруды Совет өкіметінің бұғанасы әлі бекімеген кезде тап жауының қолында қалдыру революция үшін үлкен қауіпті еді. Сондықтан Совет өкіметі Октябрь революциясы жеңісімен екі күннен кейін буржуазиялық баспасөзді жойды. Қазақстан Советтері белгілі жағдайларға байланысты кейінірек эсер-меньшевиктердің, алашордашылардың контрреволюцияшыл баспасөз органдарын жаптырды. Мысалы, большевиктерге, Совет өкіметіне үнемі жала жауып, өсек таратқаны үшін 1918 жылы 3 апрельде Торғай облысының Советтер съезінің қаулысы бойынша алашорданың «Қазақ» газеті жабылды.

Қазақстанның Советтері мен партия ұйымдары буржуазиялық газеттерді жабумен бірге бұрынғы баспаханаларды және қағаз қорларын пайдаланып, өздерінің газеттерін шығара бастады. Қазақстанның партия, совет баспасөзі эсер-меньшевиктердің, буржуазияшыл-ұлтшылдардың баспасөз органдарына қарсы идеологиялық күресте шынығып өсті.



Октябрь революциясы алдында Қазақстанда еңбекшілердің бұқаралық ұйымдары пайда болды. Мысалы, Верныйда «Мұсылман жұмысшыларының біріккен одағы» құрылды. Бұл одақ 1917 жылдың 13 декабрінде «Садақ» атты сықақ журна-

лын шығарды. Ол, негізінен, Жетісу елі ішіндегі кемшіліктерді ашып, түзетуді, жұртқа мәдени-ағартушылық қызмет көрсетуді мақсат етті. «Садақ» журналы байшыл-ұлтшылдар мен дін басылардың зұлымдық қылықтарын әшкереледі, әділетті заман болатын шақты аңсады. Оған қазақ авторлары көп қатысты. Журналдың редакторы Ә. Басиров еді. Кейін көрсікті партия және мемлекеттік қайраткер болған Ораз Жандосов осы журналға идеялық жағынан жетекшілік етті.

1917 жылдың күзінде Петропавлдың партия тобы қазақ және татар тілінде үндеулер мен листовкалар шығарып, жұмысшылар мен солдаттарды «Советтің төңірегіне берік топтасып, барлық өкімет билігі Советтерге берілуін талап етуге» шақырды.

Февраль революциясынан кейінгі уақытта үкіметтің тұсында Қазақстанда облыстық, уездік комитеттер құрылды. Ақмоладағы «Қазақ комитетінің» құрамында Сәкен Сейфуллин де болды. Комитет бұрынғы әкімдерді ел билеу қызметінен тайдыру, енбекші халық өкілдерін іске тарту, дін иелерінің праволарын тежеу, қазақ әйелдеріне бостандық беру сияқты революциялық шараларды жүзеге асырды. Омбыдағы алаш-ордашылардан құрылған облыстық қазақ комитетінің, Уақытша үкімет комиссарының ықпалында болмау үшін Сәкен 1917 жылғы апрельде Ақмоладағы қазақ комитеті жанынан «Жас қазақ» ұйымын құрды. Оның алғашқыда 40—50 жас мүшелері болды, кейін көбейе түседі. Ұйымның басқармасы құрылып, председателдігіне Сәкен Сейфуллин сайланады. Бәкен Серікбаев, Абдолла Асылбеков, Жұмабай Нуркин сияқты жастар басқарма мүшелері болады.

Бұл ұйымның мақсаты: халық арасында заң, білім тарату, жаңа саясат істеріне қатысу. Ұйымның уставында: «Жас қазақ» Россияның ең дұрыс жобалы төңкерісшіл (революцияшыл) партиясымен қатар майданға шығады. Онан соң Россияның құрама (Федеративная) республика болуын қуаттайды» делінген.

«Жас қазақ» ұйымы мүшелік жарнадан және елдегі жиналған қаражатпен қазақ баспаханасын ашып, 1917—1918 жылдары «Айна» деген журналдың бір нөмірін, «Тіршілік» газетінің бірнеше нөмірін шығарды. Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуіндегі» мағлұматтарға қарағанда, «Тіршілік» газеті шамасы 1917 жылдың июлінен 1918 жылдың июліне дейін, яғни Ақмолада Совет өкіметі уақытша құлағанға дейін бір жылдай шығып тұрған.

Газеттің ресми редакторы бұрын революциялық қозғалысқа белсене қатысқан большевиктер Рақымжан Дүйсебаев, идеялық жетекшісі және негізгі авторы Сәкен Сейфуллин болды. Бұрын шығармаларын «Айқап» журналына жариялаған Сәкен «Тіршілік» газетінде көптеген мақала, памфлет жаз-

ды. Осы газеттің бетінде А. Асылбеков, Б. Серікбаев сияқты большевиктердің де мақалалары жарияланды.

1917 жылы 27 декабрьде Ақмола еңбекшілерінің үлкен жиналысында өкімет билігін Совет қолына көшіру, құлатылған Уақытша үкіметтің комиссарын тұтқына алу туралы қаулы қабылдайды. Осы жиналыста уақытша Ревком құрылып, оның құрамына большевиктер Н. М. Мошин, Сәкен Сейфуллин, Б. Серікбаев, Ф. Н. Кривогуз және басқалар кіреді. Кешікпей, 1918 жылы февральда делегаттар съезі шақырылып, онда Ақмоланың уездік Совдепі сайланады. Совдептің құрамында жоғарыда аталған адамдармен қатар жұмысшылар мен шаруалардың, интеллигенцияның қырықтан аса өкілдері сайланды. Сәкен Совдептің президиум мүшесі және уездік Ағарту комиссары болып тағайындалды. Осы кезде, 1918 жылы Коммунистік партияның қатарына өтті.

Осыған байланысты «Тіршілік» 1918 жылдың басында әуелі Ревкомның, сонан соң Совдептің органы болып, революцияшыл-демократиялық газетке айналды. Сөйтіп, Сәкен басқарған «Тіршілік» газеті бұқараны Совет өкіметі жолындағы күреске жұмылдыруда үлкен роль атқарды. Ол газет саяси бостандық, ұлт мәселелері жөнінде алашордашылардың, тағы сондай буржуазияшыл партиялардың зиянды көзқарастарына қарсы күрес жүргізді. Елдегі, қаладағы байлар мен болыстар, молдалар, бұрынғы патшашыл чиновниктер «Жас казак» ұйымы мен «Тіршілік» газеті төңірегіндегі революцияшыл жастарды «дінсіздер, ел бүлдіргіштер» деп айыптап өсек таратады. Соның салдарынан 1917 жылы сентябрь айында өткізілген сайлауда байлар ұйымдасып, казак комитетінің құрамына «Жас казак» ұйымының мүшелерін өткізбей тастайды. Комитетке көбінесе байлар мен алашордашылардың сойылын соғатындар сайланады.

«Тіршілік» газеті еңбекші халық арасында революциялық үгіт пен насихатты күшейте түседі. Әсіресе, Сәкен «Манал, Шамиль» деген жасырын атпен «Тіршілік» газетінің бетінде көптеген мақала, фельетон жазады. Мысалы, оның «Күзетші иттер» деген памфлет өлеңі, «қазағым, халқым», «алашым» деп жалған ұран көтерген байшыл-ұлтшылдардың зұлымдық әрекеттерін әшкерелейді¹. Бұл жөнінде Сәкен былай деп жазды:

«Менің,—«Тіршіліктің» бір пөмірінде басқан «Күзетші иттер»... деген өлеңіме комитеттің төр агасы Күсайып Қожамбердіұлы едәуір шамданып жүрді. Бірақ, не қылсын?.. Комитет елден ақша жинамақ болды. Үй басына жеті жарым сомнан. Байдан да жеті жарым сом, кедейден де жеті жарым сомнан... Өздерінің батагөйлері, мың-мың жылқылы байлар —

¹ С. Сейфуллин. Шығармалар. I том, 92-бет.

Сағинайдың Нұрмағанбеті, Олжабайлардан да жеті жарым сом, Ақмоладағы жатақ Балақаннан да жеті жарым сом.

Комитет ісінің бәрі де осындай. Бұл әшейін жүзден бірін ғана келтірген мысал.

Әрине, біз бұған қатты қарсы тұрдық. «Тіршілік» арқылы да, әсіресе ауызша сөз жүргізіп, комитетке жөнді ақша бергізбедік¹.

Февраль революциясынан кейін буржуазияшыл-ұлтшыл, антисоветтік бағытта бірнеше газет, журнал пайда болғаны белгілі. Солардың ішінде Семейде «Қарыарқа», Ташкентте «Алаш», Ордада «Ұран» газеттері шықты. Сәкен Сейфуллиннің сипаттауынша, бұл газеттер, «Тіршіліктен» басқасының бәрі бір бағытта болды. Бәрі Орынбордағы «Қазақ» газетінің ықпалымен жүрді. Бәрінің құлақ күйін «Қазақ» газеті бұрап беріп, нұсқау беріп отырды. Газеттердің бәрі көз жұмбай ұлтшыл, бәрінің орталық туы «Қазақ» газеті болды.

1917 жылы 19 октябрде Шәймерден Әлжанов пен Әбдірахман Қылышбаев (1905 жылы уезд бастығын сабайтын Қылышбаев — Х.Б.) Омбы жатақтарының ереуілін бастап, Ақмола облыстық комитетін кумакшы болып, оның кейбір патшашыл мүшелерін тұтқынға алды. Ақыры дау-жанжалға айналды. Міне, осы оқиға туралы және Ақмола уезінен Омбыға барып оқып жүрген кедей балаларға берілсін деп, Ақмоладан жинап жіберілген ақшаны әлгі облыстық комитет айтылмыш балаларға бермегендігі туралы Сәкен «Тіршілік» газетіне «Ақмола облысының жандарал қазақ комитеті» деген тақырыпта мақала жазды. Аяғына «Шамиль» деп қол қойды.

Сәкеннің шын фактілерге негізделіп жазған мақаласын «өтірік», «жала» деп Омбыдағы Ақмоланың облыстық комитетіндегілер «Қазақ» газетіне «Ашық хат» жазды. Оны «Қазақ» газеті басып шығарды.

Сәкен басқарған «Тіршілік» газеті ғана алашордашыларға, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы батыл күрес жүргізді.

Қазақ еңбекшілеріне совет автономиясының идеясын түсіндіруде, оларды Совет өкіметі үшін күреске жұмылдыруда «Тіршілік» газетінің атқарған ролі зор болды.

«Тіршілік» газеті «кедейшіл» болса да, діншілдіктен, ұлтшылдықтан аман болған жоқ» деушілерге Сәкен былай деп жауап қайтарады:

«Бұл — иштейін бос сөз. Әрине, ол уақытта тәжірибесіз, білімге кедей кезде шыққан газет сүрінбей, жығылмай кетті деу де қате болар еді. «Тіршілік» діншіл де болған жоқ. Ұлтшыл да болған жоқ».

«Тіршілік» газетінің бағыты революцияшыл-демократияшыл болғаны жоғарыда келтірілген фактілерден және Сәкен

¹ С. Сейфуллин. «Тар жол, тайғақ кешу», 1960, 79-бет.

Сейфуллиннің соңғы пікірінен айқын көрінеді. Сонымен бірге Казакстанның большевиктік ұйымдары өзінің баспасөзін буржуазияшыл, ұсақ буржуазияшыл партиялардың және олардың көптеген газеттерінің өшігуі, жала жабуы жағдайында құра бастағанын «Тіршілік» газетінен аңғарылады.

Алғашқы советтік газеттер. Қазақстандағы алғашқы советтік газеттердің бірі «Голос Алтая» Шығыс Қазақстанда Совет өкіметі орнағаннан кейін бір айдай соң 1918 жылғы 10 апрельде Өскемен қаласында шыға бастады. Бұл газет жұмысшылар, шаруалар, солдаттар, шаруа, казачество және казак депутаттары Советінің органы еді. Оның 1918 жылы 10 апрельден бастап 6 ноябрьге дейін 43 нөмірі шыққан¹. Редакторы большевик В. А. Куратов болды.

«Голос Алтая» өзінің бір мақаласында жау элементтердің Совет өкіметіне қарсы өсек таратуын күшейтіп отырғанын ескерте келіп, уездің еңбекші халқын топтастыруға, сөйтіп дұшпанға соққы беруге шақырды.

Газетте РКП(б) Өскемен уездік комитетінің арнаулы үндеуі басылды. Онда халық жауларының жұмысшы мен еңбекші шаруаны араздастырмақ болған әрекетін әшкерелей келіп, уездік партия комитеті жұмысшылар мен еңбекші шаруалардың одағын пығайта түсуге шақырды, Советтерге кулактардың өтіп кетуіне жол берілмесін деді. «Өкімет басында, — делінген үндеуде, — тек еңбек адамы болуға тиіс»².

Бүкіл Россиялық Орталық Аткару комитеті 1918 жылы 3 апрельде арнаулы қаулы қабылдады, барлық газеттерге «ВЦИК пен СНК-ның барлық Декреттері мен жарлықтарын, сондай-ақ жұмысшылар мен шаруалар депутаттарының жергілікті Советтерінің жарлықтары мен бұйрықтарын бірінші бетке басып отыруды міндеттеді. Басқа газеттер сияқты, «Голос Алтая» газеті де Өскемен Советінің шешімдерін жүзеге асырып отырған шараларын өзінің оқушыларына хабарлап отырды. Советтер жұмысының барысын үнемі газет бетінде жариялап отыру еңбекшілердің өздері сайлап қойған Советтердің қызметін бақылауға, жұмысшылар мен шаруаларды Советтер қабылдаған шешімдерді орындау күресіне жұмылдыруға мүмкіндік берді.

Бұл газетке Өскемен еңбекшілер депутаттары Советінің алғашқы председатели Я. Ушанов ат салысты және алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен шаруалар да хат-хабар жазып отырды.

Газет өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында коллективтік еңбек түрін дамыта беруге үгіттеді. Уезде екі жүзден аса орыс, казак жұмысшыларынан алтын қазып табатын артель құрылды. Газет материалдарына қарағанда партия ұйымы артель-

¹ ЦГА Каз.ССР, фонд. 1416, д. 5 лист 2.

² «Голос Алтая» 1918, 14 апрель.

дегі жұмысшылар арасында саяси тәрбие жұмысын жүргізу және қазақ пен орыс жұмысшыларының арасында достықты нығайту үшін 8 үгітші жібереді, олардың ішінде қазақ тілін жақсы білетіндер де болған.

Осындай әртелдің ауыл шаруашылығында да құрылуы көздей келіп, үгіттік материал ретінде газет «Фабрика жұмысшылары егінші» деген мақала жариялады. Онда Петроградтан Путилов кәсіпорнының екі жүзден аса жұмысшысы үй-ішімен Алтайға келіп, егіншілікпен айналысқан бастамасы хабарланды.

1918 жылдың көктемінде Семей облысында, соның ішінде Өскемен уезінде Петроград жұмысшыларының В. И. Ленин қолдаған инициативасы бойынша бірнеше ауыл коммуналары құрылды. Лениннің жіберген адамдары жергілікті халыққа ауыл шаруашылығын коммунистік негізде жүргізудің үлгісін көрсетті.

1918 жылы 10—11 июльде ақгвардияшылар Өскеменде контрреволюциялық төңкеріс жасады. Осыған байланысты газет шығуын тоқтатты.

Біраз уақыт үзілістен кейін газет «Известия Усть-Каменогорского уездного революционного комитета», ал 1920 жылдың августынан «Советская власть» деген атпен шықты. Оның редакторы белгілі совет жазушысы П. П. Бажов болды.

Қорыта айтқанда, «Голос Алтая» (қазіргі «Рудный Алтай») газеті Шығыс Қазақстанда қазақ, орыс еңбекші халқын Совет туы астына топтастыруда, партияның Совет өкіметі үшін жүргізген күресінде белсенді роль атқарды.

«Қазақ мұны» газеті. Торғай облыстық Совдепінің газеті «Қазақ мұны» 1918 жылы 3 (16) апрельде Орынборда шыға бастады. Редакторы Нәзір Төреқұлов, кейін қоғамдық қайраткер болды. Бұл газет қазақ еңбекшілеріне Совет өкіметінің артықшылығын, оның алғашқы декреттерінің маңызын түсіндірді, сонымен бірге ақгвардияшылар мен алашордашылардың жауыздық әрекеттерін ашкереледі.

1918 жылдың 21 мартынан 3 апреліне дейін Орынборда большевиктердің басшылығымен Торғай облысының Советтер съезі болып өтті. Съездің председателі Дала өлкесінің төтенше әскери комиссары Жанкелдин болды. Бұл документке В. И. Лениннің қолы қойылған, Ә. Т. Жанкелдиннің жауынгер серігі делегат Аманкелді Иманов та мәжілістің төрінен орын алды.

Осы съездің қаулысы бойынша шыға бастаған «Қазақ мұны» газетінің бірінші нөмірінде белгілі революционер Әліби Жанкелдиннің Советтердің облыстық съезін ашардағы сөзі басылды. Онда былай делінген: «Совет өкіметінің күші оның нақтылы саясат жүргізуінде, бұл халықтың мұң-мұқтажына сай келеді. Бұл өкімет аз уақыт ішінде орасан зор жұмыстар істеді. Мәселен, ол шіркеуді мемлекеттен бөлсктеді, жерді ең-

бөксi халыққа — шаруаларға бердi, ескi соттарды жойды, бi-тiм жасап, армияны таратты». Осыларды айта келiп, Ә. Жанкелдин: «Сiздерге — осында жиналғандарға бостандық, теңдiк берiлген, бәрiнiздiң алдарыңызда белсене жұмыс iстеп, жаңаша тұрмыс құру мiндетi тұр», — дедi.

Съездiң шешiмдерiнде «жердi ұлтына қарамастан, өз еңбегiмен ұқсататын адам ғана пайдалануға тиiс» — деп көрсетiлдi. Сөйтiп, еңбекшi бұқараның ежелгi арманы — жер мәселесi әдiлеттiлiкпен шешiлдi.

Советтердiң Торғай облыстық съезi баспасөз жөнiнде Ленин қол қойған Декреттi басшылыққа ала отырып, алашордалық «Қазақ» газетiн жауып, оның баспаханасы конфискациялансын деп ерекше қаулы алды. Торғай облыстық Советiнiң газеттерi болып «Қазақ мұңы», «Известия» шығарылсын деп ұйғарды.

Съезде облыстық Атқару комитетi сайланды, оның председателi Ә. Т. Жанкелдин болды.

«Қазақ мұңы» газетiнде съезд материалдары жариялануының саяси зор маңызы бар едi. Газет облыстың (ол кезде Қостанай, Ырғыз және бiрнеше қазақ уездерi Торғай облысына қарайтын) еңбекшi бұқарасына Совет өкiметiнiң саясатын өзiнiң ана тiлiнде түсiндiрдi, еңбекшi халықты, Совет өкiметiн сыртқы және iшкi жаулардан қорғап қалуда большевиктерге көмектестi. Кейiн көп ұзамай, азамат соғысы басталған кезде Әлiби Жанкелдин, Аманкелдi Иманов бастаған қазақ жауынгерлерi орыс жолдастарымен бiрге майданға аттанды. Дутов баңдылары 1918 жылы 3 июльде Орынборды қайтадан басып алды. Осыған байланысты газет шықпай қалды.

Қазақстанда 1918 жылдың орта шенiнде орыс, орыс-қазақ, қазақ-татар, ұйғыр тiлдерiнде аралас жергiлiктi партия ұйымдарының 12 газетi шығарылып тұрды. Олар: «Актюбинский вестник», «Қазақ мұңы» (Орынбор), «Вольное слово» (Қостанай) «Мұхбiр» (Верный), «Голос Алтая» (Өскемен) және басқалары.

Партия ұйымдары бұл газеттерге өзiнiң таңдаулы кадрларын жибердi. Мысалы, Қостанайдың «Вольное слово» газетiнiң редакторы Совдептiң мүшесi большевик Н. И. Романов, Өскеменнiң «Голос Алтая» газетiнiң редакторы Совдептiң мүшесi большевик В. А. Куратов болды. Алғашқы большевиктiк журналист ұлт кадрлары қалыптаса бастады: Ақмолада «Тiршiлiк» газетiн ақын коммунист Сәкен Сейфуллин басқарса, Жетiсуда орыс-қазақ тiлiнде шыққан газет редакциясының құрамында талантты журналист большевик Сабыржан Ғаббасов болды.

Қазақстанда қазақ және орыс тiлiнде шыға бастаған алғашқы советтiк газеттердiң бетiнде В. И. Лениннiң публицистикалық мақалалары мен сөздерi жарияланды, Совет өкiметiнiң алғашқы Декреттерi түсiндiрiлдi, жергiлiктi партия

ұйымдары мен Советтердің жұмыстары жайында көп түрде жазылды. Бұл газеттер республикамызда Совет өкіметін нығайту күресінде үлкен роль атқарды.

Жетісу газеті тарихының басталуы. Верный қаласында Совет өкіметі 1918 жылы 3 мартта орнады, көп көшікпей Совет өкіметі бүкіл Жетісу облысында орнап болды¹. Верный большевиктері Совет өкіметін нығайту үшін күресте баспасөздің үлкен роль атқарғанын жақсы білді. Сондықтан жергілікті партия тобы өзінің алғашқы жария жиналысында Совет өкіметінің идеялары мен саясатын жергілікті халыққа түсіндіретін жаңа баспасөз органы туралы мәселе қарап, «Заря свободы» (Қазіргі «Огни Алатау») атты облыстық газет шығаруды ұйғарды. Бірақ коммунист журналистердің жоқтығынан жаңа газетті шығара қоюға мүмкіндік болмады. Сондықтан алғашқыда патша заманында шығып тұрған «Семиречинские областные ведомости» деген газетті пайдалануға тура келді. Бұл газет 1918 жылы 6 және 7 мартта большевиктердің басшылығымен шығарылды. Партия тобы редакциялық коллектив құрғаннан кейін 1918 жылы 8 мартта «Заря свободы» газетінің бірінші нөмірі жарық көрді. Редакторы коммунист Р. П. Маречек газеттің 55 нөміріне дейін қол қойып отырды, осыдан былай қарай редакциялық коллегия атынан шығып тұрды.

Қазақстанда Совет өкіметін нығайту ісінде Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын дұрыс жүзеге асырудың аса зор маңызы болды. Бұл жөнінде баспасөз жергілікті партия ұйымдарына үлкен көмек көрсетті, еңбекшілердің қалың бұқарасына лениндік ұлт саясатын түсіндірді, халықтар достығы идеясын насихаттады, еңбекшілерді пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі. «Заря свободы» газетінің алғашқы нөмірлерінің бірінде Жетісу әскери-революциялық комитеті облыстың қазақ халқына «Еңбекші халық өзінің ұлттық айырмашылығына карамай, қол ұстасып бірігіп, қоян-қолтық араласып жүруі керектігі» туралы үндеуі жарияланды.

«Заря свободы» газеті редакциясы құрамында арнаулы қазақ бөлімі болды. Маңызды мәселелер және жергілікті халыққа қатысы бар материалдар орыс және қазақ тілінде аралас басылып отырылды.

Газеттің бетінде Жетісуда Совет өкіметін орнату үшін күреске белсене қатысқан большевик Тоқаш Бокиннің, Сабыржан Габбасовтың хаттары мен мақалалары қазақ және орыс тілдерінде жиі басылып тұрды. Мысалы, Т. Бокин «Заря свободы» газетінің 16 майдағы нөмірінде басылған «Қазақ жолдастарға» деген хатында Совет өкіметі еңбекші халыққа не беретінін түсіндіреді. Совет өкіметі туралы ақгвардияшылар мен

¹ Ол кезде Жетісу облысына осы күнгі Алматы облысы, Семей облысының бірқалып жерлері және Қырғыз ССР-нің территориясы қарайтын.

алашордашылардың өтірік-өсегіне нанбау керек екенін айтады, қазақ еңбекшілерін совет жұмысына белсене қатысуға, контрреволюцияшыл күштерге қарсы орыс және басқа ұлт еңбекшілерімен бірге күрес жүргізуге шақырады. Тоқаш Бокін бұл кезде орыс-қазақ арасындағы қарым-қатынас комиссиясының председателі болатын. Редакция Бокінды «Еңбекші халықтың сенімді және қайратты жақтаушысы» деп бағалады.

Журналист Сабыржан Ғаббасовтың осы газетте «Кім кінәлы?» деген мақаласы басылды. «Верный қаласының мұсылмандары!— деп жазды ол.— Мұсылмандардың басынан өткеріп отырған бүкіл ауыртпалықтарға кім кінәлы? Бұған, сіздер, большевиктер кінәлы деп отырған жоксыздар ма? Жок, туыстарым, жок, мың рет қайталаймын, жок! Большевиктердің бара жатқан жолы — тура жол, дұрыс жол».

Осы газеттің бетінде орыс және қазақ тілінде аралас жоғарыда айтылғандардан басқа да көп материалдар басылды. Бұл қазақ ішінде дербес газет шығару үшін ұлт кадрларын әзірлеудің бірден бір дұрыс жолы еді.

Верный большевиктерінің 1918 жылғы 10 марттағы ұйымдық жиналысы қалалық партия ұйымы болуына негіз жасады. Құрамы 6 адамнан уақытша президиум сайланды. Оның председателі Р. П. Марчак, секретары С. М. Журавлев болды.

Жетісуда Совет өкіметін нығайтуға байланысты әр түрлі мәселелер жөнінде Верный коммунистері «Заря свободы» газетіне белсене жазды. Мысалы, П. М. Виноградов «Жаңа өмір жолында» деген мақаласында еңбекшілерді өздерінің революцияшыл творчестволық ісімен жаңаша өмір сүруге мезгелді.

«Заря свободы» газеті өзінің оқушыларын саяси сауат негіздерімен таныстырды. К. Маркстің туғанына 100 жыл толуына байланысты бірнеше мақала басты. Сонымен бірге еңбекшілерге совет ақындарының, әсіресе Демьян Бедныйдың революциялық шығармаларын оқуға ұсынды.

Газетте кейде кате, әсер-мәшһүевіктік көзқарасты жазылған, ғылыми социализмді христиан дінінің сандырақтарымен шатастыратын мақалалар да басылып кетіп отырды.

Мұндай кате-кемшіліктер газетті шығарушы коммунистердің теориялық білімнің жоктығынан, журналистік және партия қызметіндегі тәжірибесінің аздығынан болды. Жалпы алғанда, Коммунистік партия саясатының көптеген мәселелері жөнінде «Заря свободы» газеті дұрыс, большевиктік бағыт ұстады. Совет өкіметі үшін күресте елеулі роль атқарды.

Газет 1918 жылы 18 июньде шыққан 80-нөмірінен кейін тоқталды.

**ҚАЗАҚСТАН ПАРТИЯ-СОВЕТ БАСПАСӨЗІ ШЕТЕЛ
СОҒЫС ИНТЕРВЕНЦИЯСЫ ЖӘНЕ АЗАМАТ СОҒЫСЫ
КЕЗІНДЕ
(1918—1920)**

Қазақстанда 1918 жылдың орта шенінде бүкіл еліміздегі-дей азамат соғысы басталды. Ақгвардияшыл казактар, кулактар, казактық буржуазияшыл ұлтшылдары және шетел интервенттері бірлесіп, жас Совет өкіметін тұншықтырмақшы болды.

Коммунистік партия, оның В. И. Ленин бастаған Орталық Комитеті бүкіл совет халқып шетел басқыншылары мен ішкі контрреволюцияшыл бүлікшілерге қарсы күреске жұмылдырды.

Партия ұйымдарының басшылығымен жергілікті баспасөз еңбекшілерді Совет өкіметі үшін күреске аттандыру, жауларды талқандау жөнінде үгіт, насихат және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

«Жетісу ісші халық мұхбірі», Жетісу облыстық ревкомының және ұлт істері жөніндегі облыстық комитеттің органы «Жетісу ісші халық мұхбірі» (дұрысы: «Жетісу еңбекші халқының хабаршысы») 1918 жылы 21 июньде Алматыда шыға бастады. Бұл осы өңірдегі тұңғыш казак газеті (қазіргі «Жетісу»), редакторы болып Сабыржан Шәкіржанов тағайындалды. Редакциялық коллегияға алты адам бекітілді, оның құрамына большевик Сабыржан Ғаббасов енгізілді. Бұрын «Айқап» журналына тілші болып, журналистік тәжірибе алған ол газет шығару ісіне үлкен көмек көрсетті. Бірақ көп ұзамай майданға аттанған Сабыржан Ғаббасов Совет өкіметі үшін күресте қаза тапты. 1918 жылы алашордашылар мен ақгвардияшылар оны кескілеп өлтірген болатын.

1918 жылы 17 июньде Жетісу облысы соғыс жағдайында деп жарияланды. Себебі: Семей жағынан ақ бандылар шабуыл жасап келе жатты. Сөйтіп, Солтүстік Жетісу майданы құрылды.

Осындай соғыс қаупі төніп тұрған жағдайда «Мұхбір» газеті алғашқы нөмірлерінен-ақ «жеңіп алған бостандық пен азаматтық праводарымызды қорғайық, Совет үкіметін қорғау үшін жауга қарсы тұрайық!» деп облыстың еңбекші халықтары атынан үндеу жариялады.

1918 жылы 3 июльдегі нөмірінде газет қызыл әскердің салтанатты сертін басып шығарды. «Мен, — делінген онда, — жұмысшы және шаруа үкіметінің алғашқы шақыруымен совет республикасын барлық жаулар төндірген қауіп пен қатерден қорғауға шығамын және Россияның советтік республикасы үшін, социализм мен халықтардың бауырластығы үшін күресте күшімді де, жанымды да аямаймын».

Совет үкіметі 1918 жылы 29 майда міндетті әскери қызмет атқару негізінде армия құруға көшу туралы Декрет қабылдады, сол жылы июнь айында В. И. Лениннің қолы қойылған «Барлық мұсылман еңбекшілеріне» арналған үндеу жарияланды. Партия ұйымдары Қызыл Армияның қатарына бұрын міндетті түрде әскери қызмет атқару жүктелмеген қазақ, қырғыз, дүнген, ұйғыр, өзбек еңбекшілерін тарту жөнінде үлкен жұмыстар жүргізді. Жұмысшылар мен шаруалар партияның шақыруына қызу үн қосты. Қызыл Армияның қатарына мыңдаған еріктілер келіп қосылды.

Қызыл Армияның қатарына еріктілер ағылып келе бастағанын, аз күннің ішінде Совет үкіметін қорғауға аттанатын еріктілердің саны бес мың адамға жеткендігін «Мұхбір» 1918 жылы 17 сентябрьде қуанышпен хабарлады.

Газетте РКП (б) Түркістан Өлкелік комитетінің майданға партия мүшелерінің 25 процентін шақыру туралы хаты жарияланды. Майданға жіберілетін коммунистердің міндеті арнайы көрсетілді. Ескерту де басылды. «Мәселе майданға коммунистердің өздері ала келетін жүздеген немесе мыңдаған винтовкада емес, — делінген Ескертуде — Коммунистер майданға өзінің коммунистік саналылығын, төзімділігін, революциялық рухын, темірдей берік табандылығын алып келеді. Қазір Қызыл Армиямызға ең керегінің өзі — осы шақыру».

Азамат соғысында атақты «Черкасск қорғанысына» қатысушылардың ерлік істері аян. Солтүстік майданның бөлімдері Лепсі уезінен оңтүстік жаққа қарай аттанып кеткен кезде бірқатар селолар мен ауылдардың еңбекші шаруалары большевиктердің басшылығымен қорғаныс ауданын құрды. Жауынгерлерінің саны 5 мыңға жеткен. Черкасск қорғанысына қатысушылар бір жылдан аса — 1918 жылдың август айынан 1919 жылдың 14 октябріне дейінгі уақыттың ішінде күші сан жағынан көп басым атаман Анненковтың ақгвардияшыл бандыларының шабуылына төтеп берді. «Мұхбір» газетінде Черкасшылардың ерлік істері туралы 1919 жылы 6 және 14 майда хабар басылды.

Солтүстік Жетісу майданының қызыл әскер отрядында орыс, қазақ, ұйғыр, дүнген, басқа да ұлттардың өкілдері иіп тіресіп жауға қарсы тұрды.

Интервенттерге, ақгвардияшыларға және буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы ұрыстардың от жалынында қазақ хал-

қыпның ұлы орыс халқымен, Орта Азияның және еліміздің барлық халықтарымен достығы нығайып шыңдалды.

Газет өзінің оқушыларына тек Жетісу майданы жайында ғана емес, бүкіл елімізде болып жатқан азамат соғысының барысы туралы хабарлап, сонымен бірге Қызыл Армияның және партизандардың жауларға қарсы соғысы әділетті соғыс екенін, жұмысшылар мен шаруалар құрған Совет үкіметі үшін жүргізіліп отырған соғыс екенін түсіндіріп отырды. Еңбекшілерді Советтердің төңірегіне берік топтасуға, қатаң революциялық тәртіпті сақтай отырып, майдандағыларға материалдық және рухани көмек көрсетуге шақырды.

«Мұхбірде» жарияланған «Қызыл әскер жолдастар!» деген хатта еңбекшілердің қас жауы — Колчак, ол — монархист, американ банкирлерінің жалдабы — помещиктер шаруалардан жерді тартып алғысы келеді деп көрсетілген.

Жергілікті газетте Жетісу Советтерінің бірінші съезінің қаулысы бойынша алғашқы Совет Конституциясы азамат соғысы жағдайында жариялануының үлкен саяси маңызы болды. Онда Совет азаматтарының праволары мен міндеттері көрсетілді, халықтар достығы мен пролетарлық интернационализм идеялары насихатталды. Совет Конституциясымен рухтанған еңбекші халық жауға қарсы жігерлене күрес жүргізіп, жеңіс сағатын жақындату үшін асықты.

Газет «Алаш» автономиясының реакциялық мәнін әшкерелеп, советтік автономияны жақтады, оның артықшылығын халыққа түсіндірді.

«Мұхбірдің» редакторы С. Шәкіржановтың айтуынша, бастапқы кезеңде газеттің тілі татар тіліне ұқсастау еді, өйткені редколлегияда қазақ болмады. Кейін әріп теруші мен редколлегияның екі мүшесі (бәрі төртеу) қазақ болды, сөйтіп, газет таза қазақ тілінде шықты.

Бұл газет Жетісудағы қазақ халқына, сонымен бірге ұйғыр, дүңген, татар, өзбек еңбекшілеріне Совет үкіметінің маңызы мен мақсатын, оның саясатын насихаттады, оларды Совет үкіметі үшін күреске жұмылдырды.

Жетісудағы тұңғыш қазақ газеті «Мұхбірдің» қырық бір нөмірі шығып тоқтатылды. Жетісу облыстық ұлт істері бөлімі 1918 жылы 3 декабрьде «Мұхбірдің» орнына дербес қазақ газеті шығарылсын, оның аты «Көмек» деп аталсын, газет аптасына екі рет шығатын болсын, ал газеттің 1-нөмірі 1500 дана болып басылып, халыққа тегін таратылсын деп қаулы алды.

«Көмек» газетінің алғашқы нөмірі «Мұхбірдің» жалғасы ретінде 1919 жылғы 1 январьдан бастап шыға бастады. Бұрынғы газетке қарағанда, «Көмектің» идеялық мазмұны мен материалдарының сапасы анағұрлым жоғары болды. Газет жергілікті партия, совет, шаруашылық орындарының қаулылары мен бұйрықтарын бұрынғыдай талғаусыз және түгел жариялай бермей, іріктеп, ықшамдап басатын болды. Газет енді облыс-

тың саяси-шаруашылық өмірі, еліміздегі совет құрылысы туралы, азамат соғысы жайында және жергілікті партия, совет органдарының жұмысы туралы кең түрде жазып отырды.

Жергілікті қазақ баспасөзіне облыстық Атқару Комитетінің ұлт істері бөлімі басшылық етті. Меңгерушісі қызметін 1918—1919 жылдары большевик Ораз Жандосов атқарды. Оның инициативасы бойынша алғашқы қазақ газеті шығарылып, бастапқы кезде сол бөлімнің органы болды. Облыстық ұлт істері бөлімі газеттің жұмысы, оның халық арасында таралуы, сапасының жақсаруы жөнінде талай рет мәселе қарап, тиісті шара қолданып отырды. Мысалы, облыстық ұлт істері бөлімі 1918 жылы 21 декабрьде редакциялық коллегия құру, газетке білімді және саяси сауатты қызметкерлер мен партия мүшелерін шақыру туралы қаулы қабылдады.

Ораз Жандосов газеттің идеялық жағынан ұстамды, материалдарының сапалы болуына үнемі көңіл бөлген. Совет үкіметін нығайту, қазақ ауылдарын отырықшыландыру жөнінде үнсіз мақалалар жазып тұрған.

«Көмек» газеті 1919 жылдың орта шеніне дейін облыстық Совет Атқару комитетінің органы болып келді. Облыстық Совет Атқару комитетінің ұлт істер бөлімі баспасөз жөніндегі келесі бір қаулысында: «Газетке түскен әрбір мақала редколлегия мәжілісінде қаралуы тиіс. Уездер мен қалалардан тілшілер тартылуы керек. Олардың көпшілігі уездердегі мәдени-ағарту бөлімдерінің бастығы болуы жөн. Бұл қызметкерлер әр түрлі салалардан — уездің мәдениеті, экономикасы және саяси-әлеуметтік өмірінен жазып тұратын болсын және облыстық, ауылдық Атқару комитеттері, кәсіпшілер одақтары мен мектептер газетті алып тұруға міндетті» делінген.

Жетісу облыстық партия комитетінің қаулысы бойынша 1919 жылы 1 июльде бұрынғы «Хабаршының» орнына «Голос Семиречья» газеті шықты. Бұл Жетісудағы бірінші облыстық партиялық газет еді. «Көмек» және «Голос Семиречья» скеуі де дербес газет болғанымен, облыстың өміріне байланысты және басты-басты кейбір мәселелер жөнінде бұл екі газет те бірдей жазып отырды. Сондықтан екеуінде басылған материалдарды кейбір ретте қоса талдаған жөн.

Бұрынғыларға қарағанда «Голос Семиречья» газетінде материалдарды орналастыру басқаша болды. Оның бетінде «Совет өкіметінің ісі мен бұйрықтары», «РОСТА-ның телеграммалары», «Советтік Россия», «Шетелдерде», «Жергілікті өмір», «Партия тұрмысы», «Театр мен музыка» және басқа рубрикалар тұрақты орын алды. «Көмек» газетінің бетінде де сол сияқты бірнеше рубрика болды. Жетісу облыстық газеттерінің бас тақырыптарының жоғары жағында тұңғыш рет «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер» деген ұран жазылды. Жаңа газеттерде бұйрықтар, қарарлар өте аз басылып,

еңбекшілердің хат-хабар, мақалалары көбірек жарияланатын. Мұның өзі оның мазмұнын байыта түсті.

Бұл газеттер облыста саяси-соғыс жағдайы өте қауіпті болып тұрған кезде шығып тұрды. Қызыл Армия талқандаған Колчак әскерлері Сибирьге қарай шегініп, Жетісуға да өтіп кетуге тырысты.

1919 жылы 24—27 августа болып өткен РКП (б)-ның Жетісу облыстық съезі соғыс жағдайына байланысты маңызды зор шешім қабылдады. Съезд партия ұйымдарына өздерінің барлық жұмыстарының бір ғана мақсатқа — жауды талқандау мақсатына — бағындыруды, «майданға ең жігерлі және саяси көзі ашық жолдастарды жіберуді» міндеттеді.

Жетісу партия ұйымдары бұл жөнінде көп жұмыстар істеді. Майданға таңдаулы коммунистерді жіберумен қатар, Қызыл Армияның қатарына ерікті және міндетті түрде баратындар арасында саяси-тәрбие жұмыстарының жүргізді. «Көмек» газеті: «Кім еріктілікті тілеп, кім құл болмауды тілейді, кімге Совет үкіметі қымбат — соның бәрі қызыл әскер қатарына енеді. Шын көңілімен соғысқан сол әскерді көбейтіндер» деп үгіттеп, партия ұйымдарына көмектесті. Сонымен қатар Солтүстік Жетісу майданындағы қазақ жауынгерлерінің ерлік қимылдарын көрсетіп отырды.

Жетісу облыстық Аткару комитеті мен РКП (б) Облыстық комитетінің қаулысы бойынша құрылған арнаулы комиссия «Мұсылман қызыл әскер бөлімін жасақтауға кірісті. Комиссияның мұсылмандарды Қызыл Армия қатарына алу туралы бұйрығы «Көмек» газетінде жарияланды.

Бұйрықтың негізгі талаптарын баяндай келіп, газет Қызыл Армияға кез келгендер алына бермейтіндігін, оның халықтың адал ұлдарынан құрылатындығын атап көрсетті.

Партия ұйымдары арқылы және газет бетінде жүргізілген үгіт, насихат және ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде Совет республикасын қорғау өздерінің азаматтық борышы екенін түсінген әрбір қазақ пен қырғыз, өзбек пен ұйғыр мұсылман қызыл полкіне жазыла бастады.

Газеттің 1919 жылғы 16 нөмірінде майданға еріктілер қатарында 240 партия мүшесі барғанын, Отанды қорғауда коммунистердің бұқараға үлгі көрсетіп отырғанын мақтанышпен жазды.

Сонымен бірге газет шаруашылық, халық-ағарту мәселесіне де көңіл бөліп отырды. Совет өкіметі жерді еңбекші шаруаларға беретінін, мұқтаж егіншілерге көмек көрсететінін айта келіп, газет қазақ кедейлерін қуанышқа бөледі. Совет өкіметінің Декреті бойынша, 8—10 жасқа дейінгі балалар бастауыш мектепте тегін және міндетті түрде оқытылатынын, мұғалімдерге пәтер тегін берілетінін, балалар бақшасына тәрбиешілер даярлайтын курс ашылатынын, курсанттарға жатақ орын, стипендия берілетінін газет хабарлап жазды.

«Көмек» газетінің бетінен бүкіл еліміздегі азамат соғысының барысы, қызыл әскерлер мен партизандардың ерлік қимылдары көрініп отырды. Алынған хабарларға қарағанда,— деп жазды газет,— «Қолчак ставкасы һәм басқа мекемелер Омбыдан Иркутскіге көшіп кеткен».

Сөйтіп, Қызыл Армия мен партизан күшгерінің соққысына шыдай алмаған Қолчак әскерлерінің шегінгенін, оған бүкіл Сибирь халқының қарсылық көрсетуін, ақтардың қатарына барудан жергілікті халықтың бас тартқанын газет хабарлай отырып, халықтың жауды жеңуге деген сенімін арттыра түсті. Контрреволюцияшыл күштермен алдын ала жасырын сөз байласып алып, жас Совет республикасына шабуыл жасаған он төрт мемлекеттің қайшылықтары күннен күнге күшейіп, олардың өзара «достық» қатынастары іріп-шіріп бара жатқандығы туралы да газет бетінде материал басылды.

1919 жылы 30 ноябрьде «Голос Семиречья» мен «Көмек» газеттерінде В. И. Лениннің «Түркістандағы коммунист жолдастарға» деген хаты жариялануының аса үлкен маңызы болды. Бұл хатта былай делінген: «Түркістан халықтарымен дұрыс қатынас орнатудың қазір Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасы үшін аса зор, бүкіл дүние жүзілік тарихи маңызы бар десек, асыра айтқандық болмайды.¹ Партия мүшелерінің марксизм негіздерін меңгеруіне көмектесу үшін газет редакциялары В. И. Лениннің «Мемлекет және революция» деген мақаласын жариялады. Сонымен бірге онда партияның VIII съезінің орта шаруаларға көзқарас жөніндегі қарары және В. И. Лениннің осы съездегі баяндамасында Коммунистік партияның ұлт мәселесі туралы айтқандары басылды.

Еліміздің және облыс жағдайының әрбір жаңа кезеңіне қарай Жетісудың большевиктік газеттерінің аты өзгеріп отырды. Олар жабылып қалған жоқ, тек қайтадан жаңа атпен шығып, бұрынғылардың дәстүрін кейінгілер жалғастырып, ілгері дамытып отырды.

«Правда», «Ұшқын» газеттері. 1919 жылы 14 декабрьден бастап «Голос Семиречьяның» аты өзгеріп, «Правда» болып шықты. Бас тақырыбының астына «РКП (б) Облыстық комитеті мен Жетісу Облыстық Советі Атқару комитетінің хабарлары деп жазылды. Ал «Көмек» 1920 жылдың төртінші январынан бастап «Ұшқын» деп аталды. Бұл екеуі дербес газет болғанымен, іс жүзінде біртектес еді. Аса маңызды материалдар екеуінде бірдей басылып шығатын.

1920 жылдың көктемі... Азамат соғысы әлі аяқталмаған. Поляк және Врангель майдандарында күндей күркіреген зенбірек гүрілі әлі басылған жоқ еді. Қытай жағына өтіп кеткен, ағылшын-американ империалистері қару-жарақ беріп елірткен ақгвардияшылар күшін жинап Жетісуға қайта шабуыл жасау

¹ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 39-том, 329-бет.

қаупін төндіріп тұрды. Олар орыс және мұсылман тілінде Жетісу халықтары арасында листовкалар мен үндеулер таратып жатты. Ақгвардияшылармен қатар осындай мазмұны антисоветтік листовкалар мен үндеулерді буржуазиншыл ұлтшылдар да таратып тұрды, бұл «әдебиетті» молдалар мен қажылар оқып беріп, жұртқа уағыздады. Бай, кулактар Совет өкіметіне қарсы әрекеттерін еңбекшілерді азғыру, арбау арқылы жүргізді.

Міне осындай ауыр және қатерлі жағдайда Жетісуға Коммунистік партияның сыннан өткен жауынгері, большевик-жазушы Д. Фурманов Түркістан Революциялық әскери советінің және Түркістан Өлкелік партия комитетінің өкілі етіп жіберіледі. Сонымен бірге ол Верныйдағы 3-дивизияның әскери советінің председатели болып келеді.

Верныйға (Алматыға) Д. Фурманов 1920 жылдың апрель айының басында келді. Соған бастап Д. Фурмановтың штабы барлық қоғамдық-саяси жұмыстың орталығына айналды. Облыстың өмірі жаңаша, совет арнасында дами бастады. Табанды большевик партияның лениндік ұлт саясатын жүзеге асыруға жігерлене кірісті.

Қазақстан баспасөзінің дамуы тарихында Дмитрий Андреевич Фурмановтың есімі елеулі орын алады. Д. Фурманов өз жұмысын Жетісуға келмес бұрын большевиктік баспасөзге арқа сүйен жүргізді, баспасөзді ол партия мен халықты байланыстыратын негізгі буындардың бірі деп бағалады.

Жергілікті баспасөздің жайымен танысып, өзі қызметіне кіріскеннен кейін үш күннен соң Д. Фурманов Облыстық комитет пен Революциялық комитеттің 1920 жылғы 17 апрельдегі біріккен мәжілісінде «Правда» және «Ұшқын» газеттерін түркістандық 3-атқыштар дивизиясы саяси бөлімінің қарамағына беру туралы мәселе қойды, оның ұсынысы қабылданды. Кешікпей екі газет Д. Фурмановтың тікелей басшылық етуімен шыға бастады. Редакцияның штатын өзімен ерте келген тәжірибелі қаламгерлермен және жергілікті кадрлардан іріктеп алып толықтырды. Сонымен бірге полиграфиялық базаны нығайтуға да кірісті. Ташкенттен ысылған екі әріп теруші алдырды. Мұқтаж болып тұрған «Ұшқын» газетінің редакциясына 25 пұт қағаз тауып бергізді.

Д. Фурманов облыстық газетке өзі ғана емес, «аптасында кемінде бір мақала жазып тұруды» саяси бөлімнің қызметкерлеріне міндеттеді. Бұл тапсырманың орындалуын бақылап отырған Д. Фурманов редакцияның тақырыбын белгілеу, мақалаларды бөліп беру жұмыстарына қатысып, газеттің идеялық мазмұнын жақсартуға ықпал етті. Осының бәрі жергілікті «Правда» газетінің жұмысын қайта құруға көмектесті, оны оперативті және әсерлі органға айналдырды. Саяси бөлімнің қарамағына берілгеннен кейінгі бір аптаның ішінде газет елеулі түрде жаңданып кетті.

Жетісудағы контрреволюциялық насихатты әңкерелеуде, жау лагеріндегі солдаттарға большевиктік ақиқатты жеткізуде журналист Д. Фурманов ұйымдастырған листовкалар мен үндеулердің үлкен маңызы болды. Ақгвардияшылардың, молдалардың, түрлі бандылар жетекшілерінің арандатқан хаттары мен үндеулеріне қарсы Д. Фурмановтың басшылығымен көптеген листовкалар жазылып, ауылдар мен қыстақтарда таратылды, баспасөз бетінде және ауызекі түрде насихат жүргізілді. Бұл листовкаларда Жетісудың еңбекші халқына шын жау кім екені, ұлт араздығын қоздыру кімге пайдалы екендігі түсіндірілді. «Ал Совет өкіметі, — делінген онда, — сіздердің мүдделеріңізді қорғайды, ол сіздерді қайдағы әнбағандар мен алаяқтардың қорлауына жол бермейді, олардың сазайын тартқызады». Осындай үндеулерді алып, партия қатарындағылар тобы жан-жақта таратты. Мұның өзі де жемісті болды. «Соңғы күндерде, — деп жазды Д. Фурманов, — тыныштық болғаны байқалды. Өтірік, өскі басылған тәрізді. Кей жерлерде ақ офицер-үгітшілер қолға да түсіп қалды. Жағдай айыға бастады»¹.

Д. Фурманов облыс коммунистерімен бірге партия және совет жұмыстарын жолға қою үшін күресті. Кезек күттіруге болмайтын міндеттерді шешуге келгенде алдымен ол баспасөздің күшін толық пайдалануға тырысты. Өзінің «Бүліншілік» романында: «Қызулау іс қалқып шыға келгенде біз көздің қырын жауынгер органымыз — Жетісулық «Правдаға» аударма қоятынбыз»², деп жазды ол.

Анненков бандылары талқандалынғаннан кейін Жетісу еңбекшілері іле-шала бейбіт өмірге көшті. 1920 жылы 18 апрельде «Ұшқын» және «Правда» газеттерінде Түркістан, соның ішінде Жетісу майданы ажыратылғаны туралы хабар жарияланды. 1919 жылдың күзінде Қызыл Армия және партизандардың тегеурінді күшімен Деникин мен Қолчак талқандалды. Бүкіл елімізде уақытша бейбітшілік орнады. В. И. Ленин Советтердің 1919 жылы 5—9 декабрьде болып өткен Бүкіл россиялық VII съезінде жасаған баяндамасында:

«Біздің алдымызда бейбіт құрылыстың жолы ашылып отыр... Біздің міндетіміз — соғыс ісінде өзіміз алған бүкіл тәжірибесі енді бейбіт құрылыстың негізгі мәселелерін шешуге бағыттау»³ деп көрсеткен болатын.

Жетісу өлкесі алдында тұрған негізгі мәселелер: ауыл шаруашылығы мен өндірістегі күйзелушілікпен күресу; Қызыл Армияның бөлімдерін еңбек жағдайына көшіру, жағдайдың

¹ А. Бережной. «Фурманов — журналист». Л., 1955, стр. 78—80.

² Д. А. Фурманов. «Мятеж». Соч., в 3-х томах. ГИХЛ, 1951, т. 2, стр. 138.

³ В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 39-том, 439-бет.

өзгеруіне байланысты партия, совет және әскери аппараттың жұмысын қайта құру, қазақ кедейлерінің көкейтесті мүдделерін қанағаттандыру, әсіресе 1916 жылғы көтеріліске қатысқан, патша үкіметінің қудалауынан Қытай жаққа өтіп кетіп, енді өзінің туып-өскен еліне қайтып оралған босқын-қазақтарға жәрдем көрсету; еңбекшілер арасында саяси-ағарту жұмысын жүргізу. Осы мәселелердің барлығы алдымен Алматыдағы «Ұшқы» және «Правда» газеттерінің бетінде кең түрде талқыланды. Басты-басты мәселелер жөнінде Д. Фурмановтың өзі бірнеше мақала жазды.

Д. Фурманов қол қойған алғашқы материал облыстық газеттердің бетінде 1920 жылы 10 апрельде жарияланды. Ол — көктемгі егіске бөгет жасамау үшін 1919 жылғы қайта бөлінген жер тағы да бір жылға сол күйінде қалдырылатындығы туралы Ташкенттен соққан телеграмма еді. Сол күнгі нөмірде оның РКП (б) IX съезі шешімдері негізінде Жетісу коммунистері алдында тұрған міндеттер туралы уездік партия съезіндегі сөзі басылды.

Жетісу газеттерінде Д. Фурмановтың 30-дан аса мақала, хат, үндеулері жарық көрді. Жалынды большевик алдымен партия ұйымдарының жұмысын жақсартуға ерекше көңіл бөлді. «Партия комитеттеріне» деген хат түрінде жазылған мақаласында таяудағы міндеттерді, партия жұмысының түрі мен әдісін көрсете келіп, Фурманов Коммунистік партия туралы қадағи күрестің жолдары да, жоспары да туып жататын, жеңіске деген берік сенім шыңдалатын, айқын парасат пен ізгі ниет салтанат құратын жанды және қуатты орталық» деп рухтана жазды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының аса маңызды жеңістерінің бірі марксистік-лениндік идеологияның, пролетарлық интернационализм мен халықтар достығы идеяларының салтанат құруы болып табылады. Д. Фурманов Жетісуда болған кезінде ұлт араздығын жою үшін, жергілікті халықтар арасында туысқандық достық орнату үшін жалықпай күресті. Шығыстың еңбекші бұқарасы ұлттық томаға-тұйықтықта қалмай, Советтік Россияның халықтарымен қоян-қолтық араласып кеткенде ғана бақытты өмір сүреді деп білді Фурманов. «Біз ұлт араздығын, ұлттық бөлектенушілікті тілсмейміз, өйткені бөлектену бізге өзіміз қазып қойған көрдей. Біз барлық езілгендердің туысқандығы үшін, еркін еңбек үшін, бақытты өмір үшін өзіміздің еркін әнімізді шырқаймыз».

«Шу алқабының шаруаларына» деген үндеуінде Д. Фурманов Совет өкіметінің атынан: «Сіздердің өміріңізді және балаларыңыздың өмірін жарқын ету және кенелту үшін қазіргі шөл алқаптарыңызды жайқалған егін мен гүлденген бау-бақшаға айналдырамыз» деп уәде берді.

1920 жылы майда Д. Фурманов облыстық Советтер съезі мен партияның облыстық съезін өткізетін сайлау комиссия-

сының председателі болып тағайындалды. Осыған байланысты ол совет жұмысына қызу араласып, басшылық етті. Өзінің бір мақаласында ол съезге еңбекші бұқараның, Совет өкіметі үшін күрескен жергілікті халықтардың, әсіресе қазақ кедейлерінің өкілдері көбірек делегат болып келуін ескертті.

Буржуазиялық ұлтшылдар «Совет өкіметі жазалайды деп қауіптеніп, мұсылманның басшы қызметкерлері ақтарға қашып кетіп жатыр» деп лақап таратты. Бұл лақап әсіресе 1920 жылы 12—19 июньде Верныйда болған бүліншілік күндерінде күшті таралды. Бүлік басылған соң 20 июньде «Ұшқын» және «Правда» газеттерінде Д. Фурмановтың қолымен жергілікті халықтарға арналған «Жолдастарға» деген үндеу жарияланды. Бұл үндеуде Д. А. Фурманов буржуазиялық ұлтшылдардың қазақтың және басқалардың ұлттық намысына әсер ету үшін таратқан жалған лақабының сырын әшкереледі.

Д. Фурманов өз қолымен жазған үндеуде орыс пролетариатының жергілікті халыққа жасап отырған қамқорлығын, Жетісуға келген большевиктердің, бұрынғы патшашыл қарақшылар сияқты халықтың байлығын тонау үшін емес, өзінің интернационалдық борышын өтеу үшін көмекке келгенін түсіндірді. Совет өкіметінің әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпағаны, оның ішкі-сыртқы жауларының әлі түгел жойылмағаны, халық шаруашылығында, тұрмыста кездесіп отырған қиыншылықтар туралы айта келіп, ол: «Жау элементтердің өтірік-өсегіне, жаласына нақбандар. Ұлты мен діни нанымдарына қарамастан, бүкіл еңбекші халықты өз төңірегіне топтастырған Совет өкіметін қорғаңдар, бақытты жана өмір үшін жұмыс істеңдер! Азат болған қазақ, ұйғыр, дүңген, өзбек халықтары жасасын!» деп жазды.

В. И. Ленин алғашқы сенбіліктерден жана құрылыстың өркенін көрді. Бұл сенбіліктер еліміздің тарихына коммунистік еңбек жолындағы халықтық қозғалыстың бастамасы болып енді. РКП (б) ІХ съезі партиялық баспасөз еңбек жарысын ұйымдастыратын күшті орган болуға тиіс деп көрсеткен болатын. Жетісу облыстық газеттері 1920 жылы 1 Майда бүкіл елімізде өткізілетін сенбілікке әзірліктің барнын жазып отырды. Газеттердің 1 Майдағы нөмірінде Д. А. Фурмановтың сенбілік туралы мақаласы басылды. Сенбілік ұйымдасқан түрде өтті. Тек қана Верный қаласында сенбілікке 3389 адам қатысып, қажырлы еңбек етті.

Қытайдан қайтып оралған босқын қазақтарға «Көмек апталығы» да ойдағыдай өткізілді. Газеттер, — деп жазды Фурманов, — жылы да лепті сөздерімен жетісулықтардың жүрегін жібітті. Тек қана Верныйда босқын — қазақтарға көмек қорына 155 пұт бидай және басқа азық, сондай-ақ 3 миллион 400 мың сом қаржы жиналған.

Осы тарауда сөз болған кезеңдегі мәселелердің бірі 1918 жылы 21 июньде «Жетісу ішкі халық мұхбірі» деген атпен осы

өяірде тұңғыш рет ұлт тілінде шыға бастаған бүгінгі «Жетісу» газеті қалың бұқараға түсінікті тілмен жарқын да әсерлі жазып отырғанын көреміз.

«Дұрыстық жолы» газеті. Қазақ халқының арасында Совет өкіметінің саясатын насихаттауда «Дұрыстық жолы» газеті белгілі роль атқарды. Бұл газетті 1919 жылы 20 февральдан 10 июльге дейін Ұлттар істері Халық Комиссариатының қазақ бөлімінің Бөкей бөлімшесі Орда қаласында шығарып тұрды. Айына екі рет шығып, барлығы 11 нөмірі жарық көрді. Газеттің тек Батыс Қазақстанда ғана емес, Жетісу және Семей облыстарында да жаздырып алушылары болды. Шығарушы: «Жазушылар құрамасы» деп, газет редакциялық коллегияның атынан шығып отырған.

«Дұрыстық жолы» газеті бірінші нөмірінен бастап: «Барлық дүние бейнетқорлары, бірігіңдері!» деген ұранмен шықты. «Жасасын Совет үкіметі!», «Жасасын бейнетқор халық!» деп жар салды.

Газеттің бағыты, алдына қойған мақсаты 1919 жылы 20 февральда шыққан бірінші нөмірінде басылған «Баспасөз» деген бас мақаладан айқын көрінеді. Бас мақала алдымен баспасөздің маңызына тоқталды. Баспасөз халықты белгілі бір саяси бағытқа салып, ғылым-білімге шақырады, әдеби тілдің дамуына себеп болады, халықтың тұрмысы мен шаруасының жақсаруына көмектеседі делінген.

Бас мақалада Совет өкіметінің артықшылығы, оның әділ саясаты насихатталды; «Октябрь революциясында ескі, шірік дүние құлатылды. Совет өкіметі арқасында жаңа тұрмыс жасалды... Бүкіл «бұратаналардың», соның ішінде қазақ халқының қолы жетпей жүрген шын бостандық, теңдік, достық туды. Еңбекшілер өкіметі, оның ұлы басшылары арқасында жұртпен бірдей тең болса,— еңбекші қазақ халқының не арманы бар?! Жұртпен қатар мектептеріміз көбейіп, өнер-біліміміз артса, жер-суды тең бөліп жұртымыз көгерсе, елімізді қорғайтын өзімізден әскери полк құрылса,— енді одан артық не тілек, не мақсатымыз бар?!»

Бұл газет қазақ ішінде өнер-білімнің таралуына көмектесіп, шаруашылықтың өркендеуі жөнінде кеңес беріп отырды. Совет өкіметінің Декреттері мен қаулыларын түсіндіріп, халықты соны бұлжытпай орындауға жұмылдырды. Бас мақалада көрсетілгендей, газеттің міндет, мақсаты — осылар.

Газет «Қызыл фронт» деген рубрика ашып, Қызыл Армияның жеңісті қимылын жазып отырды, интервенттер мен акгвардияшылардың сойқандық қылықтарын әшкереледі. Азамат соғысының барысы жайында мағлұмат берді.

Азамат соғысы жылдарында қазақ еңбекшілерін Қызыл

Армияның қатарына тарту жөнінде ВЦИК-тің мүшесі IV Армияның командашысы М. В. Фрунзенің 1919 жылғы 16 февральдағы үндеуінің үлкен маңызы болды. Үндеу қазақ және орыс тілінде осы күнгі бүкіл Батыс Қазақстанда кең тарады. Онда: «Өздеріңнің буржуйларың Досмұхамбетовтарды тезірек құлатындар, өкімет билігін еңбекшілердің өз қолына алыңдар. Батыл, үзілді-кесілді қимылдандар... Маған кедейлердің қорғаншы болатын өз жігіттеріңді дереу жіберіңдер, мен оларға қару-жарақ беремін, олардан еңбекші халықты қорғау үшін полктер құрамын»¹. Үндеудің қазақшасы 1919 жылы 13 февральда Ордада шыға бастаған әскери істер жөніндегі Халық Комиссариатының «Хабарлары» газетінде басылды. Орысша-қазақша аралас тілде шыға бастаған осы қызыл әскер газеті алғашқы нөмірінде қазақ еңбекшілерінің патриотизмі туралы, олардың өз еркімен Қызыл Армияның қатарына жаппай келе бастағанын жазды.

Қазақ еңбекшілері Совет өкіметінің шақыруына үн қосты. Өз еріктерімен Қызыл Армия қатарына кірген қазақтар көбейе бастады, бұлар ақгвардияшыл және алашордашыл жауларға қарсы ерлікпен күресті. 1919 жылдың көктемінде Оралда көбінесе қазақтардан I-Ерекше атты әскер полкі, артынан Ордада 2-үлгілі совет атты әскер полкі құрылды. Жауынгер-тілші Зақария Ерғалиев «Дұрыстық жолы» газетінің 1919 жылғы 22 марттағы 3 нөмірінде басылған «Совет өкіметінің атқа мінгізген азаматтарымыз» деген хатында қазақтың атты әскер полкі құрылды, қазақ жігіттері өздері тіленіп келді деп жазды. Бұл полкті ұйымдастыруға белсене қатысқандар қазақ коммунистері — полктің комиссары Бейсен Жәніекешев, Хамит Чурин және басқалар.

Бөкей даласында қазақ атты әскер полкінің комиссары Б. Жәніекешев ақгвардияшылар мен алашордашылар бандысына қарсы жүргізілген ұрыс қимылдарына ойдағыдай басшылық етті. 1919 жылы 28 мартта «Дұрыстық жолы» газетінде Б. Жәніекешевтің «Нарынға барған жауынгерлерден» деген корреспонденциясы басылды. Онда «ақ қазақтардың найза, қылышынан қорқып, үрейі ұшқан қазақ бауырларын құтқару үшін» 1919 жылы 13 мартта жүз жігітті бастап Нарынға барғанын айтады. Бұдан кейін ол: «Біздің келуімізді Орал қаласының тұрғындары зор қуанышпен қарсы алды. Көп заманнан бері езгі мен тепкінің астында болған қазақ халқының өкілдері, сондай-ақ украин поселкелерінің еңбекшілері де енді Қызыл Армияның қатарына кіріп жатыр.

...Ақгвардияшыл бандылар әлі жойылмағанын, олар халықты шошындырып отырғанын ұмытпауымыз керек. Бүкіл халық жауға тойтарыс беруге әзірленуде. Қазақтар, украиндар, жа-

¹ «Янцкая правда», 16 февраль, 1919.

қын жерлердегі поселке мен ауылдардың еңбекші шаруалары өздерінің Советтерін құрып, қару-жарақ алып қайту үшін мұнда (Орал қаласына) келуде.

...Ғасырлар бойғы құлдықтан азат етілген, Совет өкіметі тұсында демін еркін алған қазақ халқы ешкімге де бас ие алмайды. Ауылдар мен поселкелерге Совет өкіметінің шақыруын жеткізуге келген өкілдерді барлық жерлерде өз туысқанындай қарсы алды» — деп жазды.

Б. Жәнікешев осы газетте жарияланған «Жолаушының хабары» деген корреспонденциясында ақ бандылар таралынан қауіп төніп тұрған жағдайда Орал мен бөкейлік казқтардың өзара байланысын пығайту үшін Орал облысына тағы да барғанын айта келіп, Жайық пен Еділ өзендерінің екі аралығындағы қазақ жиындарында: «Жалғыз тамшы қанымыз қалғанша берілген бостандығымыздан айрылмаймыз!» деп ант еткенін, жиындарда шығып сөйлеушілер: «Совет өкіметі жасасын!» «Жауынгер Қызыл Армия жасасын!» деп ұран көтергенін хабарлайды. Корреспонденцияның аяғына «Сотрудник Бейсенғали Жәнікешев» деп қол қойған. Бұл оның «Дұрыстық жолы» газетінің белсенді тілшісі, авторы болғандығын аңғартады.

Мұғалім, жауынгер, ақын Жәнікешев осы газетте басылған «Жорық» атты өлеңінде:

«Уа, халық, күнің туды саптаныңдар,
Сап түзел жауға қарсы аттаныңдар.
Арманға көптен күткен қол жеткізген
Лениннің туы астына топтаныңдар!»

деп жар салып, жорық маршын жырлады.

«Дұрыстық жолы» газетінде пролетарлық интернационализм идеясын насихаттайтын материалдар басылды. Газетте Совет өкіметі басқа елдердегі жұмысшы қозғалысына жақсы ниетпен қарайды деп жазылған. Польша, Финляндия, Прибалтика елдерінің жұмысшыларынан «Қазір — еліміз бөлсе болса да, біз Россия Советінің жолындамыз, ниетіміз, тілегіміз, істеп жатқан жұмысымыз бір»¹, — деп хабар келіп отырғанын жария етті газет.

1919 жылы март айында III Коммунистік Интернационал құрылды. Осыған байланысты газет М. Көкебаевтың «Жұмыскер жолы»² деген мақаласын басып, өзінің оқушыларын жұмысшы қозғалысының тарихымен таныстырды. Мақалада I және II Интернационалдың тарихына қысқаша шолу жасалып, III Интернационалдың маңызы, мақсаты туралы айтылды.

Редакция газеттің 16 майдағы, 6 июньдегі, 20 июньдегі нөмірлерінде «Коммунистік манифест» туралы үлкен насихаттық мақала жариялады.

¹ «Дұрыстық жолы» № 4, 28 март, 1919

² «Дұрыстық жолы», № 6, 18 апрель, 1919.

Совет өкіметін нығайтып, азамат соғысында жеңіске жетуді ұйымдастыруда РКП (б)-нің 1919 жылғы март айында өткен VIII съезінің маңызы зор. Осы съезд туралы қысқаша хабарлап, газет өзінің оқушыларын онда қаралған мәселелермен таныстырды.

Газетте Венгрияда Совет өкіметі орнатылуы туралы бүкіл дүние жүзі пролетариатының көссіі Ленинге Будапештен берілген хабар және венгер-совет республикасының үкіметіне 1919 жылы 22 мартта В. И. Лениннің радио арқылы берген құттықтауы басылған.

Жалпы, газет «Шетел хабарлары» бөлімінде халықаралық жағдай туралы үнемі жазып отырды. «Түркиядағы өзгеріс», «Германиядағы оқиғалар», «Америка әм Русия мәселесі» және осы сияқты шетел хабарлары берілген. «Правда», «Известия» және «Жизнь национальностей» газеттерінен материал аударып басқан.

Қазақ совет автономиясы жөнінде жергілікті партия, совет ұйымдарының көмегімен үлкен әзірлік жұмысын жүргізген ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты 1919 жылы 4 апрельде Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезін шақыру туралы қаулы қабылдады.

Қазақ совет автономиясы Советтердің Бүкіл россиялық V съезі 1918 жылы 10 июльде қабылдаған бірінші Конституция негізінде құрылатын болды.

Белоруссияда, Башқұртстанда, Түркістанда және басқа ұлт аймақтарында Советтік социалистік автономиялы республикалар құрылып жатқанын газет өз оқушыларына хабарлай отырып, Советтік автономияның идеясын насихаттады.

Совет өкіметі үшін күрескен Ә. Әйтисев, Б. Жанекешев, Б. Қаратаев, С. Меңдешев, Х. Чуриң сияқты большевиктер шыққан бөкейліктер Қазақстанда тек Совет автономиясының болуын көздеді.

«Дұрыстық жолы» халықтар достығы идеясын құлшына насихаттады. Қазақ халқының әдебиеті мен өнері ұлы орыс халқының озат мәдениетімен өте тығыз байланысты болу арқылы өркендейтінін газет атап көрсетті.

Батыс Қазақстанда ерлікпен ұрыс жүргізген үлгілі туңғыш қазақ совет атты әскер полкі 1919 жылғы 3 июльде Советтердің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Қызыл Туымен наградталды.

«Дұрыстық жолы» 1919 жылғы 10 апрельдегі 11 нөмірінде «Тарихи күннің тарихи тойы» деген суреттеме-корреспонденция жариялады. Онда «Ішкі Ордада құрылған бірінші Қазақ атты әскер полкіне Қызыл Ту тапсырылғаны салтанатты жағдайда өткені айтылған.

Газет оқу-ағарту ісіне елеулі көңіл бөліп отырды. Бөкей облысында Совет үкіметі орнаған алғашқы жылда 90 қазақ

мектебі ашылғанын айта келіп, бұл мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жана бағытта жүргізу ісін жақсарту, мұғалімдер даярлайтын куретар ашу, ауыл мұғалімдерінің айлығын кезінде беріп, олардың тұрмыс жағдайына үнемі көңіл бөліп отыру туралы, қазақша оқу құралдарын және басқа да әдеби және ғылыми кітаптар бастырып шығару жайында проблемалық мәселелер көтерді. Қазақ ауыз әдебиеті мұраларын, ескі және соңғы кездегі кітаптарды жинауды ұйымдастырды т. т.

Бөкей облысы 1919 жылдың орта шеніне дейін тікелей РСФСР-ға қарап келді, ал сол жылы июльде қазақ елдерін басқаратын Кирревком құрылғаннан кейін Қазақстанның құрамына Бөкей губерниясы болып енді. Осыған байланысты «Дұрыстық жолы» 1919 жылы 10 июльде өзінің он бірінші нөмірінен кейін шығуын тоқтатты. Бұдан кейін оның орнына «Қызыл дала» атты газет біраз уақыт шығып тұрды. Сонымен «Дұрыстық жолы» Совет үкіметі үшін күресте, азамат соғысы жеңісін ұйымдастыруда, халықтар достығы мен пролетарлық интернационализм идеяларын насихаттау, Қазақстанның советтік автономиясын әзірлеуде Бөкей облысы большевиктерінің басшылығымен айтарлықтай роль атқарды.

* * *

1919 жылы Бөкей облысында «Дұрыстық жолы» газетімен қатар қазақ және орыс тілінде Қазақстандағы алғашқы әскери газеттердің бірі әскери істер жөніндегі Қазақ комиссариатының «Хабарлары» («Известия Киргизского комиссариата по военным делам») деген газет және «Мұғалім» атты журнал шығып тұрды.

«Мұғалім» — қоғамдық-саяси, ғылыми педагогикалық және әдеби журнал. Шығарып, таратушы — Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариатының Бөкей облыстық бөлімшесі, редакторы — Фабдолгазиз Мұсағалиев (Ф. Мусин). Журналдың 1919 жылы барлығы 7 нөмірі шығып, онан кейін тоқтады. Оның саясат, педагогика, ғылым, шаруашылық, әдебиет және жергілікті хабар бөлімдері болды. Журналдың 2-нөмірінде К. Маркс пен Ф. Энгельстің қысқаша өмірбаяны аударылып басылды.

Журналдың 1919 жылы 15 июньдегі 7 нөмірінің бірінші беті Абайдың махаббат туралы бір шумақ өлеңімен ашылған. Әдебиет бөліміндегі З. Зұлқайыровтың «Қудалық» әңгімесінде мәдениетті жұрттарда қыз бен жігіт бірін-бірі сүйіп қосылады. Қазақтың әділетсіз құдалығы, қалың мал енді Совет өкіметі тұсында жойылды, қыз бен әйелдерге шын бостандық берілді дейді. Саяси бөліміндегі «Қазақ халқының оқуы» деген мақалада бұрын «қазақ өзінің балаларын орыс-қазақ мектебіне шын ықыласымен берсе, патша үкіметінің миссионері оларды

христиан дініне кіруге зорлап, дін жолында тәрбиелейді» деп келіп, автор «енді таң атып келеді, өнер-білімге жетілеміз» деп жазады.

Осы нөмірде Бөкей облысындағы мәдени-ағарту жұмыстары баяндалады. 1918 жылдың күзінде бөкейлік қазақ жастары «Жігер»¹ деген ұйым құрды. Осы ұйым мүшелері халық арасында пайдалы лекциялар оқыды, курстар ашты, қазақ тіліндегі үлгілі кітаптарды таратты, кітапхана ұйымдастырды. Сонымен қатар спектакль қойып, ел ішінде шаруа, денсаулық сақтау және басқа жайлардан кино көрсетті. Мәдениетшіл жастар мектеп жұмысына көмектесіп, шәкірттерді эскурсияға алып шықты. Сонымен бірге мақал, мәтел, жұмбақ, жыр секілді халық ауыз әдебиетінің мұраларын жинап, баспаға әзірледі.

Талапты жастардың күшімен музей ашылып, онда қазақтың жоғалып бара жатқан ескі мүлік-жиһаздары: киім-кешектері, қару-жарақтары, ер-тұрмандары, ыдыс-аяқтары көрмеге қойылды.

Құрманғазы сияқты күйші атасы болған елдің жастары ән-күйлерді нота жолымен үйреніп, музыка мектебін ашты, оған керекті музыка аспаптарын алдырды:

Осындай талапқа ұмтылған жастар ұйымға алынады. Бұл журналдың басқа нөмірлерін біз әлі кездестіре алмадық. Зерттеуді керек ететін қызықты журнал екені жоғарыда келтірілген материалдардан-ақ көрініп тұр.

«Қазақ тілі» газеті. Семей облысы ақгвардияшылар мен алашордашылардан азат етілгеннен кейін, 1919 жылы 4 декабрьде Семейде ревкомның атынан «Қазақ тілі» газеті шыға бастады. Оның қандай жағдайда шыққанын 1923 жылы 13 ноябрьдегі нөмірінде басылған «Бесінші 5 мыңнан асып» деген мақаладан аңғаруға болады.

«Қазақ тілі» газеті,— деп жазды автор,— қазақ ортақшыларының (коммунистерінің) басы құрала алмай жүрген уақытта шықты. Ол уақытта Кеңес өкіметінің жол-жобасын, құрылысын білетін кісі тұрғын халықтың арасында тіпті жоқ дерлік еді. «Қазақ тілі» сондай аласапыран уақытта тәуекелге бел байлап, қазақ еңбекшілеріне қызмет етті.

Алғашқы кезде кате, кемшіліктері болғанмен, «Қазақ тілі» Совет өкіметін нығайту жолында күресті. Семей губкомы мен Атқару Комитетінің органы болып Семей, Павлодар, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездеріне таралып тұрды. Газет редколлегияның қолымен жетісіне үш рет, көлемі төрт бет болып шықты.

«Қазақ тілі» газетінде басылған «Қазақ жұмысшылары»²

¹ Ч. Мусин. «Жастық мандатпен болашаққа». «Лениншіл жас» 16 сентябрь, 1978.

² «Қазақ тілі», № 14, 3 февраль, 1920.

деген көлемді мақалада казак кедейлерінің иеліктен жұмысшы болғаны, революцияға дейін казак жұмысшылары да қаналып келгені, олардың халі тек Совет өкіметі тұсында ғана жақсарғаны айтылады.

Газет халықтар достығы мен пролетарлық интернационализм идеясын насихаттады, тап жігін дұрыс түсіндірді. Совет өкіметінің жолында, — делінген жаңағы мақалада, — орыс, казак, татар деп бөлушілік жоқ. Жұмысшы және бай деген ғана айырма бар. Жаңа жол, жаңа заң бойынша жұмысшы атаулының терезесі тең, бәрінің халі бірдей ескерілмек. Жұмысшы біткен біріне-бірі қол беріп, бір кісінің баласындай болып ұйымдасып, өз мұқтажын қарастыру керек.

Қазак жұмысшыларына ерік беріп, дүние еңбекшілерінің санатына қостуға Семейдегі түрік қауымының ортақшыл (коммунистік ұйымының) бөлімі іске кірісті. Осы жолда шама келгенше күшімізді жұмсаймыз деді олар.

Бұдан кейін газет сол нөмірінде Семейде Совет өкіметі орнағаннан бері оқу жұмысы көркейіп, жанданып келеді деп жазды. Қалада казак балалары үшін үш мектеп, мұғалімдер даярлайтын тұңғыш казак мектебі ашылды.

Көрнекті жазушымыз Мұхтар Әуезов «Қазак тілі» газетіне белсене қатысты. Ол «Қазак оқығандарына»¹ ашық хат жазып, Октябрь революциясының алдында және азамат соғысының аласапыран кезінде алашордашылар ұлтшылдық дұзақ құрған шақта қадамын қалай басарын білмей, делдал болып келген кейбір казак оқығандарын адаспа, жөнінді тап та, Совет өкіметіне қызмет істе деп шақырды.

Газет қандай мәселелер көтеріп отырғандығын сонда басылған материалдардың тақырыптарынан көруге болады. Мысалы, 1920 жылғы бірсыпыра нөмірлерде «Әйел теңдігі туралы», «Барлық күш оқуға», «Жерден ізде» (егінді қалай салу керектігі жөнінде), «Жергілікті Совет өкіметінің құру» (съезд, сайлау туралы), «Қызылдар майданы» сияқты материалдар басылған.

Ақын әрі журналист Сәбит Дөнентаев 1923—1933 жылдары осы газетте қызмет етті. Ол жаңа өмірді жырлайтын әлеңдерімен қатар, өткір фельетон, жастар өмірі, әйел теңдігі, денсаулық жөнінде көптген публицистикалық мақала жазды, еңбекші хаттарын қорытты, тілшілерді газетке хабар жазуға үйретті.

«Қазак тілі» газеті кейін «Жаңа ауыл», «Социалистік шығыс», «Екпінді», «Семей правдасы», «Ертіс» деп аталып келді, (қазір «Семей таңы» деген атпен шығарылады).

Қирревкомның органы «Үшқын» газеті. Қазак АССР-нің және өлкенің партия ұйымын құруға әзірлік жасау жұмысы өмірге арнайы баспасөз органдарын келтірді. Қазак елін уа-

¹ «Қазак тілі», № 44, 17 апрель, 1920.

қытша басқаратын революциялық комитет (Кирревком) құрылысымен 1919 жылы 17 декабрьде «Ұшқын» және 1920 жылы 1 январьда «Известия киргизского края» газеттері шықты. Осы екі газеттен осы күнгі «Социалистік Қазақстан» мен «Қазақстанская правда» газеттерінің шежіресі басталды.

Қазақ еңбекшілерінің арасында партиялық және саяси жұмыстарды күшейту, оларды шаруашылық құрылысқа жұмылдыру үшін Кирревком сол кездегі Қазақстанның уақытша астанасы Орынборда 1919 жылы 17 декабрьде қазақ тілінде «Ұшқын» газетін шығара бастады.

Өзінің алғашқы нөмірінен-ақ «Ұшқын» газеті қазақ еңбекшілерін халықаралық және еліміздің ішкі жағдайларының аса маңызды оқиғаларымен, азамат соғысы майдандарындағы жайлармен таныстырып отырды. Халықты советтік құрылысқа белсене қатысуға, Қызыл Армияға көмектесуге жұмылдырды.

1919 жылы 17 декабрьде шыға бастаған «Ұшқынның» бірінші нөмірінде: «Қазақ жұртын билейтін өзгеріс һәм әскери комитеттің атынан жетісіне екі рет шығатын саяси, әдеби һәм шаруашылық газеті» делінген. Газет араб әрпімен сары қағазға басылған, көлемі 2 бет.

Газеттің бірінші беті «Ұшқынға» арналған құттықтау өлеңмен ашылған:

«Құтты болсын, жас «Ұшқынның», қадамың,
Алға бассын ақ ниетті талабың.
Тілегінде үлкен кіші азамат,
Еркін үшін еңіреген қазағың
Бұл ұшқыннан еркін жоспар табарсың,
Ең далаға ерінбестен барарсың...»

«Оқушыларға» деген бас мақалада Октябрь революциясының, большевиктер партиясының арқасында бұратана халықтардың бостандық алғанын айта келіп, автор газеттің маңыз, мақсатына тоқталады.

«...Мінеки, сәті жана түсіп жана талап «Ұшқын» алдарыңда сәлем беріп, қол қусырады, — дей келіп, бас мақалада одан әрі былай делінген: — Революцияны жасаған — фабрика, заводтарда неше жылдай нықтары жауыр болған жұмысшылар мен түрлі еңбекшілер. Олар болмаса, олар бастамаса, қазақ сияқты бұратана жұрт, босағадан оза алар ма еді... Бізге жол салып, жөн көрсеткен ішкі Россияның жұмысшылары, бізге олардан түсіп отырған ұшқын ұлғайып жалын ата лауламақшы... (п/ж біздікі — Х. Б.) «Ұшқын» газетінің мақсаты шаруа халқына бас-көз болу, саяси халдер, маңызды мәселелер, соғыс хабарлары, сыртқы-ішкі хабарлар, әйелдер туралы, ел хабарлары, тағы басқалар туралы жазып тұрмақ».

Газеттің аты «Ұшқыннан жалын лаулайды» деген ұранмен шығарылған лениндік «Искраның» құрметіне «Ұшқын»

деп қойылғаны жоғарыдағы бас мақаланың пікірінен айқын көрініп тұр.

Осы нөмірдегі «Жалпы қазақ съезіне әзірлік» деген хабарда Құрылтай жиналысына Қазақстанның барлық түкпірінен өкілдер қатыспақ, онда өкімет орындарын сайлаумен қатар, жер-су, азық-түлік жайында, мал шаруашылығы туралы мәселелер шешіледі, жаңа Декреттер қабылданады. Сондықтан осы жиында қойылатын мәселелерді еңбекші халықтың тілегіне сай шешуге әзірленіп келіндер деп делегаттарға ескертеді.

Осы жылы 2—12 декабрьде Россия коммунистерінің жалпы жиналысы ашылды, онда Ленин сөз сөйлеп, ішкі-сыртқы жағдай туралы, азық-түлік жайында және басқа мәселелерге тоқталды деп жазды газет.

Сөйтіп газет Коммунистік партияның, В. И. Лениннің басшылығы туралы дер кезінде еңбекшілерге хабарлап отырған.

Қолчак пен Деникинді талқандағаннан кейін Совет республикасы уақытша бейбіт тыныс алды. Соғыста бүлінген шаруашылықты түзетуге кірісті. 1920 жылы мартта болған партияның IX съезі еліміздің алдында тұрған саяси, шаруашылық міндеттерді белгіледі. Үгіт-бұқаралық жұмыс жүргізуде баспасөздің маңызды роль атқаратынын ескерсе отырып, съезд мемлекет және өнеркәсіп орындарына қағаз жасап шығару ісін жақсартуды, полиграфиялық істі жолға қоюды міндеттеді. Сонымен қатар съезд партиялық баспасөз шаруашылық құрылысқа ерекше назар аударуға тиіс деп атап көрсетті.

Партияның IX съезінің шешімдерін орындау жолында, Қазақстан баспасөзі партия ұйымдарына түрлі саяси-бұқаралық аса маңызды науқандарды өткізуде үлкен көмек көрсетті. Жергілікті газеттер өз беттерінде «Майдан апталығы», «Ауырған және жараланған қызыл әскерлерге көмек апталығы», «Коммунистік еңбек сенбілігі» және осылар сияқты шараларды ұйымдастырды. Қазақстан еңбекшілері партияның оның басшылық органының шақыруына бірауыздан үн қосып, тыл және әскери майданға көп көмек етті. Мысалы, Ақмола губкомының газеті «Мир труда» 1920 жылғы 18 февральдағы нөмірінде еңбекшілерді бүлінген шаруашылықтарды түзеу үшін аттанысқа шығуға шақырды. Келесі күнгі нөмірінде сенбілікке үш мыңнан астам адам қатысқандығы туралы хабарлады.

Бірақ уақытша бейбіт тыныс көпке бармады. 1920 жылғы апрельде Антанта империалистері Советтік Россияға қарсы жаңа жорық бастады. Елімізге қатерлі қауіп қайта төнді. Барлық күш Антаның жаңа жорығын талқандау ісіне жұмылдырылды. Бұл істе де Қазақстанның жергілікті баспасөзі үгіт, насихат, ұйымдастыру ролін атқарды. Кирревкомның «Ұшқын», «Известия», газеттері «Қазақтар майданға аттанды» деген хабарда қазақтың жеке атты әскер эскадроны жауынгерлерінің жиналысы болып, онда бәрі бір ауыздан Батыс майданға аттануға, Совет өкіметін қорғауға әзір екендігі ту-

ралы жазды. «Біз, жеке атты әскер эскадронының, жігіттері мен командирлері, Россия республикасының жұмысшылары мен шаруаларының бауырымыз, олардың мүддесі — біздің мүддеміз»¹ деп мәлімдеді еріктілер.

1920 жылы 30 апрельде Қазақстан РКП (б) облыстық бюросының ұйымдастырылуы бірыңғай өлкелік партия ұйымдарының құрылуына негіз болды. Облыстық бюро Қызыл Армияға барынша көмек көрсетуге баса көңіл бөлді. Кирревкоммен бірлесіп, облыстық бюро Қазақ ССР-ін құруға әзірлік жүргізді.

Қазақстан Советтерінің Құрылтай жиналысы қарсаңында жергілікті баспасөз қазақ және орыс халықтары арасындағы достықты, Октябрь революциясы арқасында қазақ кедейлері мен өлкенің барлық еңбекшілері өмірінде болып отырған түбірлі өзгерістерді кең насихаттады.

Қазақ еңбекшілері арасында партияның ұлт саясатының негіздерін насихаттауда және Советтердің Құрылтай жиналысына әзірленуде Кирревкомның «Ұшқын» газетінің ролі зор болды. Газет қазақ еңбекшілеріне өзінің аңа тілінде жергілікті Советтер сайлауының ережесін түсіндірді, Совет өкіметінің жергілікті органдарына және Құрылтай съезінің делегаттарына еңбекшілердің таңдаулы өкілдерін сайлауға шақырды.

Айта кету керек, полиграфиялық мүмкіншіліктердің нашарлығынан және кадрлардың жеткіліксіздігінен алғашқы қазақ совет газеттерінің дәрежесі төмен болды. Тіпті өлкелік «Ұшқын» газеті мезгілінде шығып тұрмады. 1920 жылдың май — июнь айларында екі жетіде бір рет шықты. Тек 1920 жылғы октябрьде Советтердің Құрылтай съезі шақырылуына байланысты біраз уақыт жетісіне екі рет шығарылды.

«Ұшқынның» 1919 жылы барлығы 37 нөмірі жарық көрді. Соңғы нөмірі 1920 жылы 27 октябрьде шықты. Республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің тарихы Қазақстанның алғашқы үкіметі — Кирревкомның атынан шыққан большевиктік «Ұшқын» газетінен басталады.

1920 жылы 4 октябрьде советтік федерация негізінде Қазақтың Автономиялы Советтік Социалистік Республикасы құрылды. Қазақстан Советтерінің бірінші Құрылтай съезінің материалдары, Қазақ АССР-і еңбекшілері правосы жайындағы Декларациясы және Қазақстан Советтерінің Орталық Атқару Комитетінің алғашқы Декреттері «Ұшқын» газетінде жарияланды.

Республикалық және жергілікті партия-совет баспасөзі азамат соғысы аяқталғаннан кейін жас Қазақ республикасын нығайту, халықтар достығын насихаттау жолында, еңбекші-

¹ «Киргизы пойдут на фронт». «Известия киргизского края», 12 июня, 1920.

лерді халық шаруашылығын қалпына келтіру күресіне жұмылдыру жолында үлкен жұмыстар жүргізді.

«Қазақ халқы тепкі көрген халық. Бұл күнде тепкіден құтқарушы коммунизм, тең қылатын коммунизм. Қазақ оқығандары құшағын ашып, коммунизм жолына түседі» (15 ноябрь, 1920 жыл).

Бұл партиялық принципте жазылған жақсы мақала. Қазақстан Компартиясы ұлы державалық шовинизмге және жергілікті ұлтшылдыққа қарсы ымырасыз күрес жүргізе отырып, Қазақтың Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының ірге тасын қалап, онан әрі нығайта берді. Бұл күресте баспасөз Қазақстан партия ұйымының айбынды құралы болды.

1920 жылы 16 ноябрьде «Ұшқынның» орнына РКП (б) облыстық бюросы мен Қазақстан Советтерінің Орталық Атқару Комитетінің органы болып «Еңбек туы» газеті шыға бастады.

«Еңбек туы» газетінде саяси, шаруашылық және совет құрылысы мәселелері жөніндегі хат, мақалалармен және ресми материалдармен қатар көркем әдебиет шығармалары да жарияланды. Мысалы, осы газетте «Болат» деген бұркеншік атпен Баймағанбет Ізтөлиннің Октябрь революциясын, Совет өкіметін жырлаған өлеңі басылды.

Сонымен, шетел интервенциясы және азамат соғысы кезінде жергілікті баспасөз қазақ халқының барлық күші мен жігерін қас жауларға қарсы күреске жұмылдыруда айтарлықтай роль атқарды. Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын насихаттай отырып, баспасөз еңбекші халықтың Отанға, Совет өкіметіне деген жап қиярлық ерлігін паш етіп жазды.

**ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІ РЕСПУБЛИКАНЫҢ ХАЛЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖОЛЫНДАҒЫ
КҮРЕСТЕ (1921—1925)**

Азамат соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін коммунистік партияның алдында өте қиын кіндет — соғыста бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру міндеті тұрды.

Партия азамат соғысы кезінде: «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұран көтерді. Жұмысшы табының, еңбекші шаруалардың барлық күші интервенттер мен контрреволюцияшыларды талқандауға жұмсалды.

Мұның үстіне Қазақстанда өз ерекшеліктеріне байланысты қиыншылықтар да кездесті. Қазақ ауылдарында патрнархалдық-феодалдық қатынастардың қалдықтары әлі жойылған жоқ еді. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында бай-феодалдардың сағы сынғанмен, саяси және шаруашылық жөнінен ауылда ықпалы әлі күшті болатын. Байлар еңбекшілерді өсімқорлық-кіріптарлық жолымен қанауды күшейтті. Олар өзіне бағынышты кедейлер мен жалшыларды азғырып, Совет өкіметіне қарсы күреске үгіттеді.

Контрреволюцияшыл ақ бандылар мен буржуазияшыл ұлтшылдардың қалдықтары бай-кулактарды айдап салып, әр жерде бүлік шығарта бастады. Жергілікті партия ұйымдары еңбекшілерді бай-кулактардың бүлігіне қарсы күреске аттандырды. Совет өкіметі үшін күресте көптеген коммунистер жанын қиды¹. Мысалы, Қызылжар (Петропавл) уезінде 1921 жылы коммунист Баймағамбет Ізтөліп жауларға қарсы ерлік күресте қазаға ұшырады².

1921 жылы мартта партияның X съезі шақырылды. В. И. Лениннің баяндамасы бойынша жаңа экономикалық саясатқа көшуді мақұлдап, салғыртты азық-түлік салығымен ауыстыру туралы шешім алды. Съезд халық шаруашылығын қалпына келтіру және социализм орнату міндеттерін белгіледі.

НЭП-тің негізгі принциптерін Қазақстанның өзіне тән ерекше жағдайларына қарай қолдану қажет болды. Өйткені ол

¹ Очерки Коммунистической партии Казахстана, стр. 191.

² Газета «Мир труда», № 18, 20 апрель, 1921.

кезде Қазақстанда жұмысшы табы өте аз, ал халықтың басым көпшілігі шаруалар, оның үстіне көп ұлтты шаруалар еді. Капитализммен ғана күрестің қоймай, сонымен қатар патриархалдық-феодалдық қатынастарды түп тамырымен құрту, Қазақстанның еңбекші халқының капиталистік даму сатысына соқпай, социализмге өтуін ұйымдастыру керек болды.

Қазақстан партия ұйымы өзінің алдына қойылған осындай зор әрі қиық міндеттерді табандылықпен жүзеге асырып отырды. Бұл міндеттерді орындау үшін Қазақстан Компартиясы ең алдымен орыс жұмысшы табы мен қазақ еңбекші шаруалары арасындағы достық қарым-қатынастарды бекіту, олардың одағын жаңа экономикалық негізде нығайту, өлкені мекендеген барлық халықтардың еңбекшілерін топтастыру жолында көп жұмыстар жүргізді.

Республикамызда халық шаруашылығын қалпына келтіру және социализмге негіз жасау үшін күресте Қазақстанның партия және совет баспасөзі үлкен роль атқарды, алда тұрған қиын да зор міндеттерді жүзеге асыруға көмектесті. Әсіресе, қазақ совет баспасөзі буржуазияшыл-ұлтшылдардың қазақ қоғамында тап жоқ деген сандырағын әшкерелей отырып, кедей мен жалшының таптық санасын оятуға себепші болды. Сонымен қатар халықтар достығы мен пролетарлық интернационализм идеяларын насихаттады.

Қазақ баспасөзі «Правда» газетінен үлгі, өнеге алып отырды. Қандай мәселені көтеруді, қалай жазуды содан үйренді. «Правда» бұл жылдары Қазақстан партия ұйымына және қазақ баспасөзіне баға жетпес көмек көрсетті.

«Правда» және Қазақстан РКП(б) Орталық Комитеті Қазақстан партия ұйымына тікелей басшылық етіп отырды. Қазақстанның облыстық бірінші партия конференциясын әзірлеп, өткізуде республика партия ұйымдарына іс жүзінде көмек көрсету үшін РКП(б) Орталық Комитеті Қазақстанға Е. Ярославский бастаған комиссия жіберген болатын.

1921 жылы июньде Орынборда Қазақстан облыстық партия ұйымының бірінші конференциясы өткізілді. Онда Е. Ярославский жолдас қатысып, Бүкіл россиялық X партия конференциясы туралы баяндама жасады. Конференция республикалық бірінші партия комитетін — обком — құрды.

Қазақстанға келген сапарына байланысты Е. Ярославский «Правда» газетіне мақала жазды¹. Ол Қазақ республикасының өзіне тән революциялық дәстүрлері, әсіресе азамат соғысының тарихына, Совет өкіметі үшін жүргізілген күрес тарихына лайық істері бар екенін айтты. Орынбор жұмысшылары атаман Дутовтың сойқанына табандылықпен тойтарыс берді. Ақыры Орынбор пролетарлары жеңді. Оларға революция ісіне шың

¹ Е. м. Ярославский. 25-летие РКП(б) в Оренбурге. «Правда» № 69, 29 марта, 1923.

берілген, ұлтшыл алашордашыларға қарсы күреске шыққан қазақ атты әскер бөлімі көмектесті.

«Правда» газеті осы кезде Қазақстанда партия ұйымының жұмысындағы жетістіктерді, сонымен қатар кемшіліктерді және оның себептерін көрсетіп жазып отырды. 1921 жылы 15 ноябрьде «Правда» газетінде Қазақстан партия ұйымы жұмысының жайы туралы корреспонденция жарияланды. Өлкеде, — делінген хатта, — партия аппараты әлі де әлсіздеу. Бұл әлсіздіктің негізгі бір себебі — өлкеде өнеркәсіп пролетариатының аздығында және қазақ кедейлерінің әлі де болса байлардың құлдығынан құтыла алмай отырғандығында.

Расында ол кезде Қазақстандағы өнеркәсіп орындарында, көбінесе бытыраңқы ұсақ өндірісте, 60 мыңға жуық адам ғана жұмыс істейтін еді.

Қазақстан партия ұйымының жұмысындағы ол кездегі басты кемшіліктің екінші бір маңызды себебі — қазақ коммунистерінің аздығы делінген. Өлкедегі 26 мыңнан аса коммунистердің 10 проценттейі ғана қазақ болған. Ал қазақ коммунистерінің көбінің саяси дайындығы аз, партия, совет қызметіндегі тәжірибесі жеткіліксіз еді.

Осыны еске ала отырып, РКП(б)-ның Кириблыстық Комитеті арнаулы қаулы алды. «Правда» газетінде басылып шыққан хатқа қарағанда, Қазақстан партия облыстық комитеті партия қатарын тазалау аяқталысымен дереу партия қатарына жұмысшыларды және қазақ кедейлерін тарту үшін арнайы екі апталық өткізілсін деп ұйғарды. Партия мүшелерінің идеялық дәрежесін көтеру үшін қысқа мерзімді саяси курстар өткізілетін болды.

Сонымен қатар партия және совет жұмысына қазақ қызметкерлерін даярлау ісіне ерекше назар аударылды. Сол мақсатпен өлкеде сегіз айлық совет-партия мектебі ашылып, мұнда 300 адам оқыды.

Қазақ кедейлерін байлардың ықпалынан құтқару жөнінде облыстық партия комитеті нақты шаралар белгіледі.

«Правда» газетінде жарияланған корреспонденцияда қазақ тілінде айына екі рет «Қызыл Қазақстан» журналы және аптасына екі рет «Еңбекші қазақ» газеті шыға бастағаны айтылды.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы күресте ең алдымен партия-және совет жұмысын жолға қоюдың маңызы өте зор болды. 1923 жылы 17—22 мартта болған Қазақстан ІІІ облыстық партконференциясының күн тәртібіндегі басты мәселе қазақ аулындағы партия және совет жұмысының әдістері туралы болды.

Конференция Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын бұлжытпай жүзеге асыру ұранымен өтті. Бұл мәселе жөнінде екі майданда бірдей — ұлы державалық шовинизмге қарсы және жергілікті ұлтшылдыққа қарсы ымырасыз күрес

жүргізу қажеттігі атап көрсетілді. Ауыл мен деревнядағы партия жұмысын жақсартудың шаралары белгіленді.

«Правданың» 1923 жылғы 7 апрельдегі нөмірінде басылған екінші мақаласында Е. Ярославский өзі Орталық Комитеттің өкілі ретінде қатысқан Қазақстан партия ұйымының III конференциясынан алған әсерін суреттеді. Ол бұл конференцияда қазақ коммунистерінің өкілдері көп екенін, соның ішінде бұл конференцияға тұңғыш рет бір топ қазақ жұмысшыларының қатысып отырғанын атап көрсетті. Бұл қуанарлық факт, тұрасын айтсақ, мұның өзі Коммунистік партияның негізгі тірегіне жаңа ғана бет бұрғандық болып табылады деді. Бұдан кейін ол қазақ кедейлері мен жалшыларын байлардың иқпалынан қайткенде де құтқарып алудың қажеттігін айтты. Мұны тек саяси үгіт негізінде емес, бірқатар экономикалық шаралар қолдану негізінде іске асыру керек. Алдымен кедейлер мен жалшыларға жер кесіп беріп, отырықшыландыру, басқа да көмек көрсету қажет деп жазды.

Е. Ярославский қазақ жұмысшыларының саны әлі күнге дейін есепке алынбағанын, олардың арасында коммунистік жұмыс жүргізілмегенін, қазақ тілінде партияның программасы мен марксистік әдебиет жоқ екенін үлкен кемшілік деп көрсетті. Е. Ярославский Орталық Комитеттің өкілі ретінде Қазақстан партия ұйымы ұлт пролетариатының тобын құрып, өздерінің жұмысын осы топқа арқа сүйеп жүргізеді деп сенім білдірді.

«Правда» газеті партияның XII съезінің делегаты Алма Оразбаеваның жарыс сөзге шығып сөйлеген сөзінің қысқаша мазмұнын жариялады. Оразбаева жолдас, — делінген онда, — шет аймақтарда ұлт саясатын жүргізгенде таптық моментті ескеруді атап көрсетті. Ұлт мәселесі жөніндегі тезистерді бұрын езгіде болған ұлттардың еңбекшілері мен кедейлерінің таптық саналылығын көтеру жөніндегі жұмыстар туралы директивамен толықтыру қажет. Сондай-ақ бұл тезистерге әйелдер арасындағы жұмысты күшейту туралы пункт енгізу керек деді¹.

Халық шаруашылығын қалпына келтіруде, әсіресе, Қазақстан үшін темір жол транспортының маңызы өте зор еді. «Правда» 1920 жылы елімізге аса қажетті мұнай өнімін жеткізу үшін Александров — Гай — Ембі, астық, мақта және басқа жүктер таситын Самар — Златоуст, Троицк — Ақтөбе — Ташкент темір жолдары салына бастағанын, сондай-ақ 1922 жылы 5 июльде Қазақстанда Совет өкіметі тұсында салынып біткен темір жолдың алғашқысы: Петропавл — Көкшетау жолы пайдалануға берілгенін хабарлады. Солтүстік Қазақстандағы бірінші болат жол В. И. Лениннің инициативасы бойынша және қадағалап көңіл бөліп отыруымен салынған. Бұл

¹ «Правда», 25 апрель, 1923.

жолды салу туралы РСФСР Совнаркомының қаулысы Солтүстік Қазақстанда азамат соғысы аяқталысымен — 1920 жылы августа қабылданған болатын. Жаңа құрылыста В. И. Лениннің қолы қойылған мандатпен екі уәкіл болғанды. 1921 жылы августа В. И. Ленин темір жол мәселесі жайында Петропавл ревкомының адресіне телеграмма жіберді. Болат жол ол уақыттағы рекордтық мерзімде — екі жыл толмай салынған бітті. Ленин құрылысшыларды құттықтап телеграмма соқты. Құрылысшылардың қаһармандық еңбегі жоғары бағаланып, олар Қазақстанда бірінші болып Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды¹.

В. И. Лениннің инициативасы бойынша салынған болат жол қазақ даласын онан әрі бойлап, енді республиканың солтүстігі мен оңтүстігін байланыстырған трансқазақстандық магистраль болып алды.

Жетісу темір жол құрылысының Әулиеата (Жамбыл) — Пішпек (Фрунзе) учаскесінде жұмыс 1924 жылы 11 августа аяқталып, сол күні салтанатты түрде жол ашылды. Осыған байланысты «Правда» сол жылғы 14 августағы нөмірінде көлемді екі материал берді. Бұл учаскедегі жолды салу жұмысы жол салушылардың қажырлы еңбегі нәтижесінде үкімет белгілеген мерзімінен екі ай бұрын аяқталды.

Әулиеата — Пішпек магистралы, — деп жазды «Правда» — «Жетісу темір жол құрылысының ең маңызды бөлегі, бұл Жетісу астығын мақталы аудандарға, ал мал шаруашылығы өнімдерін одақтың орталықтарына жеткізуге жол ашады».

Бұл жолдың салынуына байланысты қазақ еңбекшілері алдында партия мен Совет өкіметінің беделі арта түсті. Бұл жөнінде «Правда» мынадай тартымды мысал келтірді: Мерке станциясында болған митингіде алыстағы ауылдан келген ақ шашты қария:

— Патша тұсында темір жол дегенді тек естіген едік, ал Совет өкіметі көзімізге көрсетіп, қолымызға ұстатты, — делі.

Бұл жолдың, — деп жазды «Правда» онан әрі, — бүкіл езілген Шығыс үшін де саяси маңызы зор. Империалистердің құлдығына түскен шектес елдерге Совет өкіметі салған керемет «от арба» туралы хабар жеткенде, олардың халқын азаттық жолын іздеуге рухтандырады.

Бұдан Коммунистік партияның қазақ еңбекшілерін совет құрылысына тартуға, қазақ совет мемлекетін құруға, республикамыздың барлық ұйымдарын, еңбекшілерін халықтар достығы рухында және өзара туысқандық ынтымақ рухында тәрбиелеуге үнемі қамқорлық жасап отырғаны айқын көрінеді.

¹ Большая биография стального пути. «Казахстанская правда», 25 июля, 1921.

Сол 1923 жылы 17—25 апрельде болған партияның XII съезі ұлт республикалары туралы мынаны атап көрсетті: «Пролетариат совет құрылысында ұлт мәселесін дұрыс шешудің кілтін тапты, ол бұдан ұлттардың тең праволылығы мен еріктілігі негізінде тұрақты көп ұлтты мемлекетке ұйымдастырудың жолын ашты». Съезд совет ұлт республикаларының іс жүзіндегі тендігін қамтамасыз ету орыс жұмысшы табының пәрменді және түпкілікті көмегінің негізінде ғана мүмкін екенін тағы да баса айтты.

«Еңбекші қазақ» газеті. РКП(б) X съезі ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттер туралы қарарында бәрінен бұрын ұлт аймақтарында өздерінің ана тілінде жұмыс істейтін мемлекеттік аппараттары, мектептері, театрлары және мәдени-ағарту мекемелері, баспасөздері дамытылуына көмек көрсетілсін деді.

Жаңа экономикалық саясат жағдайында партияның идеологиялық жұмысы ерекше маңыз алды. Коммунистік партия ең алдымен баспасөздің ұйымдастырушылық ролін күшейтуді талап етті. Социалистік құрылыс кезінде баспасөздің ролі бұқараны коллективтік ұйымдастырушы ретінде анағұрлым арта түсті. Баспасөздің аса маңызды міндеттерінің бірі — партияның бұқара арасындағы таянышы көптеген актив құру жұмысы болды.

Қазақстанның партия-совет баспасөзі бейбіт жұмысқа көшу кезіндегі басты міндеті — өзінің қызметінде кезек күттірмейтін осы міндеттерге баса назар аударды.

Қазақстан облыстық бірінші партия конференциясы (июнь 1921 ж.) Қазақстанның жергілікті баспасөзі өз міндетін әлі де ойдағыдай атқара алмай отырғандығын, әсіресе қазақ тіліндегі газеттердің қойылуы өте нашар екендігін атап көрсетті. Конференция қазақ халқының арасында бұқаралық үгіт жұмыстарын жақсарту қажеттігіне ерекше көңіл бөлді. Сонымен бірге бүкіл баспасөздің, өте-мөте қазақ баспасөзінің дәрежесін күрт көтеруді талап етті.

Коммунистік партия баспасөзге басшылық ете отырып, оның қызметінің программасын айқындап, белгілі кезеңде оның алдына қойылатын нақтылы міндеттерді ұсынып отырды.

Осы нұсқауларға сәйкес, Қазақстан партия ұйымының облыстық комитеті 1921 жылы майда тоқталып қалған «Еңбек туы» газетінің орнына қазақ тілінде өлкелік газет шығару туралы шешім қабылдады. Журналист кадрларын іріктеп алу, полиграфиялық жабдықтармен қамтамасыз ету жөнінде дайындық жұмыстары жүргізіліп жатты.

Бұдан бұрынғы «Ұшқы» мен «Еңбек туының» жалғасы ретінде Ұлы Октябрь социалистік революциясының төрт жылдық мерекесі күні — 1921 жылы 7 ноябрьде Орынборда Қазақстан Өлкелік партия комитеті мен Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің органы «Еңбекші қазақтың» бірінші

нөмірі шықты. Құрамында С. Сейфуллин (редактор), С. Мұқанов, А. Сегізбаев және басқалар болған бірінші редколлегия құрылды.

Бұрын Орынборда 1920 жылы 1 январьда «Известия Киргизского края» деген атпен шыға бастаған газет, сол жылы «Степная правда» болып өзгерді. 1923 жылы 20 ноябрьден газет «Советская степь» деп аталды. Ал 1932 жылғы январьдан бері ол «Казахстанская правда» аталып келеді.

«Степная правда» және «Еңбекші казак» өздері шыға бастаған күннен-ақ өлкенің қалалары мен ауылдарындағы еңбекші халықты большевиктер партиясының төңірегіне топтастыруға елеулі ықпал етті. Әсіресе, ауыл кедейлерінің байларға қарсы күресіне көмектесу мақсатында казак халқынан адал перзенті Әліби Жанкелдиннің басшылығымен ұйымдастырылған «Қызыл керуен» сапарына журналистердің белсене қатысуы баспасөздің бұқаралық жұмысының тамаша үлгі-өнегесі болды. Керуен Ақтөбе даласынан Ертіс жағалауларына дейін жылжи отырып, үндесу хат, бюллетень шығарып, еңбекшіл халықты Совет өкіметін қолдауға, бай мен кулактарды әшкерелеуге шақырды.

Өлкелік газетгер қиын жағдайда — азамат соғысында бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру, Қазақстанның кейбір жерлерінде құрғақшылық болып, егін шықпай ашаршылық болған жағдайда шықты. Қазақстан партия ұйымы еңбекшілер бұқарасын Совет өкіметін нығайту, халық шаруашылығын қалпына келтіру, қиыншылықтарды жеңіп шығу күресіне жұмылдырды.

Жас Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Россия Федерациясының күшті көмегі арқасында бұғанасы қатып, буыны беки берді. Аштықтың зардабы бірте-бірте жойылды. Халық шаруашылығы қалпына келтіріле бастады. Жаңа экономикалық саясат жүргізіліп, шаруашылық және мәдениет құрылысы саласында алғашқы адымдар жасалды. Қазақ АССР-і құрылуының екі жылдығы күні өлкелік «Степная правда» газеті: «Өткен екі жыл жас Қазақ республикасы үшін өте ауыр болды, бірақ қандай орасан зор жұмыстар істелді» деп жазды.

«Еңбекші қазақтың» 1921 жылғы 7 ноябрьдегі бірінші нөмірі «Астық үшін күрес — социализм үшін күрес» деген бас мақаламен ашылды. Бас мақала Совет өкіметі өткен көктемнен бастап ендіктен жаңа экономикалық саясатқа көшкенін, азық-түлік салықты ендіктен азық-түлік салығымен ауыстырылып отырғанын түсіндірді. Бірақ әлі де астықтың көпшілігі бай-кулактың қолында болғандықтан, астық дайындаудың қиыншылығы, бұл жөнінде қалың бұқараның көмегі керек екені көрсетілді. Қазақтың еңбекші шаруалары өзінің ана ті-

лінде түсінікті жазылған мақаланы қызыға оқып немесе үгітшілер аузынан көңіл қоя естіп, газеттің шақыруына үн қосты.

Мақала авторы жоғарыда айтылған жайларды дәлелдеу үшін В. И. Лениннің сөздерінсің үзінділер келтіріп отырған. Сондықтан мақала өзінің мазмұндылығымен оқушыны тартты.

Қазақстан партия ұйымының облыстық және губерниялық комитеттері қағаздың тапшылығын ескере отырып, баспасөздің көпшілікке жетуін қадағалап, тиісті шара қолданып отырды. Мысалы, бірсыпыра губернияларда мекемелердің жаздырып алуын қысқартудың есебінен ауыл мен деревняға таралатын газеттердің саны көбейтілді. Жергілікті партия ұйымдары газетті көрнекті жерлерге жапсырып қойып, көпшілік оқуын ұйымдастырды.

1922 жылы 3 февральда болған Қазақстан партия ұйымының II облыстық конференциясы партия жұмысының маңызды мәселелерімен қатар, баспасөз жайына да назар аударды. Конференция Қазақстан газеттері партия, совет және шаруашылық құрылымы жөнінде өте нашар жазып отырғанын атап көрсетті. Осыған байланысты конференция барлық партия комитеттеріне қажетті мөлшерде дайындығы бар қызметкерлер бөліп, қазақ тілінде көпшілікке арналған газеттер шығаруды, қаражатпен, қағазбен қамтамасыз етуді, журналистердің еңбек ақысын реттеуді, кәсіпорындағы, ауыл мен деревнядағы тілшілермен жұмысты жақсартуды, барлық редакцияларда хат және анықтама бөлімдерін ұйымдастыруды жүктеді.

РКП (б) XI съезі баспасөзге партия басшылығын күшейтуді, баспасөздің жергілікті өмір мәселелерін, еңбекшілердің партия мен үкімет алға қойған міндеттерді орындау жолындағы күресін көбірек көрсетуді талап етті.

Халық шаруашылығын қалпына келтірудің алғашқы жылдарында Қазақстан баспасөзі партия ұйымдарының басшылығымен өлкенің еңбекшілерін шаруашылық құрылыстың міндеттерін орындауға жұмылдыруда белгілі жұмыстар істеді.

Қазақтың ұлтшыл-уклонистері Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын бұрмалап, кейбір саяси көзқарасы пісіп жетілмеген, ұстамсыз қызметкерлер арасында большевиктердің рухына жат жікшілдік топтар құруға тырысты. Қазақстан партия ұйымы ұлтшыл-уклонистерге қарсы мейрімсіз күрес жүргізе отырып, өзінің өткір құралы етіп, «Еңбекші қазақ» пен «Степная правданы» күннен күнге жетілдіре берді. Сәкен Сейфуллин редактор болып тұрған кезінде «Еңбекші қазақ» газетінде 1922 жылы 7 ноябрьдегі 52-нөмірінде өзі жазған «Октябрь һәм ұлт саясаты» деген үлкен бас мақала жариялады. Онда кемеңгер Ленин ұлт-азаттық қозғалысын барынша қолдап, Октябрь революциясының арнасында қаһарман орыс жұмысшы табының күресімен табыстыра білгенін, езгі көрген халықтардың теңдік, әділеттікті аңсаған ғасырлар бойғы арманын тек лениндік ұлт саясаты шешіп отырғанын атап

көрсетті. Партияның осы лениндік саясатқа негізделген сара жолынан ауытқушылық барып тұрған опасыздық, сатқындық болады деп алашордашылар мен ұлтшыл-уклонистерді айыптады.

1922 жылы 8 сентябрьде «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде РКП(б) Орталық Комитетінің республика коммунистеріне жолдаған хаты жарияланды. Бұл хатта өлкенің партия ұйымдарының НЭП жағдайында істейтін қызметінің айқын программасы көрсетілді. Жаңа экономикалық саясат,— делінген онда,— партияның X съезінің ұлт мәселесі жөніндегі қаулыларының маңызын жоймайды, қайта оны күшейте түседі, қазақ және орыс кедейлерінің топтасуының, оларды партия, совет және шаруашылық құрылысқа тартудың қажет екендігін көрсетеді. Партияның Орталық Комитетінің бұл хатының Қазақстан партия ұйымдарының және баспасөздің барлық идеологиялық жұмыстарын жақсарту үшін үлкен маңызы болды.

1923—1924 жылдары «Еңбекші қазақ» газеті партия нұсқауларын басшылыққа ала отырып, идеология майданындағы, әсіресе әдебиеттегі бұрмалаушылықтарға қарсы күресті. Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары» «Шолпан» журналында орынсыз сыналғанда «Еңбекші қазақ» газеті қазақ әдебиетінің беталысын жаңа ағымға бұрып, жол салған «Қызыл сұңқарлар», сондықтан бұл жыл құсы деп көрсетті¹.

Москвадағы Күншығыс халықтарының коммунистік университетінің бір топ қазақ студенттері өздерінің редакцияға жазған хатында Нәзір Төрекүловтың орынсыз сындарына наразы екендігін білдіріп, Сәкеннің «Асау тұлпарларының» идеялық мазмұнын мақұлдады².

Сәбит Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер» деген мақаласында буржуазияшыл ұлтшылдардың идеологиясына мықтап соққы берілді³.

«Еңбекші қазақ» газеті 1924 жылғы 19 февральдағы нөмірінде Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» деген лекциясының қысқаша мазмұнын жариялады. Бұл қазақ әдебиетін марксизм ілімі негізіне сүйеніп жазылған жаңа бастама еді. Турпайы социологияға салынған сыншылар, әсіресе ұлтшылдар Сәкеннің әдебиет тану жөніндегі көзқарастарын теріске шығаруға тырысты. Мысалы, Темірбай деген біреу «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 412 нөмірінде басылған «Қазақ әдебиетінің тарихынан» деген мақаласында Сәкеннің лекциясын сынап қана қоймай, оның жеке басына тіл тигізуге дейін барды.

Осыған байланысты «Еңбекші қазақ» газетінде Рабит Мүсіреповтың «Қисық сынға әділ төре» деп аталған мақаласы ба-

¹ «Еңбекші қазақ», № 64, 2 февраль, 1923.

² «Еңбекші қазақ», № 116, 2 август, 1923.

³ Сонда, № 69, 1923.

сылды. Онда автор әлгі Темірбай дегеннің сыны қисық, дөрекі екенін айта келіп, Сәкеннің қазақ әдебиеті тарихын ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп екі дәуірге бөлуі дұрыс екенін дәлелдеп көрсетті¹.

Рас, Сәкен алғашқы кездегі кейбір шығармаларында (мысалы, «Азия» деген өлеңінде) елеулі саяси қателер жіберді. Ұлтшылдар оның осы қате, кемшіліктерін шу етіп көтерді. Сәкеннің жоғарыда аталған өлеңінің идеялық қателіктерін Қазақстан Өлкелік партия ұйымының 1923 жылғы III конференциясы әділ сынға алды. Осы конференцияға қатысқан РКП(б) Орталық Комитетінің өкілі Е. Ярославский Сәкен бұл өлеңінде тап күресіне жете мән бере алмағандығын атап өтті. Партиялық баспасөз сол кезде Сәкен шығармасы жөнінде дұрыс сын жазып, кейбір қателіктерін ашып көрсетті². Сәкен «өзінің жолымен ілгеріледі. Кейде осы жолдың даңғылына түспек ниетте шалыс басып, бұралаң жүргендігі де байқалады. Өйткені бұл жол — сұрлеуі жоқ, жаңа жол, бұрын ешкім жүрмеген жол³» делінген.

Жынымасыншы жылдардың екінші жартысында ұлтшылдар қосақ арасында қоса әкету үшін «Садуақасовшылардың», «Қожановшылардың» қатарына «Сейфуллиншілдер» дегенді қосып атады. 1929 жылы Сәкен «Менің қателіктерім туралы»⁴ деген мақаласында өзінің қате, кемшіліктерін большевикше мойындады. Кейін бұл кемшіліктерін іс жүзінде түзетті.

«Еңбекші қазақ» газеті қазақтың әдеби тілінің, көркем әдебиетінің дамуына көмектесті, қазақтың ақын, жазушылары Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Асқар Токмағамбетов және басқалары «Еңбекші қазақ» газетінде тәрбиеленді, өздерін халыққа осы газет арқылы танытты.

«Еңбекші қазақ» газеті қазақ тіліндегі тұңғыш большевиктік газеттердің бірі болды, ол «Ұшқынның», «Еңбек туының» жалғасы ретінде шыға бастаған алғашқы нөмірінен-ақ большевиктік баспасөздің лениндік дәстүрлерін бұлжытпай берік ұстады. Оның өткен жолы Қазақстан партия ұйымының тарихымен тығыз байланысты. Партиямыздың айбынды газеті «Правдадан» үйрене және үлгі ала отырып, «Еңбекші қазақ» газеті халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары қазақ халқының қалың ортасында өзінің ана тілінде большевиктік жалынды сөзді жеткізіп отырды, Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатын жүзеге асыру үшін қажымай күрес жүргізді.

¹ «Еңбекші қазақ», № 183, 24 март, 1924.

² С. Қирабаев. «Сәкен Сейфуллин». 1962, 143-бет.

³ Известия киргизского областного комитета РКП(б) № 2—3 1923, стр. 81.

⁴ С. Сейфуллин. «Менің қателерім туралы». «Қызыл Қазақстан», № 6, 1929, 32-бет.

«Қызыл Қазақстан» журналы. 1921 жылы 15 сентябрьде РКП(б)-тың Қазақ облыстық комитетінің органы «Қызыл Қазақстан» (қазіргі «Қазақстан коммунисті») журналы айына екі рет шыға бастады. Шығарушы: Кирревкомның үгіт-насихат бөлімі, Кол қойған: Редколлегия. Ол жалпы қоғамдық-саяси, шаруашылық және мәдениет мәселелерін қамтитын журнал болды. Оның бетінде РКП(б) съездері мен Қазақстан партия ұйымдарының шешімдері мен қарарлары насихатталды. Оның алғашқы жылдардағы нөмірлерінде «Советтің соты», «Кенес мектептері туралы», «Октябрь төңкерісі һәм қазақ әйелі», «Қазақстанның шаруа кәсібі», «Октябрь һәм жастар», «Халық һәм әдебиет» т. б. мақалалар жарияланды. Журнал қазақ еңбекшілерін К. Маркстің, В. И. Лениннің өмірбаяндарымен, революциялық қызметімен таныстырды, партия гимні «Интернационалдың» қазақша аудармасын басып шығарды.

Сөйтіп, журнал қазақ еңбекшілеріне Совет өкіметінің нағыз халықтық өкімет екенін, оның жұмысшы-шаруа одағы және халықтар ынтымағы негізінде құрылғанын, пролетариат диктатурасын, пролетарлық интернационализм идеясын түсіндірді. Коммунистік партияның, лениндік ұлт-саясатын, социализм және коммунизм идеяларын насихаттады.

1921—1925 жылдары журналдың не бары 48 нөмірі жарық көрді. Қағаз, қаржы тапшылығынан кейде оның 3—4 нөмірі біріктіріліп шығарылды. Партия тұрмысымен қатар республиканың саяси шаруашылық және мәдени өмірін қамтитын журнал болғандықтан, оның бірнеше бөлімдері болды. Ең бастысы — партия бөлімі. Журналдың саяси-идеялық дәрежесін осы бөлім көрсетті. Бұл бөлімде партия ұйымдарының жұмысына көмектесумен қатар, насихаттық материалдардың ішінде В. И. Лениннің РКП(б) XI съезінде сөйлеген сөзі, Коминтерннің II конгресінде жасаған баяндамасы және ұлт мәселелері жөніндегі еңбектер басылды.

Партия бөлімі бастауыш партия ұйымдарын нығайту, коммунистерді оқыту, тәрбиелеу, олардың өз бетінше білім алу ісіне және совет-партия мектептерінің жұмысына үлкен көңіл бөліп отырды. Бұл кезде Қазақстанда 16 совет-партия мектебі ашылған болатын.

Сол сияқты журналдың шаруашылық, денсаулық сақтау, халық-ағарту, білім-ғылым, әйелдер арасындағы жұмыс, әдебиет бөлімдері және «Советтер Россиясында», «Қазақстанда», сыртқы хабарлар, сын және библиография, кино және театр сыны тағы басқа бөлімшелер мен рубрикалары болды.

«Қызыл Қазақстан» журналы партияның X съезі мен Қазақстан партия ұйымының I облыстық конференциясының шешімдерін кеңінен насихаттай отырып, республиканың еңбекшілерін халық шаруашылығын қалпына келтіру, жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру күресіне жұмылдырды.

Журнал 1921 жылғы 15 сентябрьдегі алғашқы нөмірінде Риддер жұмысшыларының Қазақ автономиясын құттықтап, Совет өкіметін нығайту, бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру үшін күресеміз деп уәде бергенін жазды¹. Осы нөмірде Риддерде қазақ және орыс тілінде оқитын жұмысшы факультеті ашылғаны, алдағы октябрьдің бас кезінде Қазақ АССР-і съезі болатындығы туралы хабарлар басылды. Егінді қайтсе өнімді етуге болатыны, салғырттан салықтың айырмашылығы жөнінде консультациялық мақалалар берілді.

«Жаңа жол» деген мақалада жаңа экономикалық саясаттың маңызы түсіндірілді. Бұл саясат халық шаруашылығын қалпына келтіреді, социализмнің ірге тасын қалайды, кедейдің, жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағын нығайтады делінген. Журналдың 1921 жылғы 8 ноябрьдегі 2 нөмірінде алдымен Риддер мен Екібастұз тез қалпына келтіріліп өркендетіні, бұл іске жұмысшылардың өздері белсене кірісін отырғандығы айтылған. Осы нөмірде Әділбек Майкөтовтың өмірбаяны берілген.

Кедей, жалшылардың таптық сезімін оятып, оларды байларға қарсы қою, мектеп-интернат ашып, алдымен кедей балаларын оқуға тарту — партия ұйымдарының жауапты міндеті деп көрсетті журнал².

«Қызыл Қазақстан» журналы Лениннің кооперативтік жоспарының маңызын насихаттады. Әсіресе, ауыл шаруашылық кооперациясының тарихи мәнін қазақ еңбекшілеріне кеңірек және терең түсіндірді. Республиканың халық шаруашылығын қалпына келтіруде және халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуда кооперация үлкен роль атқаратынын айтты. Журнал «Ауыл шаруашылық ұйымдары», «Ауыл шаруасы һәм кооперация», «Қазақстандағы ауыл шаруашылық кооперациясы» деген сияқты бірнеше мақала берді. Соңғы аталған мақалада «Ауыл мен қыстақта кооперация ісін күшейту» кедей мен орта шаруаны өсімкор-байлардың, саудагер-жалдаптардың «қармағынан құтқару үшін күрес болып табылады» деп көрсетілді.

Расында, — деп жазылған онда, — егінші мен мал өсіруші қолындағы заттарын кооперация арқылы өткерсе, делдал мен өсімкордың өткізіп бергенінен гөрі өзіне пайдалырақ болады. Міне, бұл ауыл шаруашылығының өркендеуіне ғана емес, бұрынғы ақсақал-рушылдық қалыптардың қалдығын жоюға тағы да мықты соққы болды.

Ауыл шаруашылық кооперациясының ең басты міндеті — шаруалардың қолындағы затын өткеріп беру — өндіріс ісін ұйымдастыру. Ауыл шаруашылық кооперациясының мақсаты — шаруаларға арзан түсетін товар алып беру, яғни ауыл

¹ «Қызыл Қазақстан», № 1, 15 сентябрь, 1921.

² «Қызыл Қазақстан», № 14—15, 1922.

халқын тұтынушылар қорамы есебінде ұйымдастыру емес, ауыл халқын өндірушілер есебінде ұйымдастыру болады (курсая біздікі — Х. Б.)

Журнал В. И. Лениннің кооперативтік жоспарының идеясын осылай түсіндіріп, көшпелі қазақ халқын бірте-бірте отырықшы коллективтік шаруашылық құруға әзірлеуде тиісті үгітшілік, насихатшылық және ұйымдастырушылық роль атқарды.

«Қызыл Қазақстан» 1921—1925 жылдары өзінің жұмысын партия съездерінің, Қазақстан партия ұйымы конференцияларының шешімдерін басшылыққа алып жүргізді. Қазақстан партия ұйымының сол дәуірдегі жүргізген жалпы саясатына насихаттап, қалың еңбекшілерді осы саясатты іске асыру күресіне жұмылдырды. Журнал партияның XIII съезінің қарарына сәйкес қала мен деревняның ұштасуын жеделдету үшін өнеркәсіпті бұрынғыдан да өрге бастыру қажет екендігін, ал мұның өзі елімізде социализм жеңісін қамтамасыз етуді көздейтінін өз оқушыларының санасына құйды.

Қала мен деревняны жақындастыру ұранының тарихи мәні бар екеніне ерекше тоқталады. Қала мен деревняны жақындастыру, ол үшін өнеркәсіпті дамыту — қазақ халқының саяси, шаруашылық, мәдениет жөнінен алға басуын, ауыл мен қала арасында айырмашылықты жоюды, ауыл еңбекшілерінің тұрмысын жақсартуды, өнеркәсіп пен өндіріс орындарында қазақ жұмысшыларының көбеюін қамтамасыз ететін саясат деп түсіндірді. Осы тақырыпта «Қазақстанның қазіргі күйі», «Қазақстанның кен өнеркәсібінің бұрынғы, қазіргі, болашақ күйі», «Жермай кәсібі» деп аталған және басқа да мақалалар жарияланды.

Журнал коммунистердің әсіресе Ленин қайтыс болған соң партияға жаңа алынғандардың саяси білімін арттыру, оларды марксизм-ленинизм негіздерімен қаруландыру ісіне насихаттық-консультациялық мақалалар беріп, көмектесті.

Халық шаруашылығын қалпына келтірудің барысында республиканың жұмысшы табының саны өсті, оның ішінде қазақ жұмысшыларының үлес салмағы артты, жұмысшылардың еңбектегі белсенділігі күшейді.

Қазақстанда 1925 жылы сауда жүйесі 1923—1924 жылдармен салыстырғанда екі есеге жуық кеңейді¹. Мемлекеттік және кооперативтік сауданың үлес салмағы тұтас сауда бойынша 90%-ке дейін, бөлшек сауда бойынша 57%-ке дейін өсті.

Журнал, әдебиет мәселелеріне де үлкен көңіл бөліп отырды. Онда 1923—1924 жылдары Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінен» үзінділер, Сәбит Мұқановтың «Сынға сын»².

¹ Партияның Қазфилиала ИМЛ, Ф. 141, оп. 1, ед. хр. 30. л. л. 28—32.

² «Қызыл Қазақстан» № 16, 1923.

деген мақаласы және басқа ақын-жазушылардың шығармалары басылды. Нәзір Төреқұлов 1923 жылы Москвада шығып тұрған «Темір қазық» журналының № 1, 2, 3 нөмірлерінде басылған мақалаларының бірінде Сәкеннің революцияшыл жырларына жөнді мән бермеді. Сәбит Мұқанов оған қарсы шығып, Сәкенді асыра сілтеуші сыншылардың шабуылынан қорғады.

«Қызыл Қазақстан» журналының жақсы жақтарымен қатар осал жақтары, тіпті қателері де болды. Оның бетінде кейде идеялық жағынан ұстамсыз, мазмұны күнсіз материалдар да орын алып келді.

«Бостандық туы» газеті. 1920 жылдың аяғында республиканың облыстары губерния болып қайта құрылды. Міне, осы кездегі газеттер партияның губерниялық комитеттері мен Советтердің губерниялық Атқару комитеттерінің органы болып жарияланды. Мысалы, 1920 жылы февральда Омбы қаласында «Кедей сөзі» деген газет шықты. «Кедей сөзі» 1920 жылдың декабріндегі 2-нөмірінде басылған «Теңдік» деген бас мақаласында: «Қазақтың үстіндегі қара тұман айығып, жадырап жарқын күн туады. Кеудік кетіп, теңдік жетеді. Құл емес, ұл боламыз» деп жазған. Газеттің осы нөмірінде белгілі ақын Баймағамбет Ізтөлиннің Совет өкіметінің арқасында: «Сен де алдын бостандықты, қазақ халқы» деген жалынды сөздерімсі жазылған өлеңі басылды.

Ақмола губерниясы 1921 жылдың орта шеніне дейін Сибревкомның қарамағында болып келді де, Қазақ АССР-інің құрамына кейінірек қосылды. Ақмола губерниясына Ақмола, Көкшетау, Қызылжар, Омбы уездері, осы күнгі Қарағанды облысының бірсыпыра аудандары қарайтын. Орталығы Омбы қаласы болды.

1921 жылы 19 мартта бұрынғы «Кедей сөзінің» орнына «Бостандық туы» шыға бастады. Ол әуелі Омбыда Сибревком жанындағы Қазақ АССР-інің өкілдігі атынан, кейін РКП(б) Ақмола губкомы мен губревкомның органы ретінде Қызылжарда шықты¹. Оның бірінші бетіндегі бас мақаланың үстіңгі жағында шағын киіз үйдің суреті. Маңдайшасына айқастыра екі ту тігілген, алқызыл екі тудың үстінде: «Жер жүзінің енбекшілері бірігіндер!» деген пролетарлық интернационализм ұраны жазылған. Бұл «Қазақ» газетінің бетіндегідей, дауылда ұшып кетіп жүрмесін, түндігіне ие бол!— деп, әдейі тігіп қойған байлардың алты қанат ақ ордасының суреті емес.— Бұл Қазақстанның өз алдына республика болып, отау тіккенін бейнелейтін сурет еді. Ту тіккен қызыл отау суретінің төменгі жағында газеттің аты — «Бостандық туы» үлкен әріптермен жазылған.

«Бостандық туы» Қазақстандағы тұңғыш партия және совет баспасөзі органдарының бірі болды. Республикамыздың

¹ Омский облгосархив, ф 2, опись 1, п № 1303, св. 360.

солтүстік облыстарында Коммунистік партия мен Совет өкіметінің идеялары мен маңызын түсіндіруде, халық шаруашылығын калпына келтіру және жас Қазақ республикасын нығайту жолында үгітшілік, насихатшылық және ұйымдастырушылық роль атқарды.

Газеттің 1921 жылғы 19 марттағы Омбыда шыққан бірінші нөмірінде: Ақмола және Семей облыстарын Сибревкомның қарамағынан алып, Қазақстанға қосу үшін Үкімет комиссиясы келетіндігі туралы хабар, Ақмола губревкомының председателі Ә. Әйтиевтің Қазақ АССР-ін нығайту жолында қолданылып жатқан шаралар туралы, Москвада Құншығыс әйелдерінің съезі шақырылуына арналған мақалалар, Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ерлер» деген өлеңі және басқа материалдар басылды.

Үшінші нөміріндегі «Еңбекші қазақтарға» деген бас мақалада Советке Коммунистік партияның басшылық ететінін, Советтерді еңбекші халық сайлап қоятынын түсіндірді. Бас мақала Сәкен Сейфуллиннің:

«Әй, мырзалар, әй байлар,
Көріңдер! Міне, тұрдық біз.
Республика Советін
Ұран салып құрдық біз!...

деген өлеңімен аяқталады.

Газеттің 1921 жылғы 5-нөмірінде «Іске сәт» деген бас мақала жарияланды. Мұнда Ақмола губревкомының алдында әлі шешілмеген мәселелер тұр дей келіп, автор сот және милиция органдарын дұрыстап құру, азық-түлік мәселелерін шешу жөнінде пікір ұсынды. «Сотсыз ел — жүгенсіз ел, мұны естен шығармау керек. Соттың әділ, толық хұқықты болу жағын қарастыру, керек», — деп жазды газет.

Ақмола губерниясының Қазақстанға қосылуы аяқталуына байланысты «Бостандық туы» газетінің редакциясы 1921 жылдың жазына таман Омбыдан Қызылжарға көшірілді. Газеттің 1919 жылғы 28 августағы 13 нөмірінің тиражы 3000 дана болып шықты.

Газет 1922 жылы РКП(б) Ақмола губкомы мен губаткомы атынан шыға бастады. Осы жылдың февралындағы 41-нөмірінде «Коммунизм әм қазақ» деген үгіт-насихаттық мақала басылды. Онда Коммунистік партияның ұлт саясаты түсіндірілді. Совет өкіметі бұрын артта қалған халықтардың саяси және шаруашылық жайларын өркендетіп, күш-көмек беретіні айтылды. «Жастар арасында» деген хабарда газет 5 февральда Коммунист партиясы мен жастар ұйымының жақындасу жетілігі басталды, бұл жетілікте партияның ересек мүшелері арттарынан еріп, іздерін басатын елгезек те зерделі жас інілеріне жол-жоба көрсетеді, партияның тарихымен, устав және программасымен таныстырады деп жазды.

«Бостандық туының» бетінде бұл жылдары жаңа экономика саясатының нәтижелері, кооператив қозғалысы, партияның XI съезі туралы материалдар, сыртқы және ішкі жағдай жаһында информациялық хабарлар басылып тұрды.

Бұл газеттің 1921—1922 жылдары алғашқы редакторларының бірі Сабыр Айтқожин болды. 1922 жылы уақытша редакторы болып Жәнібеков атқарған кезде Сәбит Мұқанов губкомның жіберуі бойынша «Бостандық туының» жауапты секретары болды.

Журналистік қызметін осы газетте бастаған Сәбит Мұқанов сол кездегі «Бостандық туы» редакциясы жұмысының жаһын, оның қызметкерлерінің іскерлік дәрежесін, өзінің алғашқы тәжірибесін былай деп сипаттайды:

— Менің уақытымның көпшілігін,— дейді Сәбит,— газет қызметі алатын болды. Жұмасына үш рет шығатын газеттің нөмірлеріне материал толықтыру ол кезде оңай емес.

Сәбиттің сипаттауынша газеттің әдеби қызметкер, ақын Мәжит Дәулетбаевтың журналистік қабілеті болған. Ол Қызылжар қаласының саудагерлерін, ел ішінің ұры-қарыларын, төрешілдікті, екі жүзділікті сынаумен көптеген өлеңдер, фельетондар, мақалалар жазған.

Редакцияның белді әдеби қызметкерлерінің бірі — Садуақас Жандосов журналистік қызметін әуелі Омбыда 1919 жылы шыға бастаған «Кедей сөзі» газетінде бастайды. Жандосов сабырлы мінезді, өзінің ісінен басқаға алаңдамайтын, іске жалықпайтын және өте ұқыпты журналист болған. Ол қазақ тілінің грамматикасын, газет техникасын жақсы білген¹.

1924—1925 жылдары Сәбит Мұқанов «Бостандық туының» орынбасары, редакторы міндеттерін атқарып жүргенде газеттің маңына жас талап ақын-жазушыларды топтастырады: Жақан Сыздықов, Сейтжан Омаров, Жұмағали Санн, Асқар Тоқмағанбетов, Шахмет Кусайнов, Ғалым Малдыбаев сияқты ақын-жазушылар жиырмасыншы және отызыншы жылдары «Бостандық туы», кейін оның жалғасы болған «Кеңес ауылы», «Ленин туы» газетінде қызмет етіп, алғашқы шығармаларын бастырып, қаламдарын осында ұштай бастаған.

Бұл ақын-жазушылар газет бетінде Совет өкіметінің артықшылығын жырлады; өткір сықақ жазып, ескіні мінеп, жаңаны дәріптеді; кедейлер мен жарлылардың өткендегісін есіне түсіріп, бүгінгі жаңалыққа бойын үйретті, олардың таптық қанаушыларға деген өшпенділігін өршітті. Бұған Жақанның «Таразыны құрайық», «Таңқыбай», Ғалымның «Кооперативке апарайық», «Сеп, алтын, себеле!» деген шығармалары айғақ.

«Бостандық туы» газетінің 1928 жылғы нөмірінде (бұл жолы редактор Жақан Сыздықов) кооперация қозғалысы, кол-

¹ Сәбит Мұқанов. «Есею жылдары». Алматы, 1964, 187-бет.

хоз, совхоз құрылысы, мәдениет жорығы және ауылдағы Советтерді нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Республикамызда бұрыңғы губерния, уездер мен болыстар таратылып, бұлардың орнына округ, аудан құрылуына байланысты «Бостандық туы» 1928 жылдың күзінен 1932 жылдық көктемге дейін «Кеңес ауылы» деген атпен Петропавл округкомы мен ократкомының органына айналды, оның редакторы Асқар Тоқмағанбетов болды. Кейін облыс құрылған кезден бастап «Ленин туы» аталып келді. Оның тарихы «Кедей сөзінен» басалды.

Сонымен, қазақ тіліндегі тұңғыш большевиктік баспасөздің бірі — «Бостандық туы» өзінің шыға бастаған күнінен-ақ республикамыздың солтүстік аудандарында Совет өкіметін орнатып, нығайту жолында, халық шаруашылығын қалпына келтіру, ауылдық Советтерді нығайту жылдарында көп жұмыстар атқарды, еңбекші бұқараның арасында марксизм-ленинизм идеясын тынымсыз насихаттады, жас қазақ республикасының экономикасын көтеруге, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін өркендетіп гүлдендіруге үлкен үлес қосты.

«Ауыл» газеті (1923—1929). Қостанай губерниялық партия комитеті мен губаткомының органы «Ауыл» газеті 1923 жылы 1 сентябрьде шығарыла бастады. Қостанайда әріп болмағандықтан, «Ауылдың» алғашқы нөмірлері Челябинск қаласында басылды. Кейін газеттің редакторы журналист Мұқаметжан Сералин Қазан қаласынан әріп және басқа да жабдықтар алып келген соң газет Қостанайдың өзінде шығып тұрған.

Бейімбет Майлин осы газетте әуелі әдеби қызметкер, сонан бөлім меңгерушісі, 1924 жылы уақытша редакторы болып журналистік қызмет атқарды. Оның бұл газетте көптеген сын мақалалары, фельетондары және өлеңдері басылды. Бейімбет газеттің бірінші нөмірінде «Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз» өлеңін жариялады.

Газет кедейлердің таптық санасын оятуға көмектесті. 1923 жылғы 1-нөмірде басылған «Қазақ кедейлеріне» деген мақалада жақын арада сайлау болатындығын айта келіп, өткен сайлауларда кедейлер байлардың алдау-арбауына түсіп, соның салдарынан болыстық, ауылдық Совет органдарына байлар немесе кедей тонын жамылған кулар өтіп кеткенін айтады.

Осы мақалаға орай «Ертай кесел болды» деген фельетонды мысалға келтіруге болады. Бір ауылда жиналыс ашып, ауылдай сөз бастайды:

«Ұйым — дүкен ашпақшымыз. Мынау Ертай (хатшысы) қалаға барып келіп, соны қалай ашудың жөнімен танысып келген екен, сіздерге соны айтпақшы деді...

Манадан бері томсарып отырған Ыбырай отағасы жүгініп алды.

— Сендер әуелі маған сөз беріндерші, — деді ол, — Ұйым-мұйым дегендеріне, қазақы адаммын, онша түсінбеймін. Бірақ,

түсінбесем де өзімше жорығанда «Ұйым» дегенің жұрттың қалтасын қағу үшін қулардың әдісі-ау деймін. Мынау Ертай «мырзаның» өз көзі отыр, бұрын да, «Ұйым боламыз, дүкен ашамыз» деп бір-бір қарамызды саттырған болатын. Ақырында сол дүкенге келген товарларды өз бетінше сатып, сауда қылған. Оның бәрін кезінде көріп те, біліп те жүрдік. Бірақ ағайын болған соң үстінен ізденіп, сотқа байлаған жоқпыз... тіл алсаңдар, балалар, мұны қойыңдар, біз тарайық,— деді Ыбырай қарт. Ауылнай да, Ертай да үндей алмады.

— Ертайды «көзір» қылып дүкен ашпаймыз. Ашсақ өз бетімізбен ашармыз,— десті жұрт. Жиналғандар тарай бастады.

— Осы жолы ашылып қалатын дүкен еді, енді Ертай кесел болды-ау деді біреулері...» («Ауыл» газетінде 1924 жылы басылған фельетон көшіріліп беріліп отыр.)

Өткен 1921—1922 жылдары,— деп жазды газеттің белсенді тілшісі Смаил Қарпықов,— сұрапыл ашаршылықтан оқу жұмысы төмендеп қалып еді. Ол кезде үкіметтің бар мақсаты кедейлерге жәрдем беру болғандықтан, оқу жұмысына жете көңіл бөлінбеді. 1922 жылдың аяқ жағы тоқшылыққа айналды. Халықтың салған аз ғана астығы шығып үкіметтің қолын жәрдемнен босатты. Губерниялық оқу бөлімі 1923—1924 оқу жылына әзірлік ретінде оқытушылар даярлайтын курстар ашты. Жаңадан 50—80 балалық оннан аса мектеп ашылды. Оған бай балалары алынбайды.

1921—1922 жылдардағы құрғақшылық салдарынан мектеп те, мұғалім де жетімсіз болып тұрған кезде, 1923 жылы «Правда» өзінің бетінде «Тандаулы мұғалімдерге конкурс» деген рубрика ашты. Мұнда өздерінің міндетін мінсіз және адал иетімен атқарған мұғалімдердің ісін жазып отырды. Мұның өзі басқарларды жан қиярлық іске рухтандырды. Қостанай губерниясындағы Аят балалар үйінің меңгерушісі мұғалім Ғабдол Қарпықовты «Правда» мақтап жазды. Оның ісі мақтауға тұрарлық еді. Денисовка уезіндегі 4-балалар үйінің ішінде Қарпықов басқарған балалар үйі ерекше көзге түседі. Қуаңшылықтан кейінгі қиын жағдайларға қарамастан, балалар үйінің жарық және әрқашан да тап-таза үлкен төрт бөлмесінде 60 бала тұрады, оның отыз бірі мектеп жасында, жиырма тоғызы мектепке дейінгі жаста. Балалардың киімі жұпыны, бірақ кіршіксіз, таза.

Балалар үйінде осындай тәртіп және қолайлы жайлар жасалуы Қарпықовтың жан сала сіңірген еңбегінің нәтижесі. Ол он тоғыз жылдан бері педагог деп жазды «Правда»¹.

Журналист Жұмаш Еленов 1923 жылы 27 июльде Қостанай губерниясы әйелдерінің жиналысы өткізілгенін, оған қазақ әйелдерінен аз қатысқанын сөз етеді. Бұдан ол қазақ әйелдерінің әлі күнге теңдікке қолы жетпегені, басшы қызметтегі

¹ «Правда», 22 май, 1923.

азаматтардың әйел бостандығына немқұрайды қарайтыны байқалады деп қорытынды шығарды. Бұдан кейін ол әйелдер жиналысы сентябрьде Москвада болатын үлкен шаруашылық көрмеге баруға 5 қазақ әйелін атағанын айтады.

Газет оқушыларын халықаралық жағдаймен де таныстырып отырды. «Европа халі» деген газеттің едәуір бөлігін алып жатқан үлкен мақалада Европа елдерінің халықаралық және өз ішіміздегі жайларына шолу жасалады.

1923 жылғы сентябрьдегі нөмірлерінде газет зябь журтудың пайдасы, Қостанайда кітапхана, педтехникум ашылғаны туралы және ішкі-сыртқы хабарлар берген.

Газет 1924 жылғы 21 январьдағы нөмірінде В. И. Лениннің қайтыс болғанын қатты қайғырып хабарлады. Азала қазаға республикамыздан көңіл айту үшін барған қазақ еңбекшілері өкілдерінің бірі — Мұхаметжан Сералин «Ауыл» газетінде В. И. Лениннің қойылуы туралы көлемді материал жариялады. Сол жылғы апрель айында газет В. И. Лениннің туған күніне арнап бет берді, көсемнің балалық шағы және гимназияда оқып жүрген кезіндегі фотосуретін басып шығарды.

«Правда» 1924 жылы 4 сентябрьдегі нөмірінде «Қазақтың мерзімді баспасөзінің ел арасына таралуы нашар. Мысалы, Қостанайдың қазақ газеті «Ауылдың» тиражы 600 дана, ал бұл 10 мыңнан аса қазақ халқы бар губернияға тым аз» деп көрсеткен еді. «Правданың» бұл ескертпесінен тиісті қорытынды жасалып, газеттің тиражы 1924 жылдың аяғында 1270 данаға, ал 1929 жылдың аяғында, яғни губерния округқа айналар қарсаңда 3000 данаға жетті.

«Ауыл» нағыз шаруа газеті болды. Ол азамат соғысы кезінде күйзелген шаруашылықты қалпына келтіру, жаңа экономикалық саясат, ауылды онан әрі советтендіру, социализм жерісі үшін күрес жылдарында шығып тұрды.

1924 жылы «Ауыл» газеті сауатсыздықты жою, ауыл шаруашылығы, кооперация, оқу, байларға қарсы күрес, сайлау мәселелері, мектептегі сауық кештер сияқты мәдени-ағарту жұмыстары жөнінде жазды. Газеттің 1925 жылғы басты тақырыбы ауылды онан әрі советтендіру, қосшы ұйымын құрып, нығайту, егін және мал шаруашылығы өнімін арттыру болды.

1925 жылы Бейімбет Майлин Қызылордадағы республикалық баспасөзге ауысты. Жұмаш Еленов та сонда кетті. Сондықтан газетке хабар жазып, қаламы төселген тілші Менетай Жақсылыков «Ауыл» газетіне әдеби қызметке алынды. 1928 жылы 8 сентябрьде «Ауыл» округтық газет болар қарсаңында қазіргі қарт журналист, белгілі аудармашы Хасен Өзденбаев осы газеттің секретары болды.

1928 жылдың күзінде ірі бай-феодалдардың мал-мүлкін конфискелеу сияқты саяси маңызы зор науқанның жүргізілуіне байланысты, бұрын жетісіне екі рет шығып тұрған «Ауыл» га-

зеті енді жетісіне үш рет шығатын болады да редакцияның аппараты толықтырылады.

«Кедей» газеті. Ақтөбе губкомы мен губаткомының газеті «Кедейдің» алғашқы нөмірі 1924 жылы 7 июньде жарық көрді. (Ол 1930 жылы августан «Алға», 1932 жылдың мартынан «Социалистік жол», 1962 жылдан «Батыс Қазақстан», 1965 жылдың февралынан «Коммунизм жолы» деп аталды). «Кедей» бастапқы кезде жетісіне бір рет, шағын көлемде екі бет болып басылып тұрды. Газет 5-нөмірінен бастап төрт бет болды, тиражы 600-ге жетті.

«Кедей» газетінің бетінде алғашқы кезде «Қазақстанда», «Елден», «Жастар тұрмысы», «Телеграммалар» деген бөлімдер ашылды. Одан соң бұларға ішкі-сыртқы хабарлар бөлімдері қосылды. Газет көбінесе ауыл өмірін, бұрынғы жарлы-жалшылардың жанарған тұрмысын жазды. Оларға шаруашылықты қалпына келтіру жолдарын түсіндіріп, енбекке шақырды.

Губерниялық газеттерде көбінесе қалың мал, көп әйел алу, эменгерлік, әйел теңдігін аяққа басу әрекеттеріне қарсы, совет және кооператив орындарына тон жамылып өтіп жатқан байлар мен атқамінерлердің қулық-сұмдықтарына қарсы, арамза молдаларға қарсы хат-хабарлар жиі басылып тұрды.

Қазақ халқының көпшілігінің ол кезде көшпелі және жартылай көшпелі өмір сүруі, материалдық базаның нашарлығы, мұғалімдердің жетімсіздігі, ескіліктің сарқыншақтары ауылда халық ағарту ісінің дамуына кедергі жасағаны белгілі.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті Қазақстандағы мектеп құрылысының қиыншылықтарын ескеріп, оған қамқорлық жасауының нәтижесінде мектеп-интернаттар ашыла бастады.

Қазақстанның халық ағарту ісіне жиырмасыншы жылдары Коммунистік партияның Орталық Комитетінің органы — «Правда» газеті қамқорлық жасап отырды.

«Кедей» газетінің редакторы талапты жазушы әрі журналист Жиенғали Әділұлы Тілепбергенов, секретары белгілі журналист Әбдуали Қарағұлов болды.

«Ерік» газеті. 1923 жылғы 1 апрельде «Ерік» газетінің бірінші нөмірі шықты. Ол — Гурьев уездік партия комитеті мен Атқару комитетінің органы болды. Тиражы 500 дана.

Газет шаруашылық мәселелеріне (мұнай, балық, мал, егін) ерекше назар аударды. Уездің халық шаруашылығын қалпына келтіру, шаруашылықтың социалистік даму жолына түсу, ол үшін көшпеліліктен отырықшы тұрмысқа айналу, өнеркәсіп орындарын жасақтау мәселелері газеттің күнделікті тақырыбы еді. «Қазіргі тағыз жұмыс егінді көп салу», «Еңбек етсең емерсің», «Жарлының бұрынғы көрген күні», «Көкқасқа шегіртке — шаруаның дұшпаны», «Мұнай жұмысшыларының

VII конференциясы қызметінің қорытындысы» деген мақалалар шаруашылық тақырыбына арналды.

Газетте жергілікті ақындардың өлеңдері басылып тұрды. Қазақ халқын бостандыққа жеткізген Октябрь революциясын жырлаған, көсеміміз Ленинге, ұлы орыс халқына қазақ еңбекшілерінің алғысын айтқан шығармалар газеттен орын алды. Әсіресе, коммунист ақын Досы Тілегенов жолдастың өлеңдері жиі басылды. Досының «Азаматтар», «Жастарға», «Ашылған бастан тұманды», «Доссор бейнетқорларына» деген өлеңдері жарияланды.

«Ерік» газеті 1924 жылғы 28 августан бастап «Жұмыскер тілі» деген атпен шықты. 1932 жылдың сентябрь айынан бастап «Социалистік құрылыс», ал 1963 жылдың 1 майынан «Коммунистік еңбек» болып өзгеріп, Қазақстан Компартиясы Гурьев облыстық комитеті мен еңбекшілер депутаттарының облыстық советінің органы болып шығып келеді.

«Кедей тілі» газеті. Коммунистік партияның саясатын аз ұлттар арасында ойдағыдай насихаттау мақсатымен РКП(б) Астрахань губкомының қаулысы бойынша¹ олардың өз ана тілінде газет шығарылып тұрды. 1922 жылдан татар тілінде «Қызыл ел» газеті, 1924 жылдан қазақ тілінде «Кедей тілі» газеті шыға бастады.

Қазақ тіліндегі газеттің бірінші нөмірі 1924 жылы 20 апрельде «Кедей тілі» деген атпен Астрахань қаласында басылып келді. Газеттің бас жағына «Газет Астрахань губерниялық атқару комитеті мен Татар-Қырғыз бюросының және Тамақ. Кен жұмысшылары кәсіпшіліктері одағының органы» деп жарияланды. Газет айына үш рет шығып тұрды.

«Кедей тілінің» жарық көруі төменгі Еділ бойындағы қазақ жұртшылығының өміріндегі зор оқиға еді. Мал шаруашылығымен және балықшылық кәсіпшілікпен айналысқан теңіз жағалауының қазақтары мен Басқұншақ тұз көлінің жұмысшылары большевиктік газетті ана тілінде бірінші рет алып оқыды. Астраханьның қазақ елі өз газетін асқан қуанышпен қарсы алды. Олар редакцияға көптеген құттықтау хаттар жазды.

«Кедей тілін» Қазақстан еңбекшілері де білді. Газеттің екі жылдығы күні редакцияға бірнеше құттықтау телеграмма түсті. Мысалы, Оралдың «Қызыл туы» мен «Еңбекші қазақ» газеттері өзінің астраханьдық бауырларына Қазақстан еңбекшілерінің жалынды сәлемін жолдады. «Кедей тілінің» 1924—1929 жылдарындағы редакторы қызметін — коммунист, филология ғылымының кандидаты марқұм Нығымет Сәбитов атқарды.

1921—1925 жылдары халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында елімізде алып жұмыстар істелді. Осы жылдардағы бүкіл халықтық қозғалыстың барысын көрсетіп отыру,

¹ Архив Астраханского обкома, ф. 1, 9, 8, ст. 49.

еңбек майданындағы жаңалықтардың жаршысы болу «Кедей тілі» газеті мазмұнының өзегі болды.

«Кедей тілі» редакциясының қызметкерлері 1925 жылдың жазында Басқұншақ жұмысшыларына барып, тұз өндіру процестерін көзімен көрді, жұмысшылардың тұрмысын, еңбекке көзқарасын зерттеді. Жұмысшылармен бетпе-бет әңгімелесіп, ауыр жұмыстарды жеңілдетудің амалын сұрап білді. Осы жылдың күзінде «Кедей тілі» Басқұншақта болды» деген арнаулы екі бет материал жариялады. Бұл беттерде газет назары жұмыс процестерін жеңілдету жолдарына аударылды.

«Кедей тілі» газетінің инициативасымен губком бюросында Басқұншақ Аудандық партия комитетінің жұмысы тыңдалды¹. Бюро тұз өндіретін жұмысшылардың сауат ашу жайын, жастар ұйымының жұмысын, одақтардың тәрбиелік қызметін, құрылысты, саяси-ағарту жұмысын, қазақ мектептерінің ұйымдастырылуын, колмен атқарылатын ауыр жұмыстарды механикаландыруды жан-жақты талқылады.

Кешікпей Басқұншақ көлінде тұз кесетін агрегаттар пайда болды, жүздеген адамдар ауыр жұмыстан құтылды. Мәдениет мекемелері ұлт жұмысшыларын партия мен үкіметтің ағымдағы саясатымен таныстыруды жиілетті. Қазақ балалары үшін кластар ашылып, оқу ана тілінде жүргізілді. Күнделікті шығатын баспасөз және басқа да саяси әдебиеттер көптеп келтірілді.

«Кедей тілі» (1924—1931) кең-байтақ Каспий далалары мен жағалауын мекендеген қазақтарды коммунистік рухта тәрбиелеуде жергілікті партия ұйымына үлкен көмек көрсетті. Газет еңбекші қазақтарға Совет өкіметінің саясатын, әсіресе ұлт мәселесі жөніндегі саясатын түсіндірді, Лениннің өсиеттерін адал орындауға шақырды².

Газет көсемнің қайтыс болғанына екі жыл толуымен байланысты 1926 жылы 21 январьдағы нөмірінде арнаулы бет берді. Осы бетте «Ленин жолы — ленинизм жасасын», «Ленин һәм ұлт мәселесі», «Ленин жұмыскер мен шаруа туралы не айтты», «Мавзолей басында», тағы осы сияқты мақалалармен В. И. Лениннің портреті жарияланды.

Ташкентте шығарылған қазақ басылымдары. Сөз болып отырған жылдары қазіргі Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстары Түркістан Советтік Социалистік республикасының құрамында болатын. Сондықтан Ташкентте де бірнеше қазақша газет, журналдар шығарылды. Онда 1920—1925 жылдары «Ақ жол» газеті, оған қосымша «Шаншар» деген атпен қазақ тіліндегі тұңғыш сықақ журналы шығарылды. Сондай-ақ «Шолпан», «Сана» деген қазақ журналдары, 1921 жылы

¹ Астрахань обкомының архиві, ф. 1, д. 16, стр. 11—12.

² Х. Такишев. «Рожденная в дни призыва» «Қазақстанская правда», 22 январь, 1961.

22 мартта қазақ жастарының алғашқы баспасөз органы «Жас қайрат» газеті де Ташкентте шыға бастады.

1923 жылы «Ақ жол» газеті туралы Бейімбет Майлин: «Осы декабрь жұлдызының 7 күні Ташкентте шығатын Түркістан үкіметінің тілі «Ақ жол» жарыққа шығуына үш жыл толды. Сол күннің құрметіне газет 8 бет болып шықты» деп жазды.

Бұдан кейін «Ақ жол» Қазақстанда көп тараған газет екенін айта келіп, «Ол Түркістан үкіметінің қолданған шараларын қазақ халқына жеткізіп тұрды»— деп атап көрсетті¹.

1920 жылы 18 апрельден 27 июльге дейін Ташкент қаласында қазақ тілінде «Жаңа өріс» газеті шығып тұрған болатын. «Ақ жол» газеті соның жалғасы еді.

1924 жылдың ақырында Түркістан Совет республикасы таратылып қайта құрылды. Осыған байланысты бұрын оның қарамағында болып келген Жетісу мен Сырдария облыстары Қазақ АССР-не қосылды. Осыдан кейін «Ақ жол» газеті 1925—1927 жылдары Қазақстанның Сырдария облыстық партия, совет комитеттерінің органы болып Шымкентте шығып тұрды. Бұл газет Қазақстандағы социалистік өзгеріс мәселелері жөнінде өрескел саяси-идеялық қателіктер жіберді, С. Қожанов бастаған антипартиялық жікшілдер тобы осы «Ақ жолдың» төңірегінде болды. РКП(б) Орталық Комитетінің баспасөз бөлімінде 1924 жылы 19 ноябрьде өткізілген кенесте бұл газеттің қате-кемшіліктері ашып көрсетілді. Осы сыннан кейін газет өзінің жұмысын қайта құрды. 1925 жылы 1—7 декабрьде болып өткен Қазақстан Өлкелік партия конференциясы «Ақ жол» газетінің идеялық мазмұн дәрежесінің өзгергендігі, бұрынғы қате-кемшіліктерін түзеткенін атап көрсетті².

«Шолпан» журналы Түркістан Орталық партия комитетінің органы болып Ташкентте шығарылды. «Қазақ тілінде айына бір рет шығатын саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналы» деп аталды. Ол 1922 жылы октябрьден 1923 жылдың май айына дейін шығарылып тұрды. Журнал жұмысына Ораз Жандосов, Әбубәкір Диваев белсене қатысты.

«Шолпан» өзінің өнер-білім, шаруашылық бөлімдерінде көптеген пайдалы материалдар жариялады. Мұның екінші нөмірінде «Азаттық жолы — осы» деген бас мақала жарияланып, онда қазақтарды отырықшы ел болуға, егіншілік және мал шаруашылығын өркендетуге шақырды. Бірақ, журнал әдебиет бөлімінде көп қателіктер жіберді. Өйткені, оған сол кездегі ірі ұлтшылдар, алашордашылар да қатысты. Олар әдеби шығармаларында ұлтшылдықты уағыздау, торығу, Октябрь революциясының жеңісін теріс түсіндіру әрекетінде болды.

¹ ҚКП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының архиві, фонд 139. ед. хр. 1064, 116-бет.

² «Еңбекші қазақ», 17 декабрь, 1925.

Осындай қателіктері үшін «Шолпан» көп өмір сүре алмай, 1923 жылы май айында жабылды.

1923 жылы январьда Ташкентте «Сана» журналы шығарылды. Журналдың бірінші нөмірінде «Заманымыз — мәдениет заманы» — деген хат жарияланды. Онда: «мәдениетке білім жеткізеді. Білім онайлықпен қолға түспейді. Білім алуға көп еңбек керек. «Сарғайған жетер мұратқа» деп атамыз айтқан. Білім мысқалдап кіреді. Білімді болу үшін көп сарғаю керек» деп жазылған.

Мұнан соң журнал білім алудың жолдарын түсіндірді. Оның ең басты жолы — білімді мұғалім, жақсы жабдықталған мектептің болуы деп жазды. Бірақ, ондай жағдайдың жоқ екендігін, көп мұғалімдердің шала сауатты екенін, оларға оқу құралы, кітап, журнал қажеттігін көрсетті. Сондықтан да баспасөзді қолға алу, оны елге жақындату, түсінікті жазу міндет болып отыр деді.

Осы мақсатпен журнал алғаш бірсыпыра пайдасы бар ғылыми, тарихи материалдар жариялады.

Журнал жұмысына Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов қатысты. Мұхтар осы журналға Абайдың баласы Ақылбайдың «Зұлыс» поэмасын бастырды. Абайдың бұрын басылмаған өлеңдерін жариялады.

Мұның бәрі журналдың пайдалы жұмысы, елге білім берудегі игі ісі еді.

Бірақ журнал бетінде ірі кемшіліктер, көптеген теріс пікірлер жіберілді. Журнал материалдары халықтың ой-санасын, қоғамдық пікірді сол кездегі саяси-әлеуметтік мәселелерге аудармады. Сол күннің, сол таңның көкейтесті әлеуметтік, саяси мәселелерін көтермеді, ол жөнінде өз пікірін білдірмеді, жақаны насихаттамады. Үнемі ескіні, өткенді сөз етті. Ел назарын өткен өмірге аударып, күні өткен мәселелерді уағыздады.

«Сана» кей ретте әдебиеттің тазалығы, идеялылығы дегенді ескермеді. Онда жарияланған бірсыпыра шығармалар ұлтшылдықты уағыздады. Міне, осындай қателіктері үшін «Сана» үш нөмірінен кейін, 1924 жылы ноябрьде жабылды.

Осы тұста шыққан журналдардың тағы бірі — «Кедей айнасы». Ол Ленин атындағы Орта Азиялық коммунистер университетіндегі қазақ студенттерінің жылдық журналы болды. Оның 1923 жылдан 1929 жылға дейін 5 нөмірі жарық көрді.

«Кедей айнасы» журналы студенттер өз күшімен шығартын. Бірақ ол тек студенттер творчествосының жинағы ғана болып қойған жоқ, онда әлеуметтік ірі мәселелер — партияны тазалау, конфискенін тарихи маңызы, жастар арасындағы саяси жұмыстар, Қазақстанды индустрияландырудың барысы жайында да күрделі мақалалар жарияланып тұрды.

Журналда САГУ-дің өз жұмысының жайы, өмірі, оның оқушылары мен оқытушыларының құрамы көбірек сөз бола-

тын. Әдебиет бөлімінде ертедегі әдебиет нұсқаларын жариялап, пролетариат әдебиеті жөнінде айтыстар ұйымдастыратынды.

Өз кезінде «Кедей айнасына» Өтебай Тұрманжанов, Шамғали Сарыбаев, Сәкен Сейфуллиндер қатысқан¹.

* * *

Москвада Ұлттар ісі жөніндегі Халық Комиссариатына қызметке орналасып алған Шығыс елдерінің байшыл оқығандары татар, түрік тілдерінде «Қызыл шарық», қазақ тілінде «Темір қазық» журналын шығарды. «Темір қазықтың» бірінші нөмірі 1923 жылы февраль айында жарық көрді. «Айына бір рет шығатын саяси, шаруашылық, білім, әдебиет журналы» деп аталды. Сол нөмірде берілген бас мақалада журналдың елге өнер-білім беру мақсатымен шығарылып отырғандығы айтылды.

Бірақ, журналдың мазмұны, бағыты бұлай болмай шықты. Ол ұлтшылдықты уағыздады, ескіні дәріптеді, совет мекемелеріне тіл тигізуге дейін барды.

«Темір қазық» журналы ең алдымен Октябрь революциясының жеңісі дұрыс көрсетпеді. Ол ескінің жаршысы, өткендегілердің жоқшысы болды. Журнал Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік мәнін де жоққа шығарды. Көп материалдарында ұлт мәселесін теріс түсіндіріп, ұлтшылдық ұранын көтерді.

Міне, сондықтан да тиісті орындар «Темір қазық» журналын 3 нөмірінен кейін жауып тастады.

«Таң» әдеби журнал болды. Мұндағы ең негізгі әдебиет бөлімі еді. Бұл бөлімде фольклорлық мұралар, белгілі ақын, жазушылардың өлеңі, әңгімелері жарияланып тұрды. Мысалы, журналдың бірінші нөмірінде Абайдың бұрын жарияланбаған өлеңдері мен кейбір өсиет сөздері, Сәбит Дөнентаевтың «Дәуітбек» атты өлеңі басылды. Осы нөмірінде Бұқар жырау өлеңдері, Жиренше шешеннің аңыз әңгімелері т. б. фольклорлық шығармалар берілді. «Таңның» үшінші нөмірінде «Сұлтанмахмұттың жарық көрмеген өлеңдері», Абайдың баласы Тұрағұлдың аударуымен Горькийдің «Челкаш» әңгімесі жарияланды.

«Таң» журналына Мұхтар Әуезов көп жазды. Оның «Қайғылы жетім», «Қазақ қызы», «Қорғансыздың күні» атты әңгімелері, «Бүркітші» атты шығармасынан үзінділер осында жарық көрді. Мұхтар Әуезов ел аузынан көптеген аңыз әңгімелерді жинап бастырды.

¹ Б. Кейжебаев, Т. Қожакеев. «Қазақ совет баспасөзі тарихына». Алматы, 1962, 30—33—35-беттер.

Журнал өз оқушыларын қазақ елінің жер-су, тау-тасымен, өзен, көл, жалпы географиясымен, байлығымен таныстырып отырды. Осы мақсатта ашылған «Өлке тану» бөлімінде 16 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жайында, Ақмешіт туралы тарихи материалдар берілді.

«Таң» журналы әдеби шығармаларындағы кейбір кемшіліктері болмаса, дұрыс бағытта шықты. «Октябрь революциясының арқасында қатарға қосылып, тарихи бағасына ие болған Қазақстанды — жана тұрмыстың жас баласы» деп жазып, осы Ұлы Октябрь революциясымен қазақ еліне теңдік келгенін, оның жаңа өмір алып, қайта жасарғанын атап көрсетті.

Журнал Коммунист партиясының ұлы істерін де халыққа дұрыс түсіндіре алды. «Коммунист партиясы өзінің түзу ұстаған жолының арқасында ғана күресте батыр болып шығып, тартысқа келгенде болаттығын көрсетті. Ел жұмысының жол басшысы, езілгендердің ұйтқысы болған партия — коммунист партиясы» деп баяндады. Сондай партияның жергілікті ұйымдарын нығайтуға шақырды.

«Таң» қазақ елінің сол кездегі шаруа күйі ауыр халде екенін, партия, совет, шаруашылық, сауда ұйымдары елді сол халден алып шығуы керектігін жазып отырды. Бұл үшін ауылда саяси-түсінік жұмысын күшейту, мектептер, ауруханалар ашу, елді отырықшыландыру қажет деді.

«Таң» журналы 1925 жылы марттан бастап Семей қаласында шығып тұрды. Ол «Семей РКП(б) губерниялық комитетінің, губисполкомының және кәсіпшілер кеңесінің тілі» деп аталды. Оны шығарушылардың бірі Мұхтар Әуезов болды.

«Таң» саяси, шаруашылық, әдеби, мәдениет мәселелерін бірдей қамтып отырды. Саяси бөлімінде елдегі саяси жұмыстар жайын, Совет өкіметі құрылысы мәселелерін, қоғамдық ұйымдардың міндет-мақсатын, жұмысын жазды. Мысалы, ол бірінші нөмірінде «Хатшылар жиналысы әм ауыл жастары», «Кәсіпшілер одағы әм оның пайдасы», «Кенестер сотының негізі» деген мақалалар жариялады.

Журнал экономика мәселелеріне көп орын берді. Бюджет пен салық мәселелерін, Семей губерниясының шаруа түрін, экономикалық ерекшеліктерін, егін шығымдылығын арттыру жолдарын шаруашылық бөлімінде үнемі жазып отырды.

«Таң» журналының оқу-тәрбие бөлімінде совет мектептеріндегі оқудың, оқытудың жайын, оларда оқу ісін қалай ұйымдастырып, қалай жүргізу керектігін түсіндірді. Оқытушылардың мектептердегі міндетін, орнын көрсетті.

«Таң» журналымен қатар Семейде «Қазақ тілі» газеті де шығып тұрды. Бір губернияда әрі газет, әрі журнал шығару ауыр болғандықтан, 1925 жылы июньде «Таң» журналы жабылды. Сөйтіп, оның 4-ақ нөмірі жарық көрді.

Бұдан бұрын Семейде 1918 жылы февраль, октябрь айларында «Абай» журналы шығарылған еді. Барлығы екі нөмірі

жарық көрді. Бұл журналға Мұхтар Әуезов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Жұмат Шанин сияқты мәдениет қайраткерлері қатысты. Осында олардың идеялық жағынан ұстамды мақалалары мен шығармалары жарияланды. Журналдың бағыт-бағдарын белгілеген — осылар. «Абай» деп журналға ат қойғандар да солар. Рас онда өздерінің жат пікірлерін өткізуге тырысқан ұлтшылдар да анда-санда қатысып отырған.

Бірақ «Абай» журналы большевиктердің ықпалымен ояған қазақ бұқарасының аңсаған арманына жетуіне өзіндік үлесін қосты. Жалпы алғанда, ол саяси мәселелер жөніндегі қателіктеріне қарамастан прогресшіл, Совет өкіметін жақтаған журнал болды.

«Абай» — Семей қаласында оқып жүрген қазақ жастарының бірлескен «Уақ қарыз» серіктігі қаражатымен шығарылған әдеби журнал.

* * *

Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасының Декретімен 1922 жылы апрельде, қазақ халқының тарихында тұңғыш Қазақ мемлекет баспасы ұйымдастырылды. Оған республиканың сол кездегі астанасы — Орынбор қаласындағы бір баспахана бөлініп, жаңадан жабдықталып берілді. Сөйтіп бұдан былай қазақ тілінде жоспарлы түрде ұдайы кітап шығарып тұруға негіз қаланды.

Әрине, алғашқы кезде баспа көп қиыншылықтарға кездесті. Материалдық-техникалық базасы нашар еді, автор кадрлары мен баспа ісіне жетік мамандар мүлде дерлік болмады, сондай-ақ кітап жазуды және оны өңдеп басып шығаруды ұйымдастыру жөнінде тәжірибе жоқ еді. Алайда, бұл қиыншылықтарды жеңе отырып, 1923 жылы ол 44 мың дана тиражбен 48 кітап, ал 1925 жылы 408 мың дана тиражбен 46 кітап шығарды.

1925 жылы республикамызда 31 газет, оның 12-сі қазақ тілінде шығарылды. Бұл басылымдарға 1340 жұмысшы, ауыл-село тілшілері қатысты.

Партияның қазақ баспасөзіне басшылығы. Жиырмамыншы жылдардың алғашқы жартысында Қазақстан баспасөзі полиграфия базасының нашарлығынан, маман кадрлардың жеткіліксіздігінен көп қиыншылықтар көрді. Осыған байланысты «Правда» газеті әдеби қызметкерлердің жеткіліксіздігі — мұнда партиялық баспасөз органдарының мезгілінде және сапалы шығуына нұқсан келтіруде, соның салдарынан партиялық газеттерді күнде шығарудың орнына, жетісіне бір-ақ рет шығаруға тура келіп отыр, — деп жазды¹.

¹ «Правда», 5 август, 1922.

Осыдан кейін «Правда» газеті Қазақстанда басылып шығатын газет, журналдардың сапасы төмендігін техникалық жағынан әлі де жетімсіздігін, әріптері өшіп кететінін ашық айтты.

Қазақстан партия ұйымы «Правданың» бұл ескертпелеріне назар аудармай қойған жоқ. 1923 жылы 17—22 мартта болған Өлкелік III партия конференциясы «Қазақ АССР баспасөзінің жайы және оның кезектегі міндеттері» туралы қарар қабылдады. Конференция жергілікті баспасөздің партия қойған міндеттер дәрежесінде, еңбекшілердің тілек-талаптарына сай жұмыс істей алмай отырғандығын, оның себептерін көрсете келіп, әсіресе қазақ баспасөзінің жұмысын жақсарту туралы нақты шаралар белгіледі. Қазақстан баспасөзін нығайту айлығы өткізілді. Газетті тегін тарату тоқтатылды. 1923 жылдан бастап газетке баға қойылып, жаздыру ұйымдастырылды.

РКП(б) Киробком тарапынан баспасөзге басшылықты күшейту мақсатымен «Наша печать» аталған бюллетень шығарылды. Оның 1923 жылғы май айындағы нөмірінде Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ баспасөзі» деген мақаласы басылды. Бұл мақаласында ол «Еңбекші қазақ» газетімен «Қызыл Қазақстан» журналының және губерниялық газеттердің жайына тоқталып, бірқатар ұсыныстар айтты.

Республиканың баспасөзін дамытып, нығайтуда партияның Орталық Комитетінің тікелей және жан-жақты басшылық етуінің үлкен маңызы болды. РКП(б) Орталық Комитетінің баспасөз бөлімі қазақ газеттеріне шолу жасатып отырды. 1924 жылы «Красная печать» журналының бетінде «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі», «Тілші», «Ақ жол», «Бостандық туы», «Қызыл ту» (Орал) т. б. шолу берілді. Онда газеттің идеялық мазмұнын жақсарту, жарияланатын материалдардың әсерлілігін күшейту, партия комитеттерінің баспасөзге басшылығын арттыру жөнінде құнды кеңестер айтылды.

Қазақ баспасөзінің дамуында РКП(б) Орталық Комитетінің 1925 жылы мартта арнайы қабылдаған қаулысы аса маңызды белес болып табылады. Бұл қаулыда қазақ баспасөзін онан әрі жақсартудың шаралары белгіленген болатын. Кейбір қол жеткен табыстарды атап көрсете келіп, партияның Орталық Комитеті жергілікті партия ұйымдарының газет, журналдарға басшылығы жеткіліксіз екенін, сондай-ақ кейбір баспасөз органдарына, атап айтқанда «Ақ жол», «Тілші» газеттеріне, «Сана» журналына буржуазияшыл ұлтшылдар ықпал жасап отырғанын көрсеткен болатын. Орталық Комитет «Еңбекші қазақ», «Кедей», «Тілші» газеттері және «Қызыл Қазақстан» журналы редакциялары қызметкерлерінің саяси дәрежесі төмен екенін атап көрсетті.

Партияның Орталық Комитеті Киробкомге «Кедей», «Тілші», «Жұмыскер тілі», «Қазақ тілі», «Қызыл ту» газеттерінің мазмұны, тілі жөнінен қазақтың қалың бұқарасына жақында-

туды, ал «Қызыл Қазақстан» журналын бастауыш партия ұяларының секретарын қоса партия активтеріне арнап қайта құруды тапсырды. Орталық Комитет ғылыми-педагогтық және әдеби «Сана» журналын бұдан былай Ташкентте шығарып тұруды лайықсыз деп есептеп, оның орнына Орынборда ғылыми-педагогтық журнал шығаруды ұсынды.

Партияның Орталық Комитеті редакцияға еніп кеткен буржуазияшыл-ұлтшылдардың ықпалына түскен «Ақ жол» газетінің саяси бетін дереу түзетудің қажеттігін ерекше көрсетті. Партияның Орталық Комитеті бұл газетке партия басшылығы күшейтуді, редакциядан буржуазияшыл-ұлтшыл элементтерді қуып шығаруды, олардың орнын коммунист-әдеби қызметкерлермен толықтыруды талап етті.

РКП(б) Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша өлкелік партия комитеті 1925 жылдың июнінде мерзімді баспасөздің желісін қайта қарап, «Қызыл Қазақстан» журналының мазмұнын қайта құрды¹.

Бұл қаулы және одап кейінгі шаралар қазақ баспасөзін нығайтты, еңбекшілерді социалистік қайта құрылыс жылдарында идеологиялық майданда партияның сара жолы үшін күреске әзірледі. Бұл жылдары «Еңбекші қазақ» газеті, кейде өзінің бетінде жат элементтердің мақаласына орын беріп қателесуіне қарамастан, негізінде партиялық принципшілдікті берік ұстап, тондарының өңдерін айпалдырып кінген байшыл жазушылардың ұлтшылдық идеологияны уағыздауына соққы беріп отырды. Баспасөздің партиялылығын, оның таптық құрал екенін айтып, жазушы С. Мұқанов: «Біздің үстіміздегі дәуір — күрес дәуірі», — деп жазды².

* * *

Қазақстан Компартиясының басшылығымен қазақ баспасөзі халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында айтарлықтай жұмыс атқарды, қазақ халқын ұлы орыс халқымен және республиканы мекендеген басқа да ұлттармен достық рухта тәрбиелеуде, жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күресте елеулі роль атқарды.

¹ С. Ииәшев. «Зарождение коммунистический печати Казахстана», 1961, стр. 96—97.

² «Еңбекші қазақ» № 228, 15 октябрь, 1926.

ҚАЗАҚСТАН ПАРТИЯ-СОВЕТ БАСПАСӨЗІ СОЦИАЛИЗМ НЕГІЗДЕРІН ЖАСАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС ДӘУІРІНДЕ (1926—1932)

Социалистік индустрияландыру үшін күресте, Елімізді социалистік жолмен индустрияландыру қажырлы күрес жағдайында өткізілді. «Жаңа оппозицияның» талқандалынған қалдықтары 1926 жылдың жазында троцкистермен бірігіп, партияны лениндік жолдан тайдыруға тырысты.

Қазақстанда С. Садуақасов, С. Қожанов және басқалары сияқты буржуазияшыл-ұлтшыл топтардан оппозиционерлер өздерінің сыбайластарын тапты. ВКП(б) Қазақстан Өлкелік Комитетінің III Пленумы бұл топтарды бірауыздан айыптап, республиканың партия ұйымдарын «Партия жолын идеологиялық және ұйымдық жағынан бұрмалаушылыққа қарсы батыл күрес жүргізуге... алашорда идеологиясына қарсы, қазақ коммунистері арасындағы ұлтшылдық оңшыл және солшыл» уклондарға қарсы идеялық күресті¹ күшейтуге шақырды.

Елімізді индустрияландыру, социализм құруға бағытталған партияның сара жолын қолдай отырып, Қазақстан партия-совет баспасөзі ұлтшыл топтарға батыл тойтарыс берді. «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттері өз беттерінде республиканың партия және үкімет қызметкерлерінің ұлтшылдарға қарсы өткір айтыс мақалаларын жариялады. Мысалы, О. Исаевтың «Ұлттар және буржуазияшыл ұлтшылдар туралы»² деген мақаласында Қазақстанды индустрияландыру жөнінде партия мезгеген бағытқа қарсы ұлтшылдық пиғылдарды әшкереледі.

Партияның сара жолын қорғау және жүзеге асыруда баспасөздің ролін арттыру үшін РКП(б) Қазақстан Өлкелік комитетінің секретариаты мен ұйымдастыру бюросының 1925

¹ «ВКП(б) Қазақстан Өлкелік комитетінің 3-ші Пленумының қарарлары», 2-бет.

² «Советская степь», 26—27 февраль, 1927.

жылғы март және октябрь айларында қабылдаған қаулылары мен V Өлкелік партия конференциясының шешімдеріне байланыстыра отырып, Өлкелік комитет баспасөзге басшылықты күшейтті.

РҚП(б) Өлкелік комитеті 1925 жылы февральда «Жетекші қазақ баспасөзі туралы» қаулы қабылдады. Онда «Еңбекші қазақ» пен «Жас қайрат» газеттерінің және «Қызыл Қазақстан» мен «Лениншіл жас» журналдарының жұмысы жайлы жан-жақты талданып, олардың кемшіліктерін жоюдың жолдары белгіленді. «Еңбекші қазақ» газетінде оның редакторы С. Садуақасовтың идеялық жағынан құнсыз мақалалар жариялағаны үшін, қызметінен босатылды. Өлкелік комитеттің бюросы өлкелік қазақ басылымдарының редакцияларын партияның саясатын дәйектілікпен жүргізуге қабілетті коммунистермен нығайтты. Бюро журналистерден оқушыларына жақсы қызмет көрсетуді партия активтеріне, жұмысшы және ауыл тілшілеріне арқа сүйеуді талап етті.

Қазақстан Өлкелік партия комитетінің жаңадан құрылған баспасөз бөлімінің меңгерушісі 1926 жылы 10 майда Т. Рысқұлов болды, оған «Еңбекші қазақ» газетін редакциялау жүктелді. Сол жылы күзде осы қызметке Ф. Токжанов тағайындалды.

Өлкелік партия комитеті саяси сауатты коммунистерді ай сайын шолу жасап, пікір жазып беру үшін әрбір газетке бекітіп қойды. Бұл шолулар мен пікірлер «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланып отырды. Газеттер мен олардың шолулары «Тілші» газетіне — Айсарин, «Қызыл ту» газетіне Бсгімов, «Ауыл» газетіне Ф. Токжігітов, «Кедей» газетіне С. Мұқанов, «Қазақ тілі» газетіне Хатаулли, «Жұмыскер тілі» газетіне Еленов, «Бостандық туы» газетіне — Б. Майлин, кейінірек бұл жұмысқа Ф. Мүсірепов пен Б. Кенжебаев тартылды.

ВКП(б) Орталық Комитеті Советтік Қазақстан баспасөзін дамыту мен нығайтуға үнемі қамқорлық жасап отырды. Бұған — партияның Орталық Комитеті баспасөз бөлімі коллегиясының 1926 жылы 2 апрельде «Қазақ баспасөзі туралы» тағы да қаулы алғаны айғақ. Коллегияның қаулысында сонғы айларда «Еңбекші қазақ» пен «Қазақ тілі» газеттерінің, «Жаңа мектеп» пен «Лениншіл жас» журналдарының бөлімдер жұмысын жолға қою, газеттің шығару техникасы мен көркемдеу және тілі мен стилін жақсарту жөніндегі кейбір табыстары мен жетістіктерін айта келіп, ВКП(б) Орталық Комитеті ұйымдастыру бюросының 1925 ж. 23 октябрьдегі қаулысын Қазақстан Өлкелік комитеті әлі толық орындамағанын атап көрсетті. «Еңбекші қазақ» газеті жіберген қателіктерді түзету үшін онда редакциялық коллегия құрылуын ұйғарды. Кейін осы газеттің редколлегиясы бекітіліп, оның құрамына Т. Рысқұлов пен О. Жандосов енгізілді.

1927 жылы 26 январьда Өлкелік партия комитеті губерния-

лық казак баспасөзінің жайы туралы қаулы қабылдап, ВКП(б) губкомдарынан оған басшылықты күшейтуді, әрбір газет редакциясында тұрақты жұмыс істеу үшін кемінде екі журналисті бөлуді, саяси және кәсіптік дайындығы бар журналистік жағынан қабілетті коммунистерді редактор етіп бекітуді талап етті.

Өлкелік партия комитеті газеттер мен журналдардың партия тұрмысы бөлімдерін жетекші бөлім етуге ерекше көңіл бөлді. Мысалы, 1927 жылы августа «Қызыл Қазақстан» журналының жауапты секретары С. Мұқановқа «Еңбекші қазақ» газеті партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі міндетін қоса атқару жүктелді.

ВКП(б) Орталық Комитеті мен Өлкелік партия комитетінің көмегі арқасында Қазақстан баспасөзі кәсіпкерлерді және өсу жолының қиындықтарын жеңе отырып, жұмысшылар мен шаруаларға индустрияландыру социализм орнатудың негізгі буыны болып табылатынын түсіндірді.

В. И. Ленин «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген еңбегінде «баспасөз социалистік құрылыстың қаруы болып қызмет етуге тиіс» деп көрсетті. Көсемнің осы пұсқауын Қазақстан партия-совет баспасөзі өзінің жұмысында үлкен бастылыққа алып отырды.

Қазақ халқы үшін социалистік индустрияландырудың маңызы өте зор болды. Мұның өзі Қазақстан сияқты революциядан бұрын артта қалып келген елде капитализмге соқпай, социализмге өтуге толық жағдай жасайтын бірден-бір дұрыс жол еді. ВКП(б) XIV съезінің социалистік индустрияландыруға көшу туралы шешімдері республикамыздың барлық партия, совет, шаруашылық және қоғамдық ұйымдарының жұмысына айқын программа болды.

Коммунистік партия қуатты индустрияны тек орталық аудандарда ғана емес, сонымен қатар еліміздің шикізат қоры мол шет аймақтарында жасауды өзінің алдына міндет етіп қойды. Бұл өндіргіш күштерді социалистік принцип бойынша орналастыру және лениндік ұлт саясатын бұлжытпай жүзеге асыру мақсатынан туған міндет еді. Мұның бұрын елгі көрген халықтардың экономикалық жағынан артта қалушылығын, іс жүзіндегі теңсіздігін жою үшін жаңа, социалистік ұлттардың қалыптасу процесін аяқтау үшін шешуші маңызы болды¹.

Индустрияландыру ісінде қаржы ең басты мәселе еді. Өйткені қаржыны молайтпайынша алып өнеркәсіп орындарын белгіленген мерзімде салу мүмкін емес-тін. Капиталистік елдерде қаражат қорын жасау мәселесі басқа бір елді басып алу, отар елдерді сізіп, жаншу арқылы, соғыс, контрибуция және түрлі алым-салықтар мен концессиялар арқылы жүзеге

¹ «Очерки истории Коммунистической партии Казахстана», стр. 246.

асырылса, социализм құрылып жатқан елде, қаржы қорын жасаудың одан мүлде басқаша әдісі болды.

Бізде индустрияландыру ісіне қажетті қаржы қорын үнемділік тәртібін сақтау, еңбек өнімділігін арттыру, өндірілетін заттың өзіндік құнын кеміту және мемлекеттік-кооперативтік саудадан түсетін кірісті молайту, сондай-ақ өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының кірісін көбейту арқылы жиналады. Оның үстіне еңбекшілер табысынан және олардың мемлекетке қарызға беретін қаржыларымен толықтырылады.

Қазақстан партия ұйымының басшылығымен өлкенің баспасөзі индустрияландыру ісіне қажетті қаржы қорын жасау үшін күресті. «Еңбекші қазақ» газеті «Жаңа дәуірдің негізгі мәселелерінің бірі» деген бас мақаласында: «Қазақстанда кәсіп жұмысының (өнеркәсіп құрылысының — Х. Б.) шабан жүріп отырған себебінің бірі қаражаттың кемдігінен»¹ деп дабыл қақты.

Қаржыны мұқият үнемдеу, оның қорын жасаудың қайнар көздерін ерекше бақылауға алу нәтижесінде Қазақстанның бюджеті өсе бастады. Мысалы, 1925—1926 жылдың бюджеті 10 миллион 186 мың сом болса, 1926—1927 жылдың бюджеті 12 миллион 708 мың сом (бұған қызметкерлердің жалақысы кірмейді) болды. Алдағы жылдың бюджеті бұдан бұрынғы жылмен салыстырғанда 24 процент өскен².

Бұл цифрлар Қазақстан өнеркәсібін өркендету үшін партия мен үкіметтің ерекше қамқорлығының айқын белгісі. Қаржының мол қорын жасау — өнеркәсіпті жедел қарқынмен дамытудың кілті. Сондықтан «Еңбекші қазақ» газеті кәсіпорындарының басшыларын қолда бар қаржыны орынды жұмсап, тиімді пайдалануға шақырды. «Қаржыны үнемдеп, еңбек өнімділігін арттыру керек»³ деді.

Қазақстанның социалистік жолмен индустрияландыруға Совет Одағының барлық туысқан халықтары, ең алдымен ұлы орыс халқы көмектесті. Орасан зор көлемде басталған құрылыс көбінесе одақтық бюджет есебінен жүргізілді; қаржының едәуір бөлегі РСФСР бюджетінен түсті. Россия федерациясы, Украина және басқа туысқан республикалар Қазақстанға жаңа техника, ысылған жұмыскерлер мен мамандар жіберіп, баға жетпес көмек көрсетті⁴.

Совет Одағы халықтарының туыскандық көмегін жұртқа айгілей отырып, өлкелік «Еңбекші қазақ» газеті республика еңбекшілерін тек одақтан бөлінген және туысқан республикалар берген қаражатқа арқа сүйеп қана отырмай, сонымен қа-

¹ «Еңбекші қазақ», № 290, февраль, 1925.

² «Еңбекші қазақ», № 206, сентябрь, 1927.

³ «Еңбекші қазақ», № 389, октябрь, 1925.

⁴ «Очерки истории Коммунистической партии Казахстана», стр.

тар өз істеріне мұқият карауға, еңбек өнімділігін барған сайын арттыра беруге шақырды. «Өнеркәсібіміз дами бермекші, оны өркендетуге жалғыз Кеңестер Одағының ғана қаражатын жұмсап қанағат қылмай, жыл сайын өзіміздің жергілікті қаржымыздан да сома белгілеп отыруымыз керек»¹ деп жазды газет. Бұл пікірін «Қазақстанның өнеркәсібі» деген бас мақаласында тағы да дамыта түседі. «Көңіл бөліп,— деп жазды газет,— қолдағы қаражат, күшімізді жұмсасак, екінші, орталықтан жәрдем алсақ Қазақстанда өнеркәсіптің өркендеуіне шұба болмауы керек»².

1927 жылы 15—23 ноябрьде болған ВКП(б) Қазақстан өлкелік VI конференциясы халық шаруашылығын қалпына келтіру оның барлық саласында негізінен аяқталғанын, республикада бірқатар өнеркәсіп, транспорт және ауыл шаруашылық ірі кәсіпорындарының құрылысы салына бастағанын, түсті металлургия заводтары, көмір шахталары, мұнай кәсіпшіліктері жаңа техника негізінде қайта құрылып жатқанын қанағаттанғандықпен атап өтті.

«Еңбекші қазақ» газеті халық шаруашылығын өркендетудің барысы, өнеркәсіптің жалпы өнімі қандай дәрежеде екендігі туралы үнемі талдау жасап, республика еңбекшілерінің, партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары басшыларының назарын күн тәртібіне қойылған басты-басты мәселелерге аударып отырды. «Өнеркәсіп осы үстіміздегі 1926—1927 жылдары соғыстан бұрынғы күйінің 75—80 процентіне жетпек, алдымыздағы 1927—1928 жылдары 100 процент болады» деп жазды. Бұдан кейін Қазақстанда бұрын болып көрмеген мата тоқитын фабрика, тері заводы салынады дей келіп, газет «Жоспар бойынша бұдан былай жылма-жыл фабрика, заводтар салына берсін»³ деп мәлімдеді.

Қазақстанды социалистік жолмен индустрияландыру кезінде «Еңбекші қазақ» әсіресе ауыр өнеркәсіп орындарына баса назар аударып отырды. Қарсақпай заводының құрылысы өте қиын жағдайда жүргізілді. Өйткені, ол біріншіден, темір жол бойынан алыс болатын, екіншіден, заводта жоғары мамандығы бар жұмысшылар өте аз еді. Оның үстіне жұмысшылардың мәдени-тұрмыс жағдайлары айтарлықтай болмады.

Осыған байланысты «Еңбекші қазақ» арнаулы бас мақала жазды. «Қарсақпайға бұрынғыдан да артық назар аударылсын»⁴ деп заводтың Қазақстандағы ірі өнеркәсіп орындарының бірі екенін атап көрсетті. Сондықтан құрылыс басшыларынан кемшіліктерді жоюды талап етті. Газет Қарсақпай туралы жазған тағы бір мақаласында заводтағы партия ұйымының

¹ «Еңбекші қазақ», № 76, февраль, 1927.

² «Еңбекші қазақ», № 4, январь, 1927.

³ «Еңбекші қазақ», № 21, январь, 1927.

⁴ «Еңбекші қазақ», № 131, июнь, 1927.

жұмысын жақсы жолға қоюды, жұмысшылар тұрмысын жақсартуды үлкен мәселе етіп көтерді. Сондай-ақ газет Қарағанды, Жезқазған, Риддер, Екібастұз сияқты өндіріс алыптарындағы жайлар туралы жиі жазып отырды.

«Еңбекші қазақ» Риддерге ерекше көңіл бөлді. «Риддер заводы»¹ деген үлкен мақала жариялап, газет өз оқушыларын Риддердің өткендегісімен, сол кездегі жайымен және болашағымен таныстырды. Әсіресе, Совет өкіметінің қамқорлығының арқасында 1925 жылы «Алтайполиметалл» тресі құрылғаннан кейін Риддер тез қалпына келтіріліп және қайта құрылып жатқанын атап көрсетті. Риддер индустриаландырудың алғашқы жылының өзінде-ақ мыңдаған тонна қорғасын, қалайы бөре бастады.

Газет жұмысшыларды өндірісті басқаруға тартуда, еңбек өнімділігін арттыруда өндірістік кеңестердің зор роль атқаратындығын кең түсіндірді, бұл жөнінде кәсіподақтарына барынша көмек көрсетті. Жұмысшылардың творчестволық белсенділігін арттырудың негізгі түрі өндірістік кеңестер болатынын, мұндай кеңестерде өндірістегі еңбекті ұйымдастыру және басқару жұмыстарының жайы талқыланатынын, сөйтіп еңбек өнімділігін арттыруды көздейтін өндіріс орындарында мұндай кеңестердің жұмысын жақсарту, оған бағыт беріп отыру жергілікті партия, кәсіподақ ұйымдарының бүгінгі таңдағы басты міндеті деп ескертті.

Осы кезде республикамызда ұлт кадрлары — қазақ жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері қалыптасты. Мысалы, 1921 жылдың басында өндіріс пен жол құрылысында жұмыс істейтін, кәсіподақтардың мүшесі болған қазақтардың саны 4964 болса, 1927 жылдың январында олардың саны 9835-ке дейін өскен.

«Жұмысшылар арасындағы істеріміз»² деген бас мақалада «Еңбекші қазақ» жұмысшылар арасында партия басшылығын күшейту туралы жазды. Сондай-ақ газет бетінде «Жұмысшылар тұрмысы», «Екпінді жұмыстың бірі», «Риддер жұмысшыларының жайы» тағы осы сияқты тақырыппен берілген материалдар да, жұмысшылар арасында партиялық-саяси жұмысты күшейту, олардың мәдени-тұрмыс жайын жақсарту, завод-фабрика жұмысшыларының сауатсыздығын жою, олардың балалары үшін арнаулы мектептер ашу мәселелерін көтерді.

Қазақстанда социалистік индустриаландыру процестері орталықтан едәуір кейін барлық жерлерде 1927—1928 жылы басталды. Осы жылдары қазақ даласында социалистік индустрияның алғашқы ірі ошақтары салына бастады. Қазақстан-

¹ «Еңбекші қазақ», № 289, декабрь, 1928.

² «Еңбекші қазақ», № 242, октябрь, 1927.

ды социалистік жолмен индустрияландыруда бірінші бесжылдықтың тұңғышы — 1500 километрге созылған Түркістан — Сибирь темір жолын салу ерекше орын алады. Бұл құрылыс социалистік индустриялизацияның алғашқы кезеңіндегі ең ірі объектілердің бірі еді. Совет үкіметі бұл құрылысқа 200 миллион сом жұмсады. Бұл жолды салудың тек Қазақстан үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл Совет Одағы үшін орасан зор маңызы болды. Қысқаша айтқанда, Турксибтің экономикалық маңызы ұлы Сибирь темір жолына Орта Азиялық магистральмен қосуда, Сибирь мен Қазақстанның ең қысқа жол арқылы халық шаруашылығы үшін қажетті бағалы жүктерді тасуда, осы магистраль бойына жақын барлық аудандардың экономикасының гүлденуі үшін қажетті алғы шарт жасауда, Арыстан Семейге дейінгі жол бойында өнеркәсіп пен егіншіліктің дамуына жағдай туғызды¹.

Бұл — Коммунистік партия мен Совет үкіметінің шет аймақтардағы ұлттарға деген ерекше қамқорлығының айқын белгісі еді. Советтік заман таңы қылаң берген шақтың өзінде-ақ кемеңгер Ленин: — «Бай өлке, оның бай мүмкіндіктері бар» деп, бұл өлкені көтеру міндетін қойған еді. Түркістан — Сибирь темір жолынсыз Қазақстанның өнеркәсібін тез қарқынмен өркендету, ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құру мүмкін емес еді.

Түркістан — Сибирь темір жолының құрылысына байланысты республика партия ұйымының алдында зор міндеттер тұрды. Ең алдымен жолшылар арасында еңбек өрлеуін туғызуды көздеген үгіттік-бұқаралық жұмыстар жүргізу, құрылысшыларды большевиктік рухта тәрбиелеп, олардың сана-сезімін ояту, социалистік жарысты ұйымдастырып, оны кеңінен өрістету; жұмысшылардың мәдени-тұрмыс жағдайын түзеуге, әсіресе қазақ жұмысшыларының кадрларын құруға баса назар аудару, сөйтіп, жолдың тез іске қосылуын қамтамасыз ету — міне сол сияқты міндеттерді жүзеге асыру керек болды. Осындай аса маңызды шараларды жүзеге асыруда Қазақстан өлкелік партия комитеті өзінің органы — «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттерін үгітші, насихатшы және ұйымдастырушы құралы ретінде пайдаланды. «Еңбекші қазақ» газеті Түркістан — Сибирь темір жол құрылысына ерекше көңіл бөлді. Республика жұртшылығына темір жолдың маңызын, оның пайдасын үзбей жазып, түсіндіріп отырды. Газет 1925 жылдың өзінде-ақ «осы күнгі шаруашылықтың күре тамыры — темір жол» деп жазды. Шынында жол қатынасын жақсартпай тұрып өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын отандық жаңа техникамен жабдықтау мүмкін емес еді. Сондықтан

¹ С. Байшев. «Победа социализма в Казахстане». 1961, стр. 142.

«Еңбекші қазақ» газеті «алдымызда тұрған келелі мәселенің бірі жол жұмысы» деп және «шаруашылық ретінен жолдың керектігін адамның денесіне қан тарататын тамырымен бірдей»¹ деп дұрыс бағыт сілтеді.

СССР Еңбек және Қорғаныс Советі 1926 жылы 3 декабрьде Түркістан — Сибір темір жолын салу туралы қаулы шығарды. Қазақстан еңбекшілері бұл қаулыны зор қуанышпен қарсы алды. Жол құрылысы 1927 жылы апрельде Семей жактан, ноябрьде Луговой станциясынан басталды. Алғашқы күннен-ақ Қазақстан еңбекшілері бұл іске жұмыла кірісті. Жол салу жұмысына 20 мыңнан аса жұмысшы, инженер-техник қатысты.

Түркістан — Сибір темір жол құрылысы басталар қарсаңында және басталысымен-ақ өлкелік «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттерінің беттерінде «Құрылыс алдында», «Құрылыс төңірегінде», «Түркістан — Сибір темір жолында», «Жұмысшылар тұрмысы», «Жұмысшыларды оқытып, тәрбиелеу», «Басшылық жақсартылсын», «Жаулар үміті үзілді» деген сияқты рубрикалар пайда болды.

Мысалы, «Түркістан — Сибір темір жолы» рубрикамен берілген хабарлардың бірінде «Еңбекші қазақ» газеті жол бойындағы денсаулық сақтау жөніндегі кемшіліктерді сынайды, екіншісінде жұмысшылар үшін киіз үй немесе шатырлар қажет екендігі айтылады. Сонымен қатар газет жол бойындағы еңбек қарқыны, озат бригадалар мен учаскелер жайында қызықты хат-хабарлар, тартымды очерктер беріп отырды.

«Советская степь» газеті жергілікті ұлт кадрларын, техниканың тетігін жете білетін мамандар даярлау мәселесіне назар аударды. «Қазақтың жұмысшы кадрларының қалыптасуы» деген мақалада газет қазақ жұмысшыларының құрылысқа көптеп тартылуын, оларға орыстың тәжірибелі жұмысшыларының достық көмек көрсетіп отырғанын тебірене баяндады. «Мұның өзі, — деп жазды газет, — большевиктік партияның лениндік ұлт саясатының аса маңызды көрінісі болып табылады»².

Газет жол құрылысындағы кемшіліктерді дер кезінде көрсетіп, сын және өзара сынға кең өріс ашты. Мысалы, «Түркістанның солтүстік учаскесінде»³ деген сын корреспонденцияда газет жұмысшыларға арналған тұрғын үйлердің, клубтардың, моншалардың салынуы, асхана, қызыл мүйіз және сондай мәдени-тұрмыс мекемелерінің жұмысы мардымсыз жүргізіліп келе жатқандығын сынайды.

1929 жылғы апрельде Түрксіб темір жол құрылысының жұмысшылары Днепр электр станциясы құрылысы экскава-

¹ «Еңбекші қазақ», № 291, февраль, 1925.

² «Советская степь», 25 февраль, 1928.

³ «Советская степь», 25 февраль, 1929.

торшыларын социалистік жарысқа шақырған үндеуін жариялады. Бұл туралы «Советская степь» газеті арнаулы беттер ұйымдастырып, социалистік жарыстың барысын әйгілеп отырды. Түрксиб құрылысын жоспардағы мерзімнен бұрын аяқтау үшін екпінді бригадалар құрылып, олар өзара социалистік жарысқа түсті. «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» газеттері құрылысшылардың бұл инициативасын қолдап, озағтардың тәжірибесін, қажырлы еңбектерін көпшілікке таратудың жаршысы болды.

Бүкіл халықтық қозғалысқа, игілікті іске айналған Түрксиб құрылысы қарқыны күн сайын үдей түсті. Социалистік жарыстың нәтижесінде Түрксиб темір жол құрылысы 1930 жылдың сентябрінде бітудің орнына, мерзімінен 4 ай бұрын, 1 май мерекесі қарсаңында аяқталды. «Еңбекші қазақ» пен «Советская степь» 1930 жылы 27 апрельде екі жақтан бірдей жүргізілген құрылыс Айнабұлақ станциясында түйісіп, Түрксиб салынғанын бүкіл елімізге зор қуанышпен хабарлады.

Сөйтіп, бірінші бесжылдықтың бел баласы — Түрксиб құлазыған құба жонды қақ жарып, Орта Азия мен Қазақстанды Сибирь магистралімен жалғастырды. Мырқымбай түйеден түсіп, Түрксибке отырды.

Сонымен өлкелік «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттері Қазақстанда социалистік жолмен индустрияландыру басталған кезде басты-басты құрылыстарда социалистік жарысты кең өрістетіп еңбек өнімділігін арттыруда, қазақ, орыс және басқа ұлт жұмысшыларын пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеуде Қазақстан партия ұйымының жауынгер көмекшісі болды.

* * *

1927 жылдың аяғында-ақ социалистік индустрияландыру ісінде совет халқының үлкен табыстарға қолы жетті. Сөйтіп Коммунистік партия мен Совет үкіметі еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын жасады. 1928 жылы 1 октябрьде бүкіл ел сол жоспарды орындауға кірісті.

Қазақстан еңбекшілері бесжылдық жоспарды зор ынта-жігермен қарсы алды. Партия ұйымдарының басшылығымен жана құрылыстарда, заводтар мен фабрикаларда, темір жолдарда бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс кең өрістеді. Көп жерлерде жұмысшылар өнім шығару нормасын асыра орындап жатты. Жұмысшылар үдеме жоспарлар — «Бесжылдықты төрт жылда» орындау жоспарларын ұсынды.

Міне, осындай үлкен өрлеу жылдарында қазақ жұмысшыларының санасын ояту, мәдениетін көтеру, іскерлік қабілетін күшейту, сөйтіп, оларды еңбекке жұмылдыру — басты міндеттердің бірі болды. Осы міндеттерді жүзеге асыру жолындағы

күресте Қазақстанның өндіріс орындарында істейтін қазақ жұмысшылары үшін арнаулы газет шығару қажет деп табылды. 1928 жылғы февраль айында Өлкелік Кәсіподақ советі қазақ тілінде жұмысшы газетін шығаруды ұйғарды.

«Жұмысшы» газеті. 1928 жылы 1 майда Қызылорда Өлке-лік партия комитеті мен Кәсіподақ советінің атынан «Жұмысшы» газеті шыға бастады. Газет шала сауатты жұмысшыларға, қазақ кәсіпшілер ұйымының төменгі белсенді қызметкерлеріне арналды. «Жұмысшы» газеті көлемі үлкен форматты, төрт бет болып «Еңбекші қазақ» газетінің жанынан шығарылды.

«Жұмысшы» газеті еңбекшілердің қамын ойлап, оларға шын жөн сілтеуші, кеңесші болуды мақсат етті. Адамдардың коллективтік еңбекке бірігуіне, партия қатарына өтуіне көп көңіл бөлді. Жергілікті жерлерде кәсіподақ еңбек шарттарының орындалуын қадағалап кеңес орындарының жұмысына көмектесті.

Газет қазақ жұмысшыларының санасын оятып, білімін көтеру мақсатымен өз бетінде «Сұрау — жауаптар» бөлімін ашты. Онда жұмысшылардың білгісі келген жайларына жауап түсінік беріп отырды. Кәсіпшілер одағы деген не, оған мүше болу жайы қалай екенін үнемі насихаттап отырды.

«Жұмысшы» газеті өзінің бірінші бетінде шетелдердегі жұмысшылар қозғалысын, екінші бетінде жергілікті жерлердегі жұмысшылардың ісін, жай-күйін баяндады. Үшінші беттегі «Хабар-ошар» бөлімінде Совет елінде болып жатқан жаңалықтарды үзбей жазып отырды. Ал «Денсаулық жайы» деген бөлімінде газет түрлі аурулар, одан сақтану, оны емдеу жолдары жөнінде консультациялар ұйымдастырды. Газеттің ендігі бір үлкен бөлімі — «Жастар тұрмысынан» деп аталды. Онда жергілікті жастардың ісін, тіршілігін, тілегін, ниетін көрсетіп отырды. Жас жұмысшыларды демалыс сағаттарын бос өткізбей, газеттер мен журналдар оқып, білімдерін көтеріп отыруға шақырды.

«Жұмысшы» газеті орыс, қазақ жұмысшыларының арасында достық қатынас орнату үшін белсене күрес жүргізді. Ол ұлттар достығына зиян келтіретін теріс әрекеттерге қатты соққы беріп, орыс-қазақ жұмысшылары арасында үнемі тау-тәтті достықтың болуын насихаттады. 1928 жылы 27 августтағы нөмірінде жарияланған «Ұлт наразылығы болмасын» деген мақаласында «Жергілікті одақ жұмысшылар арасында тәрбие жұмысын күшейтулері керек, жұмысшыларға білім беріп, саяси санасын оятуға ат салысуы қажет. Жұмысшылар одағындағы ұлттар наразылығын болдырмай, оның шығу себебінің тамырына балта шабу керек» деп жазды.

«Жұмысшы» газеті 1930 жылға дейін шығып тұрды. Бұл уақыттың ішінде ол бұрын өнеркәсібі болмаған Қазақстанда жаңа өнеркәсіп орындарының көптеп ашылуына, онда қазақ

жұмысшылары санының көбеюіне байланысты олардың мәдени-білім дәрежесінің өсуіне ат салысты. Республикамызда маман жұмысшы кадрларын даярлауға қолғабыс етті. Сөйтіп, өзіне жүктелген абыройлы да зор сепімді толық ақтай алды¹.

«Ауыл тілі» газеті. Партияның ауылды онан әрі советтендіру саясатын жүзеге асыруда 1926—1929 жылдары шығып тұрған жалпы қазақстандық арнаулы шаруа газеті — «Ауыл тілі» үлкен роль атқарды. Ол Қазақстан Өлкелік партия комитеті, Орталық Атқару комитеті, Кәсіпшілер Одағы және Сырдария губкомы мен Атқару комитетінің атынан Қызылорда қаласында шығарылды. Бұл газет көлемі төрт бет, тиражи 6800 дана болып Қазақстанның барлық ауылдарында таралып тұрды.

Газеттің 1926 жылғы 27 июльде шыққан бірінші нөмірінде жарияланған «Оқушыларымызға» деген бас мақаласында «Ауыл тілінің» программасы белгіленді. Бұл газет, — деп жазды редакция, — Қазақстан аймағындағы қазақ бұқарасының басын қосып, мұң-мұқтажын шешетін орталық ордасы болады. Бұл газетте шаруаны көтеру, партия-кеңес құрылыстарын жөндеу, ел ішіндегі түрлі жолсыздықтарды жою жолдары көрсетілді. Бұл газет ауыл бұқарасын тәрбиелеп, бүкіл дүниедегі, қала берді айналасындағы болып жатқан оқиғалармен таныстырып отырады.

Осыдан кейін газет ауылды онан әрі советтендіру үшін әлеуметтік-шаруашылық, әкімшілік-территориялық және саясат жөніндегі бірқыдыру шараларды жүзеге асыру туралы өлкелік V партия конференциясы көрсеткен міндеттерді түсіндірді.

Газеттің бірінші нөмірінде Ораз Исаевтың «Қара бұқарадан шыққан талапкерлерге жол берілсін» деген мақаласы жарияланды. Ол мақаласында басқару ісі түбінде еңбекшілер қолында болмақ деп жазды. Еңбекшілер тізгінді шын өз қолына алғанда ғана еңбекшілер мемлекеті болмақ. Сондықтан, — деп қорытты мақаласында Исаев жолдас, — біздің айтарымыз — қара бұқарадан шыққан талапкерлерді ілгері ұмтылдырып, соларға жол беруіміз керек.

Партия төменнен жоғарылату арқылы басшы кадрлар тәрбиелеп өсірді. Соның нәтижесінде қалың бұқараның арасынан шыққан талай жарлы-жақыбайлар ел билеу, мемлекетті басқару ісіне, жергілікті және жоғары орындардағы партия, совет қызметіне жоғарылатылды.

1927 жылы июнь айының бас кезінде Қазақстан шаруаларының екінші съезі өткізілді. Газет Орыябск Бековтың осы съезде жасаған баяндамасынан көңіл аударарлық бір факті келтірді. 1927 жылдың 1 январына дейін Қазақстанда Кәсіп-

¹ Т. Қожақеев. Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газеті, 25. VIII. 1958.

шілер одағы мүшелерінің саны 36843, мұның ішінде шаруалар 22207 адам екен. Бұған қарағанда жалпы кәсіпшілер одағы мүшелерінің 60 проценті ауылдағы шаруалар екені байқалады. Осы фактіден газет шаруалар партияның ауылдағы таянышы, олардың сана-сезгімі оянып, ауылды советтендіру ісінде маңызды роль атқаратын белсенді күшке айналып отырғанын көреміз деп қорытынды шығарды¹.

Партияның ауылды советтендіру жөніндегі саясатын жүзеге асыруда таяныш және күш ретінде ауыл кедейлерінің бұқаралық ұйымы — Қосшы одағының маңызы зор болды. «Ауыл тілі» газеті осы ұйымның жұмысын да назарынан тыс қалдырмай отырды.

«Қосшы ұйымы қандай ұйым» деген мақалада газет бұл қазақ кедейлерін, малайларын, орташаларын біріктіретін, қазақ еңбекшілерінің шаруашылығын түзетін, байлар мен атқамінерлерден қорғау жөнінде аяйбай қызмет ететін ұйым екендігін; ауылда кооперация, серіктік, артель жұмыстарын ілгері бастыру жолында басшылық ететін, орыс кедейі мен қазақ кедейін жақындастыратын, қазақтың байы мен орыстың жуан жұдырығына қарсы күрес ашатын ұйым екендігін; ауылда партия, совет тәртібін орнату жолында Коммунистік партия мен Совет үкіметіне көмектесетін ұйым екенін түсіндіреді.

Қазақ жастарынан маман кадрлар шыға бастағанын газет қуаныш ете жазды. Революцияға дейін қазақтан шыққан инженер жалғыз еді, революциядан кейін Әлімхан Ермеков инженер болып шықты. Биыл тағы екі инженер қосылды. Олар Өмір Толыбаев пен Қаныш Сәтбаев. Осыдан кейін газет жұртшылықты Сәтбаевтың өмірбаянымен таныстырды. Ол, — деп жазды газет, — Семей губерниясы Павлодар уезінің Ақкелін болысының азаматы. 1913 жылы Павлодарда екі кластық орыс-қазақ училищесін, 1917 жылы Семейде оқытушылар семинариясын бітірген, осы семинарияда оқып жүрген кезінде екінші басқыш мектеп шәкірттеріне арналған алгебра кітабын жазған. Қаныш 1921 жылы Томскінің технологиялық институтына түсіп, оны биыл бітіріп келді².

1927 жылғы Советтер сайлауы қарсаңында «Кедей, кеңесті қолыңа ал!» деген арнаулы бас мақала беріп, газет сайлауда советке жалшы, кедей, орташалардың өкілдері өтуін, байлар мен атқамінерлердің сайлау еркі жойылуын, олардың ебін таяуып советке өтіп кетуіне жол берілмеуін ескертті.

«Ауыл тілі» газеті көтерген мәселелер: оқу, денсаулық, әйел теңдігін қорғау, советтердің, қосшылардың жұмысын жақсарту, кооператив, кедей-жалшылардың қозғалысын өрістету болып табылады.

«Ауыл тілі» газеті осы мәселелердің бәрін камтып жазып

¹ «Ауыл тілі», № 23, июнь, 1927.

² «Ауыл тілі», № 2, 1926.

отырды. Өлхелік қосшы одағының 1927 жылы майда өткізілген тұңғыш съезінде Ораз Жандосов қазіргі екі міндет, негізгі екі ұранымыз бар,— ол ауылды советтендіру және жерді бөліп беру деді.

Бұл газетке Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Жакан Сыздықов, Қалмақан Әбдіқадыров, Аманғали Сегізбаев сияқты көрнекті жазушылар мен журналистер белсене қатысты. Олар халыққа түсінікті тілде қара сөзбен де, өлеңмен де, әңгіме, очерк, сықақ, фельетон жазып, ескіні сөгіп, жананы дәріптеді, партия мен үкіметтің игі шараларын насихаттап, жүзеге асыруға үндеді. Мысалы, Сәбит Мұқанов «Есіне алып жүрмісің!» деген өлеңінде «бейқам болма, малыңды күт, егіске дайындал» деп үгіттейді момын шаруаларды.

«Ауыл тілі» 1928 жылғы бірінші нөмірін «Мәдениетті бол» деген осы мақаламен басталды. Онда шаруашылықты жаңа түрге салу, мәдениетті елдердің қатарына қосылу дегенде ең бірінші шарт — сауатсыздықты жою деп жазды. Ауылды онан әрі советтендіру мәселесіне ерекше тоқталып, газет еңбекшілерді ескі әдет-ғұрыптардың үстемдігін жоюға, сондай-ақ көп әйел алушылыққа, қалың мал, әменгерлік, ақсақал билігі, ұрлық-барымта, пара секілді жаңа қауымның ілгері басуына бөгет болатын ескіліктің қалдықтарына қарсы батыл күреске үндеді.

Газет Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің ірі байларды конфискелеу туралы 1928 жылғы 27 августа қабылдаған қаулысын жариялады. Осы науқанға байланысты Қазақстанның барлық еңбекшілеріне, барлық батрак, кедей орташаға арналған үндеуі басылды. Мұндай науқан кезін пайдаланып қалған атқамінер-қулао шаруаларды, әсіресе орташаларды жөңсіз қорқытып, конфискеге іліктіремін дейтіндер де табылды. Біздің кедейлеріміз атқамінерлердің осындай өтірік-оспағынан сақ болсын¹ деген үндеуде.

Кедейлер мен жалпы еңбекші бұқараның таптық сезімі күшеюінің, саяси белсенділік көрсетуінің нәтижесінде ірі байлардың мал-мүлкіні конфискелеу науқаны ойдағыдай өткізілгені мәлім. Бұл жөнінде «Ауыл тілі» газеті аз еңбек сіңірген жоқ.

Газет ірі байлардың мал-мүлкіні конфискелеу жөніндегі партия мен үкіметтің саясаты еңбекші шаруалардың мүддесін көздейтінін, мұның өзі ескі патрнархалдық-феодалдық қатынастардың, ұлтшылдықтың қалдықтарын жоюға себеп болатынын кең түрде түсіндіріп жазып отырды.

¹ «Ауыл тілі», № 38, 1928

Шыңжыр балак, шұбар төс болып, еңбекші бұқараның қанын сүліктей сорып келген бай-феодалдардың өзінің күн көрісіне керегінен артық мал-мүлкі тартып алынып, кедейлер мен жалшыларға, жаңа құрыла бастаған колхоздар мен совхоздарға бөлініп берілгенін газет жұртқа мәлімдеді.

Осы кезде республикамыздың әр жерінде колхоздың алғашқы түрі ауыл шаруашылық серіктері және совхоз құрыла бастады. Мысалы, «Ауыл тілінің» 1928 жылғы 18 ноябріндегі нөмірінде «Семей губерниясында жаңадан 300 ынтымақ шаруа ашылды» деп жазды бір тілші. Көп ұзамай газет бетінде ауыл шаруашылық артелі Уставының жобасы жарияланды.

1929 жылы 3 январьдағы 1 нөмірінде газет Жер-су халық Комиссарнаты егін кәсібін өркендету мақсатында алдымыздағы март айының 15-інде жергілікті орындарда кеңес өткізілетін болды деп хабарлады. Бұл кеңеске,— деп жазды газет — ауыл-селонның бүкіл еңбекшілері, кеңес шаруашылықтарының (совхоздардың) қызметкерлері тегіс қатысады. Аудан, ауыл жиналыстарында кедей, жалшы, орташалар егін кәсібін қалай өркендетудің жолын кеңеседі.

«Егіс науқанына даярлық» деген хабарда ауыл шаруашылық кооперативтері жанынан машина-сайман үлестіретін 1461 пункт, тұқым тазартатын 2349 пункт ашылады деп жазды газет. Қарыз серіктері арқылы кедейлерге жұмыс көлігін алу үшін 13,5 миллион сом қарыз ақша беріледі.

Бұл фактілерден республикамызда колхоз құрылысы қалай басталғанын, партия мен үкіметіміздің қазақ еңбекшілеріне көрсеткен әкелік қамқорлығын көреміз.

Газет «Ауылды онан әрі советтендіру» саясатының қандай нәтижелерге жеткізіп отырғанын да нақты фактілермен көрсетіп жазып отырды. Самұрат аулында,— деп жазды бір тілші,— бұрын бірде-бір мектеп, кооператив, иә Қосшы ұйымы, иә кеңес сайлауы, тағы басқалары болған емес. Ауылнай тек салық жинауға келіп кететіп. Ешқандай жиналыс, бас қосу деген болмайтын. Қазір бұл ауылға сана-сезім кіре бастағаны өткен жылдан бастап қана. 1927 жылы бұл ауылға жоғарыдан өкілдер шығып мән-жайды, кеңес өкіметінің саясатын түсіндірді. Ел еңбекшілерінің құлағына жылы сөз тиген соң неге қарап жатсын,— дереу тиісті орындарға барды, мұңдарын шақты. Ел еңбекшілері бас қосып кооператив ашайық, мектеп ашайық, поселке болайық, бөгет соғайық деді. Қазір мұнда мектеп, Қосшы ұйымы, Тұтыну кооперативі бар. Көбі (200-дей үй) бір жерге жиналып, едәуір поселке болып қалды. Екі ауыл шаруашылық коллектив құрмақшы болды¹.

«Ауыл тілі» газеті ауылды советтендіру күресінде өзіне

¹ «Ауыл тілі», № 2, 1929.

жүктелген міндетін абыроймен орындап, 1929 жылы 12 февральда 5(129) нөмірінен кейін өзінің шығуын тоқтатты¹.

Баспасөз коллективтендіру күресінде, 1927 жылы 2—19 декабрьде болған партияның XV съезі ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісін барынша өрістету туралы, жаңа техникаға негізделген ірі социалистік ауыл шаруашылық өндіріске көшу туралы шешім қабылдады. Сонымен бірге ауыл шаруашылығын коллективтендіру жолындағы күрестің әдістері мен құралдары туралы айқын нұсқаулар берді.

XV съездің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, Қазақстан партия ұйымы республиканың өзгеше ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісін әзірлеуге кірісігі. Қазақстан партия ұйымының ауылды советтендіру, жер бөлісі, ірі бай-феодалдардың мал-мүлкін конфискелеу жөніндегі батыл шаралары, осыған байланысты ауыл еңбекшілерінің арасында жүргізілген күнделікті ұйымдастыру және саяси жұмысы коллективтендіруді әзірлеуде зор роль атқарды.

Қазақстан партия ұйымы ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспары мен принциптерін жүзеге асыру күресінде баспасөзді күшті құрал етіп пайдаланды, сол арқылы қалың бұқарамен үнемі байланыс жасап, үгіт-насихат және ұйымдастыру жұмысын жүргізді.

В. И. Лениннің кооперативтік жоспары бойынша Қазақстан партия ұйымы алдымен ауыл шаруашылық кооперативін құруға ерекше назар аударды.

«Еңбекші қазақ» газеті ауыл шаруашылық кооперативінің маңызын, пайдалылығын, оның болашағын үнемі насихаттап отырды. Мысалы, газет Қармақшы ауданындағы 1927 жылы ұйымдасқан Қостөбе кооперативінің жыл сайын өсіп, нырайып келе жатқандығын жазды².

Газет ауыл шаруашылығын коллективтендірудің маңызын нақтылы мысалдармен үгіттеді. «Шаруамды ұқсатам, тұрмысымды түзсеймін деген кедей, еңбекші шаруа кооперативке кірсін, кооперативтің пайдасына түсінген қазақ еңбекшілері коллектив болып жатыр. Үкіметтен соқа-сайман, машина, көлік қарыз алып жатыр»³ деп жазды газет. 1929 жылы мемлекет тарапынан Қазақстанның ауыл шаруашылығына 90 миллион пұт тұқым, 207 миллион сомдық машина-саймандар берілетінін хабарлай келіп, газет бұл шаруалардың колхозға ынтасын арттырады деп көрсетеді⁴.

¹ Ауылды оған әрі советтендіру күресінде өлкелік «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналы, сондай-ақ жергілікті газеттер де үлкен жұмыстар жүргізді. Тек қана «Ауыл тілі» газетінің қызметі көрсетілген.

² «Еңбекші қазақ», № 221, 1930.

³ «Еңбекші қазақ», № 103, 1920.

⁴ «Еңбекші қазақ», № 40, 1929.

Мұндай хабарлар шаруаларды колхозға үгіттеу жөнінде маңызды роль атқарды. Мемлекет тарапынан жәрдем болатындығына көзі жеткен кедей шаруалар колхозға өз ықтиярымен кіре бастады.

1929 жылдың көктемінде кедейлер мен орташалар колхозға ағылды. Газетте басылған хат-хабарларға қарағанда, 1929 жылдың бас кезінде Қызылорда ауданының 19 аулында 24 үй кедей-жалшы көктемгі егіс алдында ауыл шаруашылық артелін құрды. Оған кіргендердің он бесі бұрынғы қосын ұйымының мүшесі, үшеуі партия мүшесі.

1928 жылдың аяқ кезінде және 1929 жылдың бас кезінде партия ұйымдарының басшылығымен Ақтөбе, Алматы, Қызылжар, Қостанай, Сырдария, Семейде кедейлер тобы өкілдерінің конференциясы өткізілгендігі туралы газет бетінде бірнеше хабар басылды. Ақтөбе кедейлерінің конференциясы алдағы сайлауда орташалармен одақтаса отырып, жергілікті Советті ыңғайтамыз, коллективтік шаруа құрамыз деп шешім қабылдайды¹.

Қазақстанның көшпелі аудандарын отырықшылыққа айналдыру коллективтендірудің ең басты алғы шарттарының бірі болды. Коммунистік партия мен Совет өкіметі қоныстанатын аудандардың еңбекшілеріне материалдық және қаржы жөнінен үлкен көмек көрсетті.

«Еңбекші қазақ» газеті көшпелі аудандардың еңбекші шаруаларын қоныстануға шақырды. «Жерге қоныстандыру жабдығы» деген тақырыпта берілген түсінік мақалада газет қоныстанудың маңызын атап көрсетті.

«Жерге қоныстандыру — ауылдың шаруашылығына, тұрмыс салтына жаңалық енгізеді. Мәдениет-шаруашылық жұмыстарын ілгері бастырады.

Жерге қоныстандыру — ауылдың, кедей-орташаларының социалдық жолмен тез арада ілгері басуына мүмкіншілік туғызады.

Жерге қоныстандыру — Қазақстан еңбекшілерінің бірлігін, ынтымағын күшейтеді².

Жергілікті партия, совет ұйымдары өлкелік партия комитетінің органы «Еңбекші қазақтың» бетінде жарияланған осы нұсқауларды басшылыққа ала отырып, көшпелі аудандарда үгіт-насихат жүргізді.

Сөйтіп, 1930 жылдың алғашқы айларында Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі халқының жоспарлы түрде қоныстануы басталды.

Коллективтендіру ісін әзірлеуде әуелі машина-саймандарды прокатқа (жалға) алатын пункт, кейін машина-трактор станцияларын және үлгі көрсететін совхоздар ұйымдастыру-

¹ «Еңбекші қазақ», 15 январь, 1929.

² «Еңбекші қазақ», № 95, 1929.

дың үлкен маңызы болды. «Еңбекші қазақ» газеті алғашқы МТС-тер мен совхоздар жұмысындағы белгілі қиыншылықтар мен кемшіліктерді кең түрде жазып отырды.

1930 жылы 1 январьда Қостанайдың «Ауыл» газеті округтық партия комитетінің IV пленумы жаппай коллективтендіруге бет алған жағдайда, округымызда ірі астық совхоздарымен қатар, мал өсіру совхоздары құрылғалы отырған жағдайда өткізгелі отыр деп жазды. Бұл шаралар бесжылдық жоспардан туып отыр. Бұл — округымыздың шаруашылығын бүтіндей өзгертіп, бай-кулақтар табын түбірімен құртып, тамырына балта шабылатын шаралар. Тап жаулары, оның құйрықтары қарсылық жасап бағады. Астық дайындау науқаны кезінде тап жолымен бара алмағандар сазайын тартсын¹ — делінген.

Сөз етіп отырған дәуірдің өмір тынысын, бет алысын «Ауыл» газеті осы сипатта баяндады. Бұл басқа округтық газеттерге тән іс.

1930 жыл еліміздің ауыл шаруашылығын коллективтендіруге табысты жыл болды. Бүкіл еліміздегідей, бұл жылы колхозға кедейлермен бірге орта шаруалар да көптеп енді. Республикамызда 26 МТС жұмыс істеді. Оның қамтуындағы колхоздар көктем егісін дер кезінде аяқтап, астықты төкпей-шашпай мезгілінде жинап алды. Мемлекетке астық тапсыру ісін ұйымдасқан түрде өткізді. Колхоздар сан жағынан емес, сапа жағынан да нығая түсті.

Ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру ісіне лениндік партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі тікелей көмек көрсетті. Қазақстанға ауыл шаруашылық техникасы, маман кадрлар жіберілді. Әсіресе, партияның шақыруымен ауыл-деревняға көмекке аттанған 25 мың жұмысшының ішінен 1204 жұмысшының Қазақстанға келуінің үлкен моральдық-саяси маңызы болды. Олардың көпшілігі Москваның, Ленинградтың, Орехово-Зуеваның, Одессаның, Донбасстың революцияға қатысқан, большевизм мектебінен өткен байырғы жұмысшылары еді. Олар Қазақстанға революцияшыл іскерлік, большевизм жауларына мейрімсіз қарайтын табандылық пен қырағылық рухын алып келді. Сонымен бірге олар Қазақстан топырағына пролетарлық интернационализм ұрығын екті.

Жиырма бес мыңшыларды бүкіл қазақ халқы құшағын жайып, зор қуаныспен қарсы алды. Республика еңбекшілерінің атынан «Еңбекші қазақ» газеті: «Орталық Россия бізге жәрдем қолын созды», «жиырма бес мыңшылардан бізге де көмек келді», «олардың көмегімен біз қандай да болса қиындықтарды жеңіп шығамыз», «Бұл көмек Қазақстанның шаруашылығы мен мәдениетінің өркендеуін тездетеді» деп жазды.

¹ «Ауыл», № 598, 10 январь, 1929.

Партия мен Совет үкіметінің қазақ халқына деген әкелік қамқорлығы республика еңбекшілерін жаңа табыстарға жету үшін күреске жігерлендірді. 1930 жылы 31 январьда Донбас-стан келген 200 шахтер қостанайлықтарға қуаныш әкелді. «Олар,— деп жазды «Ауыл» газеті,— округ колхоздарының жетекші орындарында сайланып қызмет етеді. Енді бай-кулактарға шабуыл басталады»¹.

«Еңбекші қазақ» газеті «Правда» газетінен үлгі-өнеге алып үйреніп отыруға тырысты. Мәселе көтеру, оған саяси бағыт беру және жаңалықты сезе білу, сондай-ақ тіл, стиль жөнінде «Правдаға» еліктегені байқалады. Сонымен бірге, редакцияның құрылымы жағынан да ұқсастық болды. «Правдадағы» сияқты Партия тұрмысы, Ауыл шаруашылығы, Әдебиет пен өнер, тағы басқа бөлімдер «Еңбекші қазақта» да болған. «Правданың» арнаулы «Под контроль масс» дегені сияқты бұл газеттің бетінде де «Еңбекшілер көзі қырағы» деген тұрақты рубрика болды. Мұнда көбінесе жұмысшы-шаруа инспекциясы құрған рейд бригадалары мен комсомол жеңіл қолғанаты топтары ашқан кемшіліктер мен қылмысты қылықтар ашкереленіп отырған. Солардың бірі «Тасбұлақтағы талай сұмдықтар» деген материал — дабыл².

Қазақстан баспасөзіне «Правда» газетінің де көмегі аз болған жоқ. Оның көшпелі редакциясы 1930 жылы көктемгі егіс кезінде Сырдария және Алматы округтарында листок-газет шығарды. Оның бетінде сын материалдар партия және совет жұмыстарының бірқатар мәселелерін дұрыс және тез шешуге, еңбекші бұқараның саяси-өндірістік белсенділігінің артуына әсер етті³.

1929 жылдың аяқ кезі мен 1930 жылдың бас кезінде колхоз қозғалысы Қазақстанда бұқаралық сипат алды. Орыс деревнясының да, қазақ аулының да шаруалары бай-кулактардың қарсылығын бірлесе жеңе отырып, колхозға ұйымдасқан түрде еніп жатты. Дәнді дақыл мен мақта егетін көптеген аудандарда жаппай коллективтендіру аяқталып, соның негізінде бай-кулак шаруашылықтары жойылды. Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрудың барысы, коллективтендірудің ұлы идеясы кедей-орташа бұқарасының санасына терең бойлап қонғанын көрсетті.

Коллективтендіру отырықшы-егінші аудандарда да, мал бағатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда да бірдей жүргізілді. Оның үстіне көп ретте күштеп көндіру әдісі қолданылды. Орташаға қысым жасалды. Кейде орташа кулак пен байдың қатарына қойылды. Колхоз қозғалысының негізгі түрі артельден коммунаға аттап өтуді көздеген асыра сілтеушіліктер болды.

¹ «Ауыл», № 605, 3 февраль 1930.

² «Еңбекші қазақ», 27 январь, 1930.

³ «Правда», 7 май, 1930.

Республикалық мерзімді баспасөз, атап айтқанда, «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттері де қателесіп, округтар мен аудандарды тұтасымен және жаппай коллективтендіруге шақырды. Мысалы, «Еңбекші қазақ» газеті бірден коммуна құруды дәріптеп, «1929 жылдың октябріне дейін 92 коммуна құрылу керек» деп жазды. Сонымен бірге газет Қызылорда маңындағы «бес артель бірлесіп, бір үлкен коллектив болды» деп қуана хабарлады. Ол — ол ма, газет «коммунаға кіретіндер бар мал-мүлкін (үй, қора, құрал-саймандарын) ортаға өткізулері керек»¹ деп коммуна құруды мейлінше уағыздады.

«Еңбекші қазақ» газеті республикада жаппай коллективтендіру басталғанына, соның негізінде бай-қулақтарды тап ретінде жоятын жағдай жасалғанына тоқтала келіп, отырықшы аудандарда қазірдің өзінде (1930 жылдың басында) шаруалардың 50 процентке жуығы колхоздасқанын атап көрсетеді, бірақ оның есесіне көшпелі аудандарда колхоздастыру ісі шабан жүргізіліп отыр деп қынжылады².

Бұл сияқты ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендірудің алғашқы жылдарында жіберілген бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеушілікті сипаттайтын фактілер «Еңбекші қазақ» газетінің сол кездегі беттерінде көп кездеседі.

Жергілікті газеттер бетінде онан да бетер бұрмалаушылықтар жіберілді. Мысалы, Алматы округтық партия комитеті мен Атқару комитетінің органы «Қәмбәғаллар авазы»³ («Еңбекшілер үні») газетінің 1930 жылғы 4 марттағы 12 нөмірінде басылған «Коммуна құруға дайындалудамыз» деген хабарда былай делінген:

«Жаркенттің Чулуқай ауылдық советіне қарайтын: Чұлуқай, Бедншак, Жиделі, Арықөзен селоларында жаңадан құрылған 10 артель бар еді. Бұл жылы олар бір коммунаға бірлесіп жұмыс жүргізбек. Бір коллектив болу үшін қазіргі күнде бұл селоларда жұмыс қарқыны күшейтілуде. *Коммунаға кіргісі келмеген орта шаруаларды күштеп кіргізуді партия ұйымдары өз міндеттеріне алып отыр*» (курсив біздікі — Х. Б.).

Ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісіндегі қателіктер мен бұрмалаушылықтар БҚП(б) Орталық Комитетінің 1930 жылғы 14 марттағы «Колхоз қозғалысында партия жолын бұрмалаушылықтарға қарсы күресу туралы» қаулысынан кейін түзетілді.

Сонымен, коллективтендіру күресінде баспасөз үлкен жұмыстар істеді, республиканың партия ұйымына көмектесті. Әсіресе өлкелік жетекші газеттер өзінің қате, кемшіліктерін

¹ «Еңбекші қазақ», 18 январь, 1930.

² «Еңбекші қазақ», 29 январь, 1930.

³ «Қәмбәғаллар авазы». 1921—1931 жылдары Алматыда шығып тұрды. Кейін аудандық газетке айналдырылды. Ол Қазақстандағы советтік ұйғыр халқының бірінші ұлттық баспасөзі болды.

большевикше түзете отырып, колхоз құрылысы жеңісін қамтамасыз етуде Қазақстан партия ұйымының жауынгер құралы болды.

* * *

Ауыл шаруашылығын коллективтендіру басталар кезде, 1928 жылы республика партия ұйымының 30 газеті болды. Оның 13 қазақ, қалғандары — орыс, ұйғыр және қарақалпақ тілінде шықты. Олардың бір жылғы тиражы 137 мың, соның ішінде түбегейлі халықтар тіліндегісі — 94,4 мың. Аса ірілері ВКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің органдары «Еңбекші қазақ», «Советская степь» және шаруалар газеті «Ауыл тілі» болды. 1928 жылдың соңында губерниялықтың орнына округтық газеттер, 9 республикалық журналдар шығарылды. Революциядан бұрынғы Қазақстанда бірде-бір баспа болған жоқ еді, ал 1918 жылы тиражы 1532 дана болып негізінен қазақ тілінде 312 кітап жарық көрді¹.

Қазақстан баспасөзінің коллективтендіру кезіндегі қызметі орталық басылымда жарияланған арнайы мақалада кеңірек және жан-жақты көрсетілді².

Баспасөз және мәдениет. ВКП(б) Орталық Комитетінің басшылығымен Қазақстан Өлкелік партия комитеті өзінің бюросында және пленумдарында 1926—1929 жылдарда идеологиялық жұмыстар, атап айтқанда, оқу, мәдени-ағарту жұмыстары, қазақ әдебиеті мен өнерін дамыту жайында талай рет мәселе қарал, талқылады.

Қазақстан партия ұйымы мәдениет жөнінен артта қалушылықты жою, халық ағарту ісінің дамуы, әдебиеттің, өнердің халықтың мәдени дәрежесінің жалпы өрлеуі жолында күрес жүргізді. Тап жаулары социалистік құрылыстың бұл саласында да барынша бөгет жасап бақты. Буржуазияшыл ұлтшылдар мәдениет майданында да өздерінің шебін құрмақшы болды, жастарды өз ықпалына қаратып алуға тырысты. Бірақ олардың арам ниеттеріне жол берілмеді.

Партия ұйымдарының жұмсаған күш-жігерінің нәтижесінде мәдениет құрылысының барлық салаларында елеулі табыстарға қол жетті. Партияның лениндік ұлт саясатының ірі жетістіктерінің бірі ұлт мектептерінің дамуы болды. Мектеп жасындағы қазақ балаларының 1926 жылғы 18 проценттің орнына 34,7 проценті оқуға тартылды. Арнаулы орта оқу орындарының саны екі есе өсті. «1928 жылы республикамыздағы

¹ Печать Казахской ССР, 1921—1957 гг. Статистические материалы. Алма-Ата, Казгосиздат. 1958, стр. 34, 49.

² Х. Н. Бекхожин, С. С. Матвисенко. «В переломные годы». Вестник Московского университета. Журналистика 3, 1967, стр. 30—42.

тұңғыш жоғары оқу орны — Қазақтың педагогикалық институты ашылды.

Сауатсыздықты жою ісі онан әрі жүргізілді. 1928 жылы бүкіл Қазақстан бойынша ересектер арасында сауатсыздықты жою жолындағы мәдениет жорығы жарияланды. Жазғы айларда барлық мұғалімдер, жоғары класс оқушылары сауатсыздықты жою мектептері мен үйірмелерінде жұмыс істеді. Мәдениет жорығына комсомол белсене қатысты, оның таңдаулы күштері бұқара арасында білім таратты. 1926—1929 жылдары сауатсыздықты жою мектептері мен үйірмелеріне 500 мыңға жуық ересектер тартылды.

Мәдени-ағарту жұмысында да елеулі табыстарға қол жетті. Оқу үйлерінің, қызыл отаулар, кітапханалар, клубтардың, театрлар және басқа мәдениет ошақтарының саны 1925 жылғыдан бірнеше рет артық өсті. 1929 жылдың аяқ шенінде Қазақстанда 50-ден аса газет пен журнал шығарылды. Сол жылы көбінесе қазақ тілінде жалпы тиражы екі миллионнан аса дана 150-ге жуық түрлі кітап басылып шықты.

Көркем әдебиет пен өнер профессионалдық даму жолына түсті. Ұлттық әдебиетте жаңа жанрлар пайда болды. Қазақ халқының өткендегісі мен сол кездегісін дұрыс бейнелей отырып, С. Сейфуллин, В. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов және басқа жазушылар мен ақындар ірі шығармаларымен көзге көрінді. Ол кездегі қазақ жазушыларының шығармалары, көркемдігі жөнінен кейбір кемшіліктеріне және идеялық сипаттағы жеке қателіктеріне қарамастан, жалпы алғанда, социализм құру ісіне дұрыс қызмет етті.

Қазақстан баспасөзі идеологиялық жұмыстарға бағыт беріп отыруда және идеялық күресте республика партия ұйымының жауынгер көмекшісі болды. Ауылды социалистік жолмен қайта құрудың басты алғы шарттарының бірі халықтың мәдени дәрежесін көтерсе отырып, ескіліктің қалдықтарына қарсы, кертартпа идеясымақтарға қарсы алдымен баспасөз бетінде батыл күрес жүргізу керек болды. 1928 жылғы «Мәдениетті бол» деген бас мақаласында «Ауыл тілі» газеті «Шаруашылықты жаңа түрге салу, мәдениетті елдердің қатарына қосылу дегенде ең бірінші шарт — сауатсыздықты жою» деп көрсетті¹. Газет ВКП(б) Орталық Комитетінің «Сауатсыздықты жою жұмысы туралы» қаулысының мазмұны мен маңызын түсіндірді, сауатсыздықты жою жөнінде қоғам құрылып, оның председателі М. И. Калинин болғанын, республикада мәдениет жорығы жарияланғанын хабарлады². Ал республикалық «Ауыл тілі» газеті «Мәдениет жорығының аттанысы» деген арнаулы бөлім ашып, сауатсыздықты жою жұмысының барысын үнемі жазып отырды.

¹ «Ауыл тілі», 1 январь, 1928.

² «Ауыл тілі», ноябрь, 1928.

«Еңбекші қазақ» газеті жалпыға бірдей міндетті оқу заңын толық іске асыру жолында белсенді күрес жүргізді. Бұл істегі кемшіліктердің бетін ашты, жат элементтердің әрекеттерін әшкереледі. Буржуазияшыл ұлтшылдар қазақ тілі атам заманғы анайы «таза» күйінде қалатын болса, оған басқа тілдерден (мәселен, орыс тілінен) халықаралық терминдер мен сөздер ендірілмесін деді, олар тіпті қазақ мектептерінде орыс тілі оқытылуына да қарсы болды. Ол кезде әсіресе қазақ мектептерінде оқытушы кадрлары жетіспеді. Кейде кездейсоқ жат адамдар да мұғалім болып жүрді. Газет мұны Халық Ағарту комиссариатының жұмысындағы елеулі кемшілік ретінде санап, оқытушылар даярлайтын курстарды көптеп ашуды, ауылдық жерлерге саяси сенімді мұғалімдер жіберуді талап етіп отырған. Газет мұғалімдердің жоқтығынан Бірғыз ауданында 200-дей кседей балаларының оқи алмай келгенін, Түркістан ауданында қазақ мұғалімдерінің өте аз екенін жазды. Бұған Халық Ағарту комиссариатының мән бермей отырғанын төзбестік жағдай деп көрсетті¹.

Қазақстан Өлкелік партия комитетінің органы, әсіресе әйелдер жөнінде ескі феодалдық-байшылдық көзқарастар мен әдет-ғұрып қалдықтарына қарсы аяусыз күрес жүргізуге шақырды. Газет «Қуыршақ» деген фельетон жариялап, жасырын түрде қалың мал алушылықты әшкереледі. Сонымен бірге қазақтың еңбекші әйелдерінің халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруда, мәдениет майданында алатын орны мен міндетін жазып отырды, еңбектегі озат әйелдердің сөйлеген сөздері мен суреттерін жариялады².

Қазақ әйелдері арасында саяси-тәрбие жұмысын жақсартуда Жетісу облыстық партия комитетінің әйелдер бөлімі 1923 жылы шығарған «Жетісу әйелдері» журналы кейін Қазақстан Өлкелік партия комитетінің әйелдер бөлімі 1926 жылдан бастап шығарған «Әйел теңдігі» (осы күнгі «Қазақстан әйелдері») журналы үлкен роль атқарды. Алғашқы және кейінгі журналдың редакторы Сара Есова болды.

«Еңбекші қазақ» газеті атеистік насихат жүргізіп, дін идеологтарына соққы беріп отырды. Оның бетінде «Дін үстем тап құралы», «Дін шырмауынан азаттыққа», «Ораза мен айттың зияны ұшан-теңіз» деген сияқты мақалалар басылды. Құрып бара жатқан таптың сойылын соғып, антисоветтік уағыздар таратқан қожа, молдаларды әшкереледі.

Қазақ еңбекшілерінің сана-сезімін ояту ісінде ауылдағы мәдени-ағарту мекемелерінің атқаратын ролі зор екенін ескере отырып, газет бұлардың жұмысы жайлы жан-жақты жазып, жергілікті партия, совет және мәдени-ағарту мекемелері қыз-

¹ «Еңбекші қазақ», 6 март, 1930.

² «Еңбекші қазақ», 8 март, 1929.

меткерлерінің жұмысындағы кемшіліктерді большевниктік сынға алып отырды.

Социалистік құрылыс жылдарында қазақтың ұлттық өнерінің қалыптасып, өркендей бастауына «Еңбекші қазақ» газеті елеулі үлес қосты. «Ауыл өнерпаздарының ішінен тамаша артистер тәрбиелен шығарамыз» деп жазды ол. Шынында да профессионал өнерпаздар халық арасынан, көркем үйірмеге қатысушылардың ішінен шықты. Газет таланттыларды тауып, тәрбиелеу ісіне көмектесті. Олардың өнерін халыққа таныстырды. Қалибектің есімің,— деп жазады Қазақ ССР-нің халық артисі Құрманбек Жандарбеков,— мен 1925 жылы «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Социалистік Қазақстан») газетінің октябрь айындағы сандарының бірінен кездестірген едім. Сондағы бір шағын мақалада тұңғыш ұлт театрын құру мақсаты айтылып, сол кездің өзінде-ақ өнерімен елге танылған бір топ адамдар Қызылорда қаласына шақырылған еді. Олар: Семейдің асқан ән тәңірісі Әміре Қашаубаев, Керекуден аты Арқаға әйгілі болған Майра мен суырып салма ақын Иса Байзақов, балуан Қажымұқан, Қарқаралыда «пері» атанған Қалибек Қуанышбаев, Қостанайдан Серке Қожамқұлов. Осы сапта Ташкентте оқуда жүрген мен де бар едім. Біздің бәріміз сол жылдың аяқ кезінде Қызылордада кездестік, алғашқы қазақ театрының пердесін бірге аштық¹.

Театрдың дамуы, оның репертуарының қалыптасуы шиеленіскен идеялық күрес жағдайында өтті. Буржуазияшыл ұлтшыл және байшыл элементтер мәдениет құрылысындағы социалистік өзгерістерге өршелене қарсылық көрсетуде болды. Осылардың әсерімен театрдың репертуарына өткенді дәріптейтін, ауылдағы әлеуметтік қайшылықтарды бүркемелейтін, ұлтшылдық бағытта жазылған жекпе-жек пьесалар еніп кетіп жүрді. Қазақстан партия ұйымы осындай зиянды спектакльдерден құтылуда, революциялық тақырып пен қазіргі тақырыпқа арнал пьесалар жазу ісіне драматургтарды тартуда театрға көмектесіп отырды. Қазақстан Өлкелік партия комитетінің 1929 жылғы V пленумының шешімінде театрлардың репертуарын жақсарту, оны социалистік құрылымның міндеттеріне жақындату қажеттігі көрсетілді. Осыдан кейін көп ұзамай-ақ қазақ шаруалары мен жұмысшылардың өмірінен жаңа пьесалар туды: Т. Жароковтың «Қанды таяқ», Ж. Шаниннің «Шахта», Б. Майлиннің «Майдан» пьесалары, тағы басқалар. Бұл пьесаларда колхоз құрылысы, индустрияның дамуы, тап жағынан дұшпан элементтерге қарсы күрес көрсетілді.

«Правда» қазақ халқы өнерінің дамуына қамқорлық жа-

¹ Қ. Жандарбеков. «Сахна мақтанышы». (Қалибек Қуанышбаевтың туғанына 70 жыл) «Социалистік Қазақстан» 1963, 22 май.

сап, дарындыларды табуға және оларды творчестволық коллективке ұйымдастыруға шақырды. Газет 1926 жылы қазақ арасында дарындылардың көп, солардың күшімен халықтық театр құруға болады дей келіп, бірнеше қобызшы, әншілердің есімін атап көрсетті¹. «Правда» қазақ музыкасын жоғары бағалап, жұртқа паш етті. Қазақ халқының музыкалық мұраларын жинап, нотаға түсіруде А. В. Затаевичтің үлкен еңбек сіңіргенін атап көрсетті².

Әсіресе, Москвада, Парижде, Майндегі Франкфуртта қазақ әндерін шырқаған Әміре Қашаубаевты бүкіл әлемге танытқан «Правда» газеті болды³.

Революциядан бұрын қазақ аулы киноның не екенін білмейтін. Ақмола губерниясында тұңғыш рет кино көруге келген қазақтар туралы «Правда» былай деп жазды: «Губерния ауылдарының бірінде кино көруге келген жүздеген қазақтар экраннан жүріп келе жатқан тракторды көргенде:

— Ойбай, шайтан арба басып өлтіреді,— деп орындарынан тұрып қаша көнелген. Оларды дереу тоқтатуға тура келді. Оның есесіне кино көріп болған соң:

— Жігі келіндері! Мынау бір тамаша өнердің біз сияқты қараңғы халықтарға тигізетін пайдасы көп екен,— деп өздерінің шын ризалықтарын айтып, тілектерін білдірді⁴.

1927 жылы апрельде Москвада Советтердің VI съезі делегаттары алдында қазақ өнерпаздары концерт берді. Осыған байланысты «Правда» газеті ертенінде «СССР халықтарының кеші» деген мақала жариялады. Концертке жоғары баға бере келіп, «Правда» мұндай шараларды басқа республикалар да жүргізуі керек деп жазды. Осы ұсыныс бойынша Москвада ұлт республикалары өнерінің онкүндігі өткізілуі дағдылы дәстүрге айналды.

«Правда» қазақ совет әдебиетінің дамуына ықпал етіп, жөн сілтеп отырды. Мысалы, 1926 жылы 30 июльде ол «Иса Байзақов өзінің жастығына қарамастан, өте таңқыр, суырып салма қызба ақын және өзі тамаша әнші» деп жазды. «Правда» қазақ жазушыларының жақсы шығармаларын жариялап, олардың өсуіне көмектесті. Сәбит Мұқанов 1924 жылы «Правдада» отызыншы жылдардың басында оның мақалалары мен өлеңдері көріне бастағанын айта келіп, былай деген еді: «Правда» совет әдебиетінің ең биік мектебі. Өзіме тағы совет жазушыларының сол мектептен өтпеген бір де бірін білмеймін. Аға газет тек жазушының шығармасын ғана жариялап қоймайды, оған бағыт сілтеп, ақыл айтады. Ол тек жеке жазушының ғана емес, бүкіл әдебиетіміздің ұстазы. Сол әде-

¹ «Правда», 20 июнь, 1926.

² «Правда», 18—19 июль, 1926.

³ «Правда», 27 апрель, 1927.

⁴ «Правда», 28 апрель, 1928.

биеттің дамуына, оның осындай шарықтап өсуіне «Правданың» қолма-қол тигізген көмегі қыруар»¹.

Социалистік қайта құрылыс жылдарында «Правдадан» үлгі, өнеге ала отырып, Қазақстан партия ұйымының басшылығымен қазақ баспасөзі идеологиялық майданда партияның сара жолынан ауытқушыларға қарсы — түрлі антипартиялық топтар мен жікшілдерге қарсы, әсіресе қазақ әдебиетіне өзінің байшылдық идеологиясын таңғысы келген ұлтшыл уклонистерге қарсы батыл күрес жүргізді.

Буржуазияшыл ұлтшылдар өздерінің жат ниғылдарын уағыздау үшін қазақ әдебиетінің тағдырына таласқан болып, 1926—1928 жылдары баспасөз бетінде айтыс ашты. Айтысқа олардың идеяларын қолдайтын Көшке Кеменгеров, «Екеу», «Жыму», «Тікен» деген псевдониммен атын бүркегендер, тағы басқа жазушылар қатысты. Олар «пролетариаты жоқ елде пролетариат әдебиеті болмақ емес», қазақ әдебиеті «реализм бағытымен дамыса, ол нағыз көркем әдебиет болмайды», «Өнер — өнер үшін» деген жолды тұтыну керек дегенді айтты.

Әдебиетте партия бағытын ұстаушылардан айтысқа С. Мұқанов, Е. Бекенов, М. Дәулетбаев, Ғ. Мүсірепов белсене қатысып, ат салысты. С. Сейфуллин де араласты. Мәселе, сайып келгенде, қазақ әдебиеті орыс әдебиеті классиктерінің өнегесі бойынша Абай, Ыбырай негізін салған дәстүрді жалғастыра отырып, пролетариат жазушысы Максим Горький бастаған социалистік реализммен ілгері даму керек пе? Буржуазияшыл, ұлтшылдардың сарынымен кері кетуі керек пе? — деген тұрғыдан қойылды. Буржуазияшыл-ұлтшылдар ескі әдеби мұраны асыра дәріптеді, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы Сәкен, Сәбиттің және басқаларының шығармаларын жоққа шығаруға тырысты.

Қазақстан партия ұйымының көмегімен жазушылар ұйымы 1928 жылдың 1 январынан бастап, бұрынғы бірер рет шыққан «Жыл құсы» деген жинақтың орнына дербес журнал шығарды. Оның атын жаңа дәуірге сай «Жаңа әдебиет» (осы күнгі «Жұлдыз») деп атады. Осы журнал бетінде Сәбит Мұқанов ескі әдеби мұраларды талғап пайдалану керек, бұл жөнінде байшыл-ұлтшылдармен ымыраласуға болмайды деп мәлімдеді. «Біздің принциптеріміз райласпақ емес, өйткені біз әдебиетті еңбекшілер тұрғысынан бағалаймыз, ал байшыл ұлтшылдар байлардың тұрғысынан қарайды. Сондықтан біздің ымыраға келуіміз мүмкін емес»².

¹ С. Мұқанов. «Жазушы мектебі». «Қазақ әдебиеті», 4 май, 1962.

² С. Мұқанов. «Әркім өзінше ойлайды». «Жаңа әдебиет» № 3, март, 1928.

Қазақстан Өлкелік партия комитетінің 1929 жылдың декабрінде болған V пленумы қазақ совет әдебиетінің дұрыс бағытта дамуына жөн сілтеді. Пленумының қаулысында: «Қазақтың пролетарлық әдебиетін нығайту және дамыту оның бүкіл ұлттық көркем әдебиеттегі жетекшілік ролін қамтамасыз ету үшін қазақ және шығыстағы аз ұлттар коммунистерінің арасындағы қазіргі кезде пролетариат әдебиетін жасаудың мүмкіндігіне сенбеушілікті, күдіктенушілікті біржола жою керек»¹ деп байшыл-ұлтшыл жазушыларға соққы болып тиетін жауап қайтарды.

Баспасөз бетінде көтерілген идеологиялық айтыста, әрине, партия бағытын ұстаған жазушылар жеңіп шықты. Бұл туралы Қазақстан жазушыларының 1932 жылғы бірінші съезінде қазақ совет әдебиетінің негізін қалауда байшыл-ұлтшылдарға қарсы күресте қол жеткен табыстарға қорытынды жасалды.

Жиырмасыншы жылдары газеттермен қатар әр түрлі салада шығып тұрған журналдар республикамыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетуге көмектесті. Солардың бірі 1925 жылғы августа шыға бастаған Қазақстан Халық Ағарту комиссариатының органы «Жаңа мектеп» журналы болды (Кейін ол «Халық мұғалімі» болып, қазір «Қазақстан мектебі» деп аталады).

Баспасөз — өмірдің айнасы және шежіресі. «Жаңа мектеп» журналының 1926—1929 жылдардағы беттерінен сол кездегі оқу-ағарту ісінің жайы көз алдына елестейді. Ол — айына бір рет шығып тұратын ғылыми-педагогикалық журнал болды. Оның ғылым-педагогика, аймақ тану, жалпы білім, әдебиет бөлімі, ресми бөлімдері болды.

«Жаңа мектеп» журналы мектеп, оқу-тәрбие жұмысы, сауатсыздықты жою туралы халық ағарту мекемелері қызметкерлерінің, мұғалімдердің хат-хабарын және мақалаларын жариялап отырды. Сонымен бірге журнал ауыл мұғалімінің саяси-идеялық білімін, ұстаздық шеберлігін арттыруына көмектесті. Онда марксизм-ленинизм негіздері, методика мәселелері, тәлім-тәрбие жұмыстары, жаңа алфавит туралы көлемді консультациялық мақалалар мен тәжірибе алмасу материалдары басылды.

Журналдың әдебиет бөлімінде С. Сейфуллиннің, Б. Майлиннің, І. Жансүгіровтің және басқа ақын-жазушылардың жас буындар үшін тәрбиелік маңызы зор шығармалары жарияланды. Сондай-ақ жаңа кітаптар мен оқу құралдары туралы сын-библиография, мектепте оқытылатын пәндердің терминологиялық сөздіктері басылды. Журналдың редакторы міндетін Молдағали Жолдыбаев, кейін біраз уақыт Ільяс Қабылов атқарды.

¹ Резолюция и постановления V пленума казахского краевого комитета ВКП (б), Алма-Ата, 1929, стр. 82.

«Жаңа мектеп» журналы мұғалімдерге оқушыларды еңбекке баулуды, оларды оқытуды өмірмен ұштастыра жүргізуді әрдайым ескертіп әрі нұсқау беріп отырды. Қызыл мұғалімдердің тәлім-тәрбие жөніндегі жан қиярлық жұмыстарын жұртқа көрсетіп, басқаларға үлгі-өнеге етіп таратты. Мұғалімдердің, пионер жетекшілерінің ауыл мен деревняны социалистік жолмен қайта құру жылдарында сіңірген еңбектері зор жеңіске жеткізді.

Қазақ баспасөзінің тарихы, әсіресе оның жиырмасыншы жылдардағы буржуазияшыл-ұлтшылдарға қарсы идеологиялық майданындағы күрссі Батыстың реакцияшыл баспасөзінің советтік Қазақстан туралы жалакорлық насихатын әшкерелетін күшті айғақ болып табылады.

Жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің қозғалысы. Партия-совет баспасөзінің даму тарихында РКП(б) Орталық Комитетінің 1925 жылғы 1 июньдегі «Жұмысшы-село тілшілерінің қозғалысы туралы» деген қаулысының маңызы зор еді. Бұл қаулыдан кейін баспасөздің бұқарамен байланысы күшейіп, ұйымдастырушылық ролі арта түсті. Қазақстанда жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің қозғалысы кең өріс алды. Ақтөбе, Қостанай, Ақмола және басқа губернияларда тілшілердің комитеттері, съездері өткізіле бастады. Жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің қатары молықты. Мысалы, совет баспасөзінің күші — бұқарамен өте тығыз байланысты болуы, ең алдымен авторлар санының өсуінен айқын көрінеді. Егер «Социалистік Қазақстанның» ауыл-село тілшілері мен штаттан тыс авторлары 1921—1922 жылдары саусақпен санағандай болса, 1923 жылы олардың саны 17, 1924 жылы — 74, 1926 жылы — 500, 1931 жылы — 900 болды, ал соңғы жылдары олардың саны 4000-нан асты. Сондай-ақ «Кедей» газетінің 1926 жылы шамамен 59 тілшісі болған еді, ал 1932 жылы олардың саны 300-ден асты. 1933 жылы ауыл-село тілшілерінің бірінші съезі қарсаңында Қазақстанда 16500 тілші болған, қазір республикамызда 70 мыңнан аса тілші мен автор бар.

Тілшілердің саяси белсенділігі артып, олар баспасөзде большевиктік сын мен өзара сынды кең өрістетуге көмектесті. Белгілі ақын Жақан Сыздықов журналистік қызметін тілшіліктен бастаған. Ол жиырмасыншы жылдардың бас кезінде «Бостандық туы» газетіне ел ішіндегі жағымсыз адамдардың қылықтары, кемшіліктері туралы сықақ, ажуа өлеңдер жазып жүрді. Алғашқы өлеңдерім басылысымен-ақ, — дейді Жақан, — мені Сәбит Мұқанов шақырып алды да, осы кезден бастап өлең, мақала, очерк, фельетон жазумен шұғылдандым¹. Сөйтіп, «Бостандық туының» тілшісі, әдеби қызметкері, кейін редакторы болған ол «Бәрін де газеттен білгем» деген

¹ Жақан Сыздықов. «Лениншіл жас», 30 сентябрь, 1962.

өлеңінде тілшінің ролін және өсу жолын былай деп сипаттайды:

«Газетте мен тілші болғам,
Тілші болып сыршы болғам.
Тұрмысымызда көп нәрсеге,
Газетте оқып сыншы болғам.
Газет маған сын үйреткен,
Газет маған сыр үйреткен
Газет оқып тілім шыққан
Газет маған тіл үйреткен»¹

Ауыл-село тілшілері социалистік құрылыстың белсенді күрескерлері болды. Олар халық шаруашылығын қалпына келтіру, ауылды советтендіру, жер бөлісі, астық дайындау науқаны, колхоз ұйымдастыру кездерінде тап жауларының зиянкестік әрекеттерін баспасөз бетінде батыл әшкерелеп отырды. Сондықтан бай-кулақтар тілшілерге өшігіп, оларға бәле жауып, қуғын-сүргінге ұшыратты, тіпті өлтіруге дейін барды. Ақтөбе губерниясында кулақтар Ф. Малый деген тілшіні 1925 жылы ұрып өлтірді. Сол жылы Ақмола губерниясында «Бостандық туының» белсенді тілшісі Ерден Нұрпейісовтың үй-жайы, қора-қолысын тап жаулары өртеп жіберді, өзін бәле жауып түрмеге отырғызды. Ерден «Бостандық туы» газетінің редакциясына жолдаған бір хатында былай деп жазды:

— Мен түрмеде жатқанымға ренжімеймін. Себебі бұл екі адамның арасындағы дау емес. Бұл жәбірлеуші тап пен жәбірленуші таптың тартысы. Тап тартысы онайға һәм арзанға түспейді. Талайлар құрбан да болады. Біз де соның біріміз.

Ерден Нұрпейісов тап жауларының құрбаны болған жоқ. Еңбекшілер тап жауларының қылығына қарсы наразылық білдіріп, оны қорғап қалды, түрмеден ақтап шығарып алды.

Коллективтендіру кезінде Алматы облысында бай-кулақтар пионер тілші Болатбек Омаровты өлтірген. Олар өздерінің қылмысты істерін үнемі әшкерелей беретін тілші баладан құтылу үшін тасадан тап беріп, оны мерт етеді. Алматы — Фрунзе жолының бойындағы Қаскелең қаласының маңында — қаза болған жері бұлақ жағасына оған ескерткіш қойылған².

Партияның Орталық Комитеті елімізді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру үшін күрес кезінде баспасөз мәселелері жөнінде бірқатар қаулылар қабылдады. Олар: баспасөз бен ауыл-село тілшілерінің қозғалысына партия басшылығын күшейту, газеттерде партия жұмысы бөлімдерін жөнге қою, баспасөзде сын және өзара сынды өрістету, газет пен журналда үнемдеу тәртібі, заттың өзіндік құнын кеміту, өндірісті рационализациялау туралы

¹ «Бостандық туы». № 2, 1928.

² К. Дәуітов. Тілші бала. «Жетісу», 21 июнь, 1978.

науқан жүргізу, баспасөзде социалистік жарысты жазып отыру туралы газет қызметкерлерін даярлау және басқа мәселелер жөніндегі қаулылар өзінің маңызын осы күнге дейін жойған жоқ.

Еліміз ішінде партияның саясатына капиталистік элементтердің қарсылығы өршуімен байланысты тап тартысы шиеленісіп тұрған және антипартиялық топтардың партияның сара жолына қарсы күресі күшейіп тұрған жағдайда баспасөзге партиялық басшылықты нығайту мәселелері ерекше маңыз алған еді. Сондықтан ВКП(б) Орталық Комитеті «Баспасөзге партия басшылығын жақсарту туралы» (1927 жылы 3 октябрьде) арнаулы қаулы қабылдады. Бұл қаулыда кемшіліктер аталып, партия комитеттеріне баспасөзге басшылық етудің нақтылы жолдары көрсетілді.

ВКП(б) Орталық Комитетінің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Өлкелік партия комитеті тілшілер қатарына жұмысшыларды көбірек тарту туралы, қабырға газеттерін көбейту және баспасөзге басшылық етуді жақсарту туралы қаулы алды. Бұл қаулысында Өлкелік партия комитеті мекеме басшылары көбінесе тілшілер дабылына құлақ аспайтынын, жергілікті партия ұйымдары тілшілер арасында саяси-тәрбие жұмысын жеткіліксіз жүргізетінін, олардың ішінен баспасөз қызметкерлерін даярлап шығару ісі әлі дұрыс жолға қойылмағанын, тілшілікке еңбекші әйелден, партияда жоқ қара бұқарадан аз тартылып отырғанын үлкен кемшілік ретінде атал көрсетті, сонымен бірге келешектегі міндеттерді белгілеп берді.

Осы кезде округтық газеттер тілшілермен, солар арқылы қалың бұқарамен байланысын жақсартып бастады. Мысалы, Қостанайдың округтық газеті «Ауыл» өзінің бетінде тілшілермен былай сөйлесті: «Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады» дегендей басқарма (редакция) күнбе-күнгі жұмысында өзінің тілшілеріне сүйенеді. Социалистік жолмен ілгерілеген сайын тілшілердің де міндеті зорайып отыр». Бұдан кейін редакция тілшілерге бұрынғыдай емес, өмірге белсене араласуды, сын және өзара сынды кең өрістетіп отырып, кемшіліктерді ашуды, тап дұшпандарын әшкерелеуді ескертеді¹.

ВКП(б) Орталық Комитеті 1931 жылғы 16 апрельдегі «Жұмысшы-село тілшілері қозғалысын қайта құру туралы» қаулысында тілшілерді «өнеркәсіп-финанс жоспары мен колхоз-совхоз құрылысы үшін күресте алдыңғы қатардағы екіпінділер болумен бірге пролетарлық қоғам пікірінің командирі» деп атады. Осыған орай «Еңбекші қазақ» газеті тілшілер армиясымен тығыз байланысты болып, оларға жөн сілтеп отырды. Газет өз тілшілеріне белгілі бір мәселелерді жазу жөнінде консультация беріп, олардың хаттарына шолу жасап,

¹ «Ауыл». 10 январь, 1930.

кемшіліктерін көрсетіп отырды. Мысалы, «Тілшілеріміз қарқынға әлі көше алмай отыр» деген мақаласында газет көптеген ауыл-село тілшілерінің жаңа ауыл өмірін жазуға әлі төселмегенін айтады. Олардың ауыл өмірінің бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелерін терең байыптамай, саяси-әлеуметтік мәніс жете түсінбей жалпы сарынмен жазатынын басты кемшілік деп көрсетеді. Бұл кемшіліктерді жою үшін тілшілер өзінің жалпы және саяси білімін, жазу қабілетін күнбе-күн көтеріп, партия мен үкіметтің қаулы-қарарларын үнемі оқып, үйреніп отыруы басты шарт екенін ескертеді¹.

1928—1930 жылдары бұрынғы губерния, уезд, болыс, ауылдың орнына округ, аудан, ауыл болды. Осыған байланысты әрбір округта, ауданда, ірі өндіріс пен совхозда, МТС-та газет шығатын болды. Кейін облыстар құрылған соң газеттердің саны тағы да өсті.

Халық шаруашылығын қайта құру күресінде.

VII Өлкелік партия конференциясының шешімдеріне байланысты Қазақстан баспасөзіне зор міндеттер жүктелді. Баспасөз республикамыздың дамуының жаңа кезеңінде Қазақстан ұйымының алдына қойылып отырған міндеттерді жүзеге асыруда үлкен роль атқаруға тиісті болды.

Бұқарамен байланысын нығайта, ауыл-село тілшілері қатарын жаңа активтермен толықтыра отырып, өлкелік баспасөз республикамызда бірінші бесжылдықта салынатын жаңа құрылыстардың маңызын еңбекшілерге кең насихаттап, түсіндірді. Баспасөз Турксиб темір жолы құрылысын мысалға келтіріп, Қазақстанды социалистік жолмен өзгертуге, қазақ халқының қайта тууына ұлы орыс халқының көрсетіп отырған көмегінің барлық маңызын дұрыс бағалады. Сол кездегі газет, журналдардың сарғайған беттерінен бірінші бесжылдықтың алтын әріппен жазылған шежіресі елестеді. Бірінші бесжылдықта Қазақстанда салына бастаған Турксиб, Балқаш мыс қорыту заводы, Шымкент қорғасын заводы, Ақтөбе химия комбинаты, Қарағанды көмір бассейнінің алғашқы шахталары, Лениногор (Риддер) полиметалл комбинаты сияқты индустрия алыптары мен басқа өнеркәсіп орындары құрылысшыларының жұмысы газеттерде жазылып отырды.

Қазақстанда индустрияның жаңа ошақтары пайда болуымен бірге еліміздің туысқан халықтарының достық және өзара көмек сияқты тамаша дәстүрі қалыптасып, нығая бергенін, индустрия алыптарын салуда Қазақстанға еліміздің ірі өнеркәсіп аудандарының жұмысшы табы көмектескенін, Москва, Ленинград, Донбасс еңбекшілері біздің республиканы қамқорлыққа алғанын да баспасөз көрсетіп отырды.

¹ «Еңбекші қазақ», 29 май, 1931.

1930 жылы өлкелік «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттерінде Москва еңбекшілерінің жазған хаты жарияланды. Онда былай делінген: «Революциялық күресте шыныққан, өнеркәсіп қурылысын салуда тәжірибесі бар Москваның байырғы пролетариаты Қазақстанның жаңа қалыптасып келе жатқан жас пролетариатына өзінің барлық қасиеттерін бере алады».

Орыс халқының қазақ халқына деген туыскандық көмегі Ленин қаласы еңбекшілерінің 1931 жылы қазақстандықтарға жолдаған хатынан да айқын көрінеді. Кезінде баспасөзде жарияланған бұл хатта: «Өркендеп келе жатқан республикаға көмек беру, нақтылы жолдастық көмек көрсету — зор абыройлы іс, Совет Одағының озат индустриялы орталығы Ленинградтың социалистік борышы» делінді.

Қазақстанды индустрияландыруда украин халқы да аянып қалған жоқ, — деп жазды республикалық «Еңбекші қазақ» газеті, — 1931 жылы, бір ғана Донбасстан Қазақстанға тұрақты жұмысқа 400 инженер, техник және бірнеше эшелон шахта жабдықтары жіберілді.

Көмекке келген Донбасс шахтерлерін қарағандылықтар құшағын жайып қарсы алғандығын білдіре отырып, «Советтік Қарағанды» және «Большевистская кочегарка» газеттері Украинаның шахтерлері Қарағандының көміршілеріне көмір шабатын балғаны, бұрғылау машинасы және басқа да механизмдерді қалай қолдануды үйретеді деп жазды.

Революциялық күрес тарихында өзіне лайықты даңқты да жауынгерлік дәстүрі бар тұңғыш көмір бассейні қарт Донбасс Қарағандыны қамқорлыққа алды, — деп жазды Қарағанды шахтерлері. — Бұл қамқорлықтың айғағы алғашқы бір эшелон болып келген шахтерлер болды, көмір үшін күрестің мол тәжірибесі мен кеңшілік шеберлігі күшті Донбасс кадрларының алғашқы тобы келді¹.

Көмекке келген жұмысшылар мен мамандар қазақ жұмысшы кадрларының өсуіне көмектесті. Бұған бірінші бесжылдықтың аяғында қазақ жұмысшылары республикадағы барлық жұмысшының 42,1 проценті болғаны айқын дәлел².

Халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресте екпінді бригадалар қозғалысы туды. Осы қозғалысты кеңінен өрістеті отырып, Қазақстан баспасөзі «Бесжылдықты — 4 жылда!», «Большевиктер техниканы меңгеруге тиіс!» деген ұрандарды социалистік жарыстың туы етіп көтерді.

В. И. Лениннің 1918 жылы жазған «Жарысты қалай ұйымдастыру керек» деген маңызы зор мақаласы 1929 жылы

¹ «Большевистская кочегарка», 10 октябрь, 1932.

² С. Өтембетов. «Қазақ социалистік ұлтының қалыптасуы». Алматы, 1960, 59-бет.

29 январьда тұңғыш рет «Правда», кейін бүкіл совет баспасөзінде жарияланды. Кеменгер көсемнің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, Қазақстан баспасөзі социалистік жарыстың коллективтік ұйымдастырушысы бола білді. Қазақстанның өнеркәсібі мен транспорты, сондай-ақ совхоз және МТС жұмысшыларының едәуір бөлегі екпінді бригадалардың социалистік жарысына қатысты.

Баспасөз социалистік жарыс туралы жазып отырудың жаңа түрлері мен жолдарын тапты. Мысалы, «Ленинская смена» газетінде: «Риддер комсомолдерінің екпінді бригадасы Қарсақбай комсомолдерінің жарысқа шақырып, социалистік жарыс шартын жасасты» деп жазылды¹.

Өлкелік баспасөз бірінші бесжылдықта бұрынғысынша алдымен ауыр өнеркәсіп құрылыстарына көңіл бөлді. Газеттер «Бесжылдықтың күре тамыры» деген тақырыппен Қарағанды, Балқаш, Риддер құрылыстарындағы жұмыстың жайы, социалистік жарыс шартының қалай орындалып жатқандығы туралы үнемі жазып отырды.

Өлкелік, облыстық газеттер редакциясы ірі өнеркәсіп құрылыстарына өзінің қызметкерлерін жіберіп, онда көп тиражды шағын газет шығарып тұрды. Мысалы, Шығыс Қазақстан (Семей) облыстық «Прииртышская правданың» редакциясы отызыншы жылдардың бас кезінде Ульба ГЭС-і құрылысында, «Социалды шығыс» редакциясы Семейдің былғары заводында көшпелі газет шығарып тұрды. Бұл газеттер құрылысшыларды ерлік еңбекке жігерлендірді, социалистік жарыс туын жоғары көтерді.

«Правда», «Советская степь» (қазіргі «Казахстанская правда») «Новая степь» (Ақмола) газеттерінің көшпелі редакциялары бірігіп шығарған «В поход за уголь» газеті ерекше назар аударды. Бұл газет 1931 жылы Ақмола станциясынан Қарағандыға дейін темір жол салына бастаған кезде шығарылды. Сөйтіп, Совет Одағы Коммунистік партиясы тарихымен және совет адамдарының даңқты істерінің шжіресімен тығыз байланысты «Правда» газеті Орталық Қазақстанның құлазыған елсіз даласында орнап жатқан жаңа өмірмен де араласып Украинадан, Кавказдан, Уралдан, Сібірден, Орта Азиядан келіп, үшінші көмір ошағын салысып жатқан патриоттарға өзінің жалынды сөздерімен жігер берген. «Қарағанды көмірі,— деп жазылған «В поход за уголь» газетінің төртінші нөмірінде,— өзінің миллиардтаған қорымен социализм үшін күреске кірісті. Екпінді қарқын мен нақтылы басшылық құрылыс тұрмысында табысқа қол жеткізеді».

«Комсомол, көмір үшін жорыққа аттан!» деген шақыру ұранындай болып естілетін рубриканың астынан берілген топ-

¹ «Ленинская смена», 28 март, 1931.

тама материалдар Қарағанды жастарын әрбір тонна көмір үшін, салынып жатқан темір жолдың әрбір километрі үшін күресуге шақырды.

Жергілікті газеттермен бірге «Правданың» көшпелі редакциясы шығарған «В поход за уголь» газеті үшінші көмір базасын салу және оған темір жол әкелу ісіндегі қол жеткен жетістіктермен қоса, аяққа оралғы болып отырған күнделікті істегі кемшіліктерді де қатан сынға алған.

Бұл газетте Қарағанды темір жолы салынып біткендігі туралы рапорт та жарияланған. ВКП(б) Орталық Комитетіне берілген бұл рапортта «Казжелдорстрой» жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері өзінің пікірлері мен ұсыныстарын айтады.

Сол жылдары «В поход за уголь» атты газеттің бетінде жарияланған «Бұқараның творчестволық қуатына ксіп жол ашайық», «Социалистік тәсілдер мен құрылыс қарқыны арта берсін!», «Өнертапқыш пен рационализаторлық күнделікті жұмыстың жұп жазбас серігі болу керек!» деген тақырыптар «Правда» бастаған партия-совет баспасөзі елімізде үшінші көмір ошағын салуда қандай мәселелерге айрықша мән бергенін көрсетеді.

Сонымен қатар көшпелі редакция шахтерлердің мәдени тұрмыс қажеттерін өтеу мәселесіне де аса зор мән беріп, газеттің әрбір нөмірінде бұл туралы мақалалар мен хаттар жариялап отырған.

Міне, көшпелі редакция шығарған «В поход за уголь» газетінде жарияланған материалдардан «Правданың» лебі сезіледі және оның Қарағандының алғашқы құрылысына жасаған қамқорлығы көрінеді.

Публицистика. Бірінші бесжылдықты төрт жылда орындау жолындағы күресте бүкіл партиялық және советтік баспасөз сияқты Қазақстан баспасөзі де әр алуан жанрларды орынды пайдалана білді. Газет жұмысына басшы партия-совет және шаруашылық қызметкерлері, сондай-ақ ақындар мен жазушылар қатыстырылды.

Ақын-жазушыларымыздың осы кездегі баспасөз бетінде басылған публицистикалық туындыларында социалистік құрылыстың алғашқы жылдарында республиканың қолы жеткен табыстары көрсетілді. Елімізді индустрияландыру, коллективтендіру, бесжылдық жоспарды орындау арқылы социализмнің жаңа белестеріне көтерілу осы тұстағы ақындар поэзиясының негізгі арқауы болды. Сәкен Сейфуллиннің отызыншы жылдардың бас кезінде жарияланған «Альбатрос» (1932) поэмасы мен «Социалистан» (1931) атты жинағына кірген өлеңдері социалистік құрылыс майданындағы еңбек адамдарының қажырлы күрестерін, өндіріс пен колхоз дәлеліндегі адамдардың жаңа қарым-қатынасын, өзгерген сана-сезімін,

осы ұлы қозғалыстағы Коммунистік партияның басшылық ролін, жұмысшы табының шешуші күш екенін суреттейді.

Ақындар мен жазушылардың журналистік қызметі, олардың баспасөзбен байланысының кеңіюі нәтижесінде газеттерде әңгіме, очерк, өлең мен поэма, романның үзінді немесе пьеса және әдебиет мәселелері жөнінде сын мақалалар бұрынғыдан гөрі жиірек басылатын болды. Ақындар мен жазушылардың публицистикалық шығармаларынан еліміздің тарихының әрбір кезеңіндегі совет адамдарының дағдылы да ерлік істері көрінеді. Олар журналистермен, жұмысшы, село және ауыл тілшілерімен бірге оқиғаларды айқын да толық шежіресін жасады. Олардың әңгімелері жаңаны орнықтыруға, ескінің өмірімізге бөгет болатын және кесірін тигізетін қалдықтарының бәрін жоюға, совет адамдарына идеялық тәрбие беру ісіне көмектесті.

Біздің жазушыларымыз журналистік жұмыста нағыз жанашылдық көрсетті, көкейге тез қонатын көптеген формалармен жанрлар жасады¹.

Отызыншы жылдары қалың бұқараға түсінікті қысқа әңгіме жанрының бұрынғыдан өскені, идеялық-мазмұн өрісі кеңейгені, көркемдік сапасы жетіле түскені жазушы Бейімбет Майлиннің журналистік қызметімен байланысты екені белгілі. Оның алғаш мерзімді баспасөзде басылған репортаж әңгімелері болып жатқан оқиғаларды кезінде қамтумен, мазмұндылығымен, тілінің тартымдылығымен ерекшеленеді. «Көк теректің бауырында» (1929) деп аталатын әңгімесінде бұрын бай болған, кейін совет қызметіне еніп кеткен жат элементтердің зиянды әрекеттері әшкереленді, колхозға жаңа ұымдаса бастаған кедейлердің еңбектегі алғашқы адымы көрінді. Майлиннің «Қолхоз қорасында», «Арыстанбайдың Мұқышы» (1931) дейтін әңгімелерінде колхоз құрылысының алғашқы жылдарындағы бұрмалаушылықтар, тап жауларының қарсылық қылықтары туралы сөз болады, әңгіменің желісі жат адамдардың азғыруына ерген солқылдақтардың қайта тәрбиеленуіне әсер ететіндей дәрежеде құрылады.

Отызыншы жылдары қазақ совет баспасөзінде әңгімемен қатар очерк жанры туды. Очерк әсіресе отызыншы жылдардың екінші жартысында сан жағынан да, сапа жағынан да дами түседі. Бұл жанрдың өрісін кеңейтуі Бейімбет Майлиннің, Илияс Жансүгіровтің және басқа көрнекті жазушыларымыздың есімдерімен өте тығыз байланысты.

Ал социалистік құрылыста республиканың қол жеткен табыстарын бейнелеуге Сәбит Мұқановтың «Жүйткі, қара айғырым» деген поэмасы ерекше орын алады. Бірінші бесжылдық

¹ А. Ф. Бережнов. Писатель и газета. Л., 1960: стр. 27.

тың перзенті Түрксіб темір жолының салынып бітуіне арналған поэмасында ақын оның халық шаруашылығын өркендетуге келтірген маңызын — «Сен басқан жер ашады, жасырынған байлығын» — деп сипаттайды.

Қазақ газеттері мен журналдары бетінде жиырмамыншы жылдардың екінші жартысында қалыптаса бастаған совет баспасөзінің жауынгер жанры — фельетон да өркендей берді. Ол социалистік құрылыс жылдарындағы күресте өткендегінің қалдықтарын, жұмыстағы кемшіліктерді жоюдың айбынды құралы болды. Қазақ совет баспасөзінде фельетон жанрының өркендеуіне сол кезде «Шаншар» (1925), «Жаршы» (1929), «Балға» (1932) дейтін сықақ журналдарының шығарылуы себеп болды. Бұл жылдарда «Еңбекші қазақ» газеті де фельетон жанрына көп көңіл бөлді, оған нөмір сайын орын беріп отырды.

Өзінің ұстаздары М. Кольцовтың, И. Ильф пен Е. Петровтың, А. Заславскийдің тәжірибелерінен үлгі-өнеге ала отырып, қазақтың А. Сегізбаев, І. Жансүгіров, С. Дөнентаев, А. Тоқмағанбетов, С. Төлешов секілді жазушылары мен журналистері фельетонның қоғамдық маңызы мен міндетін жұртқа таныта білді.

Қазақ совет баспасөзінде фельетон жанрын кіргізгендердің бірі Ільяс Жансүгіров болды. Ол «Жаңа әдебиет» журналының 1931 жылғы 6 нөмірінде басылған «Мен қалай жаздым» деген мақаласында «Сықақ» атты жинақ шығарып, күлкі, сықақ жанрын дамытуға ат салысып отырғандығын айтады. «Менің көрнекті еңбегім, — деп жазды Жансүгіров, — қазақтың журналистикасында жатыр. Фельетонның жаңа түрін, үлгісін қазақ баспасөзіне кіргізуге біраз қызмет қылып келсін...»¹

«Біздер, еңбекшілер тілегіндегі жазушылар, өндіріс жоспарымызды орындауымыз керек!» деп Ільяс өзінің әріптестерін социалистік құрылыстағы екпінді бригадалар санатына қосты. Шынында да тап осы кезде оған қосыла үшкір қаламын ұстап Бейімбет Майлин, Аманғали Сегізбаев, Асқар Тоқмағанбетовтар қазақ баспасөзінде сықақ жанрын өрістетті.

Қазақстан партия ұйымы баспасөз арқылы социалистік жарысты кең өрістетіп отырып, қазақ халқының өз арасынан бірінші бесжылдықтың сан мың ерлерін өсіріп шығарды. Солардың ішінде еңбек даңқына бөленген шахтер Т. Күзембаев, Б. Нұрмағанбетов, Б. Ықыласов, Т. Сәтбаев сияқты тамаша адамдардың есімдері баспасөз арқылы бүкіл елімізге мәлім болды.

¹ «Жаңа әдебиет», № 6, 1931.

* * *

Республика еңбекшілерінің ерлік еңбектерінің нәтижесінде бірінші бесжылдықтың алып жоспары бүкіл елімізде, соның ішінде Қазақстанда 4 жыл, 3 айда орындалды.

Қазақстан баспасөзінің бірінші бесжылдық кезіндегі қызметімен толығырақ танысқысы келетін оқырман осы кітаптың авторының қарт журналист Матвиенкомен бірігіп жазған еңбегін қарауына болады¹.



¹ Х. Бекхожин, С. Матвиенко. «На пороге зрелости». (Печать Казахстана в период первой пятилетки), Алма-Ата, «Казахстана», 1971, стр. 9—54.

ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН СОЦИАЛИСТІК ЖОЛМЕН ҚАЙТА ҚҰРУДЫ АЯҚТАУ ЖӘНЕ СОЦИАЛИЗМ ЖЕҢУІ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС ДӘУІРІНДЕ (1933—1937)

1933 жылы Совет Одағы халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау және СССР-де социализм жеңуі жолындағы күрес дәуіріне енді.

Отызыншы жылдардың бас кезінде партияның алдымен ауыр өнеркәсіпті дамыту саясатын жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстанда Балқаш, Қарағанды, Ембі мұнай комбинаты және басқалары сияқты ірі алыптар орнады. Ауыл мен селода колхоз құрылысы жеңді — бірнеше мың колхоз және жүздеген мал және астық совхоздары құрылды.

Бірақ республика ауыр жағдайда болды. Колхоздар ұйымдық-шаруашылық жағынан нығая алмаған еді, бет пердесін өзгерткен бай мен кулактар іштен шалып, зиянкестік әрекетін жасап бақты.

Міне, осындай қиын жағдайда Коммунистік партия мен Совет үкіметі Қазақстанға үлкен көмек көрсетті. Колхоз құрылысында партия жолын түсіндіруде жіберілген қателіктер мен өрескел бұрмалаушылықтарға тыйым салып, түзеу, коллективтендіру ісін ойдағыдай жүргізу ісінде ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 17 сентябрьдегі «Ауыл шаруашылығы туралы, әсіресе Қазақстанның мал шаруашылығы туралы» арнаулы қаулысының маңызы зор болды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру міндетін дұрыс шешу жөніндегі шешімдерін, асыра сілтеушіліктің зардабын жою жөніндегі шараларын жүзеге асыруда баспасөзге зор міндеттер жүктелді.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін алдымен баспасөздің жұмысын қайта құру керек болды. Қазақстан Өлкелік партия комитетінің 1933 жылғы 4 майдағы бюросында Л. И. Мирзоян баспасөздің жайы мен міндеттері туралы сөз сөйлеп, бұл мәселе туралы қаулының жобасын ұсынды. Кешікпей Өлкелік газеттер «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінің жұмысын қайта құру туралы «Қазақстан Өлкелік партия комитетінің қаулысы жарияланды».

Нақты мәселелерді алға қоюға келгенде,— деп көрсетті қаулыда,— өлке баспасөзі кешеуілдеп қалып жүр, тап жауларының жаңа айла-тәсілдерін жете әшкерелеп, олардың сырын толық аша алмай жүр, ауыл-село тілшілерінің қалың армиясын іске жеге білмеді, әсіресе егіс науқанының мәселелерін үстірт, кейде нағыз тоң мойын төршілдік әдіспен жазды.

Қаулыда баспасөз жұмысындағы бұдан басқа да елеулі кемшіліктер атап көрсетілді. Жергілікті партия ұйымдары, өлкелік газеттер, әсіресе облыстық, аудандық баспасөз тарапынан жұмысшы ауыл-село тілшілері қозғалысына басшылық нашар болды, сонық салдарынан қалың жұмысшы, колхозшы, ауыл бұқарасының белсенділігі өскеніне қарамастан, газеттердің көбінде жұмысшы, ауыл-село тілшілері кеміп қалған. Олардың қатары таза болуы үшін күрес, кейде редакциялардың өз мекемелеріне кіріп кеткен бай-қулақ, ұлтшыл және өзге жат элементтерден арылу жөніндегі күрес жеткілікті болмады.

Мұның бәрі, сайып келгенде, баспасөз арқылы жүргізілетін большевиктік сын мен өзара сынды біраз бәсеңдетуіне, партияның қаулы-қарарлары мен нұсқауларының іс жүзінде орындалуын төменнен басталатын жаппай бақылауды нашарлатуға, баспасөздің ұйымдастырушылық ролін кемітуге әкеліп соқты.

Қаулыда аталған кемшіліктерді жою жолдары және алдағы негізгі міндеттер көрсетілді. Өлкелік партия комитеті баспасөз жұмысын негізінен қайта құрып, жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің қозғалысына басшылық ету ісін өзгерту керек, газеттің төнірсіне колхоз белсенділерін ұйымдастырып, солар арқылы колхоз-ауыл бұқарасымен байланысты күшейту керек деп көрсетті. Қазақстандағы социалистік құрылыстың дәл қазіргі дәуірінде,— делінген қаулыда,— большевиктік баспасөздің туы бұрын болмаған дәрежеде жоғары көтерілуі керек, баспасөз бетіндегі лениндік өзара сынның туы да сондай жоғары көтерілуі керек!

Сонымен бірге Өлкелік партия комитеті баспасөзден тап жауларын аяусыз әшкерлеуді, партия жолының бұрмалануына жол берілмеуін, ауылдағы жұмыстың кемшіліктерін айгілеп отыруды, оппортунизмнің, ұлыорысшылдық шовинизмнің және жергілікті ұлтшылдықтың қандай түрлеріне болса да қарсы бітіспейтін күрес жүргізуді талап етті. Облыстық, аудандық партия комитеттері баспасөзге және жұмысшы, ауыл-село тілшілері қозғалысына басшылық ету жұмысын негізінен қайта құрып, күшейтулері керектігін ескертті.

Өлкелік партия комитеті осы қаулысында баспасөздің жұмысын қайта құрудың мынадай нақты шараларын белгіледі:

- а) жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің бірде-бір хаты не жауапсыз, не бір шара қолданылмай қалмайтын болсын;

- ә) барлық партия ұйымы, барлық редакциялар, РКИ мен

прокурор органдары таралынан газеттерде басылып шыққан материалдардың аяқсыз қалмай, көздеген мақсатына жеткізілуі үшін күрес күшейтілсін; баспасөздің ескерткенін елң қылмаған, баспасөз бен жұмысшы, ауыл-село тілшілері тауып көрсөтіп берген кемшіліктерін жойғысы келмеген қызметкерлер партия жауабына тартылып отырылсын. Баспасөздің жұмысын, ауыл-село тілшілерінің дабылын ескермеушілік өзара сынның аузына қықпақ қойғандықтың бір түрі деп саналсын;

б) өлкелік, облыстық және аудандық газеттердің бетінде газет сыны үнемі беріліп тұрсын, «Социалистік Қазақстан» мен «Қазақстанская правда» редакцияларында МТС пен совхоздардың көп тиражды газеттеріне басшылық ететін дербес сектор құрылсын;

в) таяу үш айдың ішінде «Қазақстанская правданың» тиражы 50 мыңға, «Социалистік Қазақстанның» тиражы 30 мыңға жеткізілсін. Сөйтіп, өлкелік әдебиеттерді облыстық, ауданның белсенділері ғана емес, колхоз, ауыл белсенділері де оқытып болуы керек.

Өлкелік, облыстық және аудандық газет редакторлары газеттің тілін жеңілдетсін, бұйрық-жарлық, қаулы-қарарлар сықылды ресми материалдарды неғұрлым аз басатын болсын.

г) «Социалистік Қазақстан» мен «Қазақстанская правданың» редакторлары барлық облыстарда және ірі маңызды іргелі аудандарда өздерінің штатты тілшілерін көбейтіп, олардың санын 100 адамға жеткізетін болсын;

д) Қазақстанда интернационалдық тәрбие мәселелерінің маңызы ерекше күшті. Сондықтан өлкелік газеттердің редакторлары сыртқы және ішкі хабарлар бөлімдерінің ісін дұрыстап, халықаралық жағдайларды, дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының мәселелерін толығырақ жазып отырсын, әсіресе Қазақстанмен іргелес шығыстағы езілген елдер күресін жазып отыру күшейтілсін!

Өлкелік партия комитетінің Лениндік принциптерге негізделген бұл қаулысы республиканың халық шаруашылығын қайта құруды аяқтау және социализмнің жеңісі жолындағы күрес дәуірінде баспасөз органдары үшін программалық документ болды.

Осы қаулыдан кейін өлкелік баспасөз өзінің жұмысын қайта құра отырып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының күрделі мәселелерін партиялық принципте көтере жаза бастады. Тап жауларына қарсы күресте, олардың агенттері оншыл, «солшыл» оппортунистерге қарсы күресте, шовинизм мен жергілікті ұлтшылдарға қарсы күресте өлкелік газеттер партияның айбынды құралы болды.

Қазақстан ауыл шаруашылығына, оның ішінде мал шаруашылығына басшылық етуде болған кемшіліктерге баспасөз де кінәлы деп жазды «Социалистік Қазақстан». — Өйткені қа-

теліктер мен кемшіліктер туралы әр кезеңде дабыл қағып, партия, совет жұртшылығының назарын оларды жоюға аударма алмады. Оның негізгі себебі — газеттердің қалың бұқарамен байланысының нашар болып келгендігі. Жұмысын және ауыл-село тілшілеріне басшылықтың нашар болғандығынан тілшілердің кейбір жеке топтарының даусы бәсеңдеп, қаламдары жүрмеді.

Газеттің ұйымдастыру, көпшілік арасындағы ісі қанағаттанарлық болмаған соң, оның тілі де өткір болмай күрмелін келді. Саяси-шаруашылық науқандарды басқару ісінде кездесетін түрлі кемшілік, қателіктердің алдын орай алмай, артқа қалып отырды.

Өлкелік партия комитеті баспасөз жұмысындағы кемшіліктерді катал түрде дұрыс сынан көрсетті, алдағы істерге программа болатын қаулы шығарды. Ендігі жерде бұл қаулыны кенінен түсіндіру, тілшілер армиясын жана міндеттерді орындауға жұмылдыру керек¹ деді.

Өлкелік партия комитеті республикалық газеттердің жұмысын жақсарту, еңбекшілерге саяси тәрбие беруде ұлт баспасөзінің ролін күшейтетін басқа да шаралар қолданды.

1934 жылы мартта Өлкелік партия комитеті «Правда» газетінің редакциясымен бірлесіп, Қазақстан жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің I съезін өткізді. Съезге қатысушылардың ВКП(б) Орталық Комитетіне жолдаған хатында былай делінді: «Біз қазақтың қалың бұқарасын, Қазақстанның барлық еңбекшілерін баспасөзбен, партиямыздың осы ең өткір қаруымен мықтап байланыстыру жөнінде партияға көмектесеміз».

1933—1936 жылдары Өлкелік партия комитеті республикалық газеттердің редакторларын іскер, тәжірибелі кадрлармен нығайтып отырды. Қазақстан Өлкелік партия комитеті 1933 жылы июль айында талантты журналист Сұлтан Лепесовты «Социалистік Қазақстан» газет редакторының бірінші орынбасары етіп тағайындады. Бұл қызметте ол 1938 жылдың ортасына дейін істеді. 1934 жылы июньде белгілі жазушы, публицист Ғабит Мүсіреповті «Социалистік Қазақстанның» редакторы етіп бекітті. Редакция аппараты Бейсенбай Кенжебаев, Аманғали Сегізбаев, Нұрсейіт Ерубаев, Р. Байжарасов, Ахмет Елшібеков, Мерғали Ешмұхамбетов, Ануар Омарбеков, Несіпбай Манашев, Жұмағали Сәрсекөв және солар сияқты бірнеше журналистермен толықтырылды. Белгілі журналист және әдебиет сыншысы Құлмырза Өтепов 1938 жылға дейін үзбестеп «Социалистік Қазақстан» газетінің партия тұрмысы, насихат, баспасөз, әдебиет бөлімдерін басқарды. Оның журналистік, жазушы, сыншылық қабілеті мен таланты осы жылдары өте-мөте ерекше көзге түсіп еді.

¹ Газеттің тілін өткір, ықпалын зор етейік. Бас мақала.

Қазақ баспасөзі тарихында Ілияс Қабылов ірі публицист және әдеби сыншы ретінде белгілі. Ол 1933 жылдың июльінде ВКП(б) Орталық Комитетінің жолдамасымен Қазақстан Өлкелік партия комитетінің қарамағына келіп, 1934 жылдың февралына дейін Өлкелік партия комитетінің мәдениет және насихат бөлімінің меңгерушісінің орынбасары, одан кейін осы бөлімнің меңгерушісі болды және осы қызметіне байланысты баспасөзге күнделікті басшылық жасап отырды. Жауапты партия қызметін атқарумен бірге ол баспасөзге белсене қатысты. Эстетика және әдебиетті зерттеу мәселелері жөнінде мақалалар жазып тұрды.

Осы жылдары саяси және экономика тақырыптарына мақала жазып жүрген Сақтаған Бәйішев көріне бастады. Ол Ғабит Мүсірепов, Ж. Арыстановтардан кейін «Социалистік Қазақстанның» редакторы болды. Өзінің қызметін журналистік істен бастаған Сақтаған Бәйішев қазір экономика ғылымдарының докторы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі.

Жаңа тарихи жағдайға қарай жұмысын қайта құра отырып, бұрынғы жинақталып келе жатқан тәжірибесінің көбін пайдаланумен қатар, жұмыстың жаңа түрлері мен тәсілдерінің, бұқарамен байланыс жасаудың және сын ұйымдастырудың жолын «Правдадан» үйреніп отырып, қазақстан баспасөзі іске белсене кірісті. Баспасөздің арқа сүйері жұмысшы, ауыл-село тілшілері армиясының қатары бұрынғыдан да өсе түсті, солармен бірге техника мен өнер интеллигенциясының өкілдері газет жұмысына күн сайын қатынасып отырғын болды.

Өнеркәсіпті онан әрі өркендету күресінде. «Социалистік Қазақстан» газеті 1933 жылғы 1 январьдағы нөмірін: «Бүгін тапсыз социалистік қоғам құру бесжылдығының бірінші күні» деп ашты.

Газет арнаулы бас мақаласында ВКП(б) XVII конференциясының (1932 жылғы 1 январь — февраль) екінші бесжылдық жоспар туралы қарарларында алға қойылған саяси және шаруашылық міндеттерді түсіндірді. Бүгін, — деп жазды газет, — жер жүзінің алтыдан бірі болып отырған Совет Одағы өзінің бірінші бесжылдық жоспарын төрт жылда орындап, екінші бесжылдыққа қадам басып отыр. Коммунистік партияның басшылығымен бұқараның қайрат-жігерін бір арнаға жұмсап, екінші бесжылдықты да мерзімінен бұрын орындайық!

Қазақстан Өлкелік VIII конференциясы (1934 жылғы 8—16 январьда) республикадағы социалистік қайта құрылыстың алғашқы қорытындыларын шығарды және халық шаруашылығын өркендетудің екінші бесжылдық жоспарын бекітті.

Екінші бесжылдықтың ішінде Қазақстанның экономикалық және мәдени арта қалушылығын толық жойып, оны СССР-дің алдыңғы қатарлы ұлт республикаларының сапына шығару, халық шаруашылығының барлық салаларын техника

жағынан қайта құруға және ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісін аяқтау міндеті қойылды.

Партияның XVII съезі және Қазақстан Өлкелік VIII конференциясы белгілеп берген міндеттерді жүзеге асыруда баспасөз қандай роль атқарды.— сінді осыған тоқталайық. Қазақстан баспасөзі республиканы оған әрі индустриаландыру мәселесіне көп көңіл бөлді. Қарағандыда салынатын жаңа шахталардың, Шымкент қорғасын және Балқаш мыс қорыту заводтарының, Ақтөбе химия комбинатының құрылыстары туралы жан-жақты жазылып тұрды.

Шымкент қорғасын зауытының жер жүзілік, одақтық маңызы орасан деп жазды өлкелік газет. Бұл алып бүкіл жер жүзінде үшінші орында болса, Одақ көлемінде бірінші орында алады. Шымкент қорғасын алыбының маңыздылығы сол — ол 1933 жылы Одаққа 10 мың тонна, 1934 жылдан әрі қарай жыл сайын 69 мың тонна қорғасын ерітіп беріп, Совет елін капиталистік мемлекеттердің қолына қараудан құтқарады. Сондықтан қорғасын алыбының алдына қойылған міндеттер де аса жауапты, күрделі болатыны сөзсіз¹.

«Социалистік Қазақстанда» 1933 жылғы сентябрьде Қаныш Сәтбаевтың «Үлкен Жезқазған — Отанымыздың негізгі мыс кені» деген тақырыпта көлемді мақаласы жарияланды. Осы мақаласында және кезінде баспасөзде басылған басқа да еңбектерінде Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өзінің 15 жылдан астам уақыт бойы жүргізген зерттеулері негізінде мыс кені байлығын тапқанын дәлелдеді.

Газеттер «Бесжылдықтың жаңа адымдары» деген бөлім ашып, еңбекшілерді екінші бесжылдықты да мерзімінен бұрын орындау күресіне ұласуға шақырды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы озаттарының суреттерін баса отырып, олардың іс тәжірибесін насихаттады.

Екінші бесжылдық жылдарында Қазақстанға деген қамқорлық күшейтіле түсті және жан-жақты болды. Қазақстанды социалистік жолмен қайта құруда Ленинград баға жетпес көмек көрсетті. 1933 жылғы мартта Ленинград қалалық Советінің Президиумы мынадай шешім қабылдады: «Екінші бесжылдықтың міндеттерін орындау ісінде Қазақ ССР-іне өндірістік-техникалық және мәдени көмек көрсету мақсатымен Қазақстан қамқорлыққа алынсын!» Бұл істің бастамашысы С. М. Киров болды.

«Ленинград пролетариаты Қазақстан қамқоры» деп ашты «Социалистік Қазақстан» 1933 жылғы 4 майдағы арнаулы бетін. Сол жылы апрельдің аяқ шенінде қамқорлық туралы шартқа қол қою үшін ленинградтықтардың делегациясы Алматыға келген болатын. Олар астананың көрікті орындарымен

¹ Шымкент қорғасын алыбы. Бас мақала. «Социалистік Қазақстан», 8 январь, 1933.

танысты, жұмысшы, интеллигенция өкілдерімен кездесті, жиналыстарда Қазақстанға қалай көмектесетіндіктерін айтты.

Екінші бесжылдықтың бас кезінде көмір өнеркәсібі шапшаң қарқымен өсіп отырған халық шаруашылығының қажеттерін қанағаттандыра алмады. Қарағанды бассейнінің кәсіпорындары мемлекеттік жоспарды орындай алмады. Қарағанды кеншілері коммунистердің бастауымен өндірістің резервтерін пайдалануға кірісті. 1933 жылы май айында екпінді шахтерлердің конференциясы болды, онда еңбекті ұйымдастыру ісін жақсартуға және жұмыстың озат әдістерін қолдануға бағытталған бағалы ұсыныстар жасалды.

Баспасөз Қарағанды бассейні кәсіпорындарының көмір өндіру жөніндегі олқылықтап шығуының жолы — резервтерді пайдаланумен қатар, екпінді еңбекті ұйымдастыру және жұмыстың озат әдістерін қолдану арқылы еңбек өнімділігін арттыруда екенін тынбастан насихаттады.

Отызыншы жылдардың бас кезінде шыға бастаған «Қарағанды пролетариаты»¹, «Большевистская кочегарка»² газеттерінде: Бассейнде салынып жатқан сегіз шахта екпінді құрылыс жағдайында деп жарияланды, электр станциясы салынды, жұмысшылардың тұрғын үй құрылысы, емхана, аурухана ашылды, жаңа мектеп, Екпінді шахтерлер, изотовшылар деген тақырыптарда күнделікті болып жатқан оқиғалар жазылып тұрды.

«Социалистік Қазақстан» газеті 1933 жылы 1 май күнгі нөмірінде «Үлгілі шахтер» деген заметкада Қайырбек Әбілұлының еңбек өнімділігін арттыруда қолы жеткен табыстарын көрсетті; Ол 1932 жылдың ноябрінде нормасын 190 процент, декабрьде 200 процент, 1933 жылы январьда 250 процент орындаған. «Бесжылдықтың көмір палуаны» деп жазылған мақтау грамотасы берілген. Газет «Олқылықты жойыңдар!», «Жарыс сөзде болмай, істе болсын!» деп Қарағанды шахтерлерімен тікелей тіл катып отырды, талай рет арнаулы бет ұйымдастырып, екпінді шахтерлердің озат тәжірибесін насихаттап, суреттерін басып тұрды.

Өлкелік газет 1934 жылғы 15 июньдегі нөмірінде «Изотовшылардың жұмыс тәжірибесін Қарағанды шахтерлері үйренсін!» деп ұран көтерді. Бұдан кейін «Тәжірибемді кейінгілерге ауыстырамын!» деген тақырыппен қарт шахтерді сөйлетті. Рақыш ұлы Мағауия 1913—1915 жылдары Қарағандының шетел капиталистері билеген кездегі көрген тауқыметін,

¹ «Қарағанды пролетариаты» 1931 жылы 4 октябрьде қалалық газет болып шыға бастады. 1936 жылдан облыстық газет, 1938 жылы октябрьден «Советтік Қарағанды», 1963 жылдан «Орталық Қазақстан» болып өзгерді.

² «Большевистская кочегарка» 1931 ж. сентябрьде шыға бастады. 1936 жылдан облыстық «Социалистическая Қарағанда», 1963 жылдан «Индустриальная Қарағанда» деп аталады.

1930 жылы шахтаға қайта оралып, Донбасстан келген украиндық бауырларының көмегімен жаңа техниканы меңгергенін, бригадир болғанын баяндайды. Ал Байтуғанов Қасым — жаңа техниканың тетігін тауып, екпінділік атағын іс жүзінде ақтап келе жатқандығын сөз етті.

Газет «Қазақстан екінші бесжылдықта» деген рубрикамен республикада осы бесжылдықта болатын өзгерістерді, жаңа құрылыстарды баяндап, кейде схема, диаграммамен және салыстыру әдісімен көрнекті түрде көрсетіп отырған. Қарсақпай кені, Ембі мұнайы туралы жазғанда олардың кешегісі мен бүгінгісін салыстыру арқылы бейнелеп, еңбекшілерді жарқын болашақ үшін күреске жігерлендірді.

1934 жылдың бас кезінде Ақтөбе химия комбинаты құрылысының аяқталғанын хабарлай келіп, бұл «Лениндік ұлт саясатының Қазақстандағы тағы бір көрнекті жеңісі» деп жазды «Социалистік Қазақстан» сол жылы 5 январьда.

Әсіресе Қарағандының кешегісі мен бүгінгісін салыстырып газет оқушыларының назарын аударды. Бұрын Қарағанды көмірі, — деп жазды «Социалистік Қазақстан», — ағылшын империалистеріне концессияға берілген болатын. Онда революцияға дейін не бары төрт құдық бар еді. Жұмысшылардың халі өте ауыр жағдайда болды, олар көмірді шелекпен шығыр арқылы шығаратын. Жұмысшылар сыз барактарда жататын.

Совет дәуірінде Қарағанды мүлдем өзгеріп кетті. Бірінші бесжылдықтың алғашқы жылдарынан бастап, мұнда зерттеу жұмыстары кең жүргізілді, техникалық жабдықталған шахталар салына бастады, бұрынғы жұмысшы барактарының орнына социалистік жаңа қала салынды. Бесжылдықтың соңғы жылында ондаған шахталар іске қосылып, миллион тонна көмір берді. Барлық жұмыс толық механикаландырылды. Көмір машинамен қазылып, динамит қойып та қопарылды, электр бұрғы қолданылып, көмір конвейермен шығарылды.

Екінші бесжылдық жылдарында халық шаруашылығы жаңа техникамен молынан жабдықталды. Жаңа техниканы меңгеру еліміздің өндіргіш күштерін оған әрі дамытудың шешуші шартына айналды. Жаңа техниканы меңгеретін ұлт кадрларын даярлау социалистік құрылыстың аса қиын міндеттерінің бірі еді. Коммунистік партия бұл міндетті ойдағыдай шешкінін баспасөз атам көрсетті.

1935 жылғы 9 майдағы нөмірінде «Социалистік Қазақстан» «Барлық істің тетігін кадрлар шешеді» деген партнялық ұран мен арнаулы бет берді. «Ендігі істің тетігі механикаға жетілген адамда» дей келіп, газет жұмысшыларды техникалық минимумды меңгеруге шақырды.

Жаңа техниканы меңгеретін жұмысшы кадрларын даярлауда завод-фабрика мектептері зор роль атқарды, — деп жазды газет. — 1935 жылы бұл мектептер 4489 жұмысшы, ал 1936 жылы 5 мыңнан астам жұмысшы кадрларын даярлап

шығарды. Кәсіпорындарда мамандық арттыратын мектептер, техникалық минимумды үйрететін курстар ұйымдастырылды. Газет бұл курстардың жұмысына үнемі назар аударып отырды.

Техникалық минимумды меңгеру курстарының жұмысындағы формализмді сынап отыруымен қатар, газет әсіресе қазақ жұмысшыларының техниканы меңгеруіне баса көңіл бөлді. Бұл шаралар нәтижелі болып шықты. Республикада тек 1936 бір жыл ішінде 100 мыңнан астам жұмысшы техник минимум курстарынан өтті.

Газет кәсіпорындарындағы қазақ жұмысшылар санының едәуір өскендігін қуанышпен атап өтті. «Қазіргі ірі өндіріс орындарында істеп жүрген жұмысшылардың дені қазақ.— деп жазды газет.— Жезқазған кеніндегі жұмысшылардың 88,1%-і, Ембі-мұнай өндірісіндегі жұмысшылардың 77,2%-і, Қарсақпай заводындағы жұмысшылардың 76,2%-і, Ащысай комбинатындағы жұмысшылардың 72,5%-і, Қарағанды көмір бассейніндегі жұмысшылардың 62,1%-і қазақтар»¹.

Жұмысшы табы тек сан жағынан ғана өсіп қойған жоқ, ол сапа жағынан да өсті. Оның саяси және өндірістік белсенділігі артты. Жаңа техниканы ертеп мінген ерлер таң қаларлықтай кереметтер жасады. Олар еңбек өнімділігін мейлінше арттырып, ескі норма атаулыны қиратып, жаңа көтеріңкі нормалар белгіледі. Сөйтіп жанашылдар елімізде социализм орнатуды тездетті.

«Правданың» 1935 жылғы 2 сентябрьдегі нөмірінің алтыншы бетінде «Забойщик Стахановтың рекорды» деген шағын информациялық хабар басылды. Онда 31 август күні Халықаралық жастар күнінің қарсаңында, Донбасстың Кадиевский ауданында «Центральное Ирмино» шахтасының забойщигі Алексей Стаханов бір сменада 102 тонна көмір өндіріп, әдеттегі норманы 14 есе асыра орындағаны туралы айтылған. Бұл хабар «Правда» арқылы бүкіл Одақ көлеміне лезде тарады. Жаналықты барлық совет баспасөзі, соның ішінде Қазақстан баспасөзі де кеңінен насихаттады.

Стахановтық қозғалыс жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесінің өскендігінің және олардың еңбекке деген социалистік көзқарасының айқын айғағы.

Жанашылдар қозғалысының Қазақстанда кең өрістеуіне «Социалистік Қазақстан» мен «Қазақстанская правда» газеттері ұйтқы болды. Бұл газеттер Алексей Стахановтың жанашылдық бастамасын тек хабарлап қана қойған жоқ, Қазақстанда жанашылдар қозғалысын ұйымдастырды. «Коммунистер, стахановтық қозғалыстың алдында болындар!» деп жар салды. Өлкелік газеттердің беттерінде «Стахановтың әдісін қолдану аттанысы», «Стахановтық қозғалыстың барысы»,

¹ «Социалистік Қазақстан», 5 октябрь, 1935.

«Стахановшылар тәулігінің қорытындысы» деген рубрикалар пайда болды. Онда жер-жердегі жұмысшылар мен шаруалардың еңбектегі ерліктерін көрсететін мақала, корреспонденциялар көп жарияланды. Еңбек өнімділігін арттырудың жаңа әдісін кең тарату мақсатымен өлкелік газеттер «Стахановшылар трибунасын» ұйымдастырып, оған басшылық етті. Жаңа қозғалысқа мән бермей, оның кең өрістеуіне бөгет жасап отырғандарды «Социалистік Қазақстан» қатты сынға алды.

Мәселен, жеткілікті шикізат қоры жасалмай тұрып, Петропавл қаласындағы кәсіпорындарда стахановтық бескүндік өткізілген, келесі бескүндікте қаланың бүкіл өнеркәсібі тоқтап қалған. Кәсіпорындарының басшылары «Қайтейік, шикізат тапшы», «динамитіміз жоқ» деп дәрменсіздікке салынған¹. Бұл әрине, еңбек өнімділігін арттыратын жаңа қозғалысты қолданғандық емес, тек босқа даурыққандық.

Газет жаңашылдардың кең өрістеуіне кейбір шалағай басшылардың келтірін отырған кесірін әшкерелейтін материалдар да жариялап отырды. «Социалистік Қазақстан» 1936 жылғы 18 апрельдегі нөмірінде стахановшы Б. Ықыласовтың «Редакцияға хаты» басылды. Ол хатында былай деп жазды: «Түсті металлургия стахановшыларының бүкіл қазақстандық кеңесінде бұрынғы 867% норманың орнына жоспарымды 1500% орындаймын деп уәде берген едім. Бірақ оған Риддердің кең басқармасындағылар тиісті жағдай жасамай отыр. Сменаға забой таза тапсырылмайды, сондықтан жаңа сменаның жұмысшылары өздерінің жұмыс орын тазартуға көп уақытын кетіреді. Жаңа техника дұрыс пайдаланылмайды, кең ескі бұрғымен бұрғыланады. Бұл еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік бермейді»².

Қазақстанда жаңашылдар қозғалысын бастаушылар: көмір өнеркәсібінде Т. Күзембаев пен М. Рақышев; түсті металлургияда Б. Ықыласов, В. Бретухин, А. Мұрынбаев, П. Косырев және басқалары; мұнай кәсіпшілігінде С. Жанбатыров пен С. Зорбаев, темір жол транспортында Л. Березняк пен жүкші Т. Сәтбаев; ауыл шаруашылығында И. Логвиненко және басқалары болды. Бұрын ешкімге мәлім емес қатардағы адамдардың еңбектегі ерлік даңқтары баспасөз арқылы бүкіл елімізге таралды.

Жаңашылдар қозғалысына байланысты өнеркәсіп пен транспорт мәселелері туралы ВКП(б) Орталық Комитетінің декабрь-(1935) Пленумы қаулысының баспасөздің бұдан былайғы қызметі үшін зор маңызы болды.

Пленумның қаулысында өнеркәсіп пен темір жол транспортының әрбір саласындағы қызметкерлері жұмысының айқып да нақты программасы берілді, сонымен қатар бұл партия жә-

¹ «Социалистік Қазақстан», 6 март, 1936

² «Социалистік Қазақстан», 18 апрель, 1936.

не кәсіподақ ұйымдарымен бірге бүкіл совет баспасөзінің де программасы еді.

Қазақстан баспасөзіне Өлкелік партия комитетінің 1936 жылғы 26—28 январьда болған Пленумы шешімдеріне байланысты жаңа міндеттер жүктелді. Пленумының шешімдерінде кәсіпорындар мен құрылыстарда, темір жол транспортында партиялық-ұйымдық және бұқаралық саяси жұмысты күшейту, барлық жұмысшылардың техникалық минимумды меңгеруіне көмектесу қажеттігі атап көрсетілді.

Коммунистік партия өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы өндіріс жанашылдарының қозғалысын қолдап басқарды. 1935 жылғы ноябрьде Москвада өнеркәсіп пен транспорттың алдыңғы қатарлы жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерінің Бүкіл одақтық кеңесі болып өтті.

Жаңашылдардың республикалық, облыстық, кеңестері мен слёттері Қазақстанда да өткізілді. Баспасөз өндіріс жаңашылдарының озат тәжірибесін «Стахановшылар трибунасы» деген рубрикамен кең насихаттап, жинақтап көрсете отырып, еңбек өнімділігін бұрын болып көрмеген жоғары дәрежеге көтеру жолындағы социалистік жарысты өрістетті, сөйтіп еңбекшілерді екінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға жұмылдырды.

Темір жол транспортында саяси бөлімдер партиялық-ұйымдық және бұқаралық саяси жұмысты күшейтудің жаңа жолдарын тапты. Мысалы, Ақтөбе станциясындағы саяси бөлім «Темір жол екпінділері» атты газет шығарып тұрумен қатар, жол бойында үгіт поезын жүргізіп, «Найзагай» деген қабырға газетін шығарды. Үгіт поезды алып шыққан саяси бөлімнің қызметкерлері темір жолшылар мен маңайдағы колхозшылар арасында әңгіме өткізіп, жаңашылдардың еңбектегі озат тәжірибесін насихаттап отырған.

Жаңашылдар қозғалысы халық шаруашылығын техникалық жағынан қайта құрумен ұласып, еңбек өнімділігін едәуір арттыруға себеп болды. Коммунистік партия мен бүкіл совет баспасөзі қолданған бұқаралық жарыс тамаша нәтижелерге жеткізді, екінші бесжылдық жоспар бірінші бесжылдық сияқты, мерзімінен бұрын төрт жыл бес айда орындалды. Социалистік құрылыс жаңа жеңіске жетті.

Колхоз құрылысын онан әрі нығайту күресінде. Екінші бесжыллықта ауыл шаруашылық саласында колхоз құрылысын онан әрі орнықтыру, колхоздар мен совхоздардың ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту міндеттері алға қойылды. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда ВКП(б) Орталық Комитетінің 1933 жылғы январь Пленумының шешімі бойынша МТС-тар мен совхоздар жанынан құрылған саяси бөлімдер және олардың газеттері, бүкіл совет баспасөзі маңызды роль атқарды.

Қазақстан Өлкелік партия комитетінің VI Пленумы (1933

жылғы июль) партия ұйымдарының жұмысын, әсіресе ауыл мен деревнялардағы жұмысты қайта құрудың нақты жолдарын белгілеп берді. Осы пленумының шешімдерін насихаттау мақсатында «Социалистік Қазақстан» 1933 жылы 23 августа «Дәлді басшылық ету үшін жер-жердегі хал-жайды анық білу керек» деген бас мақала берді. Онда былай деп жазды: «...істің жайын білмей үстірт басшылық етудің нәтижесінде асыра сілтеушілік, бұрмалаушылыққа жол берілді. Халді анық білмей тұрып басшылық етуден ештеме шықпайды: Сырттан тон пішу бұқарадан, өмірден қол үзгендік болып табылады».

Баспасөзде аудандық партия ұялары мен колхоздарды кадрлармен нығайту үшін Өлкелік партия комитеті көп коммунистер мен комсомолецтерді және жұмысшылар арасынан партия қатарында жоқ активтерді жібергені, партия істе сыналған таңдаулы коммунистерді саяси бөлімдерге аттандырғаны туралы информациялық хабарлар жарияланды.

Республиканың барлық газеттерінде, алдымен өлкелік баспасөз 1933 жылдың алғашқы айларында партияның колхоз бен совхоз құрылысы жөніндегі шешімдерін, әсіресе «Барлық колхозшыларды ауқатты етейік!» деген партия ұрағын насихаттайтын, түсіндіретін, екпінді колхозшылардың Бүкіл одақтық I съезінің үндеуін және көптеген материалдар жарияланды.

«Социалистік Қазақстанның» партия тұрмысы бөлімінде және оның беттерінде МТС-тар мен совхоздардың саяси бөлімдерінің міндеттері туралы мақалаларға, саяси бөлім қызметкерлерінің алғашқы іс тәжірибесін қорытатын және партияның саяси бөлімдерді құру жөніндегі жүргізген орасан зор ұйымдастыру жұмысын көрсететін материалдарға көрнекі орын беріліп отырды. Жергілікті газеттер бетінде «Көктемгі егіске большевикше әзірленейік», «Социалистік жарыс туын жоғары ұстап, егіс жоспарын орындаған екпінді ерлерге большевиктік сәлем!» деген рубрикалар пайда болды.

«Социалистік Қазақстан» авторлардан түскен материалдарға терең талдау жасап, тиісті қорытынды шығарып отырды. Өскемен ауданынан түскен «Тап күресінің тағы бір құрбаны» деген хабарда саяси-шаруашылық науқандарды өткізуде партия жолын берік ұстап, бай-кулақтарға қарсы батыл күрес жүргізген комсомолец Павличенконы кулак Семенов ұрып өлтіргені айтылды. Аудан еңбекшілері тап жауының бұл сықылды шектен асқан қылығына егіс жоспарын мерзімінен бұрын орындаумен жауап қайтарамыз деп серт береді¹.

Осы оқиғаға байланысты газет «Тап қырағылығың күшейтейік» деген арнаулы мақала берді. Жақында,— делінді, мақалада,— тап дұшпандары Қаратас ауданындағы комсомолец

¹ «Социалистік Қазақстан», 11 май, 1933.

Омаровты, Іле ауданындағы Аманбаевты, Талдықорған ауданындағы пионер Малқаевты өлімші етіп сабаған, ал Талас ауданындағы тілші Есиурзинді пышақтап өлтірмекші болған.

— Тап жауларының бұл қылдыктары бізден қырағылықты күшейтуді талап етеді,— деп қорытынды жасады газет.

МТС-тар мен совхоздардың саяси бөлімдері маңызды роль атқарды. Бұрын артта қалып келген Дарбаза совхозы саяси бөлімінің басшылығы арқасында қиыншылықтарды жеңе отырып, егіс жоспарын елден бұрын орындап шықты.

«Саяси бөлімдер,— деп жазды «Социалистік Қазақстан»,— ауыл мен деревняда партиялық-ұйымдастыру және бұқаралық саяси жұмыстардың орталығы, колхоз-совхоз құрылысын бай-кулактардың бүліншілік әрекеттерінен сақтап қалатын зор күш. Жеке меншіктілік, ұсақ байшылық ниетте тәрбиеленіп келген кешегі жеке шаруаларды коллективтік рухта қайта тәрбиелейді. Сөйтіп, колхоздар мен совхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуға ат салысады».

ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 17 сентябрьдегі «Қазақстан ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы» қаулысын қазақ еңбекшілері асқан қуанышпен қарсы алғандығы баспасөз бетінен айқын көрінді. Қаулы асыра сілтеушіліктің зардабын жоюға көмектесетінін, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтауға жағдай жасайтындығын баспасөз қазақ еңбекшілеріне өзінің ана тілінде байыптап түсіндірді.

Мал шаруашылығын өркендету жолындағы күресте баспасөз бетінде озаттар тәжірибесін насихаттаудың айрықша маңызы болды. Газеттер озат малшыларды «Құрмет тақтасына» жазып, суреттерін басып шығарып, кейде арнаулы бет беріп отырды.

Қазақстан жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің 1934 жылғы мартта болып өткен съезінің ұсынысын мақұлдап, Өлкелік партия комитеті ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 17 сентябрьдегі тарихи қаулысына екі жыл толуына дейін өлке баспасөзі мен жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің мал шаруашылығын өркендету жолындағы Бүкіл қазақстандық конкурсын жариялады. Конкурста өлкелік, облыстық, аудандық және саяси бөлім газеттері, колхоз фермаларының, бригадалардың қабырға газеттері, сондай-ақ жұмысшы, ауыл-село тілшілері белсене қатысты. Баспасөз Коммунистік партияның қазақ халқына деген әкелік қамқорлығының айқын көрінісі болған тарихи қаулысының маңызын насихаттады, колхозшыларды мал шаруашылығын өркендету күресіне жұмылдырды.

Бұл жарысты тілшілер армиясы қызу қолдады. Біз,— деп жазды Қаскелең МТС-нің қарамағындағы колхоздардағы тіл-

¹ «Саяси бөлімдер міндеті», «Социалистік Қазақстан» 22 сеп-
тябрь, 1933.

ші,— малшылар, баспасөздің мал шаруашылығын өркендету жолындағы аттанысына ұштасамыз, өзіміздің бағып жүрген малымызды бұдан да ұқыпты жайып, күтімін арттырамыз, қабырға газеттері мен саяси бөлім газеттеріне белсене қатысып, мал шаруашылығын өркендету ісіне ат салысамыз.

Республикада жіберілген асыра сілтеушіліктерді түзету, ауылды шаруашылық жағынан нығайту және колхозшылардың ал-ауқатын арттыру жөнінде ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлар Советінің «Қазақстанда мал шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралары туралы» 1934 жылғы 11 декабрьде қабылданған қаулысының да үлкен тарихи маңызы болды.

«Мал шаруашылығын өркендетудің жаңа дәуірі» деген бас мақалада «Социалистік Қазақстан» 1934 жылы мал шаруашылығын өркендетудің өзгеріс жылы болды деді. Бұл жылы мал басының кемуі (жеке аудандар болмаса) тоқталып қана қойған жоқ, мал басы үздіксіз өсу жолына түсті.

Мал шаруашылығын өркендету жөнінде жүргізілген үлкен жұмыстардың нәтижесінде 1933—1934 жылдары малы жоқ колхозшыларға 278.171 сиыр, 549.440 қой-ешкі; 48.884 шошқа, 68.767 жылқы, 16.600 түйе үлестіріліп берілді.

Партия мен үкімет қабылдаған шаралар республикада мал басының едәуір көбеюіне жәрдем етті, ауыл шаруашылығының материалдық жағдайы жақсарды.

Совет Одағының Халық Комиссарлар Советі мен партияның Орталық Комитеті 1935 жылғы февральда «Қазақстан халық шаруашылығын өркендету жөніндегі кейбір шаралар туралы» қаулысының маңызы зор екенін баспасөз атап көрсетті. Техника, қаражат жөнінен Қазақстанға орасан зор көмек көрсетілді¹.

Отырықшы тұрмысқа көшіп жатқан шаруаларға көмек көрсету үшін Совет мемлекеті 350 миллион сомнан астам қаржы бөлді. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің орасан зор көмегінің арқасында 1936 жылға қарай республиканың көшпелі және жартылай көшпелі халқының отырықшылануы негізінен аяқталды.

Екінді колхозшылардың 1935 жылы февральдың орта шенінде өткізілген Бүкіл одақтық ІІ съезінің жұмысына баспасөз үлкен көңіл бөлді. Коммунистік партияның басшылығымен шаруалар бұқарасының колхоз құрылысын орнықтыру жолындағы күресінің кейбір қорытындылар шығарғаны және колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан оған әрі нығайтудың перспективаларын белгілегенін айта келіп, баспасөз бұл съездің тарихи маңызы ауыл шаруашылығы бірінші Үлгі уставын — колхоз өмірінің уставын талқылап қабылдағандығында деп атап көрсетті.

¹ «Социалистік Қазақстан», 20 февраль, 1935.

Екпінді колхозшылардың Бүкіл одақтық ІІ съезіне қатысушылар сөз сөйлеп, өзіне социалистік міндеттемелер қабылдады, бірін-бірі социалистік жарымса шақырды. Бұл жарыстың барысы баспасөзде күк сайын жазылып отырды.

Съезде шығып сөйлеген украиндық жас колхозшы әйел, Қиев облысы, Перновский ауданындағы «Комштерн» колхозының звено бастығы Мария Демченко қант қызылшасының әр гектарынан 500 центнерден өнім аламын деп уәде берген еді. Ол ақыры уәдесін айтқанынан асыра орындады. Осыған байланысты «Правда» «Мария Демченконың сөзі мен ісі» деген арнаулы бас мақала берді. Бұдан кейін баспасөз елімізде бес жүзіншілер қозғалысын кек өрістетті.

1934—1935 жылдары жүздеген аудандық газеттердің жұмысы елеулі түрде жақсара түсті, олардың редакциялары журналистика институтын бітірген кадрлармен толықтырылды. Бұл газеттердің ауыл шаруашылығын өркендетуде және колхоз құрылысын нығайтуда ұйымдастырушылық ролі арта түсті.

Республикада баспасөздің ұлт кадрларын даярлауда 1934 жылы Алматыда ашылған Коммунистік журналистика институты елеулі роль атқарды.

Баспасөз кадрларын даярлау жөнінде ВКП(б) Орталық Комитетінің 1930 жылы 11 ноябрьде қабылдаған «Газет қызметкерлерінің кадрлары туралы» қаулысының маңызы зор болды. Бұл қаулыда баспасөзді оған әрі жақсарту және оның социалистік шабуылды барлық майданда өрістету міндеттері редакторлардан және редакцияның барлық қызметкерлерінен нағыз большевиктік ұстамдылық пен ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді деп көрсетілді.

Орталық Комитет баспасөз қызметкерлерін даярлаудың және қайта даярлаудың, әсіресе баспасөздің ұлт кадрларын даярлаудың жолдарын белгіледі¹.

Осы қаулыға сәйкес РСФСР Халық Комиссарлар Советі 1932 жылы 7 январьда Алматыда Коммунистік журналистика институты ашылсын, оған 100 адам қабылдансын, қажетті қаражат Мемлекеттік бюджеттен босатылсын деп шешім қабылдады². Алайда орналасатын жай және оқытушы профессор кадрлары болмағандықтан, институт екі жылдан кейін ашылды.

ВКП(б) Орталық Комитеті баспасөздің ұлт кадрларын даярлап шығаруға ерекше көңіл бөлді. Оның шешімі бойынша Мемлекеттік журналистика институты (кейінірек — Бүкіл одақтық Коммунистік журналистика институты) жанынан 1927 жылы Шығыс ұлттар факультеті ашылды. 1932 жылы Москва КИЖ-і Қазақстанға 10 орын берді. Москвадағы Коммунистік журналистика институтында 30-жылдары Ілияс Жансүгіров, Асқар Токмағамбетов, Құлмырза Өтепов оқыды.

¹ Советская печать в документах. М., 1964, стр. 251—252.

² ЦИА КазССР, ф. 1365, оп. 1, ед. хр. 11.

Москва мен Ленинград КИЖ-дері кейін де бірнеше казак журналистерін даярлап шығарды.

Қазақстанда Коммунистік журналистика институты оқу мерзімі үш жылдық болып, 1934 жылы май айында ашылды. Директоры болып Ү. Балқашев, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ф. А. Жерсбьятев болды. Институттың оқытушысы — профессор құрамында; әдебиеттен жазушы Сәкен Сейфуллин, тілден профессор Құдайберген Жұбанов, философиядан профессор Владимир Иванович Тимоско, Қазақ ССР тарихынан профессор Санжар Аспандияров, журналистикадан К. Өтепов, Ә. Қарағұлов, С. Төлешов, О. Орестов, Б. Мегорский және басқа тәжірибелі баспасөз қызметкерлері сабақ берді.

«Социалистік Қазақстанның» 1935 жылғы 5 майдағы нөмірінде «Ұлт баспасөзі кадрларын көбейтеміз» деген тақырыпта хабар жарияланды. Онда КИЖ-дің 1-курсында 73 адам оқитыны, 1935—1936 жылы жаңа оқу жылында институтта толық екі курс болатыны, жанадан 75 оқушы алынатыны айтылды. Сонымен бірге редакция коллективі КИЖ-дің студенттерін қамқорлыққа алып, оларға аудандық газеттерге шолу жазуды үйрететіні, 15 июньмен бастап, 45 студент аудандық газеттерге барып бір айлық практика өткеретіні туралы қуанышты леппен хабарлады.

Қазақтың Коммунистік журналистика институты өмір сүрген алты жылдың ішінде өз түлектерін төрт рет ұшырды. Архивтегі документтерге қарағанда КИЖ-ді 150-ден аса адам бітіріп шыққан. Олардан республикалық, облыстық газеттердің редакторы қызметіне 4 адам, республикалық газет-журналдарға 20 адам, аудандық газеттердің редакторы және секретары қызметіне 7 адам, әдеби қызметке 12 адам, партия қызметіне 5 адам жіберілген. Қалғандары ҚазТАГ және баспа орындарына орналастырылған.

Сөйтіп, КИЖ баспасөз кадрларын даярлау ісіне елеулі үлес қосты. Оны бітіріп шыққандар ішінен К. Үсебаев, А. Логинов, Д. Рябов, Ж. Жұмақанов, О. Құдышев, Ә. Өмірзақов, Ү. Нұрсейітов, И. Богаткин, К. Молдақашев, Х. Нұрмұхамедов, М. Байтұрсынов және басқа журналистер республикалық, облыстық газеттердің редакторлары міндетін атқарды.

Белгілі ақын Діқан Әбішев те осы журналистика институтын бітіріп, бірнеше жылдай облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакторы болды. Қарт журналист — ақын Ғалым Малдыбаев пен Асқар Лекеров те КИЖ-де оқыды. КИЖ-де оқыған бірнеше журналистер Ұлы Отан соғысында қаза тапты.

Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советінің 1941 жылғы, 8 майдағы қаулысы бойынша Қазақтың Коммунистік журналистика институты таратылып, оның орнына Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінде журна-

листика факультеті ұйымдастырылды. Бұл факультет сонан бері 4 мыңнан аса жоғары дәрежелі маман-журналист кадрларын даярлап шығарды.

Баспасөз және мәдени құрылыс. Республиканың халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау жолындағы күрес дәуірінде мәдени революцияның негізгі міндеттерін жүзеге асыру үшін күрес қатар жүргізілді. Қазақстан партия ұйымының басшылығымен баспасөз бұл күресте де маңызды роль атқарды.

Қазақстандағы мәдени революцияның екінші және үшінші бесжылдықтар тұсындағы маңызды міндеттерінің бірі ересектер арасындағы сауатсыздық пен шала сауаттылықты жою жұмысын аяқтап шығу еді. Бұл жөнінде бірінші бесжылдықта едәуір табыстарға жетсек те қазақ республикасы еліміздің басқа республикаларынан едәуір кейін қалып еді.

Осы жағдайды ескере отырып, Өлкелік VIII партия конференциясы (1934) республикамыздың ересек халқы арасындағы сауатсыздықты 1937 жылдың аяғына қарай жойып болу міндетін қойды.

Ересектер мектебі мұғалімдеріне методикалық көмек беру үшін «Ауыл мұғалімі» журналының бетінде жарияланған мақалалар мен республикалық, облыстық, аудандық газеттерде берілген арнаулы беттердің үстіне он мыңдаған тиражбен республикалық «Төте жол» газеті шығарылып тұрды. Баспасөзде сауатсыздықты жою жұмысын ұйымдастыру, оқу-методикалық мәселелер қызу талқыланып, республикада бұл жұмыстың барысы үнемі жарияланып келді.

Ересектер мектебін ұйымдастыру, оларды қажетті оқулықтармен, көрнекті құралдармен, мұғалім кадрларымен қамтамасыз ету мәселелеріне газеттер үнемі назар аударып отырды.

Газет материалдарынан Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық өзгерістер сияқты ұлттық мәдениетті өркендету жөніндегі шаралар да шиеленіскен таптық күрес жағдайында жүзеге асырылып отырғаны айқын көрініді.

«Социалистік Қазақстанда» 1933 жылғы 27 сентябрьде жарияланған «Өлкелік партия комитетінің нұсқауып толық іске асырайық» деген редакциялық мақалада Қазақстан Өлкелік партия комитетінің VI пленумы ұлы державалық шовинизмге қарсы күресумен қатар, жергілікті ұлтшылдыққа қарсы күресті де күшейтуге қатты көңіл бөлу қажеттігін атап көрсетті. Газет бетінде Риддерде ұлы державалық шовинизм, Қызылордада жергілікті ұлтшылдық көріністері болғанын әшкерелеп жазды.

Қарағанды облысындағы мектептерде оқуды жергілікті халықтың ана тілінде жүргізу принципі бұрмалануына жол берілген. Мұнда ұлтшыл және шовинист элементтер халықтар арасында да сенімсіздік туғызу мақсатымен орыс мектепте-

рінде сабақты қазақ тілінде, ал қазақ мектептерінде сабақты орыс тілінде жүргізген.

Газет осындай фактілерді талдай келіп, партия ұйымдарына жергілікті ұлтшылдық пен ұлы державалық шовинизмге қарсы күресті еш уақытта бәсеңдетпеуді ескертті.

Қазақстан Өлкелік VIII партия конференциясы (1934 жылы январь) мәдениетті дамыту, (мектептерді политехникаландыру, сабақ берудің идеялық-саяси дәрежесін көтеру, жастарға коммунистік тәрбие беру мәселелеріне партия ұйымдары баса көңіл бөліп отыруға тиіс деп көрсетті. Партия ұйымдары ұлт мәдениетін өркендету ісіне, әсіресе мектеп, әдебиет пен өнер ісіне ерекше көңіл бөліп отыруға тиіс болды.

Коммунистік партияның лениндік ұлт саясаты Қазақстанда мүлтіксіз жүзеге асырылды.

1934 жылы 15 январьда Қазақтың Мемлекеттік университеті ашылды. Бұл сол жылдары Қазақстандағы он үшінші жоғарғы оқу орны болды. Оларда 4266 жас жігіттер мен қыздар оқыды, олардың 62 проценті қазақ жастары еді. Қазақ университетінің ашылуын қазақ халқының мәдени өміріндегі тарихи оқиға деп бағалап, газет бұл күнді халықтық мереке ретінде атап өтті.

«Казахстанская правда» кадр даярлау ісінде республикаға бүкіл еліміз көмектескендігін айта келіп, былай деп хабарлады: 1934 жылы Москваның жоғары оқу орындарында ғана Қазақстаннан барған 1500 студент оқиды. Республикадан тыс жерлерде жоғары оқу орындары мен техникумдарда 1933—1934 оқу жылында оқыған қазақстандықтардың саны мынанан астам болды².

Екінші бесжылдықта Қазақ республикасы жаппай бастауыш оқуды жүзеге асыру жөнінде елеулі табысқа жетті. 1937 жылдың 1 январына барлық мектеп жасындағы балалардың 96%-і жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуға тартылды³.

Отызыншы жылдардың орта шенінде қазақ тілінде газет, журналдар, кітаптар мен оқулықтардың көп шығарылуы, жергілікті мектептерде сабақтың ана тілінде жүргізілуі қазақ тілі мен әдебиеті мәселелерін кең зерттеу жұмыстарын кезекке қойды. Ұлтшылдар орыс тілінен және басқа шет тілдерден келген ғылыми және техникалық терминдерден безді. Республикалық газет ғылыми-техникалық терминдерді батыл қабылдау арқылы қазақ тілінің сөздік қорын байыта түсу жөнінде, қазақтың әдеби тілі мен жазбасын дамыту жөнінде проблемалық мәселелер көтеріп отырды.

Мәселен, газетте қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы профессор Күдайбергін Жұбановтың, қазақтың ұлт мәдениеті

¹ «Социалистік Қазақстан», 15 январь, 1934.

² «Казахстанская правда», 16 октябрь, 1934.

³ «Социалистік Қазақстан», 5 апрель, 1935.

институтының ғылыми қызметкері Сәрсен Аманжоловтың қазақ емлесін ғылыми негізде жетілдіру, латын әрпіне негізделген жаңа алфавиттегі термин сөздердің емлесі туралы ғылыми-зерттеу мақалалар жарияланды. Бұл жөнінде әсіресе ғылыми-педагогикалық «Ауыл мұғалімі» журналы үлкен роль атқарды.

Екінші бесжылдықта Қазақстанның баспасөзі де ламиды. 1937 жылы кітап баспалары жалпы тиражы 800 миллион дана 100-ден астам кітап шығарды. 267 газет шығып тұрды, оның 137-сі қазақ тілінде еді.

Баспасөз әдебиет пен өнер мәселесіне үлкен көңіл бөліп отырды. Социалистік қайта құрылыс жылдарында халықтың тек материалдық талаптары ғана емес, рухани талаптары да өсті. Елбекшілерге идеологиялық тәрбие беру, оларды коммунистік қоғамның саналы құрылысшыларына айналдыру жөнінде әдебиет пен өнердің ролі күшейе түсті. Сонымен бірге әдебиет пен өнерге партия басшылығын күшейтуге баспасөздің де ролі арта түсті.

Баспасөз партияның әдебиет пен өнер мәселелері жөніндегі саясатын түсіндіруге және жақтауға творчестволық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметін көрсетуге, олардың жұмысындағы жаңалықтарды насихаттап және қолдап отыруға, таланттылардың өсуіне, әдебиет пен өнердің халықтығы мен қоғамдық ролі, саяси міндеттері, социалистік реализм мен демократизм, көркемдік пен шеберлікті жетілдіре беру сияқты принциптерін танытып отыруға барынша көмектесуге тиісті болды.

Бұл міндеттерді шешу ісімен бүкіл партия және совет баспасөзі, оның ішінде «Қазақ әдебиеті» газеті, «Әдебиет майданы» мен «Литературный Қазақстан», «Әйел теңдігі», «Ауыл мұғалімі» журналдары сияқты мәдениет мәселелеріне арналған баспасөз органдары шұғылданды.

Әдебиет пен өнердің партиялылығы үшін күресте, өнер саласындағы түрлі адасушылықтар мен бұрмалаушылықтарға қарсы, буржуазиялық идеологияның барлық көріністеріне қарсы күресте Коммунистік партияның Орталық Комитетінің органы «Правдадан» үлгі ала отырып, Қазақстанның партиялық баспасөзі берік те дәйекті бағыт ұстады, әдебиет пен өнер мәселелеріне батыл араласып, жөн сілтеп отырды.

Қазақ совет әдебиеті советтік социалистік көп ұлтты әдебиеттің бір тармағы ретінде дамыды. Оның өкілдері орыстың классик ақын-жазушыларынан, пролетарлық әдебиеттің негізін қалаушы ұлы жазушы М. Горькийден, «поэзия маршалы» В. Маяковскийден үйреніп отырып, социалистік реализм рухында тәрбиеленді. «Социалистік Қазақстан» қазақ оқушыларын орыстың классикалық әдебиетінің үлгілерімен таныстырып отырды. А. Пушкинге, Л. Толстойға, А. Чеховқа, М. Горькийге, В. Маяковскийге арнаулы беттер берді.

Қазақ совет әдебиетінің, сол кездегі қазақ совет поэзиясының өркені өрістеуіне 1934 жылғы күзде Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 30 жыл толуына, 1936 жылдың жазында Сәкен Сейфуллиннің жазушылық қызметінің 20 жылдығын тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл совет Одағының жұртшылығы болып атап өтуі елеулі әсер етті. Еңбекшілер арасында Абайдың өмірі мен творчествосы туралы лекциялар оқылып, әңгімелер өткізілді, газеттерде мақалалар жарияланды. Абай шығармаларының жинағы басылып шықты. Мұның өзі Абайды тану жолындағы игі қадам болды. Профессор К. Жұбанов «Абай және Құншығыс әдебиеті» деген мақаласында Абайды әдебиет тану саласында тұңғыш рет «Қазақ әдебиетінің классигі» деп атады¹.

Қазақстан Өлкелік партия комитетінің секретары Л. И. Мирзоян жолдас С. Сейфуллинді «Қазақ совет әдебиетінің ардагері» деп атады. «Әдебиет майданы» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінде революционер ақынның жазушылық қызметіне 20 жыл толуына байланысты Қазақстан Өлкелік партия комитеті мен Қазақ АССР Халық Комиссарлар Советінің құттықтау хаты², Сәбит Мұқановтың ақынның творчествосы туралы жасаған баяндамасы жарияланды³.

Газет беттерінде, алдымен «Правданың» бетінде 1933—1934 жылдарда ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 23 апрельдегі «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» қаулысын жүзеге асыру жөніндегі жұмыстар кең түрде жазылды.

Қазақстан жазушыларының 1934 жылғы июль айында өткен I съезі республиканың мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. Съезд алдында үлкен әзірлік жұмыстары жүргізілді. Баспасөзде жазушылардың бұрынғы және жаңа шығармаларынан үзінділер немесе әңгіме, очерктері басылып, олар туралы оқушылар пікірі берілді.

«Социалистік Қазақстанның» 1933 жылғы 29 майдағы нөмірінде Қазақстан Халық Комиссарлар Советінің «Жазушылардың творчестволық жұмысына жағдай жасау, тұрмысын жақсарту туралы» қаулысы жарияланды. Қаулыда көркем әдебиет шығармаларын бастырып шығарудың жоспары жасалып, авторлармен шарт жасалсын, олардың әрқайсысына қаламақы берілсін, салынып жатқан демалыс үйлерінен жазушыларға 15 орын берілетін болсын делінген. Сонымен бірге көркем әдебиет қорын жасауға 15 мың сом қаржы босатылды, Қазақ совет жазушыларының таңдаулы шығармаларын орыс тіліне аударып басу, бұрынғы қазақ әдебиеті мен ауыз әдебиеті шығармаларын жинастыру белгіленді.

¹ «Социалистік Қазақстан», 30 декабрь 1934.

² «Әдебиет майданы», № 6, 1936.

³ «Қазақ әдебиеті», 21 июль, 1936.

Қазақстан жазушыларының съезі 1934 жылы 12 июньде ашылды. «Социалистік Қазақстан» съездің ашылуына арналған бұл күнгі нөмірін «Совет жазушыларының тұңғыш съезіне большевиктік сәлем!» деп ашты. Бірінші бетте Қазақстан Өлкелік партия комитетінің құттықтауы берілді. Съезд қазақ совет әдебиетінің маңызды мәселелерін талқылады. Съезде І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, І. Қабылов және басқалары баяндама жасады. Қазақстан Өлкелік партия комитетінің мәдениет және насихат бөлімінің меңгерушісі І. Қабылов өзінің баяндамасында көркем әдебиеттің артта қалуының нақты себептерін ашып берді.

Сөйтіп, Қазақстан жазушыларын ұлттық шектеушіліктің, бір кездегі жікшілдіктің қалдықтарын тез жоюға шақырды, қазақ совет әдебиеті тек социалистік реализм жолына түскенде ғана дамитынын атап көрсетті.

Съезден кейін, әсіресе 1934 жылғы августа болып өткен совет жазушыларының Бүкіл одақтық бірінші съезінен кейін, Қазақстан Жазушылар ұйымының жұмысы жапандан бастады, қазақ совет әдебиеті дамудың жаңа жолына, социалистік реализм мен профессионалдык өсу жолына түсті.

Қазақ жазушылары баспасөзге белсене қатысты. Газетпен бұрыннан байланысты болып келген Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Асқар Токмағамбетов, Қалмахан Әбдіқадыров сияқты жазушылармен қатар «Социалистік Қазақстан» бетінде Жақан Сыздықов, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібасов, Ғали Орманов, Ғабдол Сланов және басқалардың корреспонденциялары, мақала, өлең, әңгіме, очерктері көріне бастады.

«Социалистік Қазақстанда» 1934—1936 жылдары Сәбит Мұқановтың «Челюскин аттанарда» деген тақырыппен «Ақ аю» атты үлкен поэмасынан үзінді, Бейімбет Майлиннің «Қырманда», «Қараганды» очерктері, І. Жансүгіровтың «Құлагері» және басқа советтік шындықты, социализм жеңістерін жырлайтын шығармалар басылды.

1934 жылғы 15 июньдегі республикалық слет ұлт өнерін дамыту жолындағы ұмытылмас тарихи күн болды. «Социалистік Қазақстан» бұл күні Қазақстандағы халық өнерпаздарының (ақын, әнші, күйші, биші, қобызшы, суретші тағы басқа) республикалық слеті ашылғанын хабарлады. Слетке Жамбыл бастаған бір топ халық ақындары қатысты.

Өлкелік баспасөз ауылдағы мәдениет ошағы — клубтар мен кітапханалардың, оқу үйлері қызыл мүйістерінің жұмыстарына да үлкен көңіл бөліп отырды. «Социалистік Қазақстан» 1934 жылғы 2 июньдегі нөмірінде басылған «Мәдени-ағарту жұмысын күшейте бастады» деген корреспонденцияда Алматы облысының Қастек ауданындағы «Жаңа құрылыс» колхозында мәдени-ағарту жұмысының қызу қолға алынған-

дығы туралы былай делінген: Қазірде үш сауат ашу мектебі ашылды, оқушылардың көпшілігі әйелдер. Мың сомға керекті кітаптар сатып алынып, қызыл мүйіз ұйымдастырылды, колхоз ортасынан 240 орынды балалар бақшасы ашылды, үш бригаданың үшеуінде де дауыстан газет оқып беру ретке қойылды. Әрбір бригадада қабырға газеті шығарылады. Онда бригададағы екіпінділер мен жалқаулар ашық көрсетіліп отырылады. Газеттің қызыл, қара тақтасы бар. Осы газет шықпалы колхозшылар арасында үлкен қарқын туды. Жұмысқа қешігу жойылды, жұмыстың сапасы артты. Колхозшылар бірімен бірі социалистік жарысқа түсті. Газет олардың жұмыстарының қорығындысын бес күнде бір рет жариялап отырады.

Қазақ АССР Орталық Аткару Комитеті халық тілегін орындай отырып, 1928 жылы латын алфавитін мемлекеттік «алфавит» деп жариялады. Бұл іске молда, ишан, ұлтшылдар қарсы шықты. Олар араб әрпін жақтады. Ескі өмірді көксеген байтар мен молдалардың, ұлтшылдардың әрекеттеріне соққы бере отырып, газеттер латын алфавитінің араб әліппесінен артықшылығын насихаттады. 1929 жылдан бастап өлкелік газет шағын хабар, заметкаларды латын әрпімен бастырып шығарып, газет оқушыларын жаңа алфавитке үйретті. Газет, журнал, баспадар 1930 жылы жаңа алфавитке тегіс көшірілді.

1929 жылы енгізілген латын алфавиті 1940 жылға дейін қолданылды. Қазақ ұлтының социалистік жолмен гүлдене беру және халықтар мәдениетінің өзара байланысын күшейту мақсатымен латын алфавитінен орыс алфавитіне көшу мәселесі алға қойылды. Осыған орай 1940 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің V сессиясы орыс алфавитіне көшу жөнінде қаулы алды. Мұның өзі қазақ халқының ұлы орыс мәдениетінің сарқылмас бай қазынасынан пайдалануға құштар екенін, алға басудың жарқын жолына түскенін аңғартады.

Социализм жеңісі және баспасөз. 1935 жылы январь, февральда Москвада болып өткен Советтердің Бүкіл одақтық VII съезі СССР-дің негізгі заңына өзгеріс енгізудің қажеттігі туралы, елімізде социализм жеңісін заң жүзінде бекітетін жаңа Конституцияның жобасын жасау туралы шешім қабылдады. Съездің осы мәселе жөніндегі жұмысы бүкіл совет баспасөзі бетінде жарияланды. Осыдан кейін іле-шала 8 февральда газеттерде СССР Орталық Аткару Комитеті Конституциялық комиссия құрғандығы туралы, оның құрамына партия мен үкімет басшыларымен қатар ғылымның түрлі салаларының көрнекті қайраткерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, еліміздің атақты адамдары енгені туралы хабарлады.

1936 жылдың январьда жаңа Конституцияның жобасы жасалып бітті. Партияның Орталық Комитетінің Пленумы

мен ССР Одағы Орталық Атқару Комитетінің сессиясында каралып, мақұлдағаннан кейін, жоба бүкіл халықтық талқылауға шығарылды.

Алдымен баспасөз жапа Конституцияның жобасын барлық еңбекшілерге таныстыруға, Негізгі заңды терең түсіндіруге кірісті. Газеттердің міндеті барлық еңбекшілерге жаңа Конституцияның негізгі принциптерін ұғындыруда ғана емес, сонымен қатар олардың пікірлерін, ұсыныстарын, ескертпелерін, мақұлдауын ұйымдастыруда болды. Баспасөз мемлекеттік құрылыстың әр алуан мәселелерін талқылауда бүкіл халықтық трибунаға айналды.

Ақырында баспасөздің аса маңызды міндеттерінің бірі — Конституция жобасын талқылау негізінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың жұмысын жақсарту, совет мекемелерінің жұмысындағы бюрократтыққа қарсы күресті күшейту, олардың бұқарамен байланысын ұлғайтып, нығайту болды.

Осындай үлкен де маңызды іске газеттер алуан түрлі жанрды пайдаланды, әсіресе Конституция жобасы бойынша еңбекшілер хатын жариялап отыру және газет оқушыларына жауап қайтару кең түрде жүргізілді.

СССР жаңа Конституциясы жобасын насихаттап, талқылау ісіне Қазақстан баспасөзі белсенді түрде қатысты. Республикалық, облыстық және аудандық газеттер беттерінде еңбекшілердің көптеген үн қосулары, ұсыныстары, ескертпелері, талап-тілектерін білдіретін хаттары жарияланды. Қазақстан газеттерінің беттерінде «Жаңа Конституцияның жобасы бүкіл халықтық талқылауда», «Конституцияның негізгі ережелері!», «Совет азаматтарының праволары мен міндеттері», «СССР Жоғарғы Советінің екі палатасы» және сондай рубрикалар пайда болды. «Социалистік Қазақстан» газеті жаңа Конституцияның жобасы туралы жұмысшылардың, шаруалардың, совет интеллигенциясының хаттарына арнаулы орын берумен қатар, «Совет Конституциясы және ұлт мәселесі» деген сияқты насихаттық мақалалар беріп отырды.

Будан кейін газет өндіріс пен ауыл шаруашылығындағы жаңашылдар еңбек өнімділігін орасан зор арттырғанын нақтылы мысалдармен көрсетті.

Жаңа Конституция бойынша Қазақ ССР-і Одақтас республикаға айналуын «Социалистік Қазақстан» газеті Коммунистік партияның депиндік ұлт саясатының салтанаты және елімізде социализмнің жеңіске жетуінің нәтижесі деп бағалады.

1937 жылы 26 мартта Қазақстан Советтерінің Төтенше X съезі Қазақ ССР-і Конституциясын бекітті.

Қазақ ССР-і Одақтас Республика болып қайта құрылуына байланысты ВКП(б) Қазақ Өлкелік ұйымы 1937 жылғы апрельде Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы болып қайта құрылды.

Конституция қазақ халқы Коммунистік партияның басшылығымен, ұлы-орыс халқының көмегімен капитализмге соқпай өтіп, социализм құрды деген тарихи фактіні сипаттады. Бүкіл халқымыз Конституцияны оқып, үйреніп үлкен қуанышка бөленді. Советтер Одағындағы 170 миллион бақытты халықтың тандап жіберген 2016 делегаты Советтердің Бүкіл Одақтық Төтенше XII съезіне қатысты. Съезд жаңа Конституцияны қабылдап, коммунизмнің алғашқы сатысы социализмнің орнағандығын жариялады.

1936 жылы шын мағынасында батырлардың, рекордшылардың жылы болды. Еліміздің Чкалов, Байдуков, Беляков сияқты қаһарман ұлдары Арктиканың сұрапыл боранына бой бермей, қалың тұманды қар жарып АНТ-25 самолетімен тоқтамай 9374 километр аспанда ұшты.

Мәдениет қаулап өсті дей келіп, газет 1936 жылы майда қазақ өнерінің Москвада өткізілген бірінші онкүндігіне тоқталады. Қазақстан тарихында бірінші рет бірнеше артистеріміз, жазушыларымыз Совет Одағының ең жоғары наградаларын алғанын, Күләш Байсейітоваға Совет Одағының халық артисі деген атақ берілгенін газет мақтан етіп жазды.

«Правда» газеті Қазақстанның шаруашылық және мәдениет құрылысына үнемі көңіл бөліп, қазақ халқының табыстарын тек Совет Одағына ғана емес, бүкіл дүние жүзіне танытты.

А. Қ. Жұбановтың басқаруымен обналған халық аспаптары оркестрінің орындау шеберлігі туралы «Правда» былай деп жазды: «Сары арқа» — домбыраның жүйкіте жөнелген күйі осылай деп аталады. Музыканттар нотасыз ойнады, бірақ талантты Құрманғазының күйін орындаған оркестр күйді соншалық біртұтас, мәнерлі және еркін орындады».

«Правда» қазақ өнерінің Москвадағы онкүндігінде қазақ өнерінің барлық түрлерін көрсетті, сөйтіп халық творчествосының тамаша қазынасын ашты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының аркасында «бақытты, еркін, жасампаз өмірде қайта туган талантты қазақ халқының ғасырлар бойғы көркем өнер мәдениетінің тамаша үлгілерін көрсетті»¹, — деп жазды.

Баспасөзде 1937 жылы июнның 5—12-інде болып өткен Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының I съезінің жұмысы туралы информациялық хабар, есеп беріліп отырылды². Съезде Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті құрылды, оның бірінші секретары болып Л. И. Мирзоян, екінші секретары болып С. Нұрпейісов сайланды. Сөйтіп, съезд Өлкелік партия ұйымының Қазақстан Коммунистік (большевиктер)

¹ Қазақ өнерінің Москвадағы онкүндігі. «Правда», 24 май, 1936.

² «Социалистік Қазақстан», 5 июнь, 1937.

партиясы болып қайта құрылып, ұйымдық жағынан қалыптастырды.

Бүкіл еліміз сияқты Қазақ ССР-нде де социализм орнату ісін аяқтау жөнінде орасан зор жасампаздық жұмыс жүріп жатты. Республика еңбекшілері үшінші бесжылдық жоспарды жасауға белсене қатысты. Кәсіпорындары мен мекемелерде, колхоздарда, МТС-тар мен совхоздарда үшінші бесжылдық міндеттеріне арналған жиналыстар өтті. Еңбекшілер өздерінің жиналыстарында сөйлеген сөздерінде және баспасөз беттерінде көптеген бағалы ұсыныстар енгізді.

Республикалық газет беттерінде «Үшінші бесжылдықтың проблемаларын талқылаймыз» деген тұрақты рубрика беріліп отырылды. ВКП(б) XVIII съезі (1939 жылғы март) қабылдаған СССР халық шаруашылығын өркендетудің үшінші бесжылдық жоспары (1938—1942) Ұлы Отан соғысының басталып кетуіне байланысты толық жүзеге асырылмай қалды.

Фашистер құрғақта да, суда да, әуеде де бастан аяқ қаруланып, коммунизмге қарсы аттануға реакцияның барлық күшін жинап жатқан жағдайда Совет елі халық шаруашылығын өркендете беруден қатар, Отан қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырып отырды.

Баспасөз 1937 жылғы СССР Отан қорғау заңының шығарылуына Қазақстан еңбекшілерінің жұмыла жауап бергенін атап көрсетті. «Казахстанская правда» Отан қорғау заңын Қарағанды шахтерлері қуанышпен қарсы алғанын хабарлады. Митингіде бірауыздан қабылданған қарарда Қарағанды еңбекшілері барлық халықпен бірге Коммунистік партияға және Совет үкіметіне шексіз берілгендігін білдіре келіп, қажетті сәтте туған елін қорғауға дайын екендіктерін мәлімдеді¹.

Газет ВКП(б) Орталық Комитетінің Қарағанды көмір қойнауы негізінде Совет Одағының үшінші мол көмір қорын жасау туралы тарихи шешіміне 1937 жылы алғаш жыл толуын баспасөз «Қарағанды шахтерлері шабуылда» деген бас мақаламен атап өтті.

Бұл жылдар ішінде Қарағанды өлшеусіз өсті. Қазіргі Қарағанды — аса бай көмір бассейні, Қазақстанның мақтанышы деп жазды газет².

Социализм жеңісімен, жаңа Конституциямен рухтанған еңбекшілер еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Мысалы, Мирзоян атындағы қант зауытының (қазіргі Жамбыл облысындағы) жұмысшылары 1937 жылы марттың 29 күні стахановтық тәулік өткізген. Осы туралы газетте жариялан-

¹ «Казахстанская правда», 23 август, 1937.

² «Социалистік Қазақстан», 4 апрель, 1937.

ған мәліметтерге қарағанда завод коллективі жоспар бойынша бір тәулікте 800 центнер қызылша қайнатып, 760 центнер қант алудың орнына — 10.850 центнер қызылша қайнатып, 918 центнер қант алған¹.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Л. И. Мирзоян «Правдада» жазған мақаласында 1937 жылғы егіннің жақсы шығуы мал шаруашылығын одан әрі өркендетуге жаңа мүмкіншіліктер жасайды, сөйтіп қазақ халқының материалдық және мәдени тұрмысы бұрынғыдан да жақсара түседі деп сенім білдірді.

¹ «Правда», 28 август, 1937.

**ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІ СОҒЫС АЛДЫНДАҒЫ
ЖЫЛДАРДА СОЦИАЛИСТІК ҚОҒАМДЫ НЫҒАЙТЫП,
ӨРКЕНДЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСТЕ
[1937—1941 ИЮНЬ]**

Совет елі үздіксіз өрлеу жолымен онан әрі алға басып бара жатқанда, капиталистік дүниеде 1937 жылдың күзінде жаңа экономикалық дағдарыс өршіп етек алды, оның барлық ауыртпалығы еңбекшілер бұқарасына түсті.

Халықаралық жағдай барған сайын шиеленісе берді. Агрессияшыл мемлекеттердің — Германияның, Италияның, Жапонияның — дүние жүзілік соғыс арқылы дүниені қайта бөлісуге арандары ашылды.

1937 жылы жапон империалистері бүкіл Қытайды басып алу үшін соғыс бастады. Испанияда италия-герман интервенциясы жүріп жатты. 1938 жылы гитлершіл Германия Австрияны және Чехословакияның бір бөлегін басып алды. Совет Одағына соғыс шабуылын жасау қаупі күшейді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі дүние жүзілік жаңа соғысты болдырмау үшін бар күш-жігерін жұмсады. Бірақ Совет үкіметінің коллективтік қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, агрессорларға бірлесіп тойтарыс беруге бағытталған ұсыныстарын батыс державалардың билеп-төстеуші топтары қабылдамай тастады. Осындай жағдайда Коммунистік партия мен Совет үкіметі бейбітшілік сыртқы саясатты дәйектілікпен жүргізе отырып, еліміздің қорғаныс қабілетін онан әрі нығайту ісіне халықтың барлық күш-жігерін жұмылдырды¹.

Партия социалистік құрылысты нығайтып, өркендеге беруге, социализмнің материалдық-техникалық базасын жасау, социализм орнату ісін аяқтау жолындағы жарысты өрістетуге ерекше назар аударды. Еңбекшілерді советтік патриотизм, еңбекке және қоғамдық меншікке социалистік көзқарас рухында тәрбиелеу, әсіресе соғыс қаупіне байланысты еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту жөнінде алға күрделі міндеттер қойылды.

Осының бәрі бүкіл еліміздің, сондай-ақ әрбір ұлт республикасының

¹ «Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркі, 1963, 387-бет.

ликаларының, сонымен бірге Қазақстан баспасөзі қызметінің басты бағытын мезгеді.

Баспасөздің, осы кезде бұқаралық информацияның күшті құралына айналған радио қызметіне өте қолайлы жағдай жасалды. Қоғамның таптық құрылымының өзгеруі нәтижесінде совет халқының моральдық-саяси бірлігі нығайды. Еңбекшілердің мәдениеті мен саяси саналылығы, социалистік қоғамдық пікірдің күші арта түсті.

1937 жылы Қазақстанда 267, оның ішінде 137 газет қазақ тілінде шығарылды. Олардың тиражы 600 мыңға жуық дана болды. Бұрынғы жылдардың қайсысынан болса да көп, жалпы тиражы 5,3 миллионнан аса дана болып, 408 түрлі кітап басылып шықты.

Радио хабарын тарату жедел дамыды. 1937 жылдың көктемінде республикада 307 радиоторабы, 57 мың радиоқабылдағыш жұмыс істеді,— бұл 1935 жылдың осы уақытындағыдан үш еседей артық. Бірақ осының өзі халықтың «қашықтықты білмейтін қағазсыз» газетке деген өскелең қажетін өтей алмады.

1937 жылы 5—12 июльде Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші съезінде Орталық Комитетті сайлады. «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы болды.

Қазақстан Компартиясы бірінші съезінің шешімдерін орындауға коммунистер мен барлық еңбекшілерді жұмылдыра отырып, республика баспасөзі, коммунистік партияның тарихы мен теориясын оқып үйрену, ұлт кадрларын даярлау және оларды идеялық саяси жағынан тәрбиелеу тақырыптарына баса көңіл аударды. Сол кезде партияның ішкі демократиясын өрістетуге «Ауыл коммунисті», «Большевик Казахстана» журналдарының, «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» және басқа газеттерде жарияланған мақалалар мен корреспонденциялардың тигізген пайдасын ескермеуге болмайды.

Қазақстан баспасөзі 1937—1938 жылдардағы сайлау науқандарына белсене қатысты. Елімізде — СССР Жоғарғы Советін сайлауға әзірлену және оны өткізуде баспасөз партия ұйымдарына айтарлықтай көмектесті. Бұл жөнінде республиканың барлық баспасөз органдарына аға газеттер үлгі-өнеге көрсетті. «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» 1937 жылдың екінші жартысынан бастап СССР Жоғарғы Советі депутаттығына ұсынылған кандидаттардың портреттерімен, өмірбаянымен сайлаушыларды таныстырды, жаңа Конституция және сайлау заңы туралы насихаттық мақалалар жариялап отырды. Осындай материалдар облыстық және аудандық газеттер бетінен де орын алды.

«Оңтүстік Қазақстан», «Прииртышская правда», «Актюбинская правда» газеттерінің сайлау науқаны кезіндегі жұмы-

сын ВКП(б) Орталық Комитетінің журналы «Большевистская печать» былай деп жоғары бағалады. «Газеттер өз облыстарының, колхоздарының, село мен қалаларының нақты мысалдары арқылы социализм елінің бүкіл дүние жүзілік тарихи жеңістерін, ұлы және жеңімпаз Отанымыздың күдіретті күшік паш етіп жазып отырды»¹.

Сайлау күні, 1937 жылы 12 декабрьде, газетгердің арнаулы нөмірлері шықты. Бірнеше күннен кейін сайлаудың қорытындысын хабарлады, республика баспасөзі бұл қорытындыны коммунистер мен партияда жоқтардың тамаша жеңісі деп бағалады.

Қазақстандық журналистердің өткен сайлау науқанындағы тәжірибесі көп ұзамай-ақ тағы да іске жарайтын болды. 1938 жылы апрельде Қазақ ССР Жоғарғы Советі сайлауына әзірлік басталды. Ол науқанның әрбір кезеңінде баспасөз бұрынғыдай анағұрлым ширақ, жеделірек жұмыс істеді. Газет бетінде депутаттыққа кандидаттар туралы тартымды да қызықты материалдар көріне бастады. Онда әсіресе көркем публицистикалық жанр бой көрсетті. Республикалық газеттерде П. Федюкиннің озат паровоз машинисі Мамырбек Омаров туралы, Ф. Шарипованың Қазақстандағы тұңғыш тракторист әйел Паша Клименко туралы, В. Власовтың стахановшы-кенші Біләл Ысқақов туралы және басқалардың депутаттыққа кандидаттар туралы очерктері жарияланды. Бұл очерктердің авторлары Совет өкіметі қарапайым еңбек адамдарын неге жеткізгенін, олардың болашағына жарқын жол ашып бергенін республиканың жоғарғы өкімет билігі органына кандидат ретінде ұсынылғандар өмірінің мысалы арқылы көрсетті.

Соғыс алдындағы жылдарда Совет өкіметі тұсында Коммунистік партия мәпелеп өсірген еңбек адамдары туралы баспасөз бетінде көп жазылуы, әсіресе портрет-очерктердің жиі көрінуі тегін пайда болған жоқ еді, оны өмір шындығы дүниеге келтірген болатын. Бұл туралы белгілі журналист Төлеубай Ыдырысовтың «Очерк туралы ойлар» деген кітабында тамаша айтылған.

Қазақ әдебиетінің басқа жанрлары секілді отызыншы жылдардың екінші жартысында очерк сан жағынан да, сапа жағынан да ілгері адым жасады. Көркем түйіндеу, өмір ақиқатын жинақтап қорыту — осы тұстағы очерк нұсқаларына тән сипат. Мұны сол кезде «Социалистік Қазақстан» газеті мен «Әдебиет майданы» журналында басылған бірқатар очерктердеп және 1940 жылы шыққан «Қазақстан» атты көркем очерктер жинағынан аңғару қиын емес.

Мысалға Сәбит Мұқановтың «Алтын дала» очеркін алайық. Мұнда республикамыздағы алтын кендердің тарихы, ал-

¹ «Большевистская печать», 1940, № 2, стр. 27.

тың өндірісінің Совет өкіметі жылдарындағы табыстары жазушының суреткерлік ұшқыр қаламымен, қызықты мысалдарымен әсерлі түйін табады. С. Мұқанов Степняк рудникінің тұңғыш ашылу күндерінен қызықты слес береді. Рудникпен бірге жасасқан адамның біреуі, Степняк қалалық Советінің депутаты, 76 жастағы қарт Бейсеков Орманның әңгімесінен тартымды эпитеттер алып, жазушы Степняктің революцияға дейінгі мүшкіл халін, алтын өндірудің жабайы әдісін, оны ең алғаш ашқан орыс геологтарын, инженерлерін сөз етеді. Автор алтын өндірісін қажетке жаратамын деп, қаншама тырысып, жанталасып баққанмен ағылшын концессионерлерінің қолынан түк қалмағанын мысқылдай жазады. Бұдан кейін жазушы Есімов, Байбеков, Анашкин сияқты еңбек ардагерлерінің өмір жолымен таныстырып, олардың тағдырын бір арнаға қиыстырады. Совет дәуіріндегі Степнякті, оның алдыңғы қатарлы адамдарын суреттеу үстіндегі жазушының бояуы ажарлы.

Т. Ыдырысовтың очерктің тарихы мен теориясын талдап түйіндейтін кітабында отызыншы жылдардың екінші жартысында баспасөзде талай оқаттар мен еңбек ерлері туралы көптеген очерктер жазылғаны айтылады.

Мысалы, Сапарғали Бегалиннің «Березняк депутат» деген портрет очеркінде әйгілі машинист 1937 жылы Ұлттар Советінің депутаттығына ұсынылған Лукьян Михайлович Березняктің бір жолғы поезд жүргізу сапарын арқау етеді, араарасында Толтыбаев деген стахановшы машинистің айтқандарымен оның бейнесін толықтырады.

Төлеухан Сағынбаевтың «Мақтан» деген очеркі Алматы облысының «Қызыл Октябрь» колхозының атакты қызылшашысы Нүрипа Доскожановаға арналған. Автор Нүрипаның қызылша өсірудегі қажыр-қайратын, үй шаруасымен, оның білім алуымен орайластырады. «Әне, атакты стахановшы, комсомолка Доскожанова Нүрипа бүгін Алматыдағы Комвуздың төрінде, Ленин томын аударып, партия тарихынан лекция тыңдап отыр» деп бітеді очерк.

Ә. Әбішевтің «Түсіп Күзембаев» деген очеркі — даңғайыр шахтердің революцияға дейінгі және Совет дәуіріндегі өмірі мен тұрмысының қат-қабат көріністері, Совет өкіметінің арқасында ел құрметіне бөленіп, халықтың қадірлісі атанған Түсіп Күзембаевтың қоғамдық, мемлекеттік қызметіне де шығармада едәуір орын берілген¹.

Бұл очерктің көбінде қаһармандардың өткендегі қара түнек замандағы өмірі социализм жеткізген жарқын да қуанышты өмірімен салыстырыла бейнеленеді. Олардағы жаңалық алдыңғы қатарлы Совет адамдарының ішкі дүниесіне неғұрлым терең бойлау, жаңашылдардың еңбектегі жаңа тәсіл-

¹ Т. Ыдырысов. «Очерк туралы ойлар», Алматы, «Қазақстан», 1969.

дерін авторлардың неғұрлым жан-жақты ашып көрсетуге тырысуы болып табылады.

Баспасөз социалистік жарысты ұйымдастырушы. Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының II съезіне (1938 жылы июль) дейін республика баспасөзі едәуір дами түсті. Қазақстан Компартиясының I съезінен кейінгі уақытта жанадан төрт облыстық және 16 аудандық газет пайда болды. Бұрынғы 9 журнал енді 13-ке жетті. Газеттердің тиражы 300 мың данаға дейін өсті. Қазақ тілінде К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партияның маңифесті», В. И. Лениннің екі томдығы шығарылды. Сондай-ақ Пушкиннің, Тургеневтің, Горький мен Шолоховтың шығармалары да жарық көрді¹.

Қазақстан Компартиясының II съезінде көптеген газеттердің тақырыптары мардымсыз екені, баспа ісі социалистік құрылыстың қарқышынан артта қалып келе жатқандығы атап көрсетілді. Сондықтан баспасөзге партия басшылығын күшейту, аудандық газеттердің редакторлары мен орынбасарларын даярлайтын және қайта даярлайтын тұрақты курстар ұйымдастыру ұйғарылды. Съезд партия комитеттеріне және газет редакторларына екпінділер мен стахановшылардың, алдыңғы қатарлы инженер-техник қызметкерлердің есебінен штаттан тыс авторлар активінің қатарын үнемі кенейтіп, толықтырып отыруды, партком, бюро мәжілістерінде редакторлардың еңбекші хаттарымен жұмыс жөнінде есебін тыңдап отыру, баспасөзде партия тұрмысы мәселелерін жазуды жақсартуды міндеттеді.

Баспасөз Қазақстан Компартиясы II съезінде ашып көрсетілген қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісіндегі кемшіліктерді жою жөнінде жергілікті партия ұйымдарына көмектесті. Бұл іс көбінесе озаттар тәжірибесін тарату арқылы жүргізілді. 1938 жылдың аяқ кезінде малшылардың III республикалық кеңесінің қарсаңында және сол уақытта «Социалистік Қазақстан» мен «Қазахстанская правда» өз беттерінде ферма меңгерушілерін, шопандар мен сауыншыларды және басқаларды сөйлетті. Оларға арналып «Тәжірибе алмастыру трибунасы» ашылды. Мұнда олар еңбектегі жоғары көрсеткіштерге қалай жеткендерін сөз етті.

Сонымен қатар баспасөз еңбекшілерді Қазақстанды еліміздің Шығыстағы мал базасына айналдыру жолындағы күреске аттануға шақырды.

Баспасөз социалистік жарыстың стахановтық қозғалысының дәстүрін онан әрі жалғастырды ұйымдастырды.

«Социалистік Қазақстан», «Қазахстанская правда», «Советтік Қарағанды» және «Социалистическая Караганда» га-

¹ «Большевик Казахстана», 1938, № 5, стр. 106—108.

зеттері стахановтық қозғалысты тағы да онан әрі өрістетуге кірісті.

Социалистік жарыстың еліктіргіш күші арқасында Қарағандының № 26 шахта кеншілері айта қалғандай табысқа жетті. Мұнда 1938 жылы Совет Одағында бірінші болып көмір шығарудың жылдық жоспары 9 айда орындалды. Алайда бассейніде тұтас алғанда өндірістік программа әлі игеріле қойған жоқ еді. Сондықтан мұнда жеке стахановшы ғана емес, бүкіл коллектив болып жаппай стахановшылар қозғалысы негізінде жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыс қыза түсті. Жыл аяғында стахановшылар саны үш мыңға жетті. «Казакстанская правда» «№ 26 шахтаның жарқын жеңісі» деген анықлап-аңаулы бет берді. Осыдан былай «Жеке стахановшылардан — стахановшылар коллективін құрайық» деген ұран басталды¹.

Көп ұзамай республиканың көптеген газеттерінде Қарағандының № 26 шахтасы коллективінің Қазақстанның барлық еңбекшілеріне үндеуі жарияланды. Онда озат кеншілер «Жаппай стахановтық қозғалыс негізінде жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындайық» деп ұсыныс жасалы. Осы шахта коллективінің инициативасы бойынша басталған жарыстың барысы газеттерде жыл аяғына дейін жазылып тұрды. Сөйтіп бұл жарыс жаңадан мыңдаған өндіріс озаттарының пайда болуына, еңбек өнімділігінің арта түсуіне үлкен әсер етті.

«Социалистік Қазақстан» 1939 жылы 2 апрельде «Үшінші бесжылдықтың ұлы жоспары» деп көлемді бас мақала жариялады. Онда үшінші бесжылдық жоспарда Қазақстанның үлес-салмағы аса елеулі, сондықтан еңбекшілердің барлық күш-жігерін жоспарды орындау жолындағы күреске жұмылдыру үшін социалистік жарысты ұйымдастыру керек деген пікір айтылған.

Москвалық «Красный пролетарий» зауыдының коллективі үшінші бесжылдық атындағы бүкіл одақтық социалистік жарыс ұйымдастыруға Совет Одағының барлық еңбекшілерін шақырды. Бұл заводтың коллективі өзіне нақты міндеттемелер алды. Олардың большевиктік үні біздің ұлан-байтақ еліміздің шетіне дейін жетті. Үшінші бесжылдық атындағы социалистік жарысқа қосылдық деген жауаптар тұс-тұстан келіп жатты.

Үшінші бесжылдықта Қазақстан өнеркәсібін өркендетуге алға қойылатын басты міндеттер Балқаш мыс балқыту және Текелі полиметалл комбинаттарының құрылыстарын салып бітіру, сонымен қатар Қарсақпай, Риддер комбинаттарын, тағы кейбір кәсіпорындарын кеңейту болды.

¹ «Казакстанская правда», 4-октябрь, 1938.

«Социалистік Қазақстан» 1938 жылғы 30 мартта «Еліміз Балқаш мысын талап етеді» деген бас мақала берген болатын. Онда Балқаштың тезірек іске қосылуын қамтамасыз ету үшін мемлекетіміз 180 миллион сом қаражат бөліп, отандық техниканың үздік үлгілерін беріп отырғаны айтылған. Осы қамқорлыққа жауап ретінде Балқаш 1939 жылдың январында өнім беруі керек, сондықтан құрылысшылар социалистік жарысты кеңінен өрістетуі қажет делінген еді. Ал «Социалистік Қазақстан» 1938 жылы 3 декабрьде «Балқаш мыс бере бастады» деп қуанта хабарлады.

Баспасөз үшінші бесжылдық атындағы социалистік жарысты бүкіл халықтық қозғалысқа айналдыру мақсатында түрлі жанрлар мен тәсілдерді қолланды. Мәселен, 1940 жылы сентябрьде «Социалистік Қазақстан» газеті «Қарағанды — Отанымыздың үшінші көмір базасы» деген бет берді. Мұнда карт шахтерлерге сөз берілуімен қатар, белгілі жазушы Әлжаппар Әбішевтің «Үсті ел, асты қазына» деген очеркі жарияланды. Жазушы Қарағандының жер қойнауында қыруар қара алтын жатқанын, оны еңбек ерлері қалай игеріп, Отан игілігіне жаратып отырғанын көркем сөзбен бейнелеп көрсетеді.

Отанымыздың экономикасы мен қорғаныс қуатын нығайту жолындағы күресте облыстық, аудандық газеттер де елеулі жұмыс істеді. Мысалы, Ақтөбе облыстық «Социалистік жол» (қазіргі «Коммунизм жолы») үшінші бесжылдықта халық шаруашылығын өркендетудің жоспарын, партиямыздың XVIII съезінің шешімдерін орындау күресіне облыс еңбекшілерін жұмылдырды, оларды бүкіл халықтық социалистік жарысқа қатыстырды. Ол соғыстан бұрынғы бесжылдықтар дәуірінде Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығын, өнеркәсібін дамытуда, өркендетуде облыстық партия комитетінің жауынгер көмекшісі, облыс еңбекшілерінің досы, сырласы, ақылшысы бола білді. Облыста ұйымдасқан тұңғыш колхоздардың алғашқы қадамдары, Алғашқы химия комбинатының, Кемпірсайдың бай кендерінің негізінде салынған хромит рудниктерінің жұмысы, қазақ аулындағы ұлы өзгерістер газет бетінде ұдайы жазылып тұрды.

Мысалы, даңқты тары өсіруші Шығанақ Берсиевтің атақты ақ тарысын алғаш жазған, оның ғажай тәжірибесін көпке таратқан да осы газет¹.

Сол сияқты Жамбыл облыстық «Коммунист» газеті (қазіргі «Еңбек туы») сөз болып отырған жылдары еңбектегі ерліктің ту көтерушісі ретінде қызмет етті. Сонымен қатар халықты болашақ соғысты өршітуге жанталасып жатқан неміс және жапон фашизмі мен милитаризміне қарсы өршіл идео-

¹ Н. Төлеуов. Өмір шындығы сыр шертеді. «Коммунизм жолы», 7 июнь, 1974.

логиялық жұмыстарды жүргізді. Бұл кезде газетте отаншылдық, жаппай қырағылық ұраны жиі жазылатын болған. Халықтар достығы қатты кәстерленген¹.

Қызылорда облысының Қазалы аудандық «Большевиктік колхоз үшін» газеті ауыл шаруашылығын өркендетудің мәселелерін іскерлікпен жан-жақты жазып отырды. 1939 жылы 3 февральдағы нөмірінде «Көктемгі егіске большевикше әзірленейік» деген бас мақаласы да үшінші бесжылдықтың үшінші жылында көктемгі егіске әзірлену ісіндегі кемшіліктерді ашып көрсетеді.

Партияның XVIII съезінің шешімдерін насихаттау бұқараның еңбек және саяси белсенділігін арттырды. «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері аса ірі кәсіпорындары мен құрылыстардың мысалдары арқылы республика өнеркәсібінің дамуы жөніндегі рухандырушы перспективаларын ашып көрсетіп отырды. «Народное хозяйство Казахстана» журналы минералдық шикізатқа өте бай Қазақстанның халық шаруашылығын техникамен қайта қаруландыру, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту, ірі капиталистік елдермен тарихи жарыста Совет Одағының жеңіп шығуы жөнінде маңызы өте зор өнеркәсіп салаларын дамыту үшінші роль атқаруға тиісті деп жазды².

Жоғарыда келтірілген фактілерден баспасөздің ұйымдастырушылық ролінің маңызы арта түскенін көреміз. Бұл жөнінде республиканың аға газеті «Социалистік Қазақстанның» соғыс жылдары алдындағы ұйымдастырушылық және насихатшылық қызметі зор болды.

Мерзімді баспасөзде республиканың жиырма жылдық тарихында қол жеткен табыстары ойдағыдай насихатталды. «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» ауыл шаруашылығы мамандарының, ғалымдардың, партия қызметкерлерінің Совет өкіметі тұсында халық шаруашылығының негізгі салалары қаулап өркендегені туралы сериялы мақалаларын жариялады. Олар нақтылы фактілерге толы мақалалары арқылы Коммунистік партияның лениндік ұлт саясатының тарихи жеңістері туралы жарқын да тартымды көрініс берді. Мысалы, «Ұлы жеңістердің цифрлары» деген рубрикамен берілген статистикалық мағлұматтар октябрь жеңісінен кейін социалистік индустрияландыру, коллективтендіру және мәдени революцияның нәтижелерін әсерлі түрде еске түсірді.

1940 жылы 6 ноябрьде болатын республиканың жиырма жылдық мерекесін тойлау қарсаңында газеттер мен радио мерекелік социалистік жарысты жеңіп шыққандар туралы хабарлап, бүкіл жұртшылықпен бірге оларға құрмет көрсетті. Республиканың экономикасы мен мәдениетін дамытуға аса

¹ Шолушы. «Еңбек туы» кезеңдерде.

² «Народное хозяйство», № 6, 1939.

елеулі үлес қосқандардың, үкімет наградалары мен құрметке бөленгендердің қатарында тұңғыш рет журналистер де болды. Мақтанарлық жайт, «Социалистік Қазақстан» және «Қазақстанская правда» газеттерінің редакторлары Сақтаған Бәйішев, Сергей Федорович Костюхин Еңбек Қызыл Ту орденімен наградалды.

Мереке тойы күнгі республиканың барлық газеттері үлкен көлемде, әдемі әшекейленіп, түрлендіріліп шығарылды.

Сонымен Қазақ ССР XX жылдығы қарсаңында және сол кезде баспасөз айтарлықтай жұмыс істеді, журналистердің қаламдары ұшталып саясат пен мамандығы жөнінен өсіп қалғандығын көрсетті.

Баспасөз еліміздің Отан қорғау қабілетін нығайту күресінде. Съезд алдындағы жылдары баспасөз еңбекшілерді советтік патриотизм және интернационализм, халықтар достығы рухында тәрбиелеу жөнінде насихаттық және үгіттік мәні зор материалдарды жиі беріп отырды. Ол — советтік патриотизм совет халқының жаңа ынтымақ-бірлігінің өте қатаң белгілерінің бірі — өз Отанына берілгендіктің, шексіз сүйіспеншіліктің белгісі. Интернационализм мен патриотизм — совет адамдарының тамаша қасиеттері, совет адамдарының осы қасиеті шаруашылық, құрылыс майданында да, Хасан көлінің қасында (1938), Халхин-Гол (1939) өзенінің бойында, Карелия мойнағындағы (1940) жауларға қарсы ұрыс майданында да шын көрсеттерді көрсетті.

Көп ұлттан құрылған Қызыл Армия жауынгерлерінің қайсар күші мен моральдық сипатын, советтік патриотизмді Карелия майданындағы ұрысқа қатынасқан кінші командир Кадікен Аяшевтің мысалынан айқын көруге болады.

— Фин соғысқұмарларымен айқас басталды, кезек тиді. Қармен бірдей оқ борлады. Күтініп, сақадай сай жатқан біздің бөлімше жаудың әскерін баудай түсірді. Ілгері жүруге жол ашылды. Сол жолы менің қолыма оқ тиді. Қазір оқ тиген жерім мұзда жазылды. Партия, үкімет тапсырмасын орындауға әзірмін. Бірінші борышым — Отан қорғау деймін. Қорғайтын Отаным — СССР, оның бақытты бір бөлігі — Қазақстан¹.

Баспасөз осы ұрыстар жайлы тек еңбекшілер жиындарынан репортаж, телеграф агенттігі мен орталық газеттерден алынған хабарды ғана емес, сонымен қатар ұрыс майданынан Қазақстандық жауынгерлердің шапқыншы жауларға қарсы шайқаста көрсеткен ерліктері жазылған хаттарды да жариялап отырды.

Партия мен үкіметтің жеті күндік аптаға және сегіз сағаттық жұмыс күніне көшу, сондай-ақ қыдырымпаздық үшін

¹ Кадікен Аяшев. Отаным. 6 ноябрь, 1940.

қылмысты жауапқа тарту сияқты ісшімдерінің қажеттігін баспасөз түсіндіріп отырды.

Газеттер беттерінде «Еңбек тәртібін нығайтайық», «Қыдырымпаздыққа салынып, жұмыс уақытын босқа өткізушілер болмасын» деген рубрикамен кәсіпорындары мен мекемелерден түскен хабарлар мен хаттар жиі басылып тұрды. Республикалық және облыстық газеттер «Правданың» өнегесі бойынша жұмыс аптасының ұзартылуы және қатаң еңбек тәртібін орнату, Қызыл Армияға, Әскери-теңіз және Әуе флотына самолеттерді, танктерді, зеңбіректерді және басқа қаруларды неғұрлым көп беру үшін керек деп атап көрсетті.

Республикалық баспасөз Отан қорғаулық маңызы бар кәсіпорындарын, алдымен түсті металлургия кәсіпорындарын ерекше бақылауға алды. Онда өздерінің қызметкерлерін арнайы жіберіп немесе жұмысшы тілшілермен байланыс жасат отырды. Сол кезде Қарағандының жас шахтері, жұмысшы тілшіден «Социалистік Қазақстанның» бөлім меңгерушісіне дейін өскен Қабди Мыңжанов сияқты жұмысшы тілшілер мен өндіріс озаттары баспасөзге көмектесті. Бұл газеттерде «Бірде-бір артта қалушы кәсіпорындары болмасын» деген рубрикамен арнаулы беттер, топтама хабарлар бөлімі ұйымдас-тырылды.

Баспасөздің осындай шаралары артта қалып қойған кәсіпорындардың көтерілуіне, еңбек өнімділігінің артуына ықпалын тигізді. Мысалы, Балқаш мысшылары едәуір табыстарға жетті. 1940 жылы завод руданы өткен жылғыдан 2,5 есе артық шығарып, таза мысты екі есе артық беретін болды.

«Социалистік Қазақстанның», «Советтік Отан алдындағы қасиетті борыш», «Отан қорғау жұмысын өркендете берейік» деген сияқты бас мақалалары Коммунистік партияның Отанымыздың қорғаныс қуатын нығайта беруге бағытталған шараларын жүзеге асыру ісіне еңбекшілерді жұмылдыруға арналған. Осы мақалалардың бірінде газет империалистердің ерте ме, кеш пе біздің Отанымызға соқтығатынын айға келіп, бұл моментті берік әзірлікпен қарсы алу үшін әрбір совет азаматы қазір соғыс техникасының тетігіне жетілуге, саіміздің қорғанымпаздық қуатын арттыра беру үшін барлық күшпен жұмыс істеуге тиіс! деді. Бұл аса дұрыс, сол кезең үшін көкейтесті қорытынды еді.

Мерзімді баспасөз және басқа басылымдар сан және сапа жағынан да өсе берді. Ұлы Отан соғысы қарсаңында республикада жалпы тиражи бір миллион дана болып, негізінен қазақ және орыс тілінде 322 газет шығарылды. Тоғыз республикалық, 28 облыстық және 193 аудандық газет шығып тұрды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі бүкіл халықтық іске — социализм құрылысын аяқтау ісіне — журналистердің қосқан үлесін жоғары бағалады, 1940 жылы СССР ордендары мен және медальдарымен жеті, Қазақ ССР Жоғарғы Советі

Президумының грамоталарымен 22 баспасөз қызметкері наградталды. Бүкіл одақтық халық шаруашылығы көрмесіне республиканың он газеті қатыстырылды.

* * *

Қорыта айтқанда, Қазақстан баспасөзі бүкіл совет баспасөзімен бірге Коммунистік партияның басшылығымен соғыс алдындағы жылдарда республика еңбекшілерін экономика мен мәдениетті өркендетуге, Отанымыздың қорғаныс қабілетін нығайту жолындағы күреске жұмылдыруда өзіне тән қасиетімен үгіттік, насихаттық және ұйымдастырушылық роль атқарды.

**ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ
ЖЫЛДАРЫНДА (1941—1945)**

1941 жылы 22 июньде фашистік Германия опасыздықпен біздің елімізге тұтқиылдан шабуыл жасады. Гитлершілдер көп ұлтты Совет мемлекетін жоюды, оның қоғамдық құрылысын күртуды, совет жерін, оның байлығын басып алып, миллиондаған совет аламын құлдыққа түсіруді мақсат етті.

Қасиетті Отанымызға қатерлі қауіп төнген шақта Коммунистік партия еңбекшілерді өздерінің барлық күш-жігерін фашистік басқыншыларға қарсы тойтарыс беру үшін жұмылдыруға шақырды. Партия өзінің әрбір ұйымынан өз жұмысын соғыс уақытының талаптарына сай қайта құруды, соғыс-шаруашылық, саяси жұмыстың салаларына нақты да жедел басшылық етуді талап етті. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің V пленумы (25—26 июнь 1941 ж) партия ұйымдарына «ең басты міндет — жауды талқандау керек» деп көрсетті¹.

В. И. Ленин айтқандай, Іс соғысқа барып соқты екен, онда бәрі де соғыс мүдделеріне бағындырылуға тиіс, еліміздің бүкіл ішкі өмірі соғысқа бағындырылуға тиіс, бұл жөнінде титтей де қобалжуға жол берілмеуі тиіс. Осы нұсқауды басшылыққа ала отырып, біздің партиямыз бен мемлекетіміз ел ішіндегі барлық істі, барлық шаруашылықты соғыс мүдделеріне бағындырды. «Барлығы да майдан үшін!», «Барлығы да жеңіс үшін!» деген ұран көтерді. Бүкіл совет халқы, бір кісідей, социалистік Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жан қиярлық күреске аттанып, еңбекке жұмылды.

Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі өздерінің алғашқы Директивасында фашизм тарапынан бұл соғыста Совет мемлекетінің не өмір сүруі, не құлдыққа түсуі туралы мәселе шешілгелі отырғанын айта келіп, жауға қарсы аяусыз күресте совет жерінің әрбір сүйемі қорғалатын болсын, қалаларымыз бен селоларымыз үшін қасықтай қаншымыз қалғанша

¹ «Советтік Қарағанды», 27 июнь, 1941.

шайқасу керек, біздің халқымызға тән батылдық, тапқырлық көрсету керек деп атап өтті. Сонымен ұлан байтақ еліміз бірыңғай соғыс лагеріне айналды, барлық шаруашылық системасы соғыс жағдайына бейімделіп қайта құрылды.

Партия В. И. Лениннің соғысты шын мәнінде жүргізу үшін мықты ұйымдасқан тыл қажет деген қағидасын басшылыққа ала отырып, тыл еңбеккерлерін майданды не қоспектің бәрімен жабдықтауға шақырды. Сөйтіп, тыл мен майдан қысқа мерзімнің ішінде біртұтас лагерьге айналды. Совет адамдары майданда да және жау алғаш уақытта басып алған еліміздің батыс аудандарында да фашистермен шайқаста ересен ерлік көрсетті. Қазақстан майданның қуатты арсеналына айналды.

Коммунистік партия Отан соғысы жағдайында өзінің бүкіл идеологиялық жұмысын, сонымен бірге баспасөз жұмысын неміс-фашист басқыншыларын талқандауды ұйымдастырудың міндеттеріне бағындырды. Газеттер еңбекшілерге біздің елімізге төнген қауіптің қиыншылықты қатерлі екенін түсіндіріп отыруға, жайбарақаттық пен бейқамдылықты жоюға, совет патриотизмін өрістетуге, еңбекшілердің жауды талқандау үшін барлық күш-жігерін жұмсауға әрдайым әзірлігін тәрбиелеуге міндетті,— деп көрсетті партияның Орталық Комитеті. Соғыстың қиын жағдайында бұқараға партия басшылығын жүзеге асырудың, халықтың барлық күш-жігерін жексұрын жауға қарсы күреске жұмылдырудың күшті құралы баспасөз болды. Бұл кезеңде радионың да маңызы артты.

Баспасөзді соғыс уақытының талаптарына сай қайта құру. Коммунистік партия соғыстың бас кезінде баспасөздің және радионың құрылымы мен мазмұнын соғыс уақытының талаптарына сай тәртіпке келтірді. Қайта құру ісі бүкіл баспасөзді қамтиды.

Ең алдымен советинформбюросы құрылды. Бұл үкіметтік орган майдандағы және тылдағы аса маңызды оқиғалар туралы хабармен газеттерді және радионы қамтамасыз етіп отырды. Советинформбюроның алғашқы хабары республикалық газеттерде 26 июльде жарияланды, ал бұл хабар бір күн бұрын қазақ радиосы арқылы берілді. Оқушылар мен тыңдаушыларға орасан зор әсер ететін мұндай хабарлар сол кезден бастап соғыс аяғына дейін күн сайын беріліп тұрды. Өйткені бұл хабарлар совет адамдарының соғыс кезіндегі олы мен үмітіне қызмет етті. Сондықтан да оның саяси-моральдық мәні зор болды.

Партия-совет баспасөзінің жаңа отряды — майдандық және партизандық басылымдар пайда болды. Совет тылындағы баспасөзде де өзгеріс болмай қалған жоқ. Бұл жайлардың сипатын Қазақстан мысалынан айқын көруге болады.

Республика баспасөзінің жұмысын жаңа талаптарға сай қайта құрудың жолы Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің

1941 жылғы 9 августағы қаулысында белгіленді. Бұл қаулы жергілікті партия ұйымдары үшін нақтылы іс программасы болды. Партияның облыстық және аудандық комитеттері осы қаулының орындалуын бақылауға алды, баспасөз жұмысының соғыс жағдайындағы алғашқы тәжірибесіне талдау жасап, тиісті шара қолданды. Мысалы, 1941 жылы 9 септябрьде Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы «Ленинский путь» (облыстық), «Путь Ильича» (Булаев ауданы) және «Красное знамя» (Красноармейский ауданы) газеттерінің өткен екі жарым айдағы қызметіне қорытынды жасап, олардың алғашқы жетістіктерін атап көрсете келіп, редакцияларға кәсіпорындарымен, колхоз бен совхоз коллективтерімен байланысын нығайтуды міндеттеді.

Соғыстың басталуына байланысты республиканың мерзімді баспасөзінің жұмысын ұйымдастыру жөнінде елеулі өзгерістер жасауға тура келді. Ең алдымен күш пен қаржыны үнемдеу, әскери газеттердің жүйесін өрістету үшін партия салалық газеттер мен журналдардың шығарылуын уақытша тоқтатып, барлық күш-мүмкіндікті партиялық газеттерге топтастырды. 1941 жылғы июльден бастап біздің республикада «Лениншіл жас», «Ленинская смена», «Пионер Казахстана», «Октябрь балалары», бес облыста шығатын комсомол газеттері, «Коммунист», «Жас большевик», «Пионер», «Вожатыйға көмекші», «Сталин жолы», «Народное хозяйство Казахстана», «Қазақстан колхоз-совхоздары», «Литература и искусство Казахстана», «Халық мұғалімі», «Әдебиет және искусство» журналдарының шығарылуы уақытша тоқтатылды.

Соғыс жағдайында бұл газеттер мен журналдардың міндетін республикалық «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінің, сол сияқты облыстық және аудандық газеттердің атқаруына тура келді. Мысалы, республикалық газеттердің редакцияларында комсомол тұрмысы бөлімдері ұйымдастырылды. Қағазды және қаржыны үнемдеу мақсатымен «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің тираждары азайтылды, штаты қысқартылды, облыстық газеттер 1941 жылғы 25 июльден бастап екі беттік форматпен шығарылды.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті республиканың баспасөз органдарынан еңбекшілерге совет информбюросының хабарларын жедел де дәл жеткізуді талап етті. Осымен бірге оларға бұл жөнінде жан-жақты көмек көрсетті. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша республикалық және облыстық газеттер советинформбюросының хабарлары мен «Соңғы хабар» листовкаларын шығарып тұрды. Осымен бірге газеттердің бұқараға ықпалын күшейту, олардың оқырмандарын көбейту үшін республика партия ұйымдары газет витриналарын да көбейтті, олардың саны 3 мыңнан асты.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті бұйрықтарының, СССР Жоғарғы Советі Указдарының, советинформбюросы хабарларының, партия мен үкімет басшылары сөздерінің, «Правда» газетінің бас мақалаларының және басқа маңызды материалдардың қазақ тіліне аударылу сапасын тексеріп, баспасөз органдарына көмектесіп отыратын арнаулы комиссия құрды.

Комиссияның құрамында Ғ. Бұзырбаев (ҚКП Орталық Комитетінің секретары), С. Бәйішев («Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы) және басқалар болды.

Бұл айтылғандар қиын жағдай кезінде партияның қазақ баспасөзіне деген қамқорлығының айқын көрінісі еді.

Облыстық газеттердің саны онша қысқартылған жоқ, олардың соғыстан бұрынғыдан тек төртеуі ғана кеміді. Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында қазақ және орыс тіліндегі дербес екі газеттің орнына қазақ және орыс тілінде екі басылым болып шығатын бір ғана газет шығарылды. ВКП(б) Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша республикалық және облыстық газеттер аптасына үш күнде төрт беттік, үш күн екі бет болып шығып тұрды.

Аудандық газеттер бұрынғы қалпында сақталып қана қойған жоқ, қайта өсті. Соғыстың алғашқы кезінде олардың саны 196-ға жетті, 1941 жылы майдағының үстіне үш газет қосылды. Олардың бұрын күн сайын шығып тұратындары екі бет болып аптасына үш рет шығып тұратын болды. Ірі кәсіпорындарда 44 көп тиражды газет жарық көрді. Егер осыларды қоспағанда соғыстың алғашқы кезіндегі 228 газеттің 126-сы қазақ, 96-сы орыс, үшеуі ұйғыр, екеуі өзбек және корей тілінде шықты. Республиканың барлық газеттерінің бір жолғы тиражы бұл уақытта соғыстан бұрынғы санынан үштен бірі қысқартылды, сөйтіп 700 мың дана болып есептелді.

Жағдайға байланысты журналист кадрларының біразын қайтадан қызметке орналастыруға тура келді. Уақытша жабылып қалған басқа органдарының штаттағы қызметкерлері майданға кеткендерінің орнын басып аудандық, облыстық және республикалық газеттердің редакцияларының және Қазақ телеграф агенттігінің аппаратын толықтырды.

Сонымен, соғыстың аса қиын жағдайында Коммунистік партия республикамызда жалпы саясаттық басылымдардың барлығын дерлік сақтады.

Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін! Ұлы Отан соғысы басталысымен баспасөздің бүкіл мазмұны партия алға қойған «Барлығы майдан үшін!», «Барлығы жеңіс үшін!» деген айбынды ұранға бағындырылды. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1941 жылғы 22 июльдегі нөмірі әдеттегіше бейбітшілік сарынымен шықты. Онда бірінші бетте республика жаңалық-

тары туралы газеттің меншікті тілшілері мен ҚазТАГ хабарлары берілді, екінші бетте партия тұрмысының материалдарымен бірге еліміз экономикасының өркендеу жайын сөз ететін көлемді мақала жарияланды. Ал үшінші бетте «Еңбек еткен емеді, еңбексіз не өнеді?» деген үлкен тақырып Жамбыл Жабаев творчествосына арналды. Мұнда 1941 жылы жазған «Еңбек туралы», «Мал азығы», «Заманым», тағы сол сияқты ұсақ өлеңдер кірді. Бұл беттегі көлемді мақала — Тайыр Жароковтың «Жамбылмен әңгіме» деген очеркі. Төртінші бетте «Шетел хабарлары» мен «Астана тұрмысының хабарлары» бар.

Ал газеттің келесі, 23 июньдегі нөмірі бүтіндей неміс-фашист басқыншылардың Отанымызға зұлымдықпен шабуыл жасауына арналған. Бұл күнгі нөмірде Совет үкіметінің Мәлідемесі көрнекті орында жарияланды. «Біздің еліміз әділ, жау талқандалады, біз жеңіп шығамыз» делінді онда. «Біз жеңіп шығамыз» деп оған бүкіл совет халқы үн қосты. Мәлідемедегі: «Бір кезде Наполеонның Россияға жасаған жорығына біздің халқымыз Отан үшін соғыс ашып жауап берді, сөйтіп, Наполеон жеңіліп, күлі көкке ұшқан болатын. Біздің елімізге қарсы жаңа жорық жариялап масайраған Гитлер де соның аяғын құшады» деген сөздер газеттің шпигілінде келтірілді.

«Бүкіл халқымыз Отан үшін соғысқа аттанды», «Масайраған фашистік қарақшыларды біржолата жоқ қылайық!» деген аңшлагтармен газеттің екінші, үшінші беттерінде республикамыздың түкпір-түкпірінен материалдар берілді.

Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ газет өз жұмысын соғыс жағдайына, қаһарман кезек талабына бейімдеп қайта құрды. Оның бас мақалалары, корреспонденциялары болсын, хабарлары, очерктері мен фельетондары болсын, барлығы да майдан мүддесіне сай жазылды. Газет нөмірі сайын қазақ халқының жауға өшпенділігін білдіретін мақал-мәтелдерді (мысалы, «Қас атқанға тас ат», «Ежелгі жау ел болмас» деген тәрізді) жариялап отырды. «Социалистік Қазақстан» сол бір күндерде былай деп жазды: «Қазақ халқы Қызыл Армиямыз бен Әскери-Теңіз флотымызға жауды жеңіп шығу үшін барлығын жерігінше беріп отырады...». «Ұлы Отан соғысына бүкіл халқымыз аттанып отырғанда, «Жау дегенде жайнаған, бес қаруын сайлаған» қазақ халқы бұл аттаныстың алдыңғы шебінде болады».

Соғыстың алғашқы айларында газет неміс-фашист басқыншыларымен күреске республика еңбекшілерін жұмылдыруды басты міндет етіп қойды. Газет Қазақстанды майданды жабдықтайтын берік базаға айналдыруға жәрдемші болды. Оның бетінен «Қорғасын қанша керек болса, сонша береміз» деді Шымкент қорғасыншылары. «Елімізге кәмірді көп бере-

міз» деді әйгілі шахтер Түсіп Күзембаев. «Жауды жеңуге еш-нәрсені аямаймыз» деді Балқаш кеншілері¹.

Республикалық «Қазақстанская правда» газетінің 1941 жылғы 22 июнь күнгі нөмірі де әдеттегісінше совет халқының бейбіт өмір тіршілігіне байланысты материалдармен шыққан. Онда таңдаулы еңбек адамдары туралы, жарты жылдық жоспарын мерзімінен бұрып орындаған Үшінші бесжылдық атындағы бүкіл халықтық жарыс озаттарының табыстары туралы айтылған. Сонымен бірге бұл газет «Демалыс күннің бетшесі» деген тақырыппен совет адамдарының бұл күнгі тынығу — серуендеу салтын әзілі аралас әңгіме етіп көрсететін әдетін онан әрі жалғастырған.

Ал газеттің бұдан кейінгі нөмірлерінің мазмұны мүлде басқаша болып шықты. 23 июнь — дүйсенбіде әдетте республикалық газеттер шықпайтын. Бірақ «Социалистік Қазақстан» мен «Қазақстанская правда» газеттерінің редакция коллективі бұл күні кезектен тыс нөмірін шығарып, жоғары мобилизациялық әзірлігін көрсетті. Бұл күнгі нөмірлердің көлемі мен форматы әдеттегіден екі есе кем еді. «Қазақстанская правда» дүйсенбі күні осындай екі нөмірі шықты. Бірінде біздің елімізге фашистік Германияның опасыздықпен шабуыл жасал отырғандығы туралы Совет үкіметінің Мәлімдемесі жарияланды. Екіншісінде — майдан шебіндегі аудандағы әскери қызметке міндеттілерді мобилизациялау туралы, кейбір жерлерді соғыс жағдайында деп жариялау туралы, Қызыл Армияның Бас командашысының 22 июньде басқыншыларға қарсы ұрыстың жайы туралы хабарлар берілді. «Қазақстан еңбекшілері — Отан үшін, намыс үшін, еркіндік үшін» деген «шапқамен» газет Шымкентте, Ақтөбеде, Қарағандыда, Петропавлда, Өскеменде, Оралда, Сарыағашта көптеген адамдар қатысқан митингілер туралы топтастырылған есеп берілген. Нөмірдің соңында майдандағы армияның қатарына жіберу туралы патриоттардың дереу соғыс комиссариатына жазған өтініштері мен телеграммалары басылған.

Соғыстың алғашқы күндерінде совет адамдарының патриоттық сезімін сипаттайтын, Отанға деген сүйіспеншілігін көрсететін материалдар облыстық газеттерде де жарияланды. Мысалы, «Советтік Қарағанды» газетінде «Жауды жайратамыз» деген тақырыппен мынадай хат басылды. Онда кол өнершілер училищесінің шәбері бұрынғы қызылскер З. Хакимов былай деп жазды:

«Фашист бандылары сүйікті Отанға шабуыл жасады деген хабарды естігенде фашизмнің қарақшылық ісіне қаным қайнады. Менің дәл сол минуттан бастап ойлағаным — майданға

¹ Т. Ыдырысов. Баспасөз — өмір айнасы. Алматы, 1977, 161—163-беттер.

бару, Ұлы Отанымды қорғап, қан құмар фашистік жендеттерге өлтіре сокқы беріп, «шақырылмаған қонақты» кері қуу ғана болды. Мен осы тілегімді іс жүзінде орындау мақсатымен Киров аудандық соғыс комиссариатына өтініш те бердім. Тілегім қабылданып, байтақ елімді қорғауға бару менің жігеріме жігер қосып, қайратымды тасытты. Енді менің алдымда бір ғана міндет тұр. Ол қолыма қару алып, Отанды қорғау. Міне, абыройлы істі ақырына дейін орындап шығу үшін күресемін. Бұл сөзімді сөз жүзінде емес, іс жүзінде орындаймын. Гитлер бастаған бір топ фашистер біліп қойсы! Бұл майдада түпкілікті жеңіс біздікі болады!»¹

Осы кезден бастап жау талқан болғанға дейін Қазақстан баспасөзі, бүкіл еліміздің баспасөзімен бірге, өзінің оқырмандарымен соғыстың сұсты да әсерлі тілімен сөйлесті. Сол бір кездегі баспасөз қаһарлы жылдар шежіресін, патриотизм мен жалынды публицистиканың таңдаулы үлгілерін көрсетті.

Соғыстың алғашқы күндерінде журналистер халқымыздың ойы мен сезімін, жауға деген ашуы мен кегін, Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау үшін барлық күш-жігерін жұмсайтындығын, керек болса жанын да пидә ететіндігін білдіруге тырысты. Бұл пікірлер мен сезімдер редакциялық мақалалар мен түсініктемелерінде ғана емес, ол көбінесе жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенция өкілдерінің жазған хаттары мен мәлімдемелерінен көрініс тапты.

Бұл күндерде республикалық және барлық жергілікті газеттердің бетінде «Совет Одағына герман фашизмінің қарақшылық шабуылы», «Біздің ісіміз әділ іс», «Жау қиратылады, біз жеңіп шығамыз», деген партия, совет халқына арналған ұраны үлкен әріптермен көрнекті орында беріліп отырды. Сонымен бірге облыстық және аудандық орталықта өткізілген митингілер туралы да хабарлар жарияланды. Онда қатардағы еңбекшілердің айтқан сөздерінен көптеген үзінділер келтірілген. Мысалы, Сарыағашта өткен жиында «Интернационал» колхозының бір стахановшысы: «Колхозшы жолдастар, мемлекетке мерзімінен бұрын тапсырылған астықтың әрбір килограммы біздің армияны, авиация мен флотты нығайтуға жіберілетін естеріңізде болсын» деген.

Соғыстың алғашқы айларында редакциялардың газетке партия-совет және шаруашылық активін, сол сияқты өндіріс озаттарын тартқаны байқалады. «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің беттерінде 1941 жылы август — октябрь айларында ғана Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің 10 басшы қызметкері, 14 обком секретары мен 18 аудандық партия комитеттерінің секретарьлары, 21 ғылым мен өнер қайраткерлерінің мақалалары жариялан-

¹ «Социалистік Қазақстан», 27 июль, 1941.

ған¹. Олардың ішінде — В. Л. Комаров, К. И. Сәтбаев, Жамбыл, С. Мұқанов, Еңбек Ерлері Г. Хайдин, Ш. Берсиев, Р. Есқазиев, Н. Горбатов, Ғ. Әбдірахманов, Қим Ман-Сам және басқалар сөз алған.

Республикамыздың экономикасы мен мәдени өмірін соғыс уақытына орай шпашан қайта құру жөнінде партия ұйымдарына көмектесе отырып, баспасөз елімізге төнген қауіптің тым қатерлі екендігін, бейғамдық пен жайбарақаттыққа жол бермеудің қажеттігін түсіндіріп отырды. Осы тақырыпқа байланысты материалдарды іріктеп алуда редакциялардың герман фашизмінің адамзатқа қас, антигуманистік мәнін, оның СССР және басқа елдер халықтарын құлдануды және құртып жіберуді көзден жоспарын әшкерелеуге тырысқаны байқалады. Мұндай жарияламалардың көпшілігі Москвадан алынатын немесе орталық газеттерден көшіріліп басылатын материалдар болды. Бұлар әсіресе неміс-фашист басқыншыларының айуандығының фотокөшірмелері, көрнекті совет жазушылары мен публицистерінің мақалалары.

Республикалық және облыстық газеттердің өзі ұйымдастырған материалдарының да маңызы кем болған жоқ. Мәселен, «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» сол кезде Алматыда тұрған академик Е. Тарленің фашизмді және оның шапқыншылық эркетін әшкерелейтін «Жалпы адамзат мәдениетін құлатушылар» деген мақаласын жариялады. Автор өзінің бұл мақаласында «кімде кім Европада адамзаттың прогрестік мәдениетін қымбат санайтын болса, олар баса-көктеп келген зорлықшыларға күйресте соққы беріп отырған тарихи кезеңде рухани жағынан Совет Одағын жақтайды», — деп сенім білдірді². Ол, сонымен қатар Наполеонның шапқыншылық соғысының мәнін әшкерелейтін, оған қарсы күресте орыс халқы өзінің дәстүрлі қайраттылығымен жснiп шыққанын баяндайтын Алматыда кітапша бастырып шығарды.

Совет халқы фашизмге қарсы техникалық қарумен де, сөз қаруымен де сайысты. Ұлы Отан соғысы жылдарында сьқак, мысал, эпиграмма және памфлет сияқты саяси сатиралық жанрлар газет, журналдарда немесе жеке жинақ болып жарияланды. Бүкіл баспасөзбен бірге сатира неміс-фашист басқыншыларына деген ел ызасын, ел кегін оятуға, жұртты жауға жұмылдыруға қызмет етті. Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы Отан туралы мақал, мәтел, тақпақ сөздердің жинағын шығарды³.

¹ М. Қозыбаев. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны, 1964, стр. 266—267.

² Е. Тарле. Жалпы адамзат мәдениетін құлатушылар. «Социалистік Қазақстан», 25 июль, 1941.

³ «Қаһарлы сөз қамал бузады», Алматы, 1941.

Оның «Егер жау берілмесе, оны құртар болар», «Жау жоқ деме жар астында», «Бір жаман мың қолды ірітеді», «Ауызымда — жыр, қолымда — оқ, жырым — досқа, жауға — оқ» деген бөлімдерін де жалпы жауыздық пен опасыздықты, бейқамдық пен қорқақтықты әшкерелейтін халық даналығынан туған қанатты сөздер топтастырылды.

Жинақтың өмір танытқыштық, патриотизм рухында тәрбиелік мәні зор болды. Жаугершілік, соғыс күндерінде жау көп. Қару-жарақ асынып, сап түзеп жау төніп келгенде, өзін белбеуінді бос буынып, бейқам жатсаң, бұл да жау, аузына не болмай, сыр шашып қойсаң — о да жау, жалт беріп кетсең — о да жау, алтыбақан, ала ауыз болып, ынтымақтан айрылсаң — о да жау деп үйретті. Мұның бәрі сырттай ақыл-өсиет, дидактика болып көрінгенмен, майданның, тылдың берекесін кетіруші — дезертирлерге, үрейшілдерге, зиянды лақап таратушыларға атылған оқ еді. Соларды таңбалайтын, қарғыс айтып, арамздан аластайтын ұйтқы сөз еді, — деп жазады филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Қожакеев.

Қысқасы, бұл жинақ сөзі халыққа, ер азаматқа Отан қорғау, жауды талқандау өнерін үйрететін, оларды ерлікке, қамал бұзуға үйдейтін қаһарлы сөз болды¹.

Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ «Социалистік Қазақстан» бастаған облыстық және аудандық газеттердің бетінде халқымыздың асыл қазынасымен әрленген сатира көріне бастады. Мысалы, Асқар Тоқмағанбетов «Арыстанға еліктеген мысық», «Есек дәмелі есіріктер», «Бұлгартпас бұйрық», «Ауқат пен сауқат», «Шалбарға шабуыл», «Су түбінде сүрінгендер» сияқты фельетон өлеңдер жазып, неміс армиясының жексұрын кейпі, хайуандық әрекеттерін әшкереледі.

Біздің ақын, жазушыларымыз өздерінің сатира өлеңдерінде неміс-фашист солдаттарының батырсынған сиқын, олардың құдіретті деген техникасын былай сынады:

Екі аяғы көкпен кеп,
Уланған иттей көкпенбск
Өлексесін ит-күс жеп,
Сиқын қара фашистің

Саяси сатира жанрларының ең күшті түрлерінің бірі — карикатураның біздің республикамызда дамуына соғыс кезінде Алматыға көшіп келген М. В. Куприянов, П. Н. Крылов және Н. А. Соколов (Қукрыникстер) сияқты суреткерлер елеуді әсер етті. Олар салған күлкілі де бейнесі суреттер С. Маршактың

¹ Т. Қожакеев. «Сатира және дәуір», «Жазушы» баспасы, 1976, 119—120-бет.

өлең текстерімен «Казакхстанская правда» газетінде 1941 жылдың январына дейін басылып отырды. Кукрыникстердің алған объектісі — гитлершіл Германия және онымен сыбайлас елдердің фашистік тонағыш армиялары.

Орыс публицистерінің соғыс күндеріндегі жауға жайдың оғындай болып тиетін жалынды сөздері, атап айтқанда, 1943 жылы «Соғыс» деген атпен И. Эренбургтың «Махаббат пен өшпенділік», «Жанын жалдағандар», «Кұтырған каскирлар», «Кісі өлтіргіштер фабрикасы» сияқты көптеген памфлеттері қазақша аударылып, жеке кітап болып шықты.

Осындай жалынды публицистиканың тамаша үлгісін қазақ жазушылары да жасады. Бұған Мұхтар Әуезовтің соғыстың алғашқы күндерінде «Ерлік — елдің сыны» дегені айқын дәлел. «Біз, — деп жазды ол, қанішер Гитлер басына әлі-ақ ажал оғын атамыз. Отан үшін! деген қасиетті ұранымыз майданда шабуыл ұраны болса, тылда — өзіміздің ерлік сертінің ұраны. Қарсы шығар дұшпанды жеңеміз де жоямыз, жеңісті тойлайтын біз боламыз».

Бейбітшілік өмірден фашизм душар еткен соғысқа күрт бет бұрған кезде Қазақстан баспасөзінің бағдарына бұрынғыша «Правданың» ықпалы тиді. Оның жалынды да әсерлі жазылған «Барлық күш — жауды талқандауға», «Бейқамдық пен жайбарақаттыққа жол берілмесін!», «Жұмысты соғыстағыша — шапшаң және тиянақты істеу керек» және осы сияқты бас мақалалар барлық баспасөзде, сонымен бірге біздің республикамыздың баспасөзіне үлгі-өнеге болды¹.

Қазақстан баспасөзі Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің «СССР азаматтарының бәрі міндетті түрде соғыс ісін үйренуі туралы» 1941 жылғы 17 октябрьдегі қаулысын жүзеге асыру жөнінде партия ұйымдарының республикада Қызыл Армияның резервін даярлауына көмектесті. «Правданың» үлгісі бойынша газеттер «Соғыс ісін үйренушілерге көмек» деген рубрикамен мылтықтың құрылымы жөнінде консультация беріп отырды.

Осы кезде «Приуральская правда» газеті 1941 жылғы 9 июльдегі нөмірінде бір күнде — 1 июльде Шыңғырлау ауданында халық жасағына 470 кісі жазылды. Санитар дружинасы құрылды деп хабарлады.

Ұлы Отан соғысы басталған тұста азамат соғысының ардагерлеріне газет беттерінде сөз берілуі орынды болды. «Приуральская правда» осы тақырыпқа арнап бет ұйымдастырды. Онда «Жауды Чапасына соғу керек» деген мақалада Чапаев бастаған бұрынғы 25 дивизияның сарбаздары жауынгерлерді өздерінің әкелеріне ұқсап, фашистермен батырларша және ебін таба біліп шайқасуға шақырды. Бұдан кейін «Тайпақ ауданындағы Ворошиловтың салт аттылары» деген хабарда

¹ «Правда» 4-18 және 25 июль, 1941.

совхоздағылардың атты әскерге қажетті соғыс тәсілдерін игеруі туралы айтылды. Осы газетке Батыс Қазақстан тарихының ерлік беттерін, 1919 жылы Уральскіні ақгвардияшылар қоршап алған кездегі қатал шайқасты өз оқушыларының есіне түсірді. Қазақтың тұңғыш атты әскер полкінің ерекше ерлік көрсеткені айтылды.

Республикалық және облыстық газеттерде жергілікті авторлардың соғыс, тарихи тақырыпта жазған мақалалары жиі көрініп тұрды. Бұларда Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін болған аса ірі ұрыстар туралы, өткен заманның ұлы патриоттары Дмитрий Донской, Александр Невский, Дмитрий Пожарский, А. С. Суворов, М. И. Кутузов және басқалар туралы айтылды. Қазақ халқының азаттығы мен болашағы үшін күрескен Сырым Датовтың, Исағай мен Махамбеттің ерлік істері насихатталды. 1941 жылы сентябрьде республика баспасөзі қазақтардың 1916 жылы ұлт азаттық жолындағы қозғалысының 25 жылдығын кеңінен атап өтті. Бағалы тарихи зерттеулер, әңгімелер мен өлеңдер арқылы газет бетінде Аманкелді Имановтың өмірі мен революциялық қызметі, ХІХ ғасырдағы ұлт азаттық қозғалысы жетекшілерінің сипірген еңбегі баяндалды.

Бүкіл еліміздің баспасөзі сияқты Қазақстан баспасөзі соғыстың ақырына дейін «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген қасиетті ұранды бетке ұстады. Ең алдымен транспорт пен өнеркәсіп жұмысын тезірек қайта құруға, әрбір совет адамы қандай учаскеге қойылған болса да өзінің күш-жігері мен қабілетін барынша жұмсап еңбек етуге тиісті болды. Газеттер күн сайын дерлік әрбір нөмірінде өнеркәсіп орындарынан, колхоздар мен совхоздардан, заводтардан, «Жанқиярлық еңбегімізбен Қызыл Армияның жауды талқандауына көмектессің!», «Отан қанша тілесе, сонша жұмыс істейік!», «Майдан қажетіне он еселеген жігермен жұмыс істейік!» деген сияқты тақырыппен, мақалалар мен корреспонденциялар жариялап отырды.

1941 жылы июльдің аяқ шенінде республикалық газеттер Семей облысының Үржар ауданының «Красные горные орлы» колхозшыларының хатын жариялады. «Біз өз сөзімізді Қазақстанның еркін бақытты колхозшыларына арнаймыз»,— деп басталады хат. Колхозшы шаруалар бейбіт социалистік құрылыспен шұғылданып жатқан елімізге опасыздықпен шабуыл жасаған неміс фашистеріне лагнет айтумен бірге, Отанымызды қасық қаны қалғанша төсін төсей қорғауға әзір екенін білдіре келіп, соғыс жағдайына байланысты артельдің бүкіл тірлігін қалай қайта құрғандарын көрсетеді.

Олар республика еңбекшілерін жауды толық талқандағанға дейін Отан қорғау вахтасына тұруға шақырды. Бұл жөнінде былай деп жазды: «Бүгін шайқас майданында Отанымыздың еңбекшілерінің бостандығы мен тәуелсіз болуы мәселесі

шешілмек. Майданда жеңісті қамтамасыз ету үшін, сөйтіп тәуелсіздігімізді, намысымыз бен бостандығымызды сақтап қалу үшін біз тылды тынбастан нығайта беруге тиістіміз. Өзіміздің барлық күш-жігерімізді, барлық қамқорлығымызды Отанды қорғау мүддесіне, жауды талқандау және жою міндетіне бағындыруға тиістіміз. Отан бізден жеңіске жету үшін болып көрмеген істі, жан қиярлықты, қандай құрбандыққа болса да әзірлікті талап етеді...»

Республиканың барлық газеттері бұл хатты көшіріп басып, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және транспортта ұржарлықтардың жолын қууды қостады.

Республика баспасөзі алдымен қорғаныстық мәні бар өнеркәсіп салаларының қызметкерлеріне назар аударды. «Қазақстан шахтерлері, елімізге көмірді көп берейік!» «Майданды Қазақстандық мұнаймен қамтамасыз етейік!» «Жауды талқандау үшін металл қанша керек болса, сонша берейік!» деген сияқты бас тақырыппен республикалық газет бетінде бас мақала, арнаулы беттер мен топтама материалдар жні басылып тұрды.

«Советтік Қарағанды» және «Социалистическая Караганда» газеттері жұмысындағы ең басты бағыттардың бірі шахтерлердің еңбектегі ерлігін көрсетіп отыру болды. Бұл газеттердің бетінде 1941 жылдың аяқ шенінде — 1942 жылдың бас кезінде өздерінің өндірістік жетістіктері туралы учаске және шахта бастықтары, Балқаш пен Қарсақбайдың конвэкторлық балқытуды шапшаңдату мастерлері, облыс рудниктерінің экскаватор машинистері үзбей мақала жазып тұрды.

«Социалистік Қазақстан» газеті 1941 жылғы 23 августа К. Сәтбаевтың «Қазақстанның бүкіл табиғи байлығы — Отан қорғау мүддесіне жұмылдырылсын!» деген мақаласын жариялады. Онда «Қазақстанның түсті металды өндіру жөніндегі мүмкіндіктері мен резерватері шексіз» деп жазды автор. — Оларды жүзеге асыру үшін заводтар мен рудниктердің жұмысын жақсы ұйымдастыру, өндіріс технологиясын жетілдіру, озат әдістерді қолдану, үнемшілік тәртібін қатаң сақтау керек деді.

Павлодардың «Большевистская путь» газеті кеме жөндеу мастерскойы коллективінің облыстың барлық еңбекшілеріне «Отан қорғау вахтасына тұрайық!» деп жазған хатын жариялап, бұл бастаманы күннен күнге қолдап отырды. Ұржарлықтардың инициативасымен басталған халықтық қозғалыс облыста таралуына осылайша жағдай тапты. Жұмысғы майдандағыша істеу жөнінде газет арнаулы бет ұйымдастырып, онда «Тыл жауынгерлері жауға жан қиярлық еңбегімен соққы береді», «Сен Отан үшін не істедің?» деген сияқты материалдар басылды¹.

¹ «Большевистский путь», 1 июль, 1941.

Баспасөз озат тәжірибені насихаттау және оны көпке тарату ісіне баса назар аударды. Мәселен, «Большевиктік Алтай» газеті еңбектің озат әдісін алмастыру мақсатымен Лениногорск партия комитетінің жолдамасы бойынша атақты металлург Г. Хайдиннің Белоус руднигіне барғашы хабарлады¹. «Қаратау» газеті Уралдың атақты бұрғылау әдісінің инициаторы И. П. Якин Ащысайға келіп, онда өзінің бұрғылау әдісін көрсеткенін насихаттап жазды².

Қызылорда облыстық «Ленин жолы» және «Ленинский путь» газеттері колхоздардың мемлекетке ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындағаны туралы, озат кәсіпорындары мен жекелеген жұмысшылардың еңбек жеңістері жөніндегі рапорттарын нөмір сайын жариялап отырды.

Аудандық газеттер соғыс кезінде. Коммунистік партия еңбекшілерге саяси тәрбие беруде және халықтың барлық күшін жауды талқандау үшін жұмылдыруда аудандық газеттердің маңызды міндет атқарып отырғанын жоғары бағалады. Сондықтан да партияның Орталық Комитеті баспасөз мәселесі жөнінде соғыс жылдарында қабылдаған документтерін ең алдымен совет баспасөзінің село халқына қызмет ететін көптеген отряды — аудандық газет қызметкерлеріне жолдады.

ВКП(б) Орталық Комитетінің үгіт және насихат басқармасы 1942 жылы марттың бас кезінде аудандық газет редакцияларына хат жолдады. Бұл документ аудандағы журналистердің көпшілігінің кәсіптік дайындық дәрежесін есепке алу негізінде жасалған. Онда аудандық газеттің жұмысындағы кемшіліктерді сынау емес, журналистік тәжірибенің тиімділігін жинақтау, сөйтіп, оны басқаларға тарату көзделген.

Тәжірибесіз аудан журналистеріне екі беттік газетті қалай жақсылап шығаруды үйрету үшін насихат пен үгіт басқармасы хатпен бірге Москва маңында шығарылатын аудандық «Коммунист» газетінің 6 нөмірін қоса жіберді. Сонымен бірге бұл газеттің тәжірибесін творчестволық жолмен қабылдау туралы кеңес берді.

Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті осы хатты алысымен барлық аудандық, облыстық және республикалық газеттердің жұмысын тексеріп, олардан мынадай мәселелерді терең және жарқын жазып отыруды талап етті. Неғұрлым майданға көмекті көп көрсету үшін республиканың ішкі резервтерін жұмылдыру, еңбек өнімділігін арттыру, еңбекке жарамды халықтың бәрін өндіріс жұмысына тарту, социалистік жарысты одан әрі өрістету, өндіріс тәртібін қатаң сақтау, рационализаторлық пен жаңашылдықты дамыту, халық шаруашылығының барлық саласына озат ғылым мен техниканың табыста-

¹ «Большевик Алтая», 19 сентябрь, 1942.

² «Қаратау», 26 сентябрь, 1942.

рын енгізу, шаруашылық басшыларының мемлекеттен аз сұрап, оған көп беру принципін қолдану, әрбір азаматтың жауды сөзсіз жеңіп шығуға деген сенімін тәрбиеледі.

ВКП(б) Орталық Комитетінің насихат және үгіт басқармасының хаты және осыған байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті қолдаған шаралары майданға көмекті күшейту үшін күресте аудандық газеттердің ролін едәуір арттыруға мүмкіндік жасады.

Аудандық газеттердің соғыс басталған кезден айтарлықтай жұмыс істегендері болды. Мысалы, Гурьев облысы, Теңіз аудандық «Социалистік жол» (қазіргі «Ленин жолы») газетінің 1941 жылғы 12 июльде жарияланған «Жауды жеңгенше ұрысамыз» деген мақалада халықты неміс басқыншыларына қарсы кескілескен күреске, қасиетті туған Отанымызды жаулардан жан аямай сақтап қалуға шақырған жалынды сөздер айтылған. Осы кезден бастап газет бетінде пайда болған «Неміс басқыншыларына өлім келсін!», «Отан үшін алғә!» «Біздің ісіміз әділ, біз жеңеміз!» деген партия көтерген ұран әрбір совет адамының жүрегіне қажыр-қайрат құйып, жауға деген ыза-кегін өршіте түсті¹. Сонымен қатар газет соғыс жылдарында тылдағы адамдардың қажырлы еңбегі мен майданға көмегін, Отан үшін өшпес ерлік көрсетіп жүрген жауынгерлердің қимыл, әрекеттерін, халықтың туысқан партиямыз төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасқандығын үнемі жазып отырған.

Әйелдердің патриоттық қозғалысы. Соғыс жағдайында әйелдер мен жастардың өндірістегі ролі мейлінше арта түсті. «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері 1941 жылы июньнің аяқ шенінде Солтүстік Қазақстан облысының Полуден МТС-індегі бір топ тракторшы әйелдердің, «Қыздар, тракторға, комбайн штурваліне!» деген ұранын жариялады. Осы ұранды көптеген газеттер рубрика ретінде қолданып, онда әйелдерден механизатор кадрларын даярлау және патриот қыз-келіншектердің өңсегі істері туралы хабарлар берді. «Казахстанская правда» сол жылы 19 июльдегі бас мақалада қазірдің өзінде республика бойынша 13 мың қыз-келіншек өндірістен қол үзбей техниканы үйренуде, олардың көпшілігі трактордың рулін ұстауға, комбайнның штурвалына отыруға право алды деп жазды.

«Социалистік Қазақстан» республика әйелдерінің техниканы жаппай меңгеру жөніндегі қозғалысын құптап, кеңінен жазды. Полуденшылардың патриоттық бастамасы баспасөз арқылы бүкіл республикаға кеңінен тарап, жаппай қолдау тапты.

Бүкіл елімізде тылдағы алуан түрлі жұмыстарды әйелдер атқарды. Мұны Ақтөбе облыстық «Социалистік жол» газеті-

¹ «Социалистік жол», 12 июль, 1941.

нің материалдарынан айқын көруге болады. Облыстың әйелдері соғыс кезінде былай деп мәлімдеген: «Әскерге алынған азаматтардың орнын басамыз. Әкелеріміздің, ерлеріміз бен аға-інілеріміздің мамандығын меңгереміз». Соғыс жылдарында облыста 2 мыңдай әйел жаңа мамандықты меңгерген. Ақтөбе ферросплав зауытында 332 әйел қысқа мерзім ішінде аса ауыр да күрделі мамандық — металлург мамандығын меңгерді, 47 әйел электр психтерінің басқару пульттерінде отырды, 80-нен астам әйел болат балқытушы, котельщик, электрлік болды.

С. М. Киров атындағы Ақтөбе химия комбинатында 295 әйел соғыс кезіндегі қиыншылықтарға қарамастан білім мен іскерлікті қажет ететін мамандықтарды игерді. Ал темір жолда әйелдер машинистердің жәрдемшілері, кочегар, слесарь болып ауыр жұмыстарды атқарды.

Ауыл шаруашылығы жұмысындағы әйелдер де Отанның тапсырмасын абыроймен орындауға өз үлестерін қосты. 1942 жылы курстарда даярланған 3913 механизатордың ішінде 313 әйел болды. Облыста әйелдерден құрылған 15 трактор бригадасы жұмыс істеді, бұлар сменалық тапсырмаларын 2—3 есе орындап отырды. Жүздеген әйел колхозды, бригаданы, звено мен ферманы басқарды. 1943 жылы облыста 62 әйел ауылдық, селолық совет председателі, 28 әйел колхоз басқармасының председателі болып қызмет атқарды¹.

Қарағандыда коммунист Макыжан Смағұлова әйелдерді шахтаға барып, кеншілер мамандығын үйренуге шақырды. Оның шақыруына үй шаруасындағы әйелдер үн қосты. Олардың ішінде бірінші болып Марья Каримова № 20 шахтаға келді². Бұрын ерлер істейтін жұмыс саналып келген мамандықты 1941 жылдың август, сентябрінде әйелдер жаппай игеретін болды. Шахтер әйелдері Жәкен Мұқанова, Құләй Құлтанова, әйелдер арасынан шыққан тұңғыш наволоотбойщиктер болды.

Отан үшін, жеңіс үшін жан қиярлық еңбек етуге құштарланған әйелдер бір ғана мамандықты меңгерумен шектеліп қалған жоқ. 1941 жылдың аяқ кезінде олардың көпшілігі бірнеше мамандықты қатар атқаратын болды. Мысалы, «Балхашмедстройда», — деп жазды совинформбюро 1941 жылы 15 декабрьде, — көп әйелдер бірнеше мамандықты меңгерді, олар оны ойдағыдай атқарып жүр... Жоғарғы Ертіс пароходствосында 200 әйел ерлер мамандығын қажымастан үйренді.

«Социалистік Қазақстан» 1941 жылы 4 октябрьде трактордың, комбайнның, автомашинаның рулін ұстаған патриот әйелдер туралы ерекше жылы лебізбен, күшті шабытпен жазып отырды, «Патриот әйелдер өндіріске аттанып, жан қияр-

¹ Қараңыз: «Коммунизм жолы» (бұрынғы «Социалистік жол»), 8 март, 1945.

² «Қазақстанская правда», 29 июль, 5 август, 1941.

лықпен еңбек етіндері» «Отан соғысы күндерінде ұлы күреске араласпай, азаматтық борышын өтемей отырған бірде-бір әйел болмауға тиіс». Қазір жылап-сықтаудың кезеңі емес, совет әйелдері ұйымшылдықтың, бірліктің, қамқорлықтың, қырағылықтың, Отанға ақырына дейін берілгендіктің жоғары үлгі-өнегесін көрсетуге тиіс», деп жазды газет.

Республикалық газет партияның, Отанның атынан сөйледі. Бұл аталы сөз газет арқылы Қазақстан әйелдерінің жүрегінен жол тапты.

Мысалы, Семей облысы Аякөз ауданының «Тансық» МТС-нің тракторшылары Жәмиға Тезекова мен Тұрсын Әбдірахманова өз құрбыларын астық жинауға, механизаторлар қатарын толықтыруға шақыра келіп, біз өз мамандығымызды сүйеміз. Ал Отан талап етсе, тракторды танкке айырбастауға даярмыз. Біз тракторды қалай меңгерсек, танкті де солай меңгереміз деп мәлімдейді. Отан шақыруына үн қосып, техниканы меңгерген патриот әйелдер Т. Әбдірахманова, А. Жақсылықова, М. Мурдова, У. Кинищенко және басқалар туралы, олардың тұңғыш рет соғыс жылының егінін жинауда көрсеткен ерліктері туралы 1941 жылы 13 және 14 сентябрьде «[Ізғарда] мен «Известия» газеттері де жазды.

Соғыстың алғашқы кезінде ғана Ақтөбе облысынан 500 қыз майданға өз еріктерімен аттанды, жүздеген қыз-келіншектер соғысқа кеткен әкелері мен ағаларының орнын басты, трактор мен комбайн руліне отырды. Осы облыстың тек қана Мартөк және Новоресей аудандарында 400-ден астам қыздар механизаторлық мамандықтарын игерді. Қобда ауданында 259 қыз тракторшы болып еңбек етті. Облыс комсомол ұйымдары жігіттер мен қыздар арасында орасан зор ұйымдық және тәрбиелік жұмыстарды жүргізіп, майдан мен тылды нығайтуға лайықты үлес қосты.

Қаһарлы соғыс жылдарында да бейбіт уақыттағыдай Ленин комсомолы партияның айбынды көмекшісі болды. Совет әйелдерінің бейнесі — патриот, жауынгер, еңбеккер, солдат анасының бейнесі — мәңгі халық есінде.

Социалистік жарыстың жана кезеңі. Фашистік Германияға қарсы күресте совет халқының дем берушісі және ұйымдастырушысы болғаны сияқты, соғыс кезіндегі социалистік жарыста да Коммунистік партия бағыттаушы және жетекшілік роль атқарды. Партияның үндеуі бойынша мүмкіндіктің бәрімен майданға көмектесуге ұмтылған совет адамдарының жаппай еңбектегі ерлігі нәтижесінде социалистік жарыстың жаңа кезеңі басталды.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қозыбаевтың дәлелдеуіне қарағанда, социалистік жарыстың алғашқы кезеңі (1941 июнь — 1942 май) еңбекшілердің әр түрлі мамандықтарына орай кәсіпорындары мен жеке өнеркәсіп орталықтарының жарысқа түсуімен сипатталады. Бұл кезеңде

жұмысшылардың жаппай майданға аттануына, өнеркәсіп орындарын тылға көшіру, жаңа технологиялық процестерді игеру және халық шаруашылығын соғыс жағдайына қарай қайта құру сияқты факторға байланысты социалистік жарысты бүкіл мемлекет көлемінде ұйымдастыру мүмкін де емес еді.

Соғыс күндерінде (май — ноябрь 1942 жыл) социалистік жарыстың жоғары түріне, екінші кезеңіне ауысуда совет халқының еліміздің экономикасын соғысқа бейімдеп қайта құру жөнінде орасан зор табысқа жетуін камтамасыз етті. Осы кезде бұқараның «Соғыс ұрыстарында қалай болса, еңбекте де солай болады» деген патриоттық қозғалысы жаңа сапаға айналды. Өнеркәсіп салалары мен экономикалық аймақтар бойынша жүргізілген жарыс еңбекшілердің бірінғай бүкіл одақтық жарысына ұласты. Бұл жарыстың артықшылығы еңбекті ұйымдастырудың игілігіне айналды. Озат тәжірибені насихаттау және алмастыру, енді жалпы мемлекеттік ауқымда жүргізілетін болды. Бұл кезеңде жарысқа жұмысшы табының қатарына соғыс күндерінде келіп қосылған бөлігі белсене қатынасты. Жұмысшы коллективінің бірінғай өмір тынысы оның барлық отрядтарының ұйымшылдығымен топтасуын нығайтты¹.

Партия басшылығы арқасында соғыс уақытының жаңа кезеңіндегі социалистік жарысты ұйымдастыруды Қазақстан баспасөзі өзінің бұрыннан жинақталған бай тәжірибесін кеңінен қолданумен қатар, өмірдің өзі тудырған жаңа тәсілдер мен журналистік шеберліктің, патриоттық сезімнің деңгейінде болуға тырысты.

Бүкіл халықтық Отан вахтасына қатынасушылардың табыстары туралы хабарларды тарату үшін редакция газет бетінде арнайы «Қызыл бұрыш» ашты. Бұл жөнінде әрбір газетте ерекше рубрика болды. Мұнда ең алдымен Қарағанды шахтерлерінің, Балқаш, Қоңырат, Өскемен және Шымкент металлургияларының, Петропавлдың машина жасаушыларының майданға көмекті күшейтіп отырғандығы туралы оқушылар хабардар болды. Мұның өзінде совет адамдарының майдандағы ерліктерімен қатар, аттары ел құрметіне бөленген озаттарға — Отан вахтасының қалаулыларына — екіжүзшілер мен мыңшыларға газеттер очерктер, корреспонденциялар және фотосуреттер арнады.

Совет адамдарының патриотизмі бүкіл халықтық социалистік жарыстың талай-талай жаңа формаларын тудырды. Алғашқы күндердің өзінде-ақ екіжүзшілер, мамандықты қоса атқарушылар, көп агрегатты қамтушылар, майдандық бригадалар мен смена қозғалысы пайда болды.

¹ М. Қозыбаев. Компартия Қазақстана в период Великой Отечественной войны, стр. 92.

Қарагандының көмір өндіретін шахталарының коммунистері мен озаттары өзінің постысында сменалық нормасын асыра орындап болған соң басқа операцияларға ауысып отырған. Мәселен, бұрғышылар көмірді құлатуға, наволоотбойщиктер конвейердегі жұмысты тындырғаннан кейін көмір пласталарын бұрғылауға кірісетін болған¹, нөмір бірінші шахтаның врубмашинисі, коммунист Б. Нұрмағамбетов (қазір Социалистік Еңбек Ері) бір мезетте үш врубмашиннада жұмыс істейтін болған. Көп агрегатты қамту және мамандықтарды «қоса жүргізу проходчиктік жұмыстарды график бойынша атқаруды қамтамасыз етті. Осыдан бригада штаты 12-ден жеті адамға дейін қысқартылды, ал тапсырма ұдайы асыра орындалып отырды². Бұл Нұрмағамбетовтің патриоттық өнегесін бассейнің жүздеген шахтерлері қолдады.

Қарсақбай мыс балқыту зауытында коммунист Х. Ниязов пен К. Сейтеновтың инициативасы бойынша шапшаң және ауыр салмақты балқыту үнемі қолданылатын болды.

Социалистік жарыс темір жолшылар арасында да кен өріс алды. «Темір жолшы» мен «Турксиб» және басқа газеттер темір жол бойындағы еңбек озаттарының, жаңашылдарының жұмысын келінен жазып отырды. Мысалы, «Турксиб» газеті 1941 жылдың күзінде Москва үшін табан тірескен ұрыс болып жатқанда Шар депосының ауыр салмақты паролоз машинистері нормадан тыс 12 мың тонна қорғаныс жүгін мезгілінде жеткізген,— деп жазды. Шар депосының алты цехы тапсырманы 200 процент асыра, басқа цехтары 150—200 процент орындаған. Шу депосының жұмысшылары жарыс үстінде екіжүзшілер коллективі атағын жеңіп алды.

Бүкіл одақтық социалистік жарыста жеңушілердің қатарында 1942 жылы июньде Турксибтің Шар бөлімшесі болды. Осы коллективке Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы берілді.

Баспасөз колхоздар мен совхоздарда мал қыстату жайын тексеретін қоғамдық байқауға белсене қатысты. Фермалардың жұмыстарын тексеруде газеттер штаттан тыс корреспонденттеріне арқа сүйеді. Жамбыл облысында 500-ге жуық рейд бригадалар жұмыс істеді. Оның құрамында 2500-ден аса жұмысшы-село тілшілері, ауыл шаруашылығының озаттары мен мамандары қатысты.

Малшылардың бүкіл одақтық социалистік жарысында Қазақстан еңбеккерлері 1942 жылы бірінші орынды жеңіп алды. Республикаға Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туы берілді. Аса маңызды бұл оқиғаны республикалық газеттер арнаулы нөмір шығаруымен атап өтті.

Майдан мен тыл біртұтас жауынгерлік лагерь. Тыл еңбек-

¹ «Известия» 11 июля, 1941.

² «Социалистическая Караганда», 6 июля, 1941.

керлері өздерінің жанқиярлық еңбегімен майдан жауынгерлерімен бірлесе отырып, жауды талқандау жолындағы жеңісті шыңлады. Соғыс жылдарында партияның беделі өлшеусіз артты, партия мен халықтың бірлігі нығая түсті. Қазақстанның қажырлы еңбек күндерін баспасөз майдандағы жайлармен өте тығыз байланыстырып жазып отырды. Алғашқы кезде совет адамдарының жауынгерлік ерліктері туралы республика газеттерінде, орталық газеттердегідей, «Жауынгерлік эпизодтар», «Отан соғысының майдандарында» сияқты рубрикалармен беріліп тұрды. Көбіне бұл совет жауынгерлерінің ерліктері туралы, Қызыл Армияның жауынгерлік қимылдары туралы, «Правдада», «Известия» және «Красная звезда» газеттерінен көшіріліп басылған очерктер мен корреспонденциялар болды. Кейде тек Қазақстаннан барған жауынгерлер мен командирлердің хаттары жергілікті газеттерде басылып тұрды.

1941 жылдың қаһарлы күзінде, жау Москваға төнгенде жағдай біршама өзгерді. Ұлы Отан соғысының барысын жаза отырып, қазақстандық баспасөз майдандағы жауынгерлеріміздің — жерлестеріміздің ерліктері туралы материалдарды басып отырды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Москваны қорғаушы қазақстандық 316-атқыштар дивизиясының жауынгерлеріне жолдаған хатында: «Қымбатты достар! Қазақстан еңбекшілері кеше радио арқылы Москва маңында генерал-майор Панфиловтың басқаруындағы бөлімшенің жауға қарсы ерлікпен соғысып, жаудың екіленген шабуылын беттетпей тұрғаны туралы хабарды есіттік... Отанымыздың жүрегіне келетін жолдардың бойында, Сіз қорғап жатқан жерлерде, Совет халқының тағдыры шешіледі... Айбынды жауынгерлер, мұны естен шығармандар. Бір адым кері аттамандар! Туысқан Москваны ақтық деміңіз біткенге дейін, тамшы қаныңыз қалғанға дейін қорғаңыздар!» — деп жазды.

Қазақстан еңбекшілерінің атынан жазылған бұл хат Москваны қорғаушы жауынгерлерімізді ерлік істерге жігерлендірді. Олар «Москваны қасықтай қанымыз қалғанша қорғаймыз!» деп ант етті.

Республикалық және облыстық газеттер 316-атқыштар дивизиясының асқан ерлік күресінің эпизодтарын кеңінен жазып тұрды. Қазақстандық жауынгерлерінің мұздай қаруланған жаудың өршеленсе, құтырына, жанталаса жасаған шабуылына тапжылмай қарсы тұрып, тойтарыс бергенін мақтаныш сезіммен жазып отырды.

Шынында, олар Москва түбіндегі жаумен бетпе-бет айкасқан кескілескен ұрыстарда керемет ерліктің, жау жүректіліктің өнегесін көрсетті. Қиын-қыстау кезеңде олардың «Россия ұлан-байтақ. Шегінетін жер жоқ. Артымызда — Москва!» дегені идеялық сенімінің күштілігінен туған. Бұл сөзді айтқан

316-атқыштар дивизиясының құрамындағы бөлімшенің саяси жетекшісі — Василий Ключков еді. Бұл сөз астананы қорғаушылардың бәріне ұран болды. «Социалистік Қазақстан» газеті 1941 жылы 15 ноябрьде Москваны қорғаушылардың ерлігі туралы кеңінен жазды. Мысалы, «Правданың» арнаулы әскери тілшісі В. Ставскийдің корреспонденциясынан мынадай үзінді келтіріледі. Онда жауынгер Тлеуқабыловтың ерлігі былай деп суреттеледі: «Немістер сегізінші ротаның позициясына қарсы 40 танк шығарып, оның екі жақ шетін қаусырып алды. Сол шақта жаудың танктері тура біздің окоптарға басып кірді. Алматының қазағы, колхозшы, коммунист Тлеуқабылов окоптан секіріп шықты да Отан үшін! Партия үшін! — деп жүгіріп, жау танкін граната лақтырып талқандады. Сөйтіп басқаларға үлгі көрсетті».

Неміс-фашист басқыншыларына қарсы ұрыстарда ерекше ерлігі, ұйымшылдық, тәртіптілік көрсеткені үшін СССР Жоғарғы Советі Президиумының қаулысына сәйкес Бас командованиенің Ставкасы бірсыпыра атқыштар дивизиясын, соның ішінде қазақстандық 316-атқыштар дивизиясын да гвардия дивизиялары деп атады.

«Правда» осыған байланысты «Ұрыста туған гвардия» деген 1941 жылғы 18 ноябрьдегі бас мақаласында: «Гвардия бөлімдері — Қызыл Армияның гүлі. Бұлар — Қызыл Армияны құрыштай берік шыңдайтын, оның алдыңғы қатарлы қамал бұзған күші болып табылатын ержүрек әскер құрамалары. Олар жаудың қысымына төтеп беріп қана қоймай, өздері де қарсы шабуылға шығып, жауды талқандап, зәресін алып отырды. «Фашист баскесерлерінің таңдаулы дивизиялары совет гвардияларының тегеурініне төтеп бере алмай, талдай рет қаруларын тастай қашты» деп жазды. «Правданың» осы бас мақаласын Қазақстанның газеттері аударып жариялады.

«Социалистік Қазақстан» 8-гвардия дивизиясын Қызыл Ту орденімен наградтау туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумы Указын және осыған байланысты Қазақ ССР халық комиссарлары Советінің Председателі Н. Ондасыновтың құттықтау хатын жариялады.

Газеттер мен радио тыл еңбеккерлерін жұмысты майдангер батырларша істеуге шақырды. Осы жолда бас мақала, арнайы беттер мен топтама материалдар жариялады. Олар гвардеецтер аталу правосын жеңіп алу үшін социалистік жарыс ұйымдастыруды ұсынды.

Атақты 8-гвардия дивизиясы бөлімдерімен «Социалистік Қазақстан» редакциясы үнемі байланыс жасап, оның жауынгерлік жолын, ұрыстағы ерлік қимылдарын үзбей жазып отырды. Сол дивизиядағы жазушы Леонид Макеев, журналист Құрманбек Сағындықов, Мәлік Ғабдуллин газеттің белсенді авторлары болды. Онда «Гвардеец бауырларымызға

туысқандық сәлем!», «Алға жеңімпаз халықтың алып дивизиясы!» деген беттер берілді.

Ал, 28 гвардияшы панфиловшылардың жауға қарсы айқасы туралы хабар 1942 жылы 21 январьда мәлім болды. 1942 жылы 22 январьдағы «Правданың» бас мақаласында олар туралы толық айтылды. Осыдан кейін «Социалистік Қазақстан» 1942 жылы 18 марттағы нөмірінде «Халықтың ұмытылмас батыр ұлдары» деген арнаулы бет берді. Бұдан былай «Ұлы Отан соғысының ерлері» деген рубрикамен 28 панфиловшылар туралы жеке очерктер жариялады.

«Социалистік Қазақстан» беттерінен көпке дейін «8-гвардия дивизиясында» деген рубрика түспеді. Газет, әсіресе, тарихта теңдесі жоқ ерлік жасап, аты аңызға айналған 28 гвардияшы панфиловшылардың қаһармандығын насихаттау жөнінде едәуір еңбек сіңірді, бірсыпыра мақалалар, өлеңдер, очерктер арнады, Николай Тихоновтың, Михаил Светловтың, Қалижан Бекхожиннің 28 батыр туралы очерктерін басты.

Еліміздің барлық халықтары сияқты қазақ халқының ұлы мен қыздары да өзінің социалистік Отанын қорғауда батырлықтың, табандылықтың, қайсарлықтың өнегесін көрсеткені, тылда жан қиярлық еңбек еткені, тылдағы және майдандық газеттер бетінде жариялаған очерктерде, публицистикалық мақалаларда жарқын көрініс тапты.

Бүкіл елімізден қажетінше материалдық және рухани қолдау алған біздің айбынды жауынгерлеріміз, өз қаласын қорғаған москвалықтар Отанымыздың астанасына жауды өткізбеді. Совет әскерлері Москва түбінде фашист басқыншыларына күйрете сокқы беріп, Гитлер командованнесінің «Қауырт соғыс» жөніндегі жоспарын жүзеге асыртпай тастады, неміс армиясының «жеңілмейтіндігі» туралы лақаптың күлін көкке ұшырды.

Бірақ жау енді Сталинградқа қауіп төндірді. Осы кезде республика баспасөзі майдан жауынгерлерін жігерлендіретін, тыл мен майданның бірлігін білдіретін, совет адамдарының жауға деген өшпенділігін, Отанға деген намысын өршітетін жалынды сөздермен жазылған аманат-хат ұйымдастырды. Халықтың майдангерлерге арнаған осындай аманат-хаттарды газет пен радио арқылы жариялау, оны талқылау, оған қол қою үлкен саяси науқанға айналды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің, Халық Комиссарлар Советінің және Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің майдандағы қазақстандық жауынгерлерге — Сталинградты қорғаушы батырларға жолдаған хаты 1942 жылы 9 октябрьде «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды.

Бұл хатта «Жауынгер деген атаққа сай болыңдар, қанына қарайған фашистік бандиттерді бөгеп, тоқтатып, кейін қуыңдар. Бірің қалғанша шайқасыңдар, бірақ Сталинградты жауға бермеңдер!.. Өзінің туған жерін жан-тәнімен сүймеген

казак — казак емес. Фашистердің Сталинградқа қарай ентелеп келе жатқан танкілерінен іменіп, шегінген казак — казак емес. Бомба арасында, Сталинград түбінде фашистердің қанын судай ағызуды аңсамаған казак — казак емес» делінген. Бұл хатқа Сталинград маңындағы ұрыстарға қатысушы майдангер қазақтар іле үн қатты. Олардың жауабы «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде «Қазақстандықтар майдан шебін табандылықпен қорғауда», «Жауынгерлер рекорды» және сол сияқты тақырыптармен басылды.

Волга жағалауында шайқас қыза бастаған кезде республикалық газеттерде «Қазақстандықтар Отан үшін ұрыста!» деген тұрақты рубрика беріліп, ол соғыс аяқталғанға дейін газет бетінен түспеді. Осы рубрикамен шайқасқа тікелей қатысушылардың, кәсіпорындарының коллективтерінен, барлық майдандардан түскен хаттар топтастырылып жарияланып тұрды. Олардың тылдағы мерзімді баспасөзге белсене қатысуы майдандағы армия мен Қазақстан халқын тығыз байланыстырды.

Еңбекшілердің майданға көмек көрсету жөніндегі бастамаларының бәрін баспасөз үнемі қолдап отырды. Совет адамдарының Отан қорғау қорына қаражат беру, жауынгерлерге сыйлықтар мен жылы киім жинап беру жолындағы патриоттық қозғалысы туралы хабарлар республикалық, облыстық, аудандық газеттерде үзбей жарияланып тұрды.

Еңбекшілердің ерлігі жарнасына «Қазақстан колхозшысы», «Қарағанды шахтері», «Қазақстан металлургы», «Қазақстан мұнайшысы» деген танк колонналары, «Қазақстан комсомолы» атты авиаэскадрилья жасалды. Міне осындай бастамалар ұйтқысы республикалық газеттер болды.

Ленин қаласы жау қоршауында қалған ауыр күндерде оның қаһарман қорғаушыларына бүкіл еліміз болып көмек көрсетті. Қазақстанда құрылған екі атқыштар дивизиясы басқа әскери құрамалармен бірге Ленинградты қорғауға қатысты.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдары шежіресінен Ленинградты қорғау эпопеясы ерекше орын алады. «Қоршауда қалған қаланы тоғыз жүз күн бойына қорғау — бұл ерлік пен батырлықтың ғажайып шежіресі, мұның өзі замандастарымызды таңдандырып, қайран қалдырды және келешек ұрпақтардың есінде мәңгі сақталады.

Сол кезде қыруар құрбандықтарға шыдап, ұлы ерліктің тамаша үлгісін көрсетіп тұрған Ұлы Октябрь революциясының бесігі болған Ленин қаласына Отанымызды мекендеген барлық халықтардың ұлы мен қыздары көмекке келді.

Халық ақыны Жамбыл осы сұрапыл күндерде өзінің «Ленинградтық өрнеім» деген атақты өлеңін шығарды.

Бүгін Жамбыл тыңдаса —
Естиді жау келгенін,
Есігіне таласып,
Созылты обыр өрменін,
Естерінен адасып,
Жолына үйіп өлгенін,
Жеті басты жалмауыз
Жайыпты қан шенгелін...
Дегеніне жетпес ол
Қақпа алдында қалтырар
Келген шығар айдап сор,
Жылаң басы жаншылар,
Жау түнегі аршылар,
Тағы сайрар бұлбұлдар,
Тағы жайнар жұлдыздар
Масайрасар ұл, қыздар!

Жамбыл өлеңі халықтың жалынды жүрегіннің патриоттық тілегін білдірді. Оның өлеңі халықтар достығының нағыз гимні, революцияның алтын бесігі — Ленинград қаласына деген қазақ халқының шынайы сүйіспеншілігін білдіріп, басқыншыларға қарсы аяусыз күреске шақырды.

Ленинградты қорғаушы жазушы Всеволод Вишневский Жамбылдың өлеңі туралы былай деп жазды: Мақтаныш сезімнің толқытқаны сондай, біз бұл өлеңді көзге жас алмай оқи алмадық. Біз бұл хатты күшті резервтің келіп жеткеніндей бағалы хат деп сезіндік. Қазақстан халқы біздерге туысқандық сәлем, сүйіспеншілік пен достығын жолдады, сондықтан еселеген күшпен ұрысқа ұмтылдык. («Правда», 4 декабрь, 1944).

Жамбылдың хаты Ленинград газеттерінде жарияланды. Оны жске үндеу хат етіп те басып шығарды, көшелерге іліп қойды. Қазақстанның барлық газеттерінде жарияланды.

«Правда» газеті 1943 жылы 6 февральда «Даңқты қазақ халқы — Советтік Отан үшін күресте» деген бас мақала берді. Онда былай делінген:

Қазақтар майданда жауға қарсы жақсы соғысады, тылда олардың әкелері, шешелері, әйелдері майдан үшін жұмысты аянбай, жақсы істейді. Қазақстан өз жерінің барлық байлығымен, қойнауының барлық асыл кенімен майданға қуатты тірек болып отыр. Қазақстан совет адамдарына етене жақын, әрі қадірлі. Біздегілер қазақтың турашыл, ақ жарқын, ер жүрек жан дүниесін, оның кіші пейілдігін, оның айнымас адалдығын жақсы көреді.

Шынында да, партиямыздың айбынды да қадірменді органы «Правда» дұрыс атап көрсеткеніндей, қазақ халқы ұлы Отан соғысының өн бойында өзінің осы қасиеттерін қалтқысыз көрсетті.

Нева жағалауындағы алып қаланы басқа ұлттардың жауынгерлерімен бірге қазақ халқының ер жүрек ұлдары да абы-

роймен қорғады. 1944 жылы январьда, Ленинград блокададан толық азат етілді.

Қазақстан баспасөзі келелі өзгеріс кезеңінде. Ұлы Отан соғысының барысында Сталинград түбінде неміс-фашист әскерлер тобының талқандалуы келелі өзгеріс жасады. Совет территориясынан басқыншыларды жаппай қуып шығару басталды.

Барлық совет жауынгерлері сияқты қазақстандық жауынгерлер де қаһарман қаланы жан қиярлық ерлікпен қорғады.

Көптеген қазақ жауынгерлері өздерін өшпес даңққа бөледі. Ер жүрек патриот, тамаша үгітші, коммунист Қарсыбай Сыпатаевтың үздік ерлігі туралы бөлім командованиесі былай деп жазды: «Жау танкі қорқуды білмейтін ер жүрек минометчикке тура қарсы жүрді. Өзінің әскери міндетіне адал берілген Қарсыбай Сыпатаев ақырғы ауыр минаны қолына алып танкке қарсы барды да, оның болат табанының астына жата қалды. Танк ілгері жылжи алмады. Қарсыбай Сыпатаевтың табандылығы мен ерлігі, Отанға шексіз берілгендігі жеміс туы ретінде ұрыс даласына көтерілді, сөйтіп оның игілікті ерлік ісі рухтандырған жауынгерлер жауға бұрынғыдан да қатғы соққы берді»¹.

Қарағанды шахтерлері аттандырған ұшқыш, коммунист Нүркен Әбдіров белорус капитаны Гастеллоның өңгесінен үлгі алып, өзінің жанған самолетін жау танктерінің колоннасына түсіріп, ерлікпен қаза тапты. «Социалистік Қазақстан» газеті «Қазақ халқының батыр ұлдары мен қыздары өсе берсін!» деп бас мақала беріп, олардың ерлік істеріне кеңінен тоқталды. Мақалада... Қазақ халқы өзінің қаһарман ұлдарының батырлық ісімен мәңгі өшпес даңққа бөленіп отырғанын атап көрсетеді. Аты әлемге белгілі болған 28 батырдың, Төлеген Токтаров пен Мәлік Ғабдуллиннің қатарына Нүркен Әбдіров, Қарсыбай Сыпатаев, Досмағанбет Қырғызбаев және басқалар қосылғанын қуанышпен хабарлады.

Қазақстан баспасөзі Қызыл Армияның жауға қарсы шабуылы басталған кезде тыл еңбеккерлерінің майданға көмгін күшейту жөнінде партия ұйымдарының үгіт-насихаттық және ұйымдастырушылық ролін атап отырды. Республикалық газеттер бірнеше бас мақала жариялап, еліміздің отын жөніндегі қажетін толық қанағаттандыру туралы партия мен үкіметтің қаулысын түсіндірді. Онда «Қарағанды көмірі үшін күрес — бүкіл республиканың ісі» екені атап көрсетілді. Өйткені Донбасс уақытша жау қолында қалғандықтан көмір жөніндегі оның есесін Қарағанды қайткенде толтыру керек болды.

Осы мақсатты көздеп «Социалистік Қазақстан» және «Каззахстанская правда» 1943 жылғы октябрьде Қарағанды бас-

¹ «Совет Одағының қазақстандық Батырлары» Документтер мен материалдар жинағы, 1-кітап, Алматы, 1945, 259-бет.

сейініне өздерінің меншікті тілшілерін жіберді. Олар көптеген шахталардың артта қалуының себептерін ашты. Қарағандының облыстық газеттері кеңшілердің еңбек өнімділігін арттыру үшін резервтерді жақсылап пайдаланудың жолдарын көрсетті. 1942 жылы ноябрьде құрылған шахталардағы бес көп тиражды газеттер социалистік жарысты ұйымдастырумен шұғылданды.

Республиканың партия ұйымына «Правда» газеті үлкен көмек көрсетті. Ол көмір өндірудегі проблемалар жөнінде бірнеше бас мақала берумен қатар, Қарағанды бассейніне көмекке өзінің көшпелі редакциясын жіберді. Бұл редакция 1942 жылдың 19 ноябрінен 1943 жылдың 17 июліне дейін көп тиражды «Барлығы майдан үшін» деген газет шығарды. Оның 120 мыңнан аса жалпы тиражбен барлығы 230 нөмірі шықты. Бұл газеттің алдына қойған мақсаты — бассейн озаттарының тәжірибесін кеңінен насихаттау, шахтерлерді көмір өндірудің мемлекеттік жоспарын орындауға және арттыра орындауға жұмылдыру, шахта коллективтері арасында социалистік жарысты ұйымдастыру болды.

Қарағанды бассейні 1943 жылы көмір шығарудың мемлекеттік жоспарын асыра орындады. Бұл туралы «Правда» «Отанымызды қорғау ісіне шахтерлердің қосқан үлесі» деп арнайы 1943 жылы 22 сентябрьде де бас мақала берді. Онда Қарағанды бассейнінің көмірі Магнитогорскі, Поволжье кәсіпорындарын және темір жол транспортын отынмен қамтамасыз ететін болады деп жазды.

ВКП(б) Орталық Комитеті органының өнегесі бойынша Қазақстанның облыстық газеттері де соғыс жылдарында Ембі мұнай-кәсіпшілігіне және Қарағандының шахтасына өз тарапынан көшпелі редакция жіберіп отырды. Мысалы, Гурьевтің облыстық газеттері Ембі кәсіпшілігіне өздерінің тілшілерін жіберіп, мұнайшылардың еңбектегі қаһармандық ерлігі туралы үнемі жазып тұрды. Елімізге өте қажет сұйық отынды неғұрлым мол өндіру үшін мұнайшыларға бүкіл республикамыздың еңбекшілері көмекке келді. Осынып нәтижесінде 1943 жылы Қазақстанда мұнай алудың мөлшері рекордтық цифрға жетті.

Республика газеттері ауыл шаруашылығында «Астық үшін күрес — жеңіс үшін» деген рубрикамен колхоздар мен совхоздарда егін жинау және астық тапсырудың барысын жазып отырды. 1943 жылы 26 сентябрьде Оңтүстік Қазақстанның колхозшылары өздерінің сақталған қорынан мемлекетке 65 мың пұт астық өткізгені туралы хабар газет бетінде жарияланды. Олардың өнегесін басқа облыстардың ауыл шаруашылығының еңбеккерлері қолдады.

Ерлер есімі — ел есінде. Ұлы Отан соғысы совет халқын неміс-фашист басқыншыларына қарсы қасиетті күреске аттандырды. Ұлы орыс халқымен бір сапта болып украиндар мен

қазақтар, белорустар мен өзбектер де, латыштар мен тәжіктер де бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып зұлым жауға қарсы күресте батырлықтың, қайсарлықтың өнегесін көрсетті. Коммунистік партия тәрбиелеген совет адамдары өзінің Отанына деген шексіз сүйіспеншілігін білдірді. Сондықтан да совет халқы Ұлы Отан соғысы майдандарында жаппай ерлік жасады. Тек бір ғана Қазақстан 60 мыңнан аса орденділерді және төрт жүзге жуық Совет Одағының Батырын берді. «Ленинская смена» газеті «Аңызға айналған есімдер» деген материалдарды жастарға үлгі-өнеге етіп көрсетті. Жауға қарсы аяқаста 8-гвардиялық дивизия өзінің өшпес даңққа бөледі. Оның қатарындағы 36 жауынгер Совет Одағының Батыры деген жоғары наградаға ие болды. Сегізінші атқыштар дивизиясының командирі азамат соғысына қатысқан, чапасшыл Иван Васильевич Панфилов болды.

Москва түбіндегі ұрыстарда бұл дивизия бір ай бойы өз позициясын тапжылмай ұстап тұрды, сонымен қатар жауға қарсы батыл шабуыл жасап, фашистердің моторлы танкі және екі жаяу әскер дивизиясын талқандады. Ұрыс жағдайының қиындығына қарамастан, генерал Панфилов әрқашанда төзімділік, салқын қандылықпен ұрысты өзі басқарды.

И. В. Панфилов 1941 жылы 18 ноябрьде Волоколамск тас жолы бойындағы ұрыста қаза болды. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысы бойынша 8-гвардиялық дивизияға оның батыр командирінің есімі берілді. Совет Одағының Батыры И. В. Панфиловтың есімімен Қазақстан қалаларының бірі аталады.

Отан соғысының түрлі майдандарында, түрлі әскер құрамаларында жауға қарсы шайқаста қазақстандықтар мәңгі өшпес даңққа бөленді. Олардың ішінде — ұшқыштар, танкістер, артиллеристер, минометшілер, саперлер, жаяу әскерлер бар еді.

Майданда қазақ қызы Мәншүк Мәметова асқан ерлік жасап, даңқын шығарды. Соғыс басталған кезде ол Қазақтың медицина институтының студенті болатын. 1942 жылдың күзінде Мәншүк өзі сұранып майданға аттанды. Мәншүк алдыңғы шепте жүрсе де штаб жұмысы оны қанағаттандырмады, біраздан соң пулеметші болды.

1943 жылы октябрьде біздің әскерлеріміз ежелгі орыс қаласы Невельді азат етті. Жау өшіге қарсы шабуыл жасады. Атқыш Мәншүк өзінің пулеметін жауға білдірмеу үшін бір орыннан бір орынға үздіксіз ауысып отырды. Бір сәтте оның жанынан миға жарылды. Қыз басынан жарақаттанып есінен танып қалды. Фашистер пулеметтің үні өшкенін ессіз, тағы да атака жасады. Бірақ Мәншүк басының ауырғанын елмей, қайтадан пулеметіне жармасып, бірнеше дүркін оқты қардай боратты. Осы ұрыста ол 70 фашисті жойып жіберді.

Қазақ халқының даңқты қызы сержант Мәншүк Мәметова

ерлікпен каза тапты. Қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін аға сержант Мәншүк Мәметоваға 21 жасында Совет Одағының Батыры атағы берілді. Көптеген көшелер, мектептер, пионер отрядтары Мәншүк Мәметованың есімімен аталды.

Мәншүк Мәметованың өмірі қазақтың тағы бір ер қызы — мерген — Әлия (Лия деп аталған) Молдағұловамен тағдырлас. Ата-анасынан ерте айрылған ол Ленинградтың балалар үйінде тәрбиеленеді. Әлия 1942 жылдың аяғында өз еркімен мергендер мектебіне түседі. Қызыл Армияның Бас саяси басқармасының листогында (1944 ж.) оның ерлігі туралы айтылған.

«...Артта дайындық жүріп жатыр еді. Атака басталсын деген команда берілісімен-ақ жауынгерлерді өзіне еліктіріп Лия бірінші болып алға шықты. Дауылдай борап тұрған оқ астымен қыз деревняға алдымен барып, бірнеше ондаған гитлершілдерді атып тастады. Деревня біздің берік қолымызға ауысты. Жаудың қарсылығы басылып қалды.

Ұрыс басылды. Түнде комсомолка барлауға баратын болды. Оның қатты ұрыстан кейін шаршағанын көрген командир оған тынығу керек деп еді. Бірақ Лия өзінің тілегінен қайтпаған соң, оған рұқсат бермеуге болмайтын болды.

Лия бір топ жауынгерлермен жау жағына өтіп кетті. Совет барлаушылары күндіз біздің жаққа оқ жаудырған минометті байқап қалды. Комсомолка бірнеше гранатты лақтырып жіберді. Жаны қалған неміс офицеріне Лия өзі автоматын кезей отырып, оны өз адамдарына алып келді...

Бір күннен кейін біздің жағымыз тағы да шабуылға шықты. Бөлімшенің командирі дұшпанның күшті нығайтылған тірек пунктін алу туралы бұйрық алды. Құрамында Лия бар бөлімше жаудың негізгі күшін ұстап тұруға тиісті болды, ол басқа екі бөлімшеге бүйірден келіп соққы бермекші.

Жауынгерлер жаудың траншеясына лап беріп еніп кетті. Гитлершілерді қырып салып, олар отты екінші траншеяға бұрды. Колмен жұлқысу қызды. Гитлершіл фашист Лияның фуфайкасына жабысты. Ол көзді ашып-жұмғанша өзінің автоматын оның кеудесіне тоса қойды. Бірақ бандит атып үлгерді. Лияның басы айналып кетті, оның қара торы бетінен тамшылап қан ақты. Өжет комсомолка ең соңғы күшін жинап, автоматын ұзақ зулатты. Гитлершіл фашист құлады. Бұл қансырап бара жатқан ер жүрек қыз атып өлтірген соңғы фашист еді. Бұл кезде басқа бөлімшелеріміз бүйірден келіп тиісіп, жаудың тірек пунктін ешбір шығынсыз тартып алды. Тірі қалған 50 неміс тұтқынға өздері берілді. Ұлы Отан соғысы тұсында қаһармандықпен ерлік көрсеткені үшін Әлия Молдағұловаға Совет Одағының Батыры деген атақ берілді.

Біздің Отанымыздың бостандығын сақтап қалу жолындағы ұрыстарда қазақстандық ұшқыштар ерекше ерлік көрсетті. Олардың төртеуі — Талғат Бигелдинов, С. Д. Луганский,

И. Ф. Павлов және Л. И. Беда Совет Одағының Батыры атағына екі мәрте не болды.

Көптеген жауынгерлер Александр Матросовтың өшпес ерлігін қайталады. Солардып қатарында Ленин қаласын қорғауға қатысқан аға сержант Сұлтан Баймағанбетов бар еді. Ол Сивявникс биіктігі маңында шабуылға шыққан біздің әскер бөлімшелерінің ілгері жүруіне бөгет жасаған жаудың отын өшіруге өзі тіленіп кіріседі. Жаудың дзотына еңбектеп жылжы келіп, гранаталар лақтырады. Жаяу әскерлер атака жасай бергенде бұған дейін үні шықпаған пулемет оқ жаудырады. Сұлтанның гранатасы бітіп қалады, жау амбразурасын автоматпен атқылаудан ештеме шықпайды. Сонда Баймағанбетов от шығып жатқан дзотқа жүгіріп барып, оның амбразурасын өз денесімен бітейді. Фашист пулеметі тұтығып қалады. Сөйтіп өз өмірін қиып, 23 жасар коммунист бөлімшенің жеңіске жетуін қамтамасыз етеді.

Баймағанбетовтің қаһармандық ерлігін естісімен оның жерлестері Отан қорғау қорына 100 мың сом берді. Танк бригадалары құрамының бірінде Совет Одағының Батыры Баймағанбетов атындағы танк жауға қирата соққы беріп жүрді.

Мұнда тек бірнеше қазақстандық қаһармандардың ерлігі туралы айтылады. Бұлардың бәрі әр түрлі бейбіт кәсіптің өкілдері, қарапайым совет адамдары. Өз халқының адал ұлдары, солар туралы ақындар өлең, композиторлар ән, баллада, опера жазды. Олардың аңызға айналған ерлігі совет адамдарының жүрегінде мәңгі сақталады.

Қазақ тіліндегі майдандық газеттер. Коммунистік партия Лениндік ұлт салсатын жүзеге асыра отырып, Ұлы Отан соғысы кезінде армия мен флотта барлық ұлттардың жауынгерлері арасында саяси тәрбие беруді және соғыс ісін үйретуді олардың ана тілінде жүргізді. Партияның бұл қамқорлығы мынадан айқын көрінеді. Оңтүстік майданның саяси басқармасы бастығының орынбасары бригадалық комиссар Л. И. Брежнев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне жолдаған телеграммасында былай деп жазған. Оңтүстік майданның әскер бөлімдерінде орыс тілінде оқи алмайтын қазақтар көп, олардың арасында саяси тәрбие жұмысын жүргізу үшін бізге қазақ тілінде шығатын газет-журналдарды үзбей жіберіп тұруларыңызды және Қорғаныс халық комиссарының барлық сөздері мен бұйрықтарын қазақ тілінде кітапша етіп шығарып, бізге жіберулеріңізді сұраймыз.

1942 жылы ноябрьден бастап қазақ тілінде майдандық газеттер шыға бастады. Қазақ ССР Кітап палатасының анықтамасына қарағанда, Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ тілінде 15 газет шығып тұрған. Алғашқы майдандық газетте генерал-майор Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның «Отан үшін» деген газеті болды. Сонымен қатар: Оңтүстік майданның газеті «Майдан правдасы» (Волхов май-

даны), «Қызыл әскер правдасы» Батыс майдан, «Жауға қарсы аттан» (Прибалтика майданы) т. б. газеттер шығып тұрды.

Барлық майдандық қазақ газеттерінде ерлік істердің шежіресі жазылды. Капитан Гастеллонның тамаша ерлігін қайталаған Нүркен Әбдіровтің, орыс халқының жас перзенті Александр Матросовша қаза тапқан Ақеділ Суқамбаев пен Сұлтан Баймағанбетовтің тағы осылар сияқты Совет Одағының Батырлары атағын алған жауынгерлердің ерлік істерін майдандық газеттер өзінің ана тілінде барлық майдандардағы қазақ жауынгерлеріне жеткізді, олардан үлгі-өнеге алуға шақырды, дұшпанға күйрете соққы беруге үндеді.

Ұлы Отан соғысы жылдары совет халықтары достығының бұрынғыдан да берік шындалып, бұл достықтың әр қилы ауыр сыннан мүдірмей өткенін майдандық газеттердегі әр алуан материалдардан көреміз. Мысалға, «Отан үшін» газетінің 1942 жылғы 12 сентябрьдегі нөмірінде басылған аға сержант Нұртас Айтмағанбетовтың «Достық» деген мақаласын алсақ та жеткілікті. «Біздің пулемет расчеты ыштымағы күшті, достығы берік расчет,— деп жазды ол.— Біз түрлі ұлттанбыз. Мен қазақпын, Чванков — белорус, Диканов — өзбек, Алексеев — марилық. Барлығымыз бір кісінің баласындаймыз. Біздерді жақын ететін, достығымызды күшейте түсетін зор күш — Отанды сүйу, жауды жек көру сезімі. Бәріміздің көздеген мақсатымыз біреу ғана: неміс басқыншыларын тас-талқан ету. Отанымызда бақытты бейбіт өмір орнату».

Қазақ тілінде шығарылған майдандық газеттер қазақ баспасөзінің тарихынан елеулі орын алады. Бұл газеттерді шығару ісіне Ахмет Елшібеков, Үмітбай Балқашев, Қасым Шәріпов, Әбу Сәрсенбаев, Қалмахан Әбдіқадыров, Жұбан Молдағалиев, Әнуар Ипмағанбетов, Құрманбек Сағындықов, Мұса Дінішев, Төлеутай Ақшолақов, Сағынғали Сейітов, Жекен Жұмақанов, Зейнолла Тұрарбеков, Әбдірашит Бектемісов, Мұзафар Әлімбаев, Қалижан Бекхожин сияқты жауынгер журналистер мен жазушылар редактор, газет қызметкерлері, тілшілер болып қатысты. Міне, осылар үлкен жазушыларымызбен қатар қазақ баспасөзінің тарихында тұңғыш рет әскери очерк жанрын қалыптастырды, орнықтырды. Олар жалынды сөздерімен жауынгерлердің жүрегіне жол тапты.

Майдан газеттері — совет жауынгерлері мен тылда еңбек еткен халқымыздың өшпес ерлігінің жарқын шежіресі. Мұны Оңтүстік майданы газетінің мысалынан көруге болады. Газет соғыс өнерін меңгеру жөнінде жауынгерлерге ақыл-кеңес беріп отырған. «Танкісінен айрылған немістер — тіссіз ит болады» (1943, 16 апрель) деген рубрикамен терілген материалдарда танктен қорғану және бронетанктерді қирату жолдары үйретіледі.

Осы газеттің қай нөмірін алсаңыз да, қазақ халқының майдандағы ұл-қыздарының ерлік істерін баяндайтын мақалалар

мен очерктерге толы. Мысалы аға лейтенант М. Хамрақұловтың «Командир Рүстемов және оның жауынгері» атты мақаласында (11 июль, 1943 жыл) Сталинград түбінде болған ұрыстарда өсіп-шыныққан Рүстемов ротасының минометшілер бөлімшесінің жауға қатерлі күш болып отырғаны сөз болады. Осы ротаның жауынгерлері кескілескен бір ұрыста жаудың 1200 солдатты мен офицерін, екі танкісін, 6 автомашинасын, 6 минометін, 25 станокты пулеметін, 13 қол пулеметін тағы да басқа қару-жарақтарын жойған.

Оңтүстік майданы газетінің «Совет Одағында», «Қазақстан хабарлары» деген тақырыптарында жауынгерлерді тылдағы ерлік істермен және жауынгерлер семьясына жасалын отырған қамқорлықтармен тапқыстырып отырған. Мәселен, газеттің 1943 жылғы 11 майдағы нөмірінде «Әйелдер ерлердің істестік жұмыстарын атқаруда» дейтін хабарда Алматы қаласындағы ерлердің мамандығын меңгерген әйелдердің бірі Шәріпованың токарь және слесарь болып еңбек ететіндігі жайлы айтылады.

Газеттің 1943 жылғы 7 майдағы нөмірінде «Оңтүстік майдандағы қазақ жауынгерлерінің қазақ халқына жазған хаты» жарияланды. Тарихи документтердің біріне айналған осы хатта жауынгерлер ата-анасы мен апа-қарындастарына, сүйген жары мен балаларына майдандағы жағдайды түсіндіре келіп: «Біздің жесетінімізге сеніміміз күшті. Біздің ауылда да той болар. Ол нағыз үлкен той болады» — деп жазды¹.



Тыл мен майдандағы газеттердің материалдарынан қазақ жауынгерлерінің соғыс кезінде қандай ерлік істер жасағанын, тыл еңбеккерлерінің соғыс жағдайындағы өмір тынысын, соғыстың өн бойында майдан мен тылдың үнемі байланысты болғанын көреміз. Қазақ халқының ер жүрек қыздары мен ұлдарының Ұлы Отан соғысында көрсеткен батырлығы мен қаһармандығы біздің талай ұрпағымызға үлгі-өнеге болып қала береді.

Қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерлігі мен тапқырлығы, қас жауынан тайсалмайтындығы мен сұстылығы, біздің достарымызды сүйсіндіріп, дұшпандарымызды күйіндірді. Бұған көрнекті жазушы, публицист И. Эренбургтың айтқаны толық дәлел бола алады. Ол былай деп жазды: «Қазақтар ең далада атқа мініп шабуға дағдыланған адамдар, ал егер керек болса, олар еңбектейді де, жүгіріп те кетеді, тырбанып тау-тасқа да шығады. Олар сазға ла батпайды, оларды еш нәрсе де тоқтата алмайды. Тұтқынға алынған бір фашист офицері былай деп мәлімдеген: «Бізге қарсы сондай бір қорқынышты,

¹ З. Қ а с ы м о в а. «Майдан мен тыл өмірінің шежіресі». «Жетісу», 5 май, 1974.

ғажайып солдаттар соғысты: Оларды ешқандай оқ тоқтата алмады. Олар бізге қарсы дүрсе қоя берді. Кейіннен маған бұлар қазақтар деседі... Мен бұрын мұндай халықтың бар екенін білмеуші едім»¹.

Аса көрнекті жазушымыз Мұхтар Әуезов «Ерлік — елдің сыны»² деген мақаласында «Совет халқында бұрынғы қауымның, бұрынғы тарихтардың ешқайсысы көрмеген талай жаңа мінез, жаңа қасиет бар. Солардың ішінде ерекше ардақты саналатын бір қасиет — Отан жолындағы ерлік... Ерлік бірдің үлгісі емес, бардың үлгісі. Ел сүйсінер іс етсе, майдан ері, сәбек ері барлығы да бір-ақ күннің ішінде ел бағланы аталып, баға жетпес белдей қадірмен болады» — деп айтқанындай, қазақ халқы Ұлы Отан соғысында тарихта болып көрмеген ерен қасиетін көрсетті. Бұл қасиетті совет заманында қазақ халқының рухына сіндіріп, тәрбиелеген — Коммунистік партия.

Қарғыс атқан гитлершілдер біздің елімізге не істемеді. Басқыншылар советтің мыңдаған бейбіт адамдарын қырып, жүз мыңдаған адамдарын фашистік құлдыққа айдап әкетті. Халқымыздың байлығы мен игілігі болып табылатын дүниенің бәрін қиратты.

Бірақ совет халқы өші мен кегін қайтарды. Фашистер Совет Армиясының тегеурініне төтеп бере алмай, өлігін сұлаған жерінде қалдырып, тірісі сүмірейіп қашты. Еліміздің көптеген ұлттарының өкілдері, соның ішінде Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа Советтік Жеңіс туын тікті.

Жеңісті шындауда «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» бастаған бүкіл қазақстандық баспасөз Ұлы Отан соғысы жылдарында советтік патриотизм мен халықтар достығын насихаттауда, майданға бүкіл халықтық көмек ұйымдастыруда, тыл мен майданды байланыстыруда социалистік жарыс туын жоғары көтере отырып, партиямыздың «Бәрі майдан үшін!», «Барлығы жеңіс үшін!» деген жалынды ұранын жүзеге асыруда баға жетпес үлес қосты.

ВКП(б) Орталық Комитеті «Правданың» он мыңыншы нөмірінің шығуына байланысты құттықтауында былай деген: «Ұлы Отан соғысы күндерінде «Правда» газеті Совет адамдарын Отанға, коммунизм ісіне шексіз адалдық рухында тәрбиеледі, жауға қарсы күресте оларды табандылыққа шақырды. Еңбекте және майданда ерлік пен жан қиярлық рухын көтерді»³. Бұл сөздер қазақстандық баспасөз органдарына да дәл айтылған деуге болады.

¹ И. Эрсибургтың соғыс кезінде жазылған «Қазақтар» деген публицистикалық мақаласынан.

² М. Әуезов. «Ерлік — елдің сыны», «Социалистік Қазақстан», 30 июль, 1941.

³ «Правда», 24 сентябрь, 1945.

**ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІ СОҒЫСТАН KEЙІНГІ
БЕСЖЫЛДЫҚТАР КЕЗІНДЕ [1945—1958]**

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру және онан әрі дамыту проблемалары күн тәртібіне қойылды. Баспасөз 1945 жылы Қазақ ССР-інің 25 жылдығы құрметіне арналған социалистік жарысты кең насихаттай отырып, өзінің жұмысын бейбітшілік жағдайда да соғыс кезіндегідей қарқынмен жүргізуге тырысты. Осы кезде Коммунистік партия газеттердің жұмысын жақсартуға жағдай жасайтын елеулі шаралар қолдады.

ВКП(б) Орталық Комитеті 1945 жылы 29 июльде «Республикалық, өлкелік және облыстық газеттердің сапасын арттыру және көлемін кеңейту туралы» арнаулы шешім қабылдады. Сол жылдың 15 июлінен республикалық және облыстық газеттер төрт бет болып шығатын болды, сонымен бірге олардың штаты және қаламақы қоры көбейтілді. Газет редакцияларының осы мүмкіндіктерді қалай пайдаланып отырғандығын тексере келіп, партияның Орталық Комитеті өзінің шешімдерінде бірнеше газеттердің жексенбілік нөмірлерінің сәтті шыққанын, соның ішінде «Қазақстанская правда»ның 1945 жылғы 29 июльдегі және 5 августтағы жексенбілік нөмірлерін атап көрсетті.

Соғыстан кейінгі жылдарда республикалық және облыстық газеттердің мазмұны өзгерді, жергілікті өмірді жап-жақты жедел жазатын болды, экономика мен мәдениет мәселелеріне баса көңіл аударылды. Газет беттерінде очерк пен фельетон, баспасөзге шолу жанрлары жиі көрінді. Сөйтіп республикамыздың газеттері өзінің жұмысын бейбітшілік дәуірге бейімделіп қайта құра бастады.

Төртінші бесжылдық жоспарды орындауға еліміз 1946 жылы кірісті. Сол жылы мартта ССР Одағы Жоғарғы Советі қабылдаған заң, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ІХ сессиясы бекіткен Қазақ ССР халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің 1946—1950 жылдарға арналған бесжылдық жоспары туралы заң республика еңбекшілерінің ең таяу уақыттың ішінде жүзеге асыруға тиісті іргелікті жұмыстарының программасы болып табылды.

Еліміздің озат кәсіпорындары коллективтерінің бастамасы бойынша жаңа бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы Бүкіл одақтық социалистік жарыс басталды¹. Бұл жарысты Қазақстан еңбекшілері белсенді түрде қостады. Қазақстан баспасөзі социалистік жарысты ұйымдастырып, өрістету жөнінде көп тәжірибе жинақтады.

Республикалық «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» және барлық облыстық газеттер Қазақстанда көп станокшылар қозғалысын бастаушылардың бірі болған Петропавл вагон жөндеу депосының тоқары коммунист Иван Печорин бесжылдық тапсырманы бір жылда орындау туралы міндеттеме алып, тамаша үлгі көрсеткенін жазды. Оның және басқа да озаттардың іс-тәжірибесі, жұмыс әдісі туралы бас мақала, очерк, корреспонденция республикамыздың барлық газеттерінде жарияланды.

Еңбек өнімділігін онан әрі арттыруда И. Печорин бастамасының маңызы ерекше болды. Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті Иван Печориннің жұмыс әдісін кең тарату жөнінде арнаулы шешім қабылдады. «Печориннің еңбектегі ерлігі — делінді сол қаулыда, — еңбек өнімділігін арттыру және өндірістік жоспарды орындау, асыра орындау ісінде өнеркәсіп пен транспортта әлі пайдаға асырылмай жатқан орасан мол мүмкіндіктерді ашады»².

Осыдан былай республикамыздың өнеркәсібі мен транспортында партия ұйымдары жұмыстың печориндік әдісін зерттеп өндіріске енгізу ісін қызу қолға алды, жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындау жолындағы стахановшылар күресіне басшылық етті.

Қазақстандық баспасөз беттерінде «Жаңа бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау және асыра орындау жолындағы Бүкіл одақтық социалистік жарыс», «Бесжылдықты — төрт жылда!», «Озаттар тәжірибесі — көпке ортақ» деген рубрикалар арқылы топтастырылып берілген материалдар жиі көрінді.

Мысалы, «Социалистік Қазақстан» газеті осындай рубрикалармен 1946 жылы 3 мартта «Қорғасыншылардың табысы», «Қарағанды көміршілері жоспарын орындауда» деген сияқты тақырыптармен берген материалдарында Лениногор қорғасын зауытының коллективі социалистік жарыста елеулі табыстарға жетіп отырғандығын, ал Қарағанды көміршілерінің еңбек өнімділігін арттырғанын хабарлады. Сондай-ақ жұмысты шапшаңдатылған әдіспен жүргізетін Қарағанды көмір бассейніндегі проходчиктер бригадирі Петр Акуловтың, Теміртаудың

¹ Партархив казфиллиала ИМЛ, ф. 109, 10, ед, стр. 121, 212.

² «Метод Ивана Печорина». «Казахстанская правда», 5 октябрь 1946.

жас металлургы Алтынбек Дәрібаевтың данқы баспасөз арқылы бүкіл елімізге жайылды.

Қазақ металлургия зауытының коллективі агрегаттардың қуатын күннен-күнге жақсы менгеріп келеді, болат балқытудың және прокат шығарудың қарқынды мейлінше күшейту жолында табысқа жетуде деп жазды «Қазақстанская правда».

Заводтың өмірінде биылғы жылы (1948) болатты шапшаңдатылған әдіспен балқыту жолындағы социалистік жарыстың басталуы елеулі оқиға болып отыр. Бұл сияқты патриоттық қозғалыстың инициаторлары — болат қайнатушы Федор Ващенко, Алтынбек Дәрібаев және соңғы кезде көріне бастаған Еркін Марашев дей келіп, газет бұдан кейін Федор Ващенконың тәжірибелі қарт маман екенін, ол Теміртауда бірінші болып норма бойынша 10 сағаттың орнына 6 сағат 55 минутта болат балқытып, рекорд жасағанын айтады.

Баспасөз арқылы ауыл шаруашылығын жаппай электрлендіру жөнінде социалистік жарысты ұйымдастырудың үлкен маңызы болды. Республикалық газеттерде Талдықорған облысы колхозшыларының, МТС-тер мен совхоз жұмысшыларының, өнеркәсіп кәсіпорындары қызметкерлерінің Қазақ ССР-інің барлық колхозшыларына, МТС-тер мен совхоз жұмысшыларына, ауыл шаруашылығының мамандарына, өнеркәсіп пен транспорт орындарының коллективтеріне арналған үндеуі жарияланды¹. Оны бүкіл республика еңбекшілері қолдады.

Үндеуде алынған міндеттемелерді орындау үлгісін алдымен талдықорғандықтардың өздері көрсетті.

Газеттер 1948 жылы республикамызда ауыл-селолық 400 электр станциясын салу туралы ұран көтерді. Осындай рубрикамен газет Талдықорған облысында үстіміздегі жылы 32 электр станциясы салынбақ, олардың жалпы қуаты — 6995 киловатт деп жазды. Екінші бір хабарда Жамбыл облысының Мерке ауданының орталығынан электр станциясы салынып, тез арада пайдалануға берілгендігі айтылды².

«Социалистік Қазақстан» газеті 1949 жылғы 29 апрельдегі нөмірінде «Соғыстан кейінгі бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрістетейік!» деген ұранмен арнаулы бет берді. Мұнда Алматы қаласы еңбекшілерінің, Қарағанды шахтерлерінің, Гурьев мұнайшыларының және бірнеше облыс еңбекшілерінің социалистік жарыста алған міндеттемелерін қалай орындап отырғаны сөз болды. Беттің төменгі жағынан «Социалистік Еңбек Ерлерінің тәжірибелерінен» деген рубрикамен Талдықорған облысы, Сарқант ауданы «Красное Знамя» колхозының звено жетекшісі Социалистік Еңбек Ері М. Г. Лесная жолдастың «Бидайдың

¹ «Қазақстанская правда», 27 март, 1948.

² «Социалистік Қазақстан», 12 май, 1948.

гектарынан жүз пұт өнімді калай алдық» деген әңгімесін берді.

Республикалық және облыстық газеттер Социалистік Еңбек Ерлері Ыбырай Жақаевтың, Ким Ман Самның тәжірибелерін насихаттады, озат шопан Естемісовтың, Р. Махатова мен Әлімбаеваның өнегелі, жемісті еңбектерін көрсетті.

Соғыстан кейінгі бесжылдықтың ақырғы жылында республиканың колхоздары жоспарды мерзімінен бұрын орындады, мал басы, 1940 жылға қарағанда, едәуір артты, халықтың материалдық әл-ауқаты өсті.

1946 жылы 27 мартта ВКП(б) Орталық Комитеті 1946—1950 жылдарда СССР халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жөніндегі Заңның шығуына байланысты партия ұйымдарының үгіт-насихат жұмысы туралы арнаулы қаулы қабылдады.

Қаулыға сәйкес Қазақстан партия ұйымдары көп жұмыстар жүргізді. Насихат, үгіт және мәдени-ағарту жұмыстары мәселелері жөнінде республикалық кеңес өткізілді. Бұл кеңеске республикалық, облыстық және аудандық газеттердің редакторлары да қатысты. Олар газеттің идеялық-саяси мазмұны мен мәдени дәрежесін жақсарту жөнінде сөйледі.

Партияның Орталық Комитетінің идеология мәселелері жөніндегі қаулыларына байланысты республика баспасөзі 1946—1948 жылдары мәдениет пен ғылымның көптеген салаларының жайына назар аударды.

Соғыстан кейінгі төртінші бесжылдықта республикамыздың мәдени өмірінде елеулі оқиғалар болды. «Социалистік Қазақстан» газеті 1946 жылғы 20 февральдағы нөмірінде «Евгений Онегин» қазақ сахнасында» деген тақырыпта арнаулы бет берді. Бұл бетте операны қоюшы Қазақ ССР халық артисі Қанабек Байсейітовтың, Татъянаның ролін ойнаушы ССР Одағы халық артисі Күләш Байсейітованың және басқаларының сөздері басылды. Сонымен бірге Төлеген Тәжібаевтың, Ахмет Жұбановтың мақалалары да сол беттен орын алды.

Қ. Байсейітов өзінің «Өсу жолында» деген сөзінде операны қою үшін көп әзірлік жұмыстар істегенін, Москва, Ташкент қалаларында болғанын айтады. Әрине,— деп жазды ол,— постановканың біркелкі тәуір шығуы артистердің өз рольдерін меңгеру дәрежесіне байланысты, мен бұл жөнінде талантты жас артистеріміз Ришат Абдуллинге, Байғали Досымжановқа, Мергенбай Тастанбаевқа тағы басқаларына өте риза болдым. Олар өз міндеттерін абыроймен атқаруға тырысты.

— Ал енді белді артистерімізді атайтын болсақ,— олар Күләш, Үрия, Құрманбек. Тәжірибелері мол олар бұл жолы да сүрінген жоқ.

Қорыта айтқанда, «Евгений Онегин» операсы — біздің коллективтің өсу жолында шыққан тың белі. Біз мұнда ұлы до-

сымыз — орыс халқының атакты операсын қазақ жұртшылығына өз тілімізде шырқап беруге тырыстық.

— Мен Татьянаның толық бейнесін және оны қалай жасағанымды екі ауыз сөзбен айтып жеткізе алмаймын, — деп жазды Күләш. — Шынына келгенде, маған айтудан гөрі сахнада көрсету анағұрлым жеңіл.

Төлеген Тәжібаев «Қазақ өнерінің табысы» деген мақаласында «Евгений Онегин» операсының қазақ сахнасына қойылуы опера театры үшін үлкен мақтаныш деп бағалады. Театрдың бұл табысы, — деп жазды ол, — ұлы орыс халқының атакты ақыны А. С. Пушкин мен атакты композитор П. И. Чайковскийдің мұндай аса құнды қазынасын бүгінгі қазақ еңбекшілеріне бұрынғыдан да жақындататын, оларды бұрынғыдан да сүйсіндіре түсетін игілікті іс.

Бұдан көп жылдар бұрыя қазақ халқына ұлы ақынның Абай таныстырған Татьяна мен Онегин бейнелері қазір сахнамызда, көз алдымызда деген астана жұртшылығының қуанышты сезімін белгілі композитор әрі өнер зерттеушісі ғалым Ахмет Жұбанов та білдірді. Бұл, — деп көрсетті ол, — Ұлы Октябрь революциясының аркасында социалистік мәдениеттің ұшар шыңына күн санап өрлеп келе жатқан қазақ өнерінің үлкен табысының бірі.

ВКП(б) Орталық Комитеті «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» 1946 жылы 26 августа қабылдаған қаулысында театрлардың репертуары қанағаттанғысыз, совет театры еңбекшілерді тәрбиелеу ісінде маңызды роль атқаруға тиісті, ол қазіргі кезеңмен өте тығыз байланысты болуы керек деп атап көрсетті. Біздің театрларымыз өзінің қойылымдарында шынында совет қоғамының үздіксіз алға басып келе жатқандығын, совет адамдарының өмірін, оның Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен мінсез-құлқындағы жақсы қасиеттерін бейнелеуі қажет. Совет театры еңбекшілердің талғам-талаптарына сай келетін көркемдігі жағынан құнды, терек идеялы спектакль жасағанда ғана өзінің ардақты міндетін орындай алады.

«Қазақстанская правда» 1946 жылғы 15 сентябрьдегі нөмірінде Л. А. Макеевтің «Театрлардың жаңа маусымы» деген мақаласын жариялады. Онда астана театрлары өздерінің жұмысын партиямыздың нұсқауларына сәйкес қайта құра бастағаны айтылды. Соңғы жылдары қазақ сахнасында орыстың классикалық драматургиясының реализм негізінде жасалған туындылары көріне бастады. Атап айтқанда, Гогольдің «Ревизоры» мен Горькийдің «Шыңырауда» пьесалары, Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсының қойылуының зор маңызы болды. Автор өзінің мақаласында мұндай репертуарлар ұлттық театрлардың дамуына игі әсерін тигізетінін атап өтеді.

Мақалада жаңа маусымда жоғарыда аталған қойылымдармен қатар Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді драма театрында

«Аманкелді» пьесасы қойылатынын сүйіспеншілік сезіммен білдірді. Қазақтың жас сахналық өнерінің дамуына Ғабит Мүсіреповтің шығармалары зор әсер еткені белгілі. Өйткені ол драматургиялық шеберлікті жете меңгерген, Шекспир, Шиллер, Гоголь сияқты классиктерден творчестволық жолмен үйренген жазушы.

Ғ. Мүсіреповтің «Аманкелді» пьесасы Аманкелді Имановтың басшылығымен патша үкіметінің отаршылдық саясатына және байларға қарсы 1916 жылы болған қазақ еңбекшілерінің көтерілісін, сонымен қатар халықтың Совет үкіметі үшін күресін көрсетеді. Мұның өзі қазақ көрермендерінің таптық намысын, Советтік патриотизм сезімін күшейте түсті.

Сөз болып отырған мақаланың авторы астаңа театрларының жұмысында әлі де болса кемшіліктер жоқ еместігін жасырмайды. Оның айтуына қарағанда ең басты кемшілік — театрлардың репертуарларында қазіргі заман — совет тақырыбына жазылған пьесалардың тапшылығы.

Қорыта айтқанда, республикалық газет осы мақала және басқа материалдары арқылы өнер қайраткерлерінің соғыстан кейінгі төртінші бесжылдық жоспарды жүзеге асыру жолындағы күресте халқымыздың қандай ерлік істер жасап жатқанын бейнелейтін пьесалар беруге шақырады.

Соғыстан кейінгі бесжылдықта Қазақ ССР Ғылым академиясының құрылуы республикамыздың өміріндегі аса ірі оқиға болды. Осы науқан қарсаңында баспасөз Қазақ ССР Ғылым академиясының мүшелігіне астанамыздағы ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары дәрежелі оқу орындарынан ұсынылып жатқан көптеген ғалымдардың өмірбаянымен таныстырып, олардың ғылыми еңбектерін кеңінен насихаттады. Мысалы, «Социалистік Қазақстан» газеті Әлкей Хақанұлы Марғұланның ғылым академиясының мүшелігіне ұсынылуы өте орынды деп жазды. Өйткені, Әлкей қазақ халқының Совет өкіметі тұсында оқып шыққан, шамалы уақыт ішінде әлеуметтік ғылымның бірсыпыра саласын оқып, зерттеп жетілген, көптеген бағалы ғылыми еңбектері бар дарынды ғалым¹.

Сондай-ақ «Қазахстанская правда» газеті Қаныш Сәтбаев туралы СССР Ғылым академиясының вице-президенті И. Бардиннің «Қазақ халқының талантты ғалымы» деген мақаласын жариялады. Онда былай делінді:

Белгілі геолог, СССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев совет заманында қазақ халқынан шыққан ең талантты ғалымдардың бірі. Жер қойнауының байлықтарын ашқан, теориялық еңбектердің авторы К. Сәтбаев тек ғалымдығымен ғана емес, сонымен бірге СССР Ғылым академиясының қазақ филиалын ұйымдастырушы және

¹ Б. Кенжебаев, «Дарынды ғалым». «Социалистік Қазақстан», 9 март 1946.

жетекші ретінде, СССР Жоғарғы Советіне халық сайлап қойған депутат, мемлекеттік қайраткер ретінде де қадірлі адам¹.

1 июнь 1946 жыл. Бұл күні қазақ халқының тарихы бетіне алтын әріппен жазылды. Тап сол күні Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылды. Республикалық газеттер сол күнгі нөмірлерінде Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі Н. Оңдасыновтың «Қазақ халқы өзінің академиясын құруда» деген көлемді мақаласын басты. Мақалада Қазақстан революцияға дейін Россияның ең артта қалған аймақтарының бірі болғаны, патша үкіметі қазақ халқының экономика және мәдениет жөнінен дамуына қасақана кедергі жасап келгені айтылды. Қазақ халқы тек совет заманында дамудың жаңа даңғыл жолына түсті. Қазақ ССР Ғылым академиясы республикамыздың мәдениеті мен ғылымын одан әрі өркендететін және басқаратын орталық болды.

Республикалық газеттер 1946 жылғы сентябрьде Алматыда өткен әдебиет пен өнер қызметкерлерінің жиналысы туралы есеп жариялады. Бұл жиналыста ВКП (б) Орталық Комитетінің «Звезда» мен «Ленинград» журналдары туралы», «Драма театрларының репертуары және оны жақсартудың шаралары туралы» қаулыларына байланысты Алматы қаласындағы әдебиет пен өнер қызметкерлерінің міндеттері туралы мәселе талқыландығы айтылды.

Республикалық газеттер Қазақстанда шығарылатын журналдарда және кейбір жазушылардың шығармаларында жіберілген елеулі кемшіліктерді батыл сынады. Мысалы, қазақ әдебиеті мен қазақ тілі мәселелерін зерттеуге арналған монографиялық, диссертациялық еңбектерде қателіктер мен бұрмалаушылықтар кеткен. Оның себебі зерттеушілердің маркстік-лениндік методологияны жете меңгере алмағандығынан болған. «Тарих ғылымы өрлеу жолында» деген мақалада «Қазақ ССР тарихының» бірінші басылымында ұлтшылдық бұрмалаушылықтар жіберілгендігі және дәуірлерге дұрыс бөлінбегендігі ескертіледі. Сонан соң тарих ғылымының дәрежесін жоғары көтерудің шаралары белгіленді².

Амал не, сөз болып отырған жылдары республика баспасөзі беттерінде әдебиет пен өнер тақырыбына жазылған кейбір мақалаларда, шығармаларда салихалы және объективті түрде талдаудың орнына үркіту және негізсіз кінәлау сияқты әуендерге жол берілді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан партия-совет баспасөзі соғыстан кейінгі төртінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау және асыра орындау жолындағы күресте өзіне жүк-

¹ И. Бардиян. «Талантливый ученый казахского народа». «Казахстанская правда», 1 июль, 1946.

² Н. Сергеев. «За подъем исторических наук». «Казахстанская правда», 27 июнь, 1947.

телген үгітшілік, насихаттық және ұйымдастырушылық міндеттерін абыроймен орындады, социалистік жарысты кең өрістетуде айтарлықтай роль атқарды.

Бесінші бесжылдық жылдарында Коммунистік партияның басшылығымен бүкіл совет халқы сияқты, Қазақстан еңбекшілері де коммунистік қоғам құру ісіне аса зор үлес қосты. Социалистік экономиканы дамытуда орасан табыстарға қол жетті, еңбекшілердің әл-ауқаты мен мәдени дәрежесі едәуір артты.

1951/55 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспарда халық шаруашылығының барлық салаларын үздіксіз өркендету көзделді. Осы жоспарды ойдағыдай жүзеге асыру үшін партияның бұқара арасындағы идеологиялық және ұйымдастырушылық жұмысын жоғары сатыға көтеру керек болды. Бұл жұмыстың аса маңызды буыны социалистік жарысты онан әрі өрістетуге күн тәртібіне қойылды.

Қазақстан партия ұйымы бесінші бесжылдық жылдарында еңбекшілерді социалистік жарысқа жұмылдыру жолында тыңғылықты күрес жүргізіп, бесжылдықты күшейтті. Жана бесжылдықта халық шаруашылығын мықтап өркендетуде бүкіл республикамыздың партия-совет баспасөзі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Социалистік Қазақстан» газеті де орасан зор роль атқарды.

Газет бас мақаласында бесінші бесжылдықтың 1951 жылғы жоспарын өнімнің мөлшері және түрлері жағынан мерзімінен бұрын орындау, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміту, шикізаттар мен материалдарды үнемдеу, жұмысшылар мен қызметкерлердің мәдени-тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту бсру жолындағы социалистік жарысты онан сайын өрістетуге шақырды¹.

Бүкіл одақтық социалистік жарысты кең өрістетуге нәтижесінде республикамыздың көптеген кәсіпорындары соғыстан кейінгі төртінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шыққаны белгілі. 1950 жылы бүкіл еліміз сияқты, советтік Қазақстан үшін де өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, мәдениеттің, ғылымның, өнер мен әдебиеттің онан сайын өсіп-өркендеген жылы болды. Сондықтан «Социалистік Қазақстан» газетінің 1951 жылы, бесінші бесжылдықтың алғашқы жылында да табыстарға жетейік, сол үшін социалистік жарысты онан әрі өрістетейік деп республика еңбекшілеріне үндеу таратуы өте орынды.

Газет жаңа бесжылдықтың міндеттерін насихаттай отырып, социалистік жарыстың қандай бағытта кең өрістеп келе жатқандығын үнемі жазып отырды.

Мал шаруашылығын өркендету ісінде партия мен үкімет бесінші бесжылдықта Қазақстан алдында бұрынғыдан әлде-

¹ «Социалистік Қазақстан», 4 ноябрь, 1952.

қайда күрделі міндеттер қойды. Бұл міндеттерді орындауға 1951 жылы малшылар белсене кірісті. Бұл жайды «Социалистік Қазақстан» газетінің алыс отардағы малшылар жиналысынан «Қой санын 50 мыңға жеткіземіз» деген тақырыппен берген репортажынан айқын көреміз.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан Коммунистік (большевиктік) партиясы Орталық Комитетінің «1951—1955 жылдары жүн дайындауды арттыру және мал шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралар туралы» қаулысы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1951 жылғы 17 августығы нөмірінде жарияланды. Осыдан кейін газет «Қой шаруашылығын тез өркендетейік!» «Елімізге сапалы жүнді көп берейік!» деген тақырыппен бас мақала берді. Бұл бас мақалада осы қаулыға байланысты республиканың барлық партия, совет ұйымдарының алдына мемлекетке сапалы жүнді көп тапсыру, қой шаруашылығын тез өркендету жөнінде аса күрделі міндет жүктеліп отырғандығын айта келіп, Қазақстан Совет Одағында қойды көп өсіретін өлкенің бірі болғандықтан, бұл міндеттің мемлекеттік маңызының орасан зор екенін атап көрсетеді. Сонымен қатар бас мақалада қаулыда көрсетілгендей бұрынғы уақытта жіберілген кемшіліктердің енді қайталанбауын ескертті.

Тағы бір назар аударарлық жәйт: газет Талдықорған облысы Қапал ауданының «Пламя революции» колхозының атакты шопаны, қойды жайып бағудың шебері Шаяхмет Жисікұловтың тәжірибесін насихаттады. Ол қойды қалай жайып бағып, семіртудің тәсілдерін сөз етеді. Тәжірибесі мол шопанның айтуына қарағанда жыл тәуліктің әр маусымында: көктемде, шілдеде, күзде және қыста қойды жайып-бағудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін баяндайды. Мысалы, қыстан жазды сағынып шыққан мал көктемде құмарта жайылады. Өйткені, — дейді шопан, — қар суы өткен жылдан қалған шөптің шаңын жуып, оны тазартады. Ескі көденің түбінен бойлап өскен көктем көгі қосылып, оның құнарлылығын арттырады да, мұны мал сүйсініп жейді. Көктемнің осы ерекшелігін пайдалану үшін малды қысқы қора маңынан тез әкету керек. Оның байқауынша, таза өрісте мал серігіп, тез бойын жазады, мұның өзі малды жазғытұрғы кездесетін түрлі індеттерден аман алып қалуға себін тигізеді.

Өз ісінің маманы тағы да мынадай кеңес береді: көктем айында шөп тұщы болады, сондықтан бұл кезде қойға тұзды көбірек берген жөн, әсіресе жас төлге көп беру керек. Тұз бермесе төл топырақ, күл жейді. Ол төлдің ұлтабарына барып денсаулығына зиян келтіреді. Ал тұз жеген қозының денесі ширап, емген сүтін бойына жақсы сіңіреді. Сөйтіп жылдам семіріп, ерте жетіледі.

Ғажап! Бұл консультацияны арнаулы білімі бар маман жазып отыр екен деп ойлайсың. «Мал баққанға бігеді» дейді халық мақалы. Ғасырлар бойы мал бағып өскен қазақтың тәжі-

рибесі ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келеді. Ал эстафетаны жалғастырушы -- Шаяхмет Жиенқұлов.

«Социалистік Қазақстан» газеті бесінші бесжылдықтың алғашқы жылдарында ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде оқымысты мамандарға да жаздырып отырған. Мысалы, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің аға агрономы Н. Кулавскийдің «Көксағыз өсірушілерге кеңес» деп аталған мақаласы жарияланды. Онда көксағызды қатарлап егуден шаршы-ұялап егудің артықшылығын дәлелдесді, колхоздарда егінді күту және оның өнімін жинау жұмыстарын механикаландырудың пайдалы екенін атап көрсетті.

Газет 1952 жылғы 3 июньде басылған «Егісті мұқият күту — мол өнім алу шарттарының бірі» деген бас мақаласында бұл істегі озат тәжірибелерге, сонымен қатар кемшіліктерге де тоқтала келіп, туысқан мемлекетіміз соңғы жылдары егісті күтіп-баптауға арналған көптеген жаңа тракторлар, культиваторлар, басқа да механизмдер берді. Республикамыздың ауыл шаруашылығына зор көмек көрсетуде бұл бай техниканы неғұрлым тиімді пайдалану шарасы жасалсын деп көрсетті.

Біз мұнда Қазақстан еңбекшілерінің бесінші бесжылдықтың алғашқы екі жылдыдағы қол жеткен табыстарын, социалистік жарысты ұйымдастыруда «Социалистік Қазақстан» газетінің қандай роль атқарғандығын сипаттайтын материалдарды талдап көрсеттік.

«Социалистік Қазақстан» газетінің бесінші бесжылдықта социалистік жарысты ұйымдастырудағы ролі тың және тынайған жерлерді игеру үшін күрес жылдарында тағы да айқын көрінді.

КПСС Орталық Комитетінің органы «Правда» газеті соғыстан кейінгі жылдарда да Қазақстан партия ұйымдарына және баспасөзіне зор көмек көрсетті. Республикамызда өнеркәсіптің жетекші салаларын — кара және түсті металлургияны, көмір мен мұнай өндіруді, машина жасауды, күрделі құрылысты нығайту ісіне көмектесті, олардың әрқайсысы жөнінде табандылықпен, шеберлікпен жазды, өндірістің түбірлі проблемаларын шешуге ат салысты. Штаттан тыс тілшілерге сүйене отырып, рейдтер ұйымдастырылды, ірі кәсіпорындарында жұмысшы тілшілерінің постыларын құрды, маңызды құрылыстарды, әсіресе Қазақстан Магниткасын қоғамдық бақылауда ұстады.

1954 жылы 31 декабрьде Мартен пеші іске қосылып, республика тарихында тұңғыш рет қазақстандық болат берілді. Оны балқытқан магнитогорлық А. Дремлюга мен қазақстандық Қ. Сәденов еді. Бұл күні сонымен бірге республикада кара металлургияның туған күні болды. «Правда» бүгінгі Карағанды металлургия комбинатының аға конверторшысы Алтынбек Дәрібаевтың өмірінен қарапайым мысал келтіру арқылы соғыстан кейінгі жылдарда жұмысшы табының ұлттық кадрларын өсіруге ықпал жасады. Коммунистік партия және Совет

үкіметінің қамқорлығы, бүкіл совет халқының көмегі арқасында ірге тасы Ұлы Отан соғысы жылдарында қаланған Қарағанды металлургия комбинаты республикамыздағы ең ірі кәсіпорындарының бірі. Бұл комбинат шығаратын өнімдер барлық одақтас республикаларға, сондай-ақ Польша, Чехословакия, ГДР және басқа көптеген социалистік елдерге жіберілді.

Тарих ғылымының кандидаты М. Арғынбаевтың 1972 жылы жарық көрген „«Правда» және соғыстан кейінгі Қазақстан” атты кітабында республика өмірінің 1945—1958 жылдар ішінде «Правда» газетінің беттерінде көрінуі сипатталады. Онда партиялық баспасөздің тарихы Коммунистік партияның тарихымен ажырамас бірлікте баяндалады.

Кітаптың бірінші тарауында газеттің КПСС XX съезінен кейінгі партия тұрмысының лениндік нормаларын қалпына келтіру және дамыту үшін күресі Қазақстан партия ұйымдарының мысалы арқылы көрсетіледі. Бұл кезеңде «Правда» идеялық тәрбие жұмыстарын жетілдіруде республиканың партия ұйымдарына және баспасөзіне зор көмек көрсетті. «Правдада» жарияланған материалдар бүкіл республика партия ұйымдары тарихынан қызу қолдау тапты. Ол материалдардың көпшілігі бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, облыстық және аудандық партия комитеттері қаулылар қабылдады, оның орындалуын мұқият қадағалады. Осының нәтижесінде партия ұйымдарының идеялық-тәрбие жұмыстары едәуір жандана түскенін автор нақты фактілермен дәлелдеді.

М. Арғынбаев еңбегінің екінші және үшінші тарауларында «Правданың» Қазақстан өмірінен жарияланған мақалаларының, корреспонденцияларының және басқа да материалдарының, республика халық шаруашылығын өркендетуге әсер еткені әңгімеленеді. Автордың атап көрсеткеніндей, соғыстан кейінгі жылдарда совет баспасөзінің ту ұстаушысы «Правда» Қазақстан экономикасын көтеру күресіне белсене араласты, халық шаруашылығы жоспарларын кеңінен насихаттады, қалың бұқараны бүкіл халықтық социалистік жарысқа жұмылдырды, шаруашылық және мәдени құрылыстың бай тәжірибелерін қорытып, еңбекшілерді кемшіліктерге төзбеу рухында тәрбиеледі.

«Правданың» ауыл шаруашылығы жөніндегі материалдары, колхоздарды ұйымдастырып шаруашылық жағынан нығайтуға, астық өндіруді, егіншілік мәдениетін арттыруға, мал шаруашылығын өркендетуге, машина-трактор станцияларының ролін көтеруге арналған. Газет тың және тыңайған жерлерді игеруге белсене көмектесті. Кітапта дұрыс көрсетілгендей, Қазақстанның экономикасын дамытудағы, миллиондаған гектар тың жерлерді игерудегі жетістіктері біздің еліміздің барлық халықтарының бірге күш жұмсауының және өзара келісімінің нәтижесі.

Республика баспасөзі еңбекшілерді соғыс зардабын тартқан

шаруашылықты қалпына келтіру, халық шаруашылығын онан әрі дамыту, социалистік құрылыс жолындағы күреске жұмылдыруда партия ұйымдарына белсенді түрде көмектесті.

Қазақстан баспасөзінің тарихында тын және тыңайған жерлерді игеру жолындағы күрестің дақты шежіресі ерекше орын алады. Газет беттерінде жаңа жерлерді игерушілердің өмірі мен ісі туралы, өзінің туысқан партиясының үндеуімен, өз жүрегінің қалауымен Қазақстанға келген жас патриоттарды қонақ жайлы қазақ халқы құшағын жая қарсы алғандығы туралы материалдар жарияланды.

1956 жылы баспасөз бетінде қазақстандық мол астық үшін күрес қозғалысы көрініс тапты. Қазақстан партия ұйымдарының «Мемлекетке миллиард пұт астық берейік!» деген айбынды үндеуін тын игерушілер бір ауыздан қолдады, сол үшін табандылықпен күресті.

Соғыстан кейінгі бесжылдықтарда Қазақстан ауыл шаруашылығы жаңа табыстарға жетті. Республиканың көптеген колхоздары дәнді, техникалық және басқа дақылдардан жоғары өнім жинап алды. Ондаған аудандар мен МТС-тер, жүздеген колхоздар әр гектардан 100 пұт, онан да артық астық алды. Мұндай көрсеткіштерге егіс даласындағы қажырлы еңбек, сол кездегі агротехникалық комплексті кеңінен қолданған колхоздарда ғана қол жетті.

Рас, 1949 жылы егіншілікті шұғыл өркендетудің және колхоздарды ұйымдық — шаруашылық жағынан онан әрі нығайту жылы болды. Партия, совет ұйымдары барлық егіс көлемінен жоғары өнім алу жолында басталған социалистік жарысқа басшылық етті. Бұл кезде баспасөз де ұйымдастырушылық роль атқарды.

1954 жылы 16—18 февральда болып өткен Қазақстан Компартиясының VII съезінде ауыл шаруашылығындағы кемшіліктер атап көрсетілді. Ақтөбе, Қызылорда және Алматы облыстарында Советтік агробиологиялық табыстар және ауыл шаруашылығы озаттарының бай тәжірибелері барлық колхоздар мен колхозшылардың игілігіне айналдырылмай отырғандығы анықталды. Кейбір колхоздар өздерінің жұмыстарындағы жақсы тәжірибелерді баянды етпеді, ал сондықтан да егістің шығымдылығын жоспарлы түрде бірте-бірте арттыра беруге жете алмады. Бұл бүкіл республикамызға тән кемшіліктер болды.

Қазақстан ауыл шаруашылығында болған олқылықтың себебін Л. И. Брежнев жолдас өзінің «Тын» деген естелігінде өте дұрыс көрсетті. Онда былай деп жазды:

«...Жүздеген колхоздары, совхоздары мен МТС-тері бар, егіс далалаларында ондаған мың трактор мен комбайндар жұмыс істейтін, жыртуға жарамды жерлерден басқа миллиондаған гектар шабындығы мен жайылымы бар бай табиғи мүмкіндіктер өлкесінде астық, ет, мақта, жүн өндіру соғыстан бұрынғы дәрежесімен салыстырғанда өспеген, қайта кейде тіп-

ті кеміп те кеткен. Сүт сауу мөлшері 1940 жылғыдан төмен болған, дәнді дақылдардан гектарына 5—6 центнерден, мактадан не бары 10 центнер ғана өнім жинаған, картоптың түсімі гектарына 60 центнерден аспаған».

1954 жылғы февральдың бас кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшылығына партиямыз бен мемлекетіміздің аса көрнекті қайраткері Леонид Ильич Брежнев келуі және КПСС Орталық Комитетінің Пленумының «Елімізде астық өндіруді оған әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» шешімі бүкіл елімізде, әсіресе Қазақстанда ауыл шаруашылығы проблемаларын алға нысаналы мақсат етіп қоюға толық жағдай жасады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарында совет баспасөзі партияның ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жөніндегі тарихи шешімдерін табысты насихаттады, сонымен қатар тың игеру жолындағы бүкіл халықтық қозғалысты ұйымдастырушы болды.

Жаңа жерлерді игеру программасын ойдағыдай жүзеге асыру үшін тек материалдық ресурстарды пайдаланып қана қоймай, сонымен бірге ұйымдастырушылық және саяси-бұқаралық жұмысты да күшті жүргізу қажет болды. Партия бұрынғыдай, бұл кезде де, партиялық-ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстарын баспасөзге сүйеніп жүргізді.

1953—1958 жылдарда КПСС Орталық Комитеті ауыл шаруашылығын өрге бастыруға, әсіресе тың жерлерді игеруге еңбекшілерді жұмылдыру ісінде баспасөздің ролін күшейтуге бағытталған аса маңызды бірсыпыра шаралар қолданды.

Партия-совет баспасөзінің жұмысын жақсарту мақсатымен КПСС Орталық Комитеті 1953 жылы 19 ноябрьден 31 декабрьге дейін Москвада республикалық, өлкелік, облыстық газеттердің редакторларымен ауыл шаруашылығы бөлімдері меңгерушілерінің кеңесін өткізді. Осыдан кейін біздің республикамыздың Қарағанды, Целиноград, Көкшетау, Орал және басқа облыстарында баспасөз қызметкерлерінің кеңесі болды.

1954 жылы КПСС Орталық Комитеті шығыс аймақтарында партия комитеттерінің облыстық газеттерді екі беттіліктен төрт беттік форматқа көшіру туралы, облыстық және көптеген аудандық газеттердің тиражын көбейту, барлық басылымдардың лимитін арттыру туралы өтінішін қанағаттандырды.

КПСС Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес кең көлемде тың және тыңайған жерлерді игеретін аймақтағы облыстық газеттер 5 майдан былай қарай төрт бет болып шыға бастады. 1955 жылы Қазақстанның барлық облыстық газеттерін, содан кейін көбінесе тың игерілетін жерлердегі 85 аудандық газеттердің төрт беттік болып шығуы толық жүзеге асырылды.

Тың игеру кезіндегі жаңалық — жаңа құрылған совхоздарда және жергілікті ірі колхоздарда көп тиражды, сондай-ақ қабырға газеттерінің шығарылуы еді. Мысалы, 1956 жылы рес-

публикамыздың ірі колхоздарында 120-ға жуық газет шықты. Тың игеру аудандарының партия ұйымдары баспасөздің ең бұқаралық түрі — қабырға газеттерімен бірге және «Молния», «Крокодил» сияқты сатиралық листоктар ұйымдастырған.

Тарих ғылымдарының кандидаты Ш. Жамансариннің «Тың игеру жылдарында»¹ деген мақаласында республика баспасөзінің сол тұстағы қызметі туралы едәуір толығырақ айтылған. Оның зерттеуіне қарағанда Қазақстан баспасөзі тек тың жерлерді игерудің маңызын түсіндіріп қана қойған жоқ, сонымен қатар ол тың игерілетін аудандарды кадрлармен, ауыл шаруашылық техникаларымен, тұрмыс және құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету мәселелерімен де шұғылданды.

Республикалық «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері ауыл шаруашылығын техникамен жабдықтайтын өнеркәсіп орындарының жұмысындағы жақсылық жақтарымен қатар кемшіліктерді де үнемі баса көрсетті.

Тың игерудің алғашқы күндерінен-ақ Қазақстан газеттері жаңа қоныстанушылардың мәдени-тұрмыстық жағдайларына үнемі назар аударып отырды. Олар сауда орындарының, медицина мекемелерінің тың игерушілерге көрсеткен қызметі жайлы, тұрғын үйлерді салудың барысы туралы қадағалап жазды.

Қазақстан баспасөзі тыңдағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайына ерекше көңіл бөліп, бұл жұмыстың жолға қойылуы жөнінде партия ұйымдарына айтарлықтай көмек көрсетті. Баспасөз социалистік жарыстың кең өрістеуіне ықпал етті. Оның беттерінде социалистік жарысқа арналған мақалалар, очерктер, корреспонденциялар көп жарияланды, арнаулы және тұтас қос беттер, топтастырылған материалдар берілді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленинское знамя» газеті 1954 жылы үш айда 80-нен аса материал, соның ішінде 6 бас мақала, 9 редакциялық және тілшілер мақаласын жариялаған. Оларда колхоздар мен совхоздарда, МТС-тер мен аудандарда социалистік жарыстың қалай ұйымдастырылып отырғанына талдау жасалған. Осы жөнінде совхоздар мен МТС-тердің 15 жұмысшысы, бригадирлері мен директорларына сөз берілген. Социалистік жарыс жөнінде 20-дан аса ауыл сөло еңбеккерлерінің хаттары мен хабарларына орын берген.

Партия-совет баспасөзінің тарихы еліміз өткен күрес жолының бай тәжірибесін зерттеуде атқаратын ролі зор. КПСС-тің идеологиялық жұмыс саласындағы сән қырлы қызметінің тәжірибесін қорытып, жинақтаудың да мәні ерекше. Өйткені ол партиямыздың әлеуметтік-экономикалық күреске пәрменді басшылығының сырын ашуға, жан-жақты сарапқа салуға, сөйтіп одан терең ғылыми тұжырымдар жасауға, теориялық қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді.

¹ Ш. Жамансарин. «В годы освоения целины Полвека в пути» Алма-Ата, 1969, стр 202—212

Міне, осы сияқты зерттеулердің бірі — 1977 жылы орыс тілінде жарық көрген тарих ғылымының кандидаты М. Арғынбаевтың «Қазақстан баспасөзі социалистік құрылыстың аяқталу кезеңінде»¹ атты монографиясы. Мұнда Қазақстанның бүкіл мерзімді баспасөзінің 1946 жылдан 1958 жылға дейінгі қызметі қамтылады. Автор республикалық «Социалистік Қазақстан», «Қазақстанская правда», облыстық газеттерге көбірек көңіл бөлген. Сол сияқты аудандық газеттер, колхоздар мен совхоздардың (әсіресе тың совхоздарының) көп тиражды газеттері, журналдық басылымдар, солардың ішінде республикалық партиялық жетекші органдардың бірі «Большевик Казахстана» журналы зерттелген. Аталған еңбекте ұйғыр тіліндегі «Коммунизм тұғы», корей тілінде «Ленин кечи» («Ленин жолы»), неміс тіліндегі «Фрейндшафт» («Достық») сияқты республикалық газеттер де назардан тыс қалмаған.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдар — елімізді өркендетудің жаңа кезеңі. Коммунистік партия мен совет халқының алдында алапат соғыстан ауыр зардап шеккен халық шаруашылығын негүрлым қысқа мерзім ішінде қалпына келтіру, совет қоғамын экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени өрге бастырудың бұрынғыдан да биік сатысына көтеру, қоғамдық өмірдің барлық саласын тұтас, әрі үйлесімді дамыту, сөйтіп, кемелденген социализмнің материалдық-техникалық базасын жасау негізінде коммунистік құрылысты кеңінен өрістетуге жағдай жасау міндеті тұрды.

Бұл міндеттерді шешуге объективтік мүмкіндіктер мен факторлар жеткілікті болатын. Сұрапыл соғыстан совет қоғамы бұрынғыдан да иығайып шыққан еді. Совет адамдарының саяси және идеялық бірлігі, халықтар достығы, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм одан әрі беки түсті. Халықаралық көлемде таптық күштердің арасалмағы Совет Одағының пайдасына өзгерді. Сөйтіп, совет халқы социалистік құрылысты одан әрі өрістетуге барынша ынталы болды.

Коммунистік партия осы объективтік мүмкіндіктер мен факторларды ғылыми негізге ала отырып, жасампаз совет халқын социалистік құрылыстың жаңа күрделі міндеттерін жүзеге асыруға бастады. Жоғарыда аталған монографияда сол күрделі міндеттерді орындауда баспасөздің атқарған ролін көрсету көзделген өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, идеологиялық жұмысты өрістетудегі қызмегі, партиямыздың сол жылдарда экономикалық, саяси және мәдени құрылыс салаларына жасаған жеңілдік басшылығы және оның нәтижесінде республика еңбекшілерінің қол жеткен табыстары баяндалады.

¹ М. Арғынбаев. Печать Казахстана на завершающем этапе социалистического строительства. Алма-Ата 1977.

Баспасөздің күш-қуаты, пәрменділігі — партиялық басшылықта. Сөз етіп отырған жылдарда КПСС Орталық Комитеті, — Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті республикамыздың мерзімді баспасөзінің идеялық-саяси дәрежесін, насихатшылық қызметін одан әрі жақсарту жөнінде қыруар жұмыс жүргізді.

Республикалық «Социалистік Қазақстан», «Қазақстанская правда» газеттері мен партиялық журналдар облыстық, аудандық газеттердің идеялық мазмұнына, партияның орталық органы «Правда» Қазақстан газеттері мен журналдарына шолулар беру арқылы алда тұрған міндеттерді жүзеге асыру жолында қалай күресудің үлгі-өнгесін көрсетті, бағыт-бағдар сілтеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті баспасөз кадрларының мамандығын арттыруға, жаңа кадрлар даярлауға қамқорлық жасады. Осы мақсатта журналистердің республикалық, облыстық кеңестері, семинарлары, курстары ұйымдастырылды. Партия тарапынан редакциялардың материалдық-техникалық базасын жақсартуға қамқорлық жасалды. Баспасөздің бұқаралық жұмысын жандандыруға пәрменді көмек көрсетілді.

Партия қызметкерлеріне, мамандарға, тың еңбеккерлеріне сөз бері отырып, баспасөз озат тәжірибені кеңінен насихаттады және оны жұртқа таратты. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Чистов» совхозының бас агрономы Темірбеков 1956 жылы мұнда 1022 гектар жерге жүгері себілгенін, бұл дақылдың барлық егіс көлемінен гектарына орта есеппен 113 центнер, ал кейбір учаскелерде 200—300 центнерден өнім бергенін баспасөз бетінде хабарлады. Бұдан кейін ол мұндай табысқа агротехниканың барлық ережелерін мұқият қолдану, егісті баптал-күту арқылы жеткенін айтады, тұқым себу қалай өткізілгенін, жердің қалай өңделгенін, қоректендірілгенін әңгімелейді. Сөйтіп, жүгері егіні шаруашылыққа тиімділік келтірген. Темірбековтің мәлімдеуінше жүгерінің малға жұғымды азық болғаны сонша — совхозда сүт сауу мөлшері екі есе артқан, мал тез қонданып кеткен¹.

Жүгері дақылына онша мән берілмей келген кезде мұндай озат тәжірибенің баспасөз бетінде насихатталуының маңызы, әрине, зор болды.

Қазақстан диканшылары 1956 жылы көршілес республикалардың егінші еңбеккерлерімен социалистік жарысқа түсті. Атап айтқанда қостанайлықтар алтайлықтармен, ақмолалықтар красноярлықтармен, павлодарлықтар новосибирліктермен, қарағандылықтар кемеровтіктермен өзара жарысқа түсті.

Баспасөз арқылы жарыс озаттары — Қостанай облысынан Павел Бергуннің, Жансұлтан Демеевтің, Аманкелді Исақов-

¹ Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің органы «Блокнот агитатора», № 1956.

тың, Целиноград облысынан Григорий Зубковтың, Николай Сергиенконың, К. Алпысбаеваның, Көкшетау облысынан Александра Панфилованың, Петр Музыканың және басқаларының есімдері мәлім болды. «Егер де,— деп жазды Қостанай облысындағы Павлов атындағы совхоздың баспауыш партия ұйымының секретары,— барлық комбайнерлер Демеев жолдас сияқты жұмыс істейтін болса, онда совхоз астықты 10 күн ішінде жинап алады, ал дәнің өзіндік құны жоспардағыдан екі есе арзанға түсетін болады»¹.

Тын игеруге еліміздегі барлық ұлттардың өкілі қатысты. Шын мағынасында тың өлкесі интернационалдық тәрбие мектебіне айналды. Бұған бір мысал келтірсек те жеткілікті. «Менімен қатар,— деп жазды Осетиядан «Жаркөл» совхозына келген М. Ф. Қозиев,— Москва мен Ленинградтан өз еркімен келгендер, тәжік пен өзбектер, татарлар мен удмурттар жұмыс істейді... Олардың бәрі де мен сияқты өздері тілсіз тың игеруге келгендер. Бәріміз де игілікті іспен шұғылданудамыз. Ең даланы алып совхоздарға айналдырудамыз. Мен өзім сияқты совет жастарына бақытты және еркін өмір берген социалистік Отанымызға неғұрлым пайдалы істің бәрін істегім келеді»².

КПСС XX съезінің шешімдерін орындау жолындағы социалистік жарысты өрістете отырып, Қазақстан еңбекшілері 1956 жылы шаруашылық пен мәдени құрылыстардың барлық саласында ірі табыстарға жетті. Қазақ ССР-нің халық шаруашылығын өркендетудің 1956 жылға арналған мемлекеттік жоспары барлық көрсеткіштер жөнінен артығымен орындалды.

1957 жылы республикамызда халық шаруашылығы жедел қарқынмен дамыды.

Республиканың бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі 1913 жылға қарағанда 36 есе, ірі өнеркәсіп 97 есе, электр қуатын өндіру 6 мың есеге жуық, пайдалануға берілген темір жолдың ұзындығы 6 есе өсті. 1957 жылы республикада 1800-ге жуық ірілендірілген колхоз, 816 совхоз бен 336 МТС болды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 40 жылдық мерекесін 1957 жылы Қазақстан лайықты табыстармен қарсы алды. Мереке қарсаңында баспасөз бүкіл халықтық социалистік жарысты өрістетті.

1957—1958 жылдары партия мен үкімет өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісін құру, МТС-терді қайта құру және Қазақстанның ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету туралы маңызды шаралар қолданды. Республика партия органдарының ұйымдастырушылық жұмыстарын жүзеге асыру жөнінде баспасөз үлкен роль атқарды.

1958 жылы февраль-мартта КПСС Орталық Комитетінің «Колхоз құрылысын одан әрі дамыту және машина-трактор

¹ «Қазақстанская правда», 28 сентябрь, 1956.

² «Письмо с целины», М., 1955, стр. 106.

станцияларын қайта құру туралы ұсыныстары бүкіл халықтық талқылауда болды. Оған миллиондаған совет адамдары қатысты.

1958 жылдың февралында КПСС Орталық Комитеті, ал мартта СССР Жоғарғы Советінің сессиясы шешім қабылдады. Бұл шешім колхоздарға өндірістік-техникалық жағынан қызмет студің бұрынғы тәртібін негізінен өзгертті, МТС-тердегі техника колхоздарға сатылды.

МТС-терді қайта құрып, техниканы колхоздарға беру жөніндегі тәжірибе партия мен үкіметтің колхоз құрылысын онан әрі дамыта берудегі шараларының дұрыстығын өмір дәлелдеді. 1958 жылы Қазақ ССР халық шаруашылығының барлық саласы ойдағыдай өркендеді. Бұл іске баспасөздің сіңірген еңбегі аз емес.

КПСС Орталық Комитеті совет баспасөзінің жұмысына үнемі бағыт беріп отырды. Ол мерзімді баспасөзді партия мен еңбекшілерді тығыз байланыстыратын дәнекер ретінде бағалайды, бұқараны коммунистік рухта тәрбиелесудің және коммунизмі жеңісі үшін күреске жұмылдырудың өткір құралдарының бірі деп қарайды. Міне сондықтан да әрбір кезеңде алға қойылған міндеттерге орай баспасөздің ролін көтеруге бағытталған нұсқау беріп, басшылық етіп отырады.

Осы тұрғыдан алғанда КПСС Орталық Комитетінің «Совет баспасөзінің жұмысшы және село тілшілерінің бұқаралық қозғалысына басшылықты жақсарту туралы» 1958 ж., 30 VIII қабылдаған қаулысының маңызы ерекше зор. Қаулыда КПСС XX съезінен кейін совет баспасөзінің жұмысшы және село тілшілерінің бұқаралық қозғалысы жана өрлеу кезеңіне аяқ басқаны, бұл өрлеу жұмысшы-село тілшілері қатарының сан жағынан өсумен де, еліміздің қоғамдық өмірінде олардың ролінің артуымен де сипатталатынын атап көрсетеді. Сонымен қатар қаулыда, кейбір партия комитеттері мен газеттердің редакциялары аса маңызды саяси-шаруашылық міндеттерді жүзеге асыру жолындағы күресте жұмысшы және село тілшілерінің қоғамдық зор ролін әлі де болса бағаламай отырғаны да атап көрсетілді. Газеттер мен журналдардың бірқатар редакцияларының жұмысында газетті (журналды) жұмысшы және село тілшілеріне сүйенбей, көбінесе өз қызметкерлерінің күшімен шығаруға ұмтылатын зиянды әдеттің байқалағаны ескертілді. Сонан кейін бұл қаулыда нақтылы шаралар белгіленіп, тиісті нұсқаулар берілді. Сөйтіп ол кемелденген социализм жағдайындағы баспасөз жұмысының программалық докумені болды.

Коммунистік еңбек бригадалары және екпінділері деген атақ алу жолындағы социалистік жарысты өрістегуде республиканың партия ұйымдарына баспасөз үлкен көмек көрсетті. Бұл тамаша қозғалыстың қалай басталғандығы туралы мысал келтірейік.

Ауыл шаруашылығында коммунистік еңбек бригадасы ата-лу үшін қозғалысты бірінші болып Целиноград облысының «Ярославский» тың совхозындағы Михаил Довжиктің комсомол-жастар бригадасы бастады. 1958 жылы 12 мартта «Ленинская смена» газетінде М. Довжиктің «Иван Рудскойдың бригадасын жарысқа шақырамын» деген корреспонденциясы пайда болды. Біраздан кейін газет Михаил Довжиктің жастар бригадасының бастамасы туралы «Қазақстанда коммунистік еңбектің тұңғыш жастар бригадасының тууы» деген үлкен тақырыппен «Ленинская смена» келесі нөмірі шықты. Онда М. Довжиктің комсомол-жастар бригадасының коммунистерше еңбек етіп, үйреніп, өмір сүрейік деген ұранмен алған міндеттемесі туралы әңгімеленді. Кейін ол социалистік жарыста жеңіп шығып, республикада бірінші болып коммунистік еңбек бригадасы атағына ие болды.

Коммунистік еңбек қозғалысы туралы қозғалыстың өрістеуі жөнінде тек «Ленинская смена» ғана емес, сондай-ақ республиканың облыстық және аудандық газеттері де жазды. Сондықтан коммунистік еңбек бригадасы атағын алу үшін күрес Қазақстан ауыл шаруашылығында кең өрістеді. Мұндай тамаша патриоттық қозғалысқа Қарағанды кеншілері, Шымкенттің металлургияшылары, Алматының машина жасаушылары және басқа көптеген өнеркәсіп еңбеккерлері қатысты.

Соғыстан кейінгі бесжылдықтарда Қазақстан өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы жана табыстарға жетті. Аса ірі өнеркәсіп алыптары іске қосылды. Жаңа қалалар пайда болды. Тың аймақтарында жүздеген жаңа совхоздар құрылды. Орасан зор көлемде игерілген тың және тыңайған жерлерде 1956 жылы егін бітік өсіп, Қазақстан мемлекетке бір миллиард пұт астық өткізді. Сол жылы Қазақ ССР-і Ленин орденімен наградталды.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумында тың және тыңайған жерлерді игерудегі бүкіл халықтық күрестің алғашқы бес жылының қорытындысы жасалды, онда совет халқының бұл ұлы ерлігінде баспасөздің атқарған ролі аз емес екендігі атап көрсетілді.

Қазақстан Компартиясының органы — «Социалистік Қазақстан» және «Казакстанская правда» газеттері еңбекшілерді тың және тыңайған жерлерді игеруге жұмылдыруда көрсеткен қызметі үшін және он мыңыншы нөмірлерінің шығуына байланысты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Екі редакцияның бір топ қызметкерлері, авторлары, жұмысшы, ауыл-село тілшілері үкімет наградтарына ие болды. Бұл республиканың бүкіл баспасөзінің, журналистерінің және жұмысшы, ауыл-село тілшілерінің қызметін жоғары бағалағандық еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақтың мерзімді баспасөзі Қазақстанның Россияға қосылуының нәтижесінде пайда болды. Ұлы орыс халқының озат мәдениетінің игі әсерімен Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар қазақтың демократиялық публицистикасы мен реалистік жазба әдебиетінің негізін қалады. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен ақын-жазушыларының шығармалары баспа жүзін көрді. Сөйтіп, XIX ғасырдың бас кезінде және екінші жартысында қазақ тілінде кітап, газеттер шыға бастады.

В. И. Ленин баспасөздің тарихын қоғамдық, демократиялық, социалистік қозғалыс тарихымен байланысты тексеріп, зерттеуді талап етті. Сондықтан біз қазақ баспасөзінің тарихын қоғамдық, демократиялық, революциялық қозғалыспен байланысты белгілі дәуірлерге бөліп, әрбір кезеңдегі газет, журналдардың қандай роль атқарғандығын, идеялық бағытын көрсеттік.

Қазақстанның Россияға қосылуының нәтижесінде пайда болған «Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты» газеттері ресми баспасөз органдары болуына қарамастан, қазақ халқының қоғамдық және мәдени өмірінің мәселелерін сөз етуге мүдделі болды. Бұл кездегі ескішіл, кертартпа элементтерге қарсы идеялық күресте қазақ ағартушыларының ықпалы басым болды. Солардың әсерімен алғашқы қазақ газеттерінің авторлары мен тілшілерінің көпшілігі өз халқын ұлы орыс халқымен жақындасуға, орысша оқып, білім алуға, отырықшы ел болып, егіншілікпен айналысуға шақырды, үгіт-насихат жүргізді.

Бірінші орыс революциясы бүкіл шығыс халқы сияқты қазақ халқын да оятты. Осы революцияның қарсаңында және сол дәуірдегі большевиктік баспасөз қазақ еңбекшілерін революциялық қозғалысқа қатыстыруда үлкен роль атқарды.

XIX ғасырдың бас кезінде «Қазақстан» газеті мен «Айқап» журналының шығуы халқымыздың мәдени өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі болды. Россиядағы және оның шет аймақтарындағы революциялық өрлеу дәуірінің әсерімен бұл газет пен журнал қазақтың қоғамдық ой-пікірін ілгері дамытты. Демократ ақын, журналист Елеусін Бұйрин, Мұхаметжан Сералин, Сұлтанмахмұт Торайғыров тағы басқалары өздерінің публицистикалық және әдеби шығармаларында қазақ ағартушыларының демократияшыл дәстүрін, реалистік әдісін жалғастырып, совет заманына жеткізді.

Қазақ совет баспасөзі Ұлы Октябрь социалистік революциясы арқасында дүниеге келді. Ол совет үкіметі үшін күресте, буржуазияшыл ұлтшылдардың баспасөз органдарына қарсы күресте шынығып, дамыды. Азамат соғысы жылдарында, халық шаруашылығын қалпына келтіру дәуірінде, ауылды советтендіру, социалистік индустрияландыру үшін күрес және ауыл

шаруашылығын жаппай коллективтендіру, социализмнің барлық майданда шабуыл жасауы және колхоз құрылысын орнықтыру, халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау және социализм жеңісі үшін күрес кезінде жергілікті баспасөз Қазақстан партия ұйымының жауынгер құралы болды.

Бүкіл адамзат тарихында дамудың жаңа заманын ашқан Ұлы Октябрь социалистік революциясы қазақ халқының бұрын артта қалып келген экономикасы мен мәдениетінің өркендеуіне, дамудың капиталистік жолына соқпай өтіп, бірден социализмге көшуіне мүмкіндік жасады. Отызыншы және одан кейінгі жылдарда бүкіл елімізде, соның ішінде Қазақстанда тарихи оқиғалар болды.

Совет Одағы Коммунистік партиясының басшылығымен совет халқы ауыр сындар мен қиыншылықтарды жеңе отырып, коммунистік құрылысты кеңінен өрістетуге кірісті. Сөз жоқ, жиырмамыншы және отызыншы жылдардан бергі әрбір кезеңде әсіресе соғыстан кейінгі бесжылдықтарда баспасөз өзіне жүктелген абыройлы да жауапты міндетін ойдағыдай атқарды.

* * *

Бұл кітапта қазақ мерзімді баспасөзі Октябрь революциясына дейін қандай жолдан өткенін, ал совет дәуірінде қалай өркендегенін, оның жұмыс тәжірибесі — идеялық мазмұны тиімділігі мен сапасы, сондай-ақ жұмыс тәсілі мен түрі әрбір кезеңде қандай деңгейде дамып келгендігі көрсетілді.

КПСС XXV съезінде жасаған баяндамасында Л. И. Брежнев бұқаралық информация мен насихат құралдары қызметіне қандай тамаша баға бергені мәлім. Қазіргі кезеңде баспасөздің, радионың, телевизияның идеялық дәрежесі көтерілді, оның үйлестіруі, оперативтілігі артты. Соның нәтижесінде олардың экономиканы, ғылым мен мәдениетті дамытуға, бүкіл қоғамдық өмірге ықпалы анағұрлым күшейді. Бүкіл еліміздегі сияқты, совет баспасөзінің лениндік дәстүріне адал Қазақстан журналистері партия ұйымдарының саяси, ұйымдастырушылық, идеологиялық жұмысында жауынгер және сыннан өткен сенімді көмекші болып отыр.

Партия мен үкіметтің үнемі қамқорлығы арқасында Республикамызда баспасөз, радио және телевизиялық информациялық агенттіктері мен кітап баспаларының қызметі жетілуде, олардың материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Тек соңғы жылдары 40-тан аса жаңа газет жарық көрді, соның ішінде жаңадан құрылған Торғай, Жезқазған, Маңғышлақ облыстарының 6 газеті бар. Қазақстанда 415-тен аса газет пен 24 журнал шығарылады, Қазірде Алматыдан 16 облыстың орталығы телевизия хабарын көреді. Телевизиялық хабармен республика халқының 75 проценти қамтылады, ал радиобағдарлары қазақ, орыс, ұйғыр, неміс, корей және өзбек тілінде 19 облыстық, бес республикалық программа бойынша беріледі.

М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе	8
Бірінші тарау.	
1. Қазақтың мерзімді баспасөзінің пайда болуы	6
Екінші тарау.	
2. Қазақстан баспасөзі бірінші орыс революциясы кезеңінде (1905—1907)	34
Үшінші тарау	
3. Большевиктік баспасөз революцияның жаңадан өрлеуі және бірінші империалистік соғыс жылдарында (1910—1917)	43
Төртінші тарау.	
4. Қазақстан большевиктік баспасөзі партияның ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңіп шығуы және Совет өкіметін нығайту жолындағы күрес дәуірінде (1917 март—1918 июнь)	55
Бесінші тарау.	
5. Қазақстан партия-совет баспасөзі шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезінде (1918—1920)	64
Алтыншы тарау.	
6. Қазақстан баспасөзі республиканың халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы күресте (1921—1925)	85
Жетінші тарау	
7. Қазақстан партия-совет баспасөзі социализм негіздерін жасау жолындағы күрес дәуірінде (1926—1932)	114
Сегізінші тарау.	
8. Қазақстан баспасөзі халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау және социализм жеңуі жолындағы күрес дәуірінде (1933—1937)	150
Тоғызыншы тарау.	
9. Қазақстан баспасөзі соғыс алдындағы жылдарда социалистік қоғамды нығайтып, әркендету жолындағы күресте (1937—1941 июнь)	176
Оныншы тарау.	
10. Қазақстан баспасөзі Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945)	187
Оя бірінші тарау	
11. Қазақстан баспасөзі соғыстан кейінгі бесжылдықтар кезінде (1945—1958)	218
Қорытынды	238

Хайржан Бекхожин

ОЧЕРКИ ИСТОРИИ ПЕЧАТИ КАЗАХСТАНА

(на казахском языке)

Рецензенты: кандидат исторических наук *Э. Айгимов*, кандидат филологических наук *Т. Абдрахманов*.

Редактор *С. Жумабаева*

Худ. редактор *В. Логинов*

Технический редактор *Н. Визиренко*

Корректор *С. Кабасова*

ИБ № 1189

Сдано в набор 18.01.81. Подписано к печати 23.09.81. Формат 84×108¹/₁₆. Печать высокая. Гарнитура литературная. Бумага тип. № 3. Печ. л. 7,5. Усл. печ. л. 12,6. Уч.-изд. л. 15,7. Тираж 2300 экз. Заказ № 449/769. Цена 70 коп. УГ14043. Издательство «Мектеп» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гатарина, 93.